Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

ИНСТИТУТ МАРКСА—ЭНГЕЛЬСА—ЛЕНИНА
при ЦК ВКП(б)

И. В. СТАЛИН

СОЧИНЕНИЯ

ОГИЗ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ
Москва · 1948

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

МАРКС—ЭНГЕЛЬС—ЛЕНИН ИНСТИТУТЫНЫҢ
ҚАЗАҚ ФИЛИАЛЫ

И.В. СТАЛИН

ШЫҒАРМАЛАР

ҚАЗАҚТЫҢ БІРІККЕН МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ
Алматы · 1949

Қазақша аудармасын
ҚК(б)П Орталық Комитетінің
редакциялық комиссиясы қараған
ҚК(б)П Орталық Комитеті ұнатқан

И.В. СТАЛИН

8

ТОМ

1926

ЯНВАРЬ – НОЯБРЬ

АЛҒЫСӨЗ

И. В. Сталиннің Шығармаларының сегізінші томына 1926 жылғы январьдан ноябрьге дейінгі жазылған шығармалар кіреді.

1926 жыл партия мен Совет өкіметінің елді социалистік жолмен индустрияландыру жөніндегі ұлы бағытын жүзеге асыру үшін большевиктік партияның өрістете күрес жүргізген бірінші жылы еді.

«Ленинизм мәселелері жөнінде», «Совет Одағының шаруашылық жағдайы және партияның саясаты туралы» деген еңбектерінде И. В. Сталин ленинизм негіздерін зиновьевтік-каменевтік топтың дұшпандықпен бұрмалағанын әшкерелейді, БК(б)П XIV съезінің қарарларын қорғайды, «жаңа оппозицияның» партияны СССР-да социализм жеңуі ісіне сенбеушілікпен аздыруға тырысқан әрекеттерін әйгілейді.

БК(б)П XV конференциясында «Біздің партиядағы социал-демократиялық уклон туралы» жасаған баяндамасында және баяндама бойынша қорытынды сөзінде И. В. Сталин большевиктік партияның идеялық және ұйымдық бірлігін қорғайды, троцкистік-зи-

новьевтік одақтың капитулянттік идеологиясы мен бүлдіргіштік, жікшілдік жұмысын әйгілейді.

И. В. Сталиннің бұл шығармаларында жеке елдерде социализмнің жеңу мүмкіндігі туралы лениндік ғылым дамытылады, капиталистік қоршау жағдайларында ССРО-да социалистік қоғам орнатудың мүмкіндігі, керектігі және халықаралық маңызы дәлелденеді; партияның социалистік құрылыс жөніндегі практикалық міндеттері белгіленеді, партияның елді социалистік жолмен индустрияландыру жөніндегі ұлы бағытын жүзеге асырудың нақтылы жолдары мен әдістері айқын көрсетіледі.

«Ағылшын ереуілі туралы және Польшадағы оқиғалар туралы», «Ағылшын-Орыс бірлестік комитеті туралы», «Оңшыл және «әсіресолшыл» уклондарға қарсы күресу туралы», «Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген VI пленумының герман комиссиясында сөйленген сөз» деген шығармаларында және басқа еңбектерінде И. В. Сталин жұмысшы табының бірлігі үшін, империалистік реакцияға қарсы, империалистік жаңа соғыстар қаупіне қарсы қажырлы және дәйекті күрестің керектігін баса көрсетеді; мезгілі өтпеген қозғалыстан аттап өтудің троцкистік авантюристік теориясын әшкерелейді, шет елдердегі коммунистік партиялардың ішіндегі оппортунизмге қарсы идеялық және ұйымдық күрестің жолдары мен әдістерін көрсетіп береді.

«Қытайдағы революцияның болашақтары туралы» деген сөзінде И. В. Сталин Қытай революциясының ерекшеліктерін, оның сыйпаты мен бағытын айқындап ашады.

Сегізінші томға бірінші рет жарияланып отырған

мынадай документтер кіреді: «Жұмысшы табының одақтасы болып табылатын шаруалар туралы», «Біздің елімізде социализм орнату мүмкіндігі туралы», «Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген VI пленумының француз комиссиясында сөйленген сөз», «Ағылшын-Орыс комитеті туралы» сөз, «Слепковқа хат», «Партия ішіндегі күресті жұмсарту шаралары туралы», И. В. Сталиннің «Америка жумысшы партиясының Орталық Органы — «Дейли Уоркер» редакциясына» жазған хаты. И. В. Сталиннің «Каганович жолдасқа және УК(б)П Орталық Комитеті Саяси Бюросының басқа да мүшелеріне» жазған хаты толық жарияланып отыр.

БК(б)П Орталық Комитеті жанындағы Маркс — Энгельс — Ленин Институты

1926

ЯНВАРЬ — НОЯБРЬ

ОҢШЫЛ ЖӘНЕ „ӘСІРЕСОЛШЫЛ“ УКЛОНДАРҒА ҚАРСЫ КҮРЕСУ ТУРАЛЫ

Коммунистік Интернационал Атқару Комитеті Президиумының мәжілісінде сөйленген екі сөз

22 январь, 1926 ж.

I

Менің ойымша, Гансен мен Рут Фишердің көзқарастары дұрыс емес. Олар оңшылдар мен «әсіресолшылдарға» қарсы күрес, бұларға берілетін соққының күші, әрқашан және барлық жерде, барлық жағдайларда да, былайынша айтқанда, әділеттік бойынша, бірдей болсын деп талап қояды. Қандай реттерде болса да, қандай жағдайларда болса да оңшылдар мен «әсіресолшыдарға» әділеттік бойынша, бірдей соққы беру керек деген көзқарас балалық көзқарас болып табылады. Саясатшы адам мәселені бұлай қоя алмайды. Оңшылдар мен «әсіресолшылдарға» қарсы күресу туралы мәселені әділеттік тұрғысынан қарамау керек, саяси кезеңнің талаптары тұрғысынан, партияның әрбір белгілі кезеңдегі саяси тілектері тұрғысынан қарау керек. Француз партиясында оңшылдарға қарсы күрес қазіргі кезеңдегі **кезекті** екпінді міндет болып табылатындығының, ал герман компартиясында «әсіресолшылдарға» қарсы күрес **кезекті** міндет болып табылатындығының себебі не? Мұның себебі — фран-

цуз компартиясы мен герман компартиясындағы жағдай бірдей емес. Мұның себебі — бұл екі партияның кәзіргі кезеңдегі саяси тілектері әр түрлі.

Германия революциялық терең кризистен жақында ғана шықты[1], ол кезде партия тура тегеурін жасау әдісімен күрес жүргізіп еді. Кәзірде герман компартиясы болашақ шешуші ұрыстарға күштерді жыйнау және бұқараны даярлау дәуірін бастан кешіруде. Жаңа жағдайда ескі мақсаттарға жету үшін тура тегеурін жасау әдісі енді жарамайды. Кәзір герман компартиясы орағытып қыймыл жасау әдісіне көшуі керек; бұл қыймылдардың мақсаты Германиядағы жұмысшы табының көпшілігін өз жағына қаратып алу болуға тиіс. Әрине, осындай жағдайларда Германияда «әсіресолшылдар» тобы пайда болып, бұл топ ескі ұрандарды мектеп балаларындай қайталап, жұмыстың жаңа тәсілдерін керек ететін күрестің жаңа жағдайларына бейімделе білмеді немесе оның бейімделгісі келмей отыр. Осыдан келіп «әсіресолшылдар» шықты; бұлар партияның күрестің жаңа жағдайларына бейімделуіне, герман пролетариатының қалың бұқарасына жақындасудың жолын салып алуына өздерінің саясатымен кедергі жасап отыр. Герман компартиясы не «әсіресолшылдардың» қарсылығын жояды, онда ол жұмысшы табының көпшілігін өз жағына қаратып алудың даңғыл жолына шығады, не ол мұны істемейді, онда ол кәзіргі кризисті шұбалаңқы және партия үшін қатерлі кризиске айналдырып алады. Осы себептен герман компартиясында «әсіресолшылдарға» қарсы күрес оның кезекті міндеті болып отыр.

Францияда жағдай басқаша. Онда терең революциялық кризис әлі болған жоқ. Онда күрес жарыялық

шеңберінде жүргізіліп отырды, бұл күрестің әдістері тек қана жария немесе тек қана жария дерлік әдістер болды. Ал кәзір Францияда кризис болары белгіленіп отыр. Менің айтқалы тұрғаным Марокко және Сирия соғыстары мен Францияның финанс-жөніндегі қыйыншылықтары[2]. Бұл кризистің қаншалықты терең екенін айту әзір қыйын, бірақ дегенмен бұл — партиядан күрестің жария жағдайлары мен құпыя жағдайларын ұштастыруды талап ететін, партиядан барынша большевиктенуді талап ететін кризис. Әрине, осындай жағдайларда француз компартиясының ішінде бір топ пайда болды, — менің айтқалы тұрғаным оңшылдар тобы; бұл топ күрестің жаңа жағдайларына бейімделе білмеді немесе оның бейімделгісі келмей отыр, ол, бұрынғы әдетінше, бірден-бір дұрыс әдіс деп күрестің ескі әдістерін талап етуін қоя алмай отыр. Француз компартиясының большевиктенуіне бұл жағдай, әрине, кедергі болмай қоймайды. Осы себептен француз компартиясының ішіндегі оңшылдық қаупі **кезекті** қауіп болып отыр. Осы себептен оңшылдық қаупіне қарсы күресу міндеті француз компартиясының екпінді міндеті болып отыр.

. БК(б)П тарихынан бірнеше мысал келтірейік. 1905 жылғы революциядан кейін «шақырымпаздар» деп аталған «әсіресолшыл» топ біздің партияның ішінде де пайда болды; бұл топ күрестің жаңа жағдайларына бейімделе білмеді немесе оның бейімделгісі келмеді және жария мүмкіндіктерді (Дума, жұмысшы клубтары, сақтық кассалары және басқалары) пайдалану әдісін мойындамады. Жұртқа мәлім, Ленин бұл топқа қарсы батыл күрес жүргізді, сондықтан да партия бұл топты жеңіп шыққаннан кейін

дұрыс жолға шыға алды. 1917 жылғы революциядан кейін де бізде нақ осылай болды; онда «әсіресолшыл» топ[3] Брест бітіміне қарсы шықты. Ленин бастаған біздің партиямыздың бұл топты да талқандағаны жұртқа мәлім.

Бұл фактылардың бәрі нені көрсетеді? Мынаны көрсетеді: оңшылдар мен «әсіресолшылдарға» қарсы күресу туралы мәселені абстракты түрде коймау керек, қайта нақтылы түрде, саяси жағдайға байланыстыра қою керек.

Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің Президиумына французлардың өз партиясындағы оңшыл элементтерге қарсы қарар ұсынып отырғаны, ал немістердің «әсіресолшылдарға» қарсы қарар ұсынып отырғаны кездейсоқ нәрсе ме? Әрине, кездейсоқ нәрсе емес. Әркім өзінің ауырған жерін сөз қылады.

Сондықтан оңшылдар мен «әсіресолшылдарға» әділеттікпен, бірдей соққы беру керек деген көзқарас негізсіз.

Нақ сондықтан мен герман компартиясында әрі оңшылдарға қарсы күрес, әрі «әсіресолшылдарға» қарсы күрес бірдей күшейтілуге тиіс деген сөйлемді Германиядағы «әсіресолшылдар» туралы қарардың жобасынан өшіріп тастауды ұсынар едім. «Әсіресолшылдарға» қарсы күресті күшейту жайындағы сөйлем француз компартиясындағы оңшылдар туралы қарардан қандай себеппен өшірілген болса, сондай себеппен мен әлгі сөйлемді өшіруді ұсынамын. Оңшылдар мен «әсіресолшылдарға» қарсы әрқашан және барлық жерде күресу керек екені әбден дұрыс. Бірақ қазір мәсе-

ле бұл туралы болып отырған жоқ, бір жағынан, Францияда, екінші жағынан, Германияда қазіргі кезенде нақ қай мәселеге баса күш жұмсау керек екені туралы болып отыр. Менің ойымша, француз компартиясында оңшылдарға карсы күресу мәселесіне баса күш жұмсау керек, өйткені қазіргі кезеңдегі саяси қажеттілік осыны талап етеді; ал герман компартиясында «әсіресолшылдарға» қарсы күресу мәселесіне баса күш жұмсау керек, өйткені герман компартиясының қазіргі кезеңдегі саяси тілектері осыны талап етеді.

Жаңа ғана баян етілген тұрғыдан қарағанда герман компартиясының ішіндегі аралық топтың, Рут Фишер—Маслов тобының жағдайы қандай? Бұл топ, менің ойымша, Шолемнің «әсіресолшыл» тобын дипломаттықпен бүркейді. Рут Фишер — Масловтың тобы Шолемның тобымен ашық ынтымақтаспайды, бірақ партияның Шолем тобына беріп отырған соққысының күшін бәсеңдету үшін қолынан келгенінің бәрін істеуде. Сонымен, Рут Фишер — Маслов тобы герман компартиясының Орталық Комитетінің герман компартиясындағы «әсіресолшыл» соқыр-сенімдерді жеңуіне, жоюына кедергі жасап отыр. Сондықтан герман компартиясы бұл топқа қарсы, Рут Фишер — Маслов тобына қарсы батыл күрес жүргізуі керек. Не Рут Фишер — Маслов тобы талқандалады, онда партия Шолем тобына қарсы күрестегі осы күнгі дағдарысты жоюға мүмкіндік алады, не герман компартиясы Рут Фишер — Маслов тобының дипломатиялық амал-айлаларының ырқына көнеді, онда күрес Шолемнің пайдасына ұттырылады.

II

Менің байқауымша, Гансен партия ішіндегі идеялық күрес ісінде коммунистік партияға мүлдем келіспейтін қайдағыбір поптық қағыйданы уағыздайды. Ол, сірә, идеялық күреске қарсы болмаса керек. Бірақ ол бұл күресті жүргізгенде оппозицияның көсемдерін ешбір жаманатты етпейтіндей етіп жүргізбек болды. Мен мұндай күрестің жаратылыста болмайтынын айтуға тиістімін. Мен мынаны айтуға тиістімін: кімде-кім көсемдердің атағына ешқандай нұқсан келтірілмесін деген шартпен ғана күрес жүргізетін болса, ол адам партияның ішінде қандай да болса идеялық күрес болуы мүмкін екенін іс жүзінде бекер деп біледі. Біз партияның белгілібір басшыларының қателерін ашып отыруға тиістіміз бе? Партия бұқарасын басшылардың қателерінен сақтандырып тәрбиелейтін болу үшін біз ол қателерді жалғанның жарығына шығарып отыруға тиістіміз бе? Менің ойымша, тиістіміз. Менің ойымша, қатені түзеу үшін басқа жол болмайды. Менің ойымша, қатені бүркеу әдісі біздің әдіс емес. Ал бұдан шығатын қортынды: партия ішіндегі күрес және қателерді түзету ісі белгілібір көсемдердің белгілібір дәрежеде атағына нұқсан келтірілмейінше істелмейді. Бұл, бәлкім, көңілсіз де шығар, бірақ бұған лаж жоқ, өйткені болмай коймайтын іспен күресуге біз дәрменсізбіз.

Біз жалпы алғанда оңшылдарға да қарсы, «әсіресолшылдарға» да карсы күресуге тиістіміз бе, — деп сұрайды Гансен. Әрине, тиістіміз. Бұл мәселе бізде әлдеқашан шешілген. Бұл туралы талас болып отырған жоқ. Талас мынау туралы болып отыр: кәзір

жағдайлары бірдей болмай отырған екі түрлі партияда, француз партиясы мен герман партиясында, біз енді қандай қауіпке қарсы баса күш жұмсауымыз керек? Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің Президиумына француздардың оңшылдарға қарсы қарар ұсынып, ал немістердің «әсіресолшылдарға» қарсы қарар ұсынып отырғандары кездейсоқ нәрсе ме? Оңшылдарға қарсы күресуге баса күш жұмсап француздар, бәлкім, қателескен шығар? Онда Гансен Президиумға Франциядағы «әсіресолшылдарға» қарсы күресу туралы қарсы қарар ұсынуға неге тырыспайды? «Әсіресолшылдарға» қарсы күресуге баса күш жұмсап немістер, бәлкім, қателескен шығар? Онда Гансен мен Рут Фишер Президиумға оңшылдарға қарсы күресуге баса күш жұмсау туралы қарсы қарар ұсынуға неге тырыспайды? Сонда, әңгіме неде? Әңгіме мынада: бізде жалпы оңшылдар мен «әсіресолшылдарға» қарсы күресу туралы абстракт мәселе қойылып отырған жоқ, герман партиясының кәзіргі кезеңдегі кезекті міндеттері туралы нақтылы мәселе қойылып отыр. Ал герман компартиясының кезекті міндеті «әсіресолшылдық» қаупін жою болып отыр, нақ сол сияқты, француз компартиясының кезекті міндеті оңшылдық қаупін жою болып отыр.

Англия, Франция, Чехословакия компартияларының өз елдеріндегі кәсіпшілік одақтары қозғалысында кәзірдің өзінде-ақ мықты сүйеніші бар, жұмысшы табының қалың бұқарасымен жақындасудың кәзірдің өзінде жолын ашты және жұмысшы табының көпшілігінің болмаса да, едәуірінің сеніміне ие бола бастап отыр, ал Германияда бұл жөнінде істің жайы әлі де болса нашар; мәселен, осындай жалпыға мәлім

фактының себебі не? Бұл жағдайдың себебі ең алдымен, герман компартиясында «әсіресолшылдар» әлі күшті, олар кәсіпшілік одақтарына, біртұтас майдан құру ұранына, кәсіпшілік одақтарын меңгеру ұранына әлі де болса скептиктерше қарайды. «Әсіресолшылдардың» осы жақын араға дейін «кәсіпшілік одақтарынан шығыңдар» деген ұранды қорғап келгені жалпы жұртқа мәлім. Пролетариатқа қарсы бұл ұранның сарқыншақтары «әсіресолшылдар» арасында осы күнге дейін толық жойылып болмағаны жалпы жұртқа мәлім. Екінің бірі: не герман компартиясы Шолемнің тобын толық талқандап, идеялық жағынан талқандап, бұқара арасындағы жұмыс әдістері туралы мәселе жөнінде «әсіресолшылдардың» соқыр сенімдерін тез және батыл жоя алады, не ол мұны істей алмайды, онда герман компартиясындағы дағдарыстың өте қатерлі бағыт алуы мүмкін.

«Әсіресолшылдарда» революцияшыл адал жұмысшылар бар, бұларды шетке қағуға болмайды және шетке қағу жөн емес, деседі. Бұл әбден дұрыс. Біз оларды шетке қағуды ұсынып отырғанымыз да жоқ. Осы себептен біз өз қарарымыздың жобасында «әсіресолшылдардан», әсіресе жұмысшылардан ешкімді шетке қағу туралы немесе партиядан шығару туралы ешқандай ұсыныс енгізіп отырғанымыз жоқ. Бірақ ол жұмысшыларды лениндік партияның сана-сезімінің дәрежесіне дейін қалай көтеру керек? Өздерінің «әсіресолшыл» көсемдерінің қателері мен соқыр сенімдерінің салдарынан олардың кәзіргі адасқан жолынан оларды қалай құтқару керек? Мұның үшін бір ғана әдіс бар, ол: «әсіресолшыл» көсемдердің саяси жағынан іс атқаруға хақы жоқ деп жариялау әдісі, ре-

волюцияшыл адал жұмысшыларды дұрыс жолдан тайдыратын және даңғыл жолға шығуына бөгет болып отырған «әсіресолшыл» қателерді ашу әдісі. Партия ішіндегі идеялық күрес және бұқараға саяси тәрбие беру мәселелерінде біз шіріген дипломатиялық айлаға, қателерді бүркеуге жол бере аламыз ба? Жоқ, жол бере алмаймыз. Бұған жол беру жұмысшыларды алдау болар еді. Ал мұндай ретте шығатын жол қайда? Жол біреу: «әсіресолшыл» көсемдердің қателерін ашу керек, сөйтіп, революцияшыл адал жұмысшылардың дұрыс жолға шығуына көмектесу керек.

«Әсіресолшылдарға» соққы берудің өзі герман компартиясы оңға қарай ауды деген айып тағуға жол беруі мүмкін, деседі. Мұның бәрі бос сөз, жолдастар. 1908 жылы жалпыорыстық партия конференциясында[4], Ленин орыс «әсіресолшылдарына» қарсы күрес жүргізіп, оларды күлін көкке ұшырып талқандаған кезде, Ленинді оңға қарай ауды, оңға қарай бет бұрды деп айыптаған адмадар бізден де табылды. Алайда, ол кезде Лениндікі дұрыс болғанын, оның көзқарасы бірден-бір революциялық көзқарас болғанын, ал «революциялық» сөздер айтып тыраштанған орыс «әсіресолшылдарының» іс жүзінде оппортунист болып шыққанын осы күнде бүкіл дүние жүзі біледі.

Мынаны ұмытпау керек: оңшылдар мен «әсіресолшылдар» іс жүзінде егіз туғандар, демек, екеуі де оппортунистік позицияда; алайда, бұлардың бір ғана айырмашылығы мынау: оңшылдар өздерінің оппортунистігін ылғый бүркей бермейді, ал солшылдар өздерінің оппортунистігін ылғый «революциялық» сөздермен бүркеп отырады. Біз өз саясатымызды белгілегенде қайдағыбір өсекшілер немесе обывательдер біз ту-

ралы не айтады екен деп, соған негіздеп белгілей алмаймыз. Еріккен адамдардың біз туралы тағы қандай өсек ойлап шығаратынына қарамастан, біз қадамды нық басып, батыл түрде өз жолымызбен жүріп отыруға тиістіміз. Орыстарда «Ит үреді, керуен көшеді» деген жақсы мақал бар. Осы мақалды біздің есте ұстағанымыз жөн болар еді: бұл мақалдың бізге әлі сан рет кәдеге жарауы мүмкін.

Бұдан былайғы жерде герман компартиясында оңшылдық қауіптің партияның кезекті мәселесі болуы мүмкін, дейді Рут Фишер. Мұның болуы әбден мүмкін және тіпті солай деп болжауға да болады. Бірақ бұдан қандай қортынды шығады? Рут Фишер бұдан мынадай ғажайып қортынды шығарады: Германияда **кәзірдің өзінде** іс жүзіндегі қауіп болып отырған «әсіресолшылдарға» қарсы күрес бәсеңдетілуге тиіс, ал **болашақта** үлкен қатер туғызуы **мүмкін** болып отырған оңшылдарға қарсы күрес осы күннен-ақ күшейтілуге тиіс, дейді. Мәселенің бұлай қойылысы біраз ерсі және негізінен теріс екенін аңғару қыйын емес. Партияның «әсіресолшылдарға» қарсы күресін әлсіретуге, сөйтіп Шолемнің тобын құтқаруға, соққыдан аман алып шығуға тырысатын әрі-сәрі дипломатиялық топ қана, Рут Фишер — Маслов тобы ғана осындай ерсі көзқарасты айта алып отыр. Рут Фишердің ұсынысының бір ғана мағнасы осы. Менің ойымша, нақ осындай аралық дипломатиялық топ, сүйкімді сөздермен француз компартиясының оңшыл элементтерін бүркеуге тырысатын топ Францияда да бар болуы керек. Сондықтан герман партиясында да, француз партиясында да аралық дипломатиялық топтарға қарсы күресу кәзіргі күндегі кезекті міндет болып табылады.

Германиядағы «әсіресолшылдарға» қарсы қарардың қабылдануы партия ішіндегі жағдайды тек шиеленістіруі ғана мүмкін, деп сендірмек болады. Рут Фишер. Менің ойымша, Рут Фишердің герман компартиясы ішіндегі дағдарысты созғысы келеді, оны ұзаққа апарып, шұбалаңқы дағдарысқа айналдырғысы келеді. Сондықтан, Рут Фишердің барлық дипломаттығына, партия ішіндегі татулық жөнінде айтқан сүйкімді сөздеріне қарамастан, біз оның жолымен жүре алмаймыз.

Менің ойымша, герман партиясында кәзірдің өзінде елеулі марксистік элементтер шықты, жолдастар. Менің ойымша, герман компартиясындағы кәзіргі жұмысшы ұйтқысы герман компартиясына қажетті марксистік ұйтқының нақ өзі болып табылады. Бұл ұйтқыны қолдау керек, әртүрлі уклон атаулыға қарсы, ең алдымен «әсіресолшыл» уклонға қарсы күресінде бұл ұйтқыға көмектесу керек, — міне бұл Коммунистік Интернационалдың Атқару Комитеті Президиумының міндеті. Сондықтан біз Германиядағы «әсіресолшылдарға» қарсы қарарды қабылдауымыз керек.

„Правда“ № 40,
18 февраль, 1926 ж.

„ЛЕНИНИЗМ МӘСЕЛЕЛЕРІ" ДЕГЕН ЖЫЙНАҚТЫҢ БІРІНШІ БАСЫЛУЫНА АРНАЛҒАН АЛҒЫСӨЗ[5]

Бұл жыйнақтың негізгі бөлімдерінің бірі «Ленинизм негіздері туралы»[6] деген кітапша деп санау керек. Бұл кітапша бірінші рет бұдан екі жылдай бұрын, 1924 жылы майда жарыққа шықты. Енді ол осы жыйнақта екінші басылып отыр. Бұл екі жылдың ішінде көп оқыйғалар болып өтті: партия екі айтысты басынан өткізді, ленинизм жөнінде бірсыпыра кітапшалар мен оқу құралдар шығарылды, социалистік құрылыстың жаңа практикалық мәселелері кезекке қойылды. Бұл екі жылдың ішінде туған жаңа мәселелердің, кітапша шыққаннан кейін болған айтыстардың нәтижелері де бұл кітапшада ескеріле алмай қалғаны түсінікті. Сол сыяқты, біздің құрылысымыздың нақтылы мәселелерінің де (нэп, мемлекеттік капитализм, орта шаруа туралы мәселе, т. т.) «ленинизмнің негіздерін конспект түрінде баяндау» болып табылатын кішкене кітапшада толық көрсетіле алмағаны түсінікті. Әлгі айтылған және сол сыяқты мәселелер автордың осы жыйнаққа кірген және «Ленинизм негіздері туралы» бастапқы кітапшада баяндалған негізгі қағыйдаларға

өте тығыз байланысты келесі кітапшаларында ғана («Октябрь революциясы және орыс коммунистерінің тактикасы»[7], «РК(б)П XIV конференциясы жұмыстарының қортындылары жөнінде»[8], «Сұрақтар мен жауаптар»[9], т. т.) көрсетіле алды. Сонымен, ленинизм мәселелері жөнінде бірыңғай және тұтас еңбек болып табылатын бұл жыйнақтың жарыққа шығуын әлгі жағдай толық ақтайды.

Партияның XIV съезінде болған соңғы айтыс партияның кейінгі дәуір ішіндегі, XIII съезден XIV съезге дейінгі дәуір ішіндегі идеологиялық және құрылыс жұмысының қортындысын шығарды. Сонымен бірге бұл айтыс бір кезде «жаңа оппозиция» ұсынған ережелерді біраз тексергендік болды. Бұл тексерістің қортындары қандай? — деп сұрау орынды болады.

И. В. Сталин. Ленинизм мәселелері жөнінде. М. — Л., 1926

ЛЕНИНИЗМ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ

БК(б)П-ның ЛЕНИНГРАДТЫҚ ҰЙЫМЫНА АРНАЙМЫН

И. СТАЛИН

I

ЛЕНИНИЗМНІҢ АНЫҚТАМАСЫ

«Ленинизм негіздері туралы» деген кітапшада ленинизмге белгілі анықтама берілген; ол анықтама азаматтық право алған болу керек. Онда былай делінген:

«Ленинизм дегеніміз империализмнің және пролетарлық революцияның заманындағы марксизм. Дәлірек айтқанда: ленинизм — тұтас алғанда пролетарлық революцияның теориясы мен тактикасы, әсіресе пролетариат диктатурасының теориясы мен тактикасы»[10].

Бұл анықтама дұрыс па?

Менің ше, дұрыс. Біріншіден, оның дұрыс болатыны — бұл анықтама, ленинизм империалистік соғыстан кейін туды деп теріс ойлайтын кейбіреулерге, Ленинді сынаушыларға қарсы шығып, ленинизмді **империализмнің заманындағы** марксизм деп сыйпаттап, оның тарихи тамырларын дұрыс көрсетеді. Екіншіден, оның дұрыс болатыны — бұл анықтама, ленинизмді орыстың ұлттық жағдайында ғана қолдануға болады деп санайтын социал-демократияға қарсы шығып, ленинизмнің халықаралық сыйпатын дұрыс көр-

сетеді. Үшіншіден, оның дұрыс болатыны — бұл анықтама, ленинизм марксизмнің ілгері дамуы емес, марксизмді қалпына келтіріп, оны орыс тұрмысына қолдану ғана деп санайтын кейбір ленинизм сыншыларына қарсы шығып, ленинизмді империализмнің заманындағы **марксизм** деп сыйпаттап, ленинизмнің Маркс ғылымымен тығыз байланысы барлығын дұрыс көрсетеді.

Мұның бәрі де, ерекше түсіндіріп жатуды қажет етпейтін сияқты.

Солай бола тұрса да, біздің партиямызда ленинизмге біраз басқаша анықтама беруді қажет деп санайтын адамдар бар көрінеді. Мәселен, Зиновьев былай деп ойлайды:

«Ленинизм — империалистік соғыстар заманындағы және **шаруалары ден елде тікелей басталған дүниежүзілік** революция заманындағы марксизм».

Зиновьевтың астын сызып отырған сөздері нені көрсетеді? Ленинизмнің анықтамасына Россияның артта қалғандығын, оның шаруалық сыйпатын әкеліп қыстыру нені көрсетеді?

Бұл — ленинизмді интернационалдық пролетарлық ғылымнан Россияның тек өз болмысының нәріне айналдырғандық болады.

Бұл — капиталистік жағынан артығырақ өркендеген өзге елдерде ленинизмді қолдануға болатындығын бекерге шығаратын Бауэр мен Каутскийдің таяғын соққандық болады.

Россия үшін шаруа мәселесінің өте зор маңызы барлығы, біздің еліміздің шаруалар елі екендігі даусыз. Бірақ, ленинизмнің негіздерін сыйпаттау үшін, бұл фактының қандай маңызы болуы мүмкін? Ленин-

изм империализм топрағында, жалпы империалистік елдер үшін жасалмай, тек Россия топрағында, Россия үшін ғана жасалып шықты ма? Лениннің «Империализм — капитализмнің жоғарғы сатысы»[11], «Мемлекет және революция»[12], «Пролетарлық революция және ренегат Каутский»[13], «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы»[14], тағы басқа еңбектерінің жалпы, барлық империалистік елдер үшін емес, жалғыз Россия үшін ғана маңызы бар ма? Ленинизм барлық елдердің революциялық қозғалысы тәжрибесінің қорытындысы емес пе? Ленинизмнің теориясы мен тактикасының негіздері барлық елдердің пролетарлық партиялары үшін жарамды және міндетті емес пе? «Тактиканың үлгісі есебінде, большевизм **барлық елдерге де*** жарамды» (қараңыз: XXIII том, 386-бет), деп Ленин дұрыс айтпап па еді? Лениннің «Совет өкіметінің және большевиктік теория мен тактика негіздерінің **халықаралық мәні*** барлығы» (қараңыз: XXV том, 171—172-беттер) туралы айтқан сөздері теріс пе еді? Мәселен, Лениннің мына сөздері дұрыс емес пе еді?

«Біздің еліміздің көп артта қалғандығы және ұсақ буржуазиялылығы себепті, алдыңғы қатардағы елдермен салыстырғанда, Россиядағы пролетариат диктатурасының сөзсіз кейбір айырмашылықтары болуға тиіс. Бірақ Россиядағы негізгі күштер — қоғам шаруашылығының негізгі түрлері де — капиталистік елдердің қай-қайсысынікімен де бірдей, сондықтан ол **өзгешеліктердің ең негізгі емес мәселелерге ғана қатысы бола алады»*** (қараңыз: XXIV том, 508-бет).

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

Ал, егер мұның бәрі дұрыс болса, онда бұдан: Зиновьевтің ленинизмге беріп отырған анықтамасын дұрыс деп тануға болмайды деген қортынды шықпай ма?

Ленинизмге бұлайша ұлттық шек қойылған анықтаманы интернационализммен қалай сыйыстыруға болады?

II

ЛЕНИНИЗМДЕГІ БАСТЫ МӘСЕЛЕ

«Ленинизм негіздері туралы» деген кітапшада былай делінген:

«Кейбіреулер: ленинизмдегі негізгі мәселе — шаруа мәселесі, ленинизмнің бастама пункті — шаруа туралы, оның ролі, сыбаға салмағы туралы мәселе деп ойлайды. Бұл тіпті дұрыс емес. Ленинизмдегі негізгі мәселе, оның бастама пункті — шаруа мәселесі емес, пролетариат диктатурасы туралы, оны орнату шарттары туралы, оны нығайту шарттары туралы мәселе. Шаруа мәселесі, пролетариаттың өкімет үшін күресіндегі одақтасы туралы мәселе ретінде, туынды мәселе болып табылады»[15].

Бұл қағыйда дұрыс па?

Менің ойымша, дұрыс. Бұл қағыйда бүтіндей ленинизмнің анықтамасынан туады. Шынында да, егер ленинизм пролетарлық революцияның теориясы мен тактикасы болатын болса, ал пролетарлық революцияның негізгі мазмұны пролетариат диктатурасы болса, — ленинизмдегі басты мәселе пролетариат диктатурасы туралы мәселе екендігі, бұл мәселені тексеріп шешу, бұл мәселені негіздеу және нақтылау екендігі анық.

Солай бола тұрса да, Зиновьев бұл қағыйдаға қо-

сылмайтын көрінеді. «Ленинді еске түсіру» деген мақаласында ол былай дейді:

«Шаруалардың ролі туралы мәселе, жоғарыда айтқанымдай, большевизмнің, ленинизмнің **негізгі мәселесі*** болып табылады».

Міне, көрдіңіздер ғой, Зиновьевтің бұл қағыйдасы түгелімен оның ленинизмге берген теріс анықтамасынан туады. Сондықтан, оның ленинизмге берген анықтамасының терістігі сықылды, бұл қағыйдасы да теріс.

Лениннің: пролетариат диктатурасы «пролетарлық революцияның түпкі мазмұны» (қараңыз: XXIII том, 337-бет) деген тезисі дұрыс па? Сөзсіз, дұрыс. Ленинизм — пролетарлық революцияның теориясы мен тактикасы деген тезис дұрыс па? Менің ойымша, дұрыс. Ал бұдан қандай қортынды шығады? Бұдан шығатын қортынды: ленинизмнің негізгі мәселесі, оның бастама пункті, оның іргe тасы — пролетариат диктатурасы туралы мәселе.

Империализм туралы мәселе, империализм дамуының секірмелі сыйпаты туралы мәселе, социализмнің бір елде жеңуі туралы мәселе, пролетариат мемлекеті туралы мәселе, бұл мемлекеттің советтік формасы туралы мәселе, пролетариат диктатурасының системасында партияның ролі туралы мәселе, социализмді құру жолдары туралы мәселе, — міне осы мәселелердің бәрін дәл Лениннің тексеріп шешкені рас емес пе? Пролетариат диктатурасы идеясының негізі, іргe тасы дәл осы мәселелер екендігі рас емес пе? Бұл негізгі мәселелерді тексеріп шешіп алмай тұрып, шаруа мәселесін пролетариат диктатурасы тұрғысынан тексеріп шешу мүмкін еместігі рас емес пе?

* Курсив менікі. **И. Ст.**

Сөз жоқ, Ленин шаруа мәселесіне өте жетік еді. Сөз жоқ, пролетариаттың одақтасы туралы мәселе болғандықтан шаруа мәселесінің пролетариат үшін орасан зор маңызы бар және бұл мәселе пролетариат диктатурасы туралы негізгі мәселенің түлғалы бір бөлімі болып табылады. Ал егер ленинизмнің алдында пролетариат диктатурасы туралы негізгі мәселе тұрмаған болса, пролетариаттың одақтасы туралы туынды мәселенің, шаруалар туралы мәселенің болмайтындығы да айқын емес пе? Егер ленинизмнің алдында пролетариаттың өкіметті қолға алуы туралы практикалық мәселе тұрмаған болса, шаруалармен одақтасу туралы мәселенің де болмайтындығы айқын емес пе?

Егер Ленин шаруа мәселесін тексеріп шешуді пролетариат диктатурасының теориясы мен тактикасы негізіне сүйеніп жүргізбей, бұл негізден бөлек, бұл негізден тысқары жүргізген болса, ол, сөз жоқ, кәзіргі болып отырғандай, пролетариаттың асқан ұлы идеологі болмаған болар еді, ол шет елдердің әдебиетшіл обывательдердің әрдайым суреттейтіндері сықылды, жәй ғана «шаруа философы» болар еді.

Екінің бірі:

не ленинизмдегі негізгі мәселе — шаруа мәселесі, олай болса, капиталистік жағынан дамыған елдер үшін, шаруалар елі емес елдер үшін ленинизм жарамсыз, міндетті түрде қолданылмайтын болып шығады;

не ленинизмдегі негізгі мәселе — пролетариат диктатурасы, олай болса, ленинизм барлық елдердің пролетарларының интернационалдық ғылымы болып табылады, барлық елдер үшін, соның ішінде капита-

листік жағынан дамыған елдер үшін де жарамды және міндетті түрде қолданылатын ғылым болып табылады.

Бұл жөнде екінің бірін таңдап алу керек.

III

«ПЕРМАНЕНТТІК» РЕВОЛЮЦИЯ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

«Ленинизм негіздері туралы» деген кітапшада «перманенттік революция теориясына» — шаруалардың ролін жете бағаламайтын «теория» деп баға берілген. Онда былай делінген:

«Олай болса, Ленин «перманенттік» революцияны жақтаушылармен алысқанда, үздіксіздік туралы мәселеге бола алысқан жоқ, өйткені Лениннің өзі де үздіксіз революция тұрғысында болатын; Ленин олармен алысқанда, пролетариаттың өте зор резерві болып табылатын шаруалардың атқаратын ролін жете бағаламағандығы үшін алысты»[16].

Орыс «перманентшілдеріне» берілген бұл сыйпаттама соңғы кезге дейін жалпы жұрт мойындаған сыйпаттама болып есептелініп келді. Алайда, бұл сыйпаттама, жалпы алғанда дұрыс болса да, толық сыйпаттама болып таныла алмайды. Бір жағынан 1924 жылдың айтысы, екінші жағынан Ленин еңбектерін жете талдау орыс «перманентшілдерінің» қатесі шаруа ролін жете бағаламауда ғана емес екенін, мұның үстіне, олардың қатесі пролетариаттың шаруаларды өзіне ерте алатын күші мен қабілетін жете бағаламауда, пролетариат гегемониясының идеясына сенбеуде екендігін көрсетті.

Сондықтан мен «Октябрь революциясы және орыс коммунистерінің тактикасы» (декабрь 1924 ж.) деген кітапшамда бұл сыйпаттаманы кеңітіп, оның орнына одан гөрі толығырақ сыйпаттама бергенмін. Бұл кітапшада былай делінген:

«Осы кезге дейін әдетте «перманенттік революция» теориясының бір жағы ғана — шаруалар қозғалысының революциялық мүмкіншіліктеріне сенбеушілік жағы ғана айтылып келген еді. Енді, әділеттік үшін, бұл жағын Россия пролетариатының күші мен қабілетіне сенбейтін екінші жағымен толықтыру керек болады»[17].

Бұдан, әрине, өткен ғасырдың қырқыншы жылдарында Маркс жарыялаған[18] шын мәніндегі перманенттік революция идеясына ленинизм қарсы болған еді немесе кәзір де қарсы деген мағна шықпайды. Қайта, перманенттік революция идеясын дұрыс ұғынып, оны өркендеткен бірден-бір марксист Ленин болды. Лениннің бұл мәселеде «перманентшілдерден» айырмасы — «перманентшілдер» Маркстің перманенттік революция идеясын бұрмалады, оны өмірге жанасымсыз, құрғақ даналыққа айналдырды, ал Ленин бұл теорияны таза күйінде алып, оны өзінің революция теориясының негіздерінің бірі етті. Буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы туралы Лениннің 1905 жылы берген идеясы Маркстің перманенттік революция теориясын жүзеге асырудың бір түрі екенін есте ұстау керек. Бұл жөнде Ленин 1905 жылы-ақ былай деп жазған болатын:

«Біз демократиялық революциядан күшіміздің, саналы және ұйымдасқан пролетариаттың күшінің шамасына қарай, дереу со-

циалистік революцияға көше бастаймыз. **Біз үздіксіз революцияны жақтаймыз***. Біз жарым жолда тоқтап қалмаймыз...

Авантюризмге салынбай, ғылыми ұжданымызға қыянат етпей, арзан түсетін атақтылықты қумай, біз бір ғана нәрсені айта аламыз және айтамыз да: бізге, пролетариат партиясына, неғұрлым тезірек жаңа және жоғары міндетке — социалистік революцияға көшу **жеңіл болуы үшін**, барлық күшімізбен бүкіл шаруалардың демократиялық революция жасауына көмектесеміз» (қараңыз: VIII том, 186—187-беттер).

Он алты жыл өткеннен кейін, пролетариат өкіметті өз қолына алғаннан кейін, бұл жөнінде Ленин былай деп жазады:

«Каутскийлер, Гильфердингтер, Мартовтар, Черновтар, Хилликвиттар, Лонгэлер, Макдональдтар, Туратилар және «II½дық» марксизмнің басқа да сабаздары... буржуазиялық-демократиялық революция мен пролетарлық-социалистік революция арасындағы байланысты ұға білмеді. **Біріншісі екіншісіне ұласады***. Екіншісі жолшыбай біріншісінің мәселелерін шешеді. Екіншісі біріншісінің істерін баянды етеді. Екіншісінің біріншіні қаншама басып оза алуын күрес, тек қана күрес шеше алады» (қараңыз: XXVII том, 26-бет).

Мен Лениннің 1905 жылы 1 сентябрьде жарияланған «Социал-демократияның шаруа қозғалысына көзқарасы» деген мақаласынан алынған бірінші цитатқа айрықша көңіл бөлемін. Мен мұны, Ленин буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласу идеясына, яғни перманенттік революция идеясына империалистік соғыстан кейін келді дегенді әлі күнге қуаттап жүргендердің есіне көбірек саламын. Бұл цитат ол адамдардың өте адасып жүргендіктеріне түк күдік қалдырмайды.

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

IV

ПРОЛЕТАРЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯ ЖӘНЕ ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫ

Пролетарлық революцияның буржуазиялық революциядан айырмасын көрсететін ерекше сыйпаттары қайсы?

Пролетарлық революция мен буржуазиялық революция арасындағы айырманы негізгі бес пунктпен көрсетуге болар еді:

1) Буржуазиялық революция, әдетте, капиталистік укладтың ашық революция жасалмастан бұрын феодалдық қоғамның қойнында өсіп-піскен азды-көпті дайын формалары бар кезде басталады, ал пролетарлық революция социалистік укладтың дайын формалары жоқ кезде, яки жоқтың қасы деуге боларлық кезде басталады.

2) Буржуазиялық революцияның негізгі міндеті — өкіметті қолға алып, оны даяр тұрған буржуазиялық экономикаға сәйкестіру, ал пролетарлық революцияның негізгі міндеті — өкіметті өз қолына алып, социалистік жаңа экономика құру.

3) Буржуазиялық революция, әдетте, өкіметті өз қолына алумен ғана тынады, ал пролетарлық революция үшін өкіметті өз қолына алу революцияның басы ғана болып табылады, мұнда өкімет ескі экономиканы қайта құрып, жаңа экономика ұйымдастырудың құралы есебінде пайдаланылады.

4) Буржуазиялық революция өкімет басындағы қанаушылардың бір тобының орнына қанаушылардың екінші тобын отырғызып қана қояды, сондықтан ол ескі мемлекеттік машинаны қыйратуды керек қылмай-

ды, ал пролетарлық революция қанаушы топтардың бәрін де, қандайын болса да, өкімет басынан жұлып алып, барлық еңбекшілер мен қаналушылардың көсемін — пролетарлар табын өкімет басына қояды, сондықтан пролетарлық революция ескі мемлекеттік машинаны қыйратпай, оның орнына жаңа мемлекеттік машина орнатпай тұра алмайды.

5) Буржуазиялық революция миллиондаған еңбекшілер мен қаналушылардың бұқарасын аз уақытқа болса да буржуазияның маңына ұйыстыра алмайды, олардың нақ сол еңбекші және қаналушы болуы себепті ұйыстыра алмайды, ал пролетарлық революция, егер пролетариат өкіметін нығайту жөніндегі және социалистік жаңа экономика құру жөніндегі өзінің негізгі міндетін орындаймын дейтін болса, миллиондаған еңбекшілер мен қаналушылардың бұқарасын, дәл еңбекші және қаналушы болғандықтан, пролетариатпен ұзақ мезгілге одақ етіп байланыстыра алады және байланыстыруға тиіс те.

Лениннің бұл жөніндегі кейбір негізгі қағыйдалары мынау:

«Буржуазиялық революция мен социалистік революцияның арасындағы негізгі айырмашылықтардың бірі мынау, — дейді Ленин, — феодализмнен өсіп шығатын буржуазиялық революция үшін, ескі құрылыстың ішінде бірте-бірте жаңа экономикалық ұйымдар құрылады, бұлар феодалдық қоғамның барлық жақтарын бірте-бірте өзгертеді. Буржуазиялық революцияның алдында жалғыз-ақ міндет болды, ол міндет—бұрынғы қоғамның барлық тұсауларын құрту, жұлып тастау, қыйрату. Осы міндетті орындай отырып, буржуазиялық революцияның қай-қайсысы да өзінен талап етілетін нәрсенің бәрін орындайды: ол капитализмнің өсуін күшейтеді.

Социалистік революцияның жағдайы мүлде басқаша. Тарихтың

бұрақ жолдарының нәтижесінде социалистік революцияны бастауға тиісті болған ел неғұрлым көбірек артта қалған болса, ол ел үшін ескі капиталистік қатнастардан социалистік қатнастарға көшу соғұрлым қыйынырақ болады. Мұнда ескіні қыйрату міндеттеріне жаңа, адам айтқысыз қыйын міндеттер — ұйымдастырушылық міндеттер қосылады» (қараңыз: XXII том, 315-бет).

«Егер, — дейді одан кейін Ленин,— орыс революциясының 1905 жылғы ұлы тәжрибені басынан кешірген халық творчествосы 1917 жылы февральда-ақ Советтер құрмаса, онда олар октябрьде өкіметті ешбір ала алмаған болар еді, өйткені табысқа жету миллиондаған адамдарды қамтыған қозғалыстың дайын тұрған ұйымдастыру формаларының болуына байланысты болды. Советтер осындай дайын форма болды, сондықтан да саясат жөнінде бізді сол өзіміз басымыздан кешірген, тамаша табыстар, жаппай салтанатты аттаныс күтіп тұрды, өйткені саяси өкіметтің жаңа формасы дайын тұр еді, сөйтіп бізге қалған — бірнеше декреттер арқылы Советтер өкіметін революцияның алғашқы айларында басынан кешірген бастама күйінен шығарып, заң жүзінде танылған, Россия мемлекетінде орныққан формаға — Россиялық совет республикасына айналдыру ғана болды» (қараңыз: XXII том, 315-бет).

«Әлі орасан қыйын екі міндет қала берді; бұл міндеттерді шешу қайткенде де революциямыздың алғашқы айларындағыдай салтанатты аттаныс бола алмады» дейді Ленин (қараңыз: бұл да сонда, 315-бет).

«Біріншіден, ол — социалистік революцияның қандайының болса да алдына қойылатын ішкі ұйымдастыру міндеттері еді. Социалистік революцияның буржуазиялық революциядан айырмасы дәл мынау: буржуазиялық революцияда капиталистік қатнастардың дайын формалары болады, ал Совет өкіметі — пролетарлық өкімет — егер шынында өнеркәсіптің біраз жоғарғы қабатын қамтыған, жер кәсібін әлі мүлде аз қозғаған ең дамыған капиталистік формаларды алмағанда, — ондай дайын қатнастарды ала алмайды. Есеп ісін ұйымдастыру, ең ірі кәсіпорындарға бақылау жүргізу, мемлекеттің бүкіл экономикалық механизмін біртұтас ірі машинаға, шаруашылық организмге, жүз миллиондаған адамдар бір жоспармен істейтіндей етіп жұмыс атқаратын организмге айналдыру,— міне, бізге жүктелген орасан

зор ұйымдастыру міндеті осы. Қәзіргі еңбек жағдайлары бұл міндетті, азамат соғысының міндеттерін шешкеніміздей, «ура» мен шешуге еш жол бермеді» (қараңыз: бұл да сонда, 316-бет).

«Орасан зор қыйыншылықтардың екіншісі... — халықаралық мәселе. Егер біз Керенскийдің бандаларын оп-оңай біржайлы қылсақ, өзімізде оп-оңай өкімет құрсақ, азғантай да болса еңбек сіңірмей-ақ, жерді социализациялау, жұмысшы бақылауын жүргізу туралы декрет шығарсақ,— біз осының бәрін оп-оңай жасасақ, оның жалғыз-ақ себебі — қысқа уақытқа орнаған қолайлы жағдайлар бізді халықаралық империализмнен бүркеп қалды. Халықаралық капиталдың нағыз күші, нағыз қамалы болып табылатын, артықша дәрежеде ұйымдастырылған соғыс техникасы бар, өте күшті капиталы бар халықаралық империализм өзінің жалпы күйі жағынан да, империализмге сіңіп біте қайнасқан капиталистік таптың экономикалық мүддeлері жағынан да ешуақытта, ешбір жағдайларда Совет республикасымен қатар тату тұра алмады,— сауда байланыстарының, халықаралық финанс қатнастарының арқасында тату тұра алмады. Бұл арадағы жанжал — болмай коймайтын жанжал. Бұл арада орыс революциясының аса ұлы қыйыншылығы, оның аса ұлы тарихи проблемасы тұр, ол проблема: халықаралық міндеттерді шешудің қажеттігі, халықаралық революцияны туғызудың қажеттігі» (қараңыз: XXII том, 317-бет).

Пролетарлық революцияның ішкі сыйпаты және негізгі мәнісі міне осындай.

Күшпен жасалған революциясыз, пролетариат диктатурасынсыз, ескі, буржуазиялық тәртіптерді негізінен кайта құруға бола ма?

Болмайтыны анық. Мұндай революцияны бейбітшілік жолмен, буржуазияның үстемдігіне бейімделген буржуазиялық демократияның шеңберінде жасаймыз деп ойлау — не ақылдан адасқандық, бірқалыпты адамшылық ұғымдарды жойғандық, не пролетарлық революциядан өрескел және ашық түрде безгендік болып табылады.

Бұл қағыйданы мейлінше, үзілді-кесілді түрде баса айтуымыз керек, өйткені біз, әзірше бір елде ғана жеңіп шыққан пролетариат революциясымен істес болып отырмыз, бұл ел капиталистік дұшпан елдердің қоршауында болып отыр, бұл елдің буржуазиясын халықаралық капитал сүйемей отыра алмайды.

Міне осы себептен де Ленин былай дейді:

«Езілген таптың азаттыққа жетуі күшпен жасалатын революция болмайынша, оның үстіне үстем таптың жасаған мемлекеттік өкіметінің аппаратын **құртпайынша**, мүмкін емес» (қараңыз: XXI том, 373-бет).

««Әуелі, жеке меншіктің аман сақталып тұрған күнінде, яғни капиталдың өкіметі мен езушілігі аман сақталып тұрған күнде, халықтың көпшілігі пролетариат партиясын қостайтын болсын, сонда ғана пролетариат партиясы өкіметті өз қолына ала алады және алуға тиіс те» — **дұрысын алғанда, буржуазияның малайлары болып отырған, өздерін «социалистерміз» деп атайтын ұсақбуржуазиялық демократтар осылай дейді»*** (қараңыз: XXIV том, 647-бет).

««Әуелі революцияшыл пролетариат буржуазияны құлатсын, капиталдың езушілігін күйретсін, буржуазияның мемлекеттік аппаратын қыйратсын, — жеңген пролетариат сонда пролетариат емес бұқараның еңбекшілер көпшілігін қанаушылар есебінен қанағаттандыра отырып, олардың тілектестігін, көмегін өз жағына шапшаң аудара алады» — **дейміз біз»*** (қараңыз: бұл да сонда).

«Халықтың көпшілігін өз жағына қаратып алу үшін, — дейді одан кейін Ленин, — пролетариат, біріншіден, буржуазияны құлатып, мемлекеттік өкіметті өз қолына алуы керек; екіншіден, ол мемлекеттік ескі аппараттың тас-талқанын шығарып, Совет өкіметін орнатуы керек, осының арқасында ол, буржуазияның және ұсақ буржуазиялық келісімпаздардың пролетариат емес еңбекшілер бұқарасы арасындағы үстемдігін, беделін, ықпалын бірден қаусатады. Үшіншіден, пролетариат, пролетариат емес еңбекші бұқараның экономикалық қажеттерін **қанаушылар**

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

есебінен революциялық жолмен өтей отырып, пролетариат емес еңбекшілер бұқарасының көпшілігі арасында буржуазияның және ұсақбуржуазиялық келісімпаздардың ықпалын біржолата қыйратуы керек» (қараңыз: бұл да сонда, 641-бет).

Пролетарлық революцияның ерекше сыйпаттары осындай.

Егер пролетариат диктатурасы пролетарлық революцияның негізгі мазмұны деп танылатын болса, енді, жоғарыда айтылғанмен байланысты, пролетариат диктатурасының негізгі сыйпаттары қандай?

Пролетариат диктатурасына Лениннің берген ең жалпы анықтамасы мынау:

«Пролетариат диктатурасы — тап күресінің аяқталуы емес, сол күрестің жаңа түрдегі жалғасы. Пролетариат диктатурасы — жеңген, саяси өкіметті өз қолына алған пролетариаттың жеңілген, бірақ әлі жойылып бітпеген, құрымаған, қарсылық жасаудан тыйылмаған, өзінің қарсылығын бұрынғыдан күшейте түскен буржуазияға қарсы таптық күресі» (қараңыз: XXIV том, 311-бет).

Пролетариат диктатурасын «жалпы халықтық», «жалпы сайламалы» өкіметпен, «таптық емес» өкіметпен шатастырушылыққа қарсы шығып, Ленин былай дейді:

«Саяси үстемдікті өз қолына алған тап, бұл үстемдікті бір өзі ғана* алатынын біле тұра алды. Мұның өзі пролетариат диктатурасы деген ұғымда бар. Бір тап, саяси өкіметті тек жалғыз өзі ғана қолына алып отырғандығын білсе, «жалпыхалықтық, жалпы сайламалы өкімет, бүкіл халық қасиеттеген» өкімет деген сөздермен өзінде, өзгені де алдамайтындығын білсе, сонда ғана бұл ұғым мағналы болады» (қараңыз: XXVI том, 286-бет).

Алайда бұдан: өкіметті өзге таппен бөліспейтін және бөлісе алмайтын бір таптың, пролетариат табы-

* Курсив менікі. И. Ст.

ның, өкіметі өз мақсаттарын жүзеге асыру үшін өзге таптардың еңбекші және қаналушы бұқарасымен одақтасуға, олардың көмегіне мұқтаж емес деген мағна шыпқайды. Қайта, бұл өкімет, бір таптың өкіметі, пролетарлар табы мен ұсақбуржуазиялық таптардың еңбекшілер бұқарасы арасындағы, алдымен шаруалардың еңбекші бұқарасы арасындағы одақтың ерекше формасы арқылы ғана орнығa алады және ақырына дейін жүзеге асырылады.

Одақтың бұл ерекше формасы деген не, оның мәнісі қандай? Пролетариаттан өзге таптардың еңбекші бұқарасымен жасасқан бұл одақ тегінде бір таптың диктатурасының идеясына қайшы келмей ме?

Одақтың бұл ерекше формасының мәнісі — бұл одақтың жетекші күші пролетариат болуында. Одақтың бұл ерекше формасының мәнісі — мемлекеттің басшысы, пролетариат диктатурасының системасындағы басшы бір ғана партия, пролетариаттың партиясы, коммунистер партиясы, басшылықты өзге партиялармен бөліспейтін, бөлісе алмайтын партия болуында.

Көріп отырсыздар, мұндағы қайшылық тек көзге елестеген, жоқ қайшылық.

«Пролетариат диктатурасы дегеніміз, — дейді Ленин, — еңбекшілердің авангарды пролетариаттың және еңбекшілердің пролетариат емес көп топтары (ұсақ буржуазия, ұсақ қожайындар, шаруалар, интеллигенттер, т. т.) немесе еңбекшілердің көпшілігі арасында жасалған *таптық одақтың**, капиталға қарсы одақтың, капиталды толық құлату, буржуазияның қарсылығын және оның капитализмді қайта орнату әрекетін толық басу мақсатымен жасалған одақтың, социализмді түпкілікті орнатып, нығайту мақсатымен жасалған одақтың *айрықша формасы болып табылады**. Бұл — айрықша жағдайда, атап айтқанда аласұрған аза-

---

* Курсив менікі. *И. Ст.*

мат соғысы жағдайында, туатын ерекше түрдегі одақ, бұл — социализмнің табанды жақтаушылары мен оның солқылдақ, кейде «бейтарап» (бұлай болғанда одақ күрес туралы келісімнен бейтараптық туралы келісімге айналады) одақтастарының екі арасындағы одақ, **экономикалық, саяси, әлеуметтік, рухани жақтарынан бірдей емес таптардың арасындағы одақ»*** (XXIV том, 311-бетті қара).

Каменев өзінің нұсқау баяндамаларының бірінде пролетариат диктатурасын осылай түсінушілік жөнінде айтыса келіп, былай дейді:

«Диктатура бір таптың екінші таппен жасаған одағы **емес»***.

Менің ойымша, бұл жерде Каменев алдымен менің «Октябрь революциясы және орыс коммунистерінің тактикасы» деген кітапшамның мынадай бір жерін ескерген шығар:

«Пролетариат диктатурасы — «тәжрибелі стратегтің» қамқор қолымен «шебер» «іріктеліп алынған» және халықтың белгілібір топтарына «ақылмен арқа сүйейтін» жәй ғана өкімет адамдары емес. Пролетариат диктатурасы дегеніміз капиталды құлату үшін, социализмнің түпкілікті жеңуі үшін құрылған пролетариат пен шаруалардың еңбекші бұқарасының таптық одағы болып табылады, бұл одақтың жетекші күші пролетариат болады»[19].

Мен пролетариат диктатурасының бұл тұжырымын толық қостаймын, өйткені бұл тұжырым жаңа ғана айтылып өткен Лениннің тұжырымына бүтіндей, толығымен үйлеседі.

Менің кесіп айтатыным — Каменевтің «диктатура бір таптың екінші таппен жасаған одағы емес» деп үзілді-кесілді айтқан сөзінің пролетариат диктатурасы туралы Лениннің теориясына ешбір қатнасы жоқ.

---

* Курсив менікі. И. Ст.

Менің кесіп айтатыным — ұштасу идеясының, пролетариат пен шаруалар одағы идеясының, бұл одақтағы пролетариат **гегемониясы** идеясының мағнасын ұғынбаған адамдар ғана осылай деп айта алады.

Лениннің мына тезисін түсінбеген адамдар ғана осылай деп айта алады:

«Өзге елдерде революция тумай тұрғанда, Россиядағы социалистік революцияны **шаруалармен жасаған келісім ғана*** сақтап қала алады» (қараңыз: XXVI том, 238-бет).

Лениннің мына қағыйдасын түсінбегендер ғана осылай деп айта алады:

«**Диктатураның жоғарғы принципі*** — пролетариаттың басшылық рольге және мемлекеттік өкіметке ие болып қалуы үшін, пролетариат пен шаруалардың одағын берік ұстау» (қараңыз: бұл да сонда, 460-бет).

Диктатураның аса маңызды мақсаттарының бірін — қанаушылардың қарсылығын басу мақсатын көрсете келіп, Ленин былай дейді:

«Диктатураның ғылымдық ұғымы — ешқандай шек қойылмаған, ешқандай заңдармен, мүлде ешқандай ережелермен өрісі тарылмаған, тікелей зорлыққа сүйенген өкіметтен басқа еш нәрсе де емес» (қараңыз: XXV том, 441-бет).

«Кадет мырзалар, мұны біржола ескеріп алыңыздар, диктатура дегеніміз — заңға емес, күшке сүйенген, шек қойылмаған өкімет. Азамат соғысы тұсында әрбір жеңіп шыққан өкімет тек диктатура ғана бола алады» (қараңыз: XXV том, 436-бет).

Бірақ, зорлықсыз диктатура болмайтын болса да, пролетариат диктатурасы, әрине, тек зорлықпен түгелденбейді.

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

«Зорлықсыз диктатура мүмкін болмаса да, — дейді Ленин, — диктатураның мағнасы тек зорлық қана емес, мұнымен қатар оның мағнасы — еңбекті бұрынғы ұйымдастырылуынан анағұрлым жоғарырақ дәрежеде ұйымдастыру» (қараңыз: XXIV том, 305-бет).

«Пролетариат диктатурасы... қанаушыларға істелетін зорлық қана емес, тіпті ол көбінесе зорлық емес. Бұл революциялық зорлықтың экономикалық негізі, оның өмірге жанасымдылығының және табысты болуының кепілі — капитализмге қарағанда пролетариаттың еңбекті қоғамдық етіп ұйымдастырудың неғұрлым жоғары түрін жасаушы және оны жүзеге асырушы екендігі. Істің мәні осында. Коммунизмнің толық жеңбей қоймайтындығының күш алатын жері және кепілі осында» (қараңыз: XXIV том, 335—336-беттер).

«Оның (яғни диктатураның. **И. Ст.**) ең басты маңызы — еңбекшілердің алдыңғы отрядінің, оның авангардының, бірден-бір басшысының, пролетариаттың, жақсы ұйымдасқандығында, тәртіпшілдігінде. Оның мақсаты — социализм орнату, қоғамның тап-тапқа бөлінуін жою, қоғамның барлық мүшелерін еңбекшіге айналдыру, адамды адамның қанауының қандай негізін болса да жою. Бұл мақсатты бірден іске асырып жіберуге болмайды, бұл мақсат капитализмнен социализмге көшудің едәуір ұзақ дәуірін керек қылады, неге десеңіз, өндірісті қайта құру қиын нәрсе, неге десеңіз, тұрмыстың барлық тарауларында негізінен өзгеріс жасау үшін уақыт керек, неге десеңіз, ұсақ-буржуазиялық және буржуазиялық жолмен шаруашылық істеуге дағдыланып қалған әдеттің зор күшін ұзақ, табанды күрес арқылы ғана жеңуге болады. Сондықтан да Маркс пролетариат диктатурасының тұтас дәуірі туралы сөз қылғанда, капитализмнен социализмге өту дәуірі есебінде сөз қылады» (қараңыз: бұл да сонда, 314-бет).

Пролетариат диктатурасының ерекше сыйпаттары осындай.

Бұдан пролетариат диктатурасының негізгі үш тарауы келіп шығады:

1) Пролетариат өкіметін қанаушыларды жаныштау үшін, ел қорғау үшін, өзге елдердің пролетариа-

тымен байланысты нығайту үшін, барлық елдерде революцияның өркендеп, жеңіп шығуы үшін пайдалану.

2) Пролетариат өкіметін еңбекшілер мен қаналушылар бұқарасын буржуазиядан мүлдем айыру үшін, пролетариаттың осы бұқарамен одағын нығайту үшін, бұл бұқараны социалистік құрылыс ісіне қатнастыру үшін, бұл бұқараға пролетариат тарапынан мемлекеттік басшылық ету үшін пайдалану.

3) Пролетариат өкіметін социализмді ұйымдастыру үшін, таптарды жою үшін, тапсыз қоғамға өту үшін, социалистік қоғамға өту үшін пайдалану.

Осы үш тараудың бәрінің қосылғаны — пролетариат диктатурасы болады. Бұл үш тараудың қайсысын болса да жеке алып, пролетариат диктатурасының **бір ғана** айрықша белгісі есебінде ұсынуға болмайды және, сонымен бірге, капиталистік қоршауда отырған шақта пролетариат диктатурасының диктатура болудан қалуы үшін, осы үш белгінің ең бомағанда біреуінің жоқ болуы да жеткілікті. Сондықтан бұл үш тараудың бірде-бірін пролетариат диктатурасының ұғымын бұрмалау қаупін туғызбайынша алып тастауға болмайды. Бұл айтылған үш тарау түгел алынғанда ғана бізге пролетариат диктатурасының толық, тұтас ұғымын бере алады.

Пролетариат диктатурасының дәуірлері, өзінің айрықша формалары, жұмысының түрліше әдістері бар. Азамат соғысы дәуірінде диктатураның зорлық жағы айрықша көзге түседі. Бірақ бұдан азамат соғысы тұсында ешбір құрылыс жұмысы жүргізілмейді деген мағна тіпті де тумайды. Құрылыс жұмыстарынсыз азамат соғысын жүргізу мүмкін емес. Социализм құ-

рылысы дәуірінде, қайта, диктатураның бейбітшілік, ұйымдастырушылық, мәдениеттік жұмыстары, революциялық заңдылық, т. т. айрықша көзге түседі. Бірақ бәрібір бұдан: құрылыс дәуірінде диктатураның зорлық жағы қалып қойды яки қалып қоюы мүмкін деген мағна тіпті де тумайды. Дұшпанның қарсылығын басу органдары, армия, тағы басқа ұйымдар, азамат соғысы дәуірінде керек болғаны сықылды, кәзір құрылыс дәуірінде де керек. Бұл органдар болмайынша, диктатураның азды-көпті қамтамасыз етілген құрылыс жұмысының жүргізілуі мүмкін емес. Революцияның әзірше тек бір ғана елде жеңіп отырғандығын ұмытуға болмайды. Әзірше капиталистік қоршау болып тұрғанда, интервенция қаупі де болатындығын, сол қауіптен туатын барлық нәтижелердің де болатындығын ұмытуға болмайды.

V

ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫ СИСТЕМАСЫНДА ПАРТИЯ МЕН ЖҰМЫСШЫ ТАБЫ

Жоғарыда мен пролетариат диктатурасы туралы оның тарихи болмай қалмайтындығы жағынан, оның таптық мазмұны жағынан, оның мемлекеттік мәні жағынан, ақырында, оның капитализмнен социализмге өту дәуірі деп аталатын бүтін бір тарихи дәуір бойына орындалатын қыйрату және творчестволық міндеттері жағынан айтып өттім.

Енді біз пролетариат диктатурасы туралы оның құрылымы жағынан, оның «механизмі» жағынан, құрала келгенде «пролетариат диктатурасының систе-

масы» **(Ленин)** болып шығатын және пролетариат диктатурасының күнделікті жұмысының жүзеге асуына жәрдемдесетін «жалғастырғыштардың», «көтермелердің» және «бағыт беруші күштердің» ролі және маңызы жағынан айтып өтуіміз керек.

Пролетариат диктатурасының системасындағы бұл «жалғастырғыштар» яки «көтермелер» дегеніміз не? «Бағыт беруші күш» дегеніміз не? Бұлар не үшін қажет болды?

Көтермелер яки жалғастырғыштар дегеніміз — пролетариаттың бұқаралық ұйымдары; бұлардың жәрдемінсіз диктатураны жүзеге асыруға болмайды.

Бағыт беруші күш дегеніміз — пролетариат диктатурасының негізгі жетекші күші болып табылатын, пролетариаттың алдыңғы қатардағы отряді, соның авангарды.

Бұл жалғастырғыштардың, көтермелердің және бағыт беруші күштің пролетариатқа керек болатын себебі — бұлар болмаса, пролетариат өзінің жеңу жолындағы күресінде ұйымдасқан және құралданған капитал алдында қарусыз армияның халінде болар еді. Пролетариатқа бұл ұйымдардың керек болатын себебі — бұлар болмаса, пролетариат буржуазияны құлату жолындағы күресінде, өзінің өкіметін нығайту жолындағы күресінде, өзінің социализм құру жолындағы күресінде сөзсіз жеңіліп шығар еді. Бұл ұйымдардың үнемі көрсетіп отыратын жәрдемі мен авангардтың бағыт беруші күшінің керек болатын себебі — бұл шарттарсыз азды-көпті ұзаққа созылатын және берік пролетариат диктатурасының болуы мүмкін емес.

Бұлар қандай ұйымдар?

Бұл, біріншіден, жұмысшылардың **кәсіпшілер одағы**, осы кәсіпшілер одағының орталықтағы және жергілікті орындардағы толып жатқан өндірістік, мәдениеттік, тәрбиелік, тағы басқа ұйымдары түріндегі тараулары. Бұлар барлық кәсіптегі жұмысшыларды бірлестіреді. Бұлар партиялық ұйым емес. Кәсіпшілер одағын біздегі үстемдік жүргізуші жұмысшы табының тегісінен енген ұйымы деуге болады. Кәсіпшілер одақтары коммунизм мектебі болып табылады. Олар басқарудың барлық салаларында басшылық жұмыс атқару үшін өз арасынан ең жақсы адамдарды шығарып беріп отырады. Олар жұмысшы табының құрамындағы алдыңғы қатардағылар мен артта қалғандардың байланысын жүзеге асырып отырады. Олар жұмысшы бұқарасын жұмысшы табының авангардымен біріктіріп отырады.

Бұл, екіншіден, орталықтағы және жергілікті орындардағы әкімшілік, шаруашылық, әскерлік, мәдениеттік, тағы басқа мемлекеттік ұйымдар түріндегі толып жатқан тараулары бар **Советтер** және бұған қосымша осы ұйымдарды маңайлаған және оларды халықпен біріктіретін, еңбекшілердің өз беттерімен құрған есепсіз көп бұқаралық бірлестіктері. Советтер — қала мен деревняның барлық еңбекшілерінің бұқаралық ұйымы. Бұлар партиялық ұйым емес. Советтер — пролетариат диктатурасының тікелей көрінісі. Пролетариат диктатурасын нығайту және социализм құру жөніндегі қандай да болса барлық шаралар Советтер арқылы жүргізіліп отырады. Пролетариаттың шаруаларға мемлекеттік басшылығы Советтер арқылы жүзеге асырылып отырады. Советтер миллионда-

ған еңбекшілер бұқарасын пролетариат авангардымен біріктіріп отырады.

Бұл, үшіншіден, **кооперацияның** барлық түрлері және оның барлық тараулары. Кооперация — еңбекшілердің бұқаралық ұйымы, бұл партиялық ұйым емес, бұл оларды алдымен тұтынушы есебінде, ал тұра-бара өндірушілер есебінде де (ауылшаруашылық кооперация) бірлестіретін ұйым. Пролетариат диктатурасы нығайғаннан кейін, кең құрылыс дәуірінде бұл ұйымның ерекше маңызы болады. Бұл ұйым пролетариат авангарды мен шаруалар бұқарасының арасындағы байланысты жеңілдетеді және шаруалар бұқарасын социалистік құрылыс арнасына ендіруге мүмкіндік туғызады.

Бұл, төртіншіден, **жастар одағы.** Бұл — жұмысшы және шаруа жастарының бұқаралық ұйымы, бұл партиялық ұйым емес, бірақ партияға жанасатын ұйым. Бұл ұйымның міндеті — жас буынды социализм рухында тәрбиелеу ісінде партияға жәрдемдесу. Бұл ұйым басқару жұмысының барлық салаларындағы пролетариаттың басқа бұқаралық ұйымдарының бәріне жас резервтер береді. Пролетариат диктатурасы нығайғаннан кейін, пролетариаттың мәдени, тәрбие жұмыстары кең өріс алған дәуірде жастар одағы ерекше маңыз алды.

Бұл, ең ақырында, пролетариат **партиясы,** пролетариаттың авангарды. Партияның күші пролетариаттың ең жақсы адамдарының бәрін оның барлық бұқаралық ұйымдарынан өзіне енгізіп отыратындығында. Оның міндеті — пролетариаттың барлық бұқаралық ұйымдарының жұмыстарын **біріктіріп,** олардың қимылдарын бір мақсатқа, пролетариатты азат ету мақ-

сатына **қарай бағыттау.** Ал бұларды біріктіріп, бір мақсатқа қарай бағыттау керектің керегі, өйткені мұнсыз пролетариат күресінің ынтымақты болуы мүмкін емес, өйткені мұнсыз пролетариат бұқарасына, олардың өкімет үшін күресінде, олардың социализмді құру үшін күресінде басшылық ету мүмкін емес. Ал пролетариаттың бұқаралық ұйымдарының жұмысын біріктіріп, оған бағыт беріп отыру пролетариат авангардының, пролетариат партиясының ғана қолынан келеді. Пролетариат диктатурасы системасындағы негізгі бастаушының бұл ролін пролетариат партиясы ғана, коммунистер партиясы ғана атқара алады.

Неге?

«Өйткені, біріншіден, партия — жұмысшы табының таңдаулы адамдарының, пролетариаттың партиялық емес ұйымдарымен тура байланысы бар, екінің бірінде сол ұймымдарға басшылық етіп отырған таңдаулы адамдарының бас қосқан жері; өйткені, екіншіден, жұмысшы табының таңдаулы адамдарының бас қосқан жері болғандықтан, партия — жұмысшы табының басшыларын, өз табының ұйымының барлық формаларына басшылық ете алатын басшыларын, дайындап шығаратын ең жақсы мектеп, өйткені, үшіншіден, жұмысшы табының басшыларының ең жақсы мектебі болғандықтан, партия — өзінің тәжрибесі мен беделі жағынан, пролетариаттың күресіне басшылықты бір орталыққа жыйнай алатын, сөйтіп жұмысшы табының барлық партиялық емес ұйымдарының қандайын болса да партияның қызметін атқарушы органдарға, партияны таппен біріктіретін жалғастырушы құралға айналдыра алатын бірден-бір ұйым» (қараңыз: «Ленинизм негіздері туралы»[20]).

Партия — пролетариат диктатурасының системасындағы негізгі жетекші күш.

«Партия — пролетариаттың таптық бірлестігінің ең жоғарғы формасы» **(Ленин).**

Сонымен: **кәсіпшілер одағы** — пролетариаттың бұ-

қаралық ұйымы, бұл ұйым партияны таппен, ең әуелі өндіріс жағынан, байланыстырып отырады; **Советтер** — еңбекшілердің бұқаралық ұйымы, бұл ұйым партияны еңбекшілермен, ең әуелі мемлекет жағынан, байланыстырып отырады; **кооперация** — көбінесе шаруалардың бұқаралық ұйымы, бұл ұйым партияны шаруалар бұқарасымен, ең әуелі шаруашылық жағынан, шаруаларды социалистік құрылысқа қатнастыру жағынан, байланыстырып отырады; **жастар одағы** — жұмысшы және шаруа жастарының бұқаралық ұйымы, бұл ұйымға пролетариат авангардының жас буынға социалистік тәрбие беруіне және жас резервтер жетістіруіне жеңілдік келтіру міндеті жүктелген; ең ақыры, **партия** — пролетариат диктатурасының системасындағы негізгі бағыт беруші күш, сол бұқаралық ұйымдардың бәріне басшылық ететін күш, — диктатура «механизмінің» сыйпаты, «пролетариат диктатурасы системасының» сыйпаты, жалпы алғанда, міне осындай.

Негізгі жетекші күш болып табылатын партиясыз, азды-көпті ұзақ өмірлі, берік пролетариат диктатурасы болуы мүмкін емес.

Сөйтіп, Ленин сөзімен айтқанда: «жалпы және түгелімен алғанда ресми жағынан коммунистік емес, икемді, біршама кең өрісті, өте қуатты, пролетарлық аппарат болып шығады; бұл аппарат арқылы партия **таппен** және **бұқарамен** тығыз байланыс жасап отырады, бұл аппарат арқылы, партияның басшылығымен, **тап диктатурасы** жүзеге асырылады» (қараңыз: XXV том, 192-бет).

Бұдан, әрине, партия кәсіпшілер одағының, Советтердің, тағы басқа бұқаралық ұйымдардың орны-

на жүрē алады немесе орнына жүруге тиіс деген маға на шықпайды. Партия пролетариат диктаурасын жүзеге асырады. Бірақ ол оны тікелей өзі емес, кәсіпшілер одағының жәрдемімен, Советтер арқылы және солардың тараулары арқылы жүзеге асырады. Бұл «жалғастырғыштар» болмаса, азды-көпті берік диктатура мүмкін болмас еді.

«Авангардпен алдыңғы қатардағы таптың бұқарасы арасында, — дейді Ленин, — алдыңғы қатардағы таппен еңбекшілер бұқарасы арасында бірнеше «жалғастырғыштар» болмаса, диктатураны жүзеге асыру мүмкін емес» (қараңыз: XXVI том, 65-бет).

«Партия, былайша айтқанда, пролетариат авангардын өз ішіне жыйнап алады, бұл авангард пролетариат диктатурасын жүзеге асырады. Сондықтан кәсіпшілер одағы сықылды іргетас болмай тұрып, диктатураны жүзеге асыруға, мемлекеттік міндеттерді орындауға болмайды. Бұларды қандай да болсын әйтеуір бір жаңа түрдегі бірсыпыра айрықша мекемелер **арқылы***, атап айтқанда: совет аппараты **арқылы*** жүзеге асыруға тура келеді» (қараңыз: XXVI том, 64-бет).

Мысалы, бізде, Совет Одағында, пролетариат диктатурасының елінде, партияның басшылық ролінің ең айқын белгісі мынау деп тану керек: бізде совет ұйымдары және басқа бұқаралық ұйымдар зор маңызы бар саяси мәселелердің, яки ұйымдастыру мәселелерінің бірде-бірін партияның басшылық нұсқауларынсыз шеше алмайды. **Бұл мағнада** пролетариат диктатурасын, **асылында,** пролетариаттың негізгі бастаушы күші ретінде оның авангардының «диктатурасы», оның партиясының «диктатурасы» деуге болар

* Курсив менікі. **И. Ст.**

еді. Ленин бұл жөнде Коминтерннің II конгресінде[21] былай деген:

«Теннер пролетариат диктатурасының жағындамын дейді, бірақ пролетариат диктатурасын оның ұғынуы дәл біздің ұғынуымыздай емес. Оның айтуынша, пролетариат диктатурасы деп біз, **асылында***, оның ұйымдасқан, саналы азшылығының диктатурасын ұғынамыз.

Шынында да, капитализм заманында, жұмысшы бұқарасы үздіксіз қанауға түсіп, өзінің адамшылық қабілетін өркендете алмайтын кезде, жұмысшылардың саяси партияларының өте-мөте ерекше сыйпаты — олар өз табының азшылығын ғана ішіне тарта алады. Қандай да болсын капиталистік қоғамда нағыз саналы жұмысшылар барлық жұмысшылардың азшылығы ғана болатыны сықылды, саяси партия да таптың тек азшылығын ғана біріктіре алады. Сондықтан біз: осы саналы азшылық қана қалың жұмысшы бұқарасына басшылық істеп, оларды соңынан ерте алады, деп лажсыз мойындаймыз. Егер Теннер жолдас партияның дұшпанымын десе, бірақ сонымен бірге бәрінен де жақсы ұйымдасқан, неғұрлым революцияшыл жұмысшылардың азшылығы бүкіл пролетариатқа жол көрсетуін жақтаймын десе, онда мен: онымен біздің арамызда шынында айырмашылық жоқ деймін» (қараңыз: XXV том, 347-бет).

Алайда, бұдан пролетариат диктатурасы мен партияның басшылық ролінің (партия «диктатурасының») арасында **теңдік белгісін** қоюға болады деген, біріншісі екіншісімен **бірдей** деп қарауға болады деген, біріншісін екіншісімен **ауыстыруға** болады деген мағна шыға ма? Мысалы, Сорин **«пролетариат диктатурасы — біздің партияның диктатурасы»** дейді. Көріп отырсыздар, бұл қағыйда «партия диктатурасы» мен пролетариат диктатурасын бірдей деп қарайды.

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

Ленинизм негізінде бола отырып, бұл бірдейлестіруді дұрыс деп тануға бола ма? Жоқ, болмайды. Болмайтын себебі мынау:

Біріншіден. Лениннің Коминтерннің II конгресіндегі сөзінен алынған жоғарыдағы цитатада Ленин партияның басшылық ролі мен пролетариат диктатурасы тіпті де бірдей демеген. Ол тек «саналы азшылық қана (яғни партия. **И. Ст.**) қалың жұмысшы бұқарасына басшылық істеп, оларды соңынан ерте алатындығын» айтқан, **дәл осы мағнада** «пролетариат диктатурасы деп біз, **асылында***, оның ұйымдасқан, саналы азшылығының диктатурасын ұғынатынымызды» айтқан.

«Асылында» деу «бүтіндей» дегендік болып шыға қоймайды. Біз: ұлт мәселесі, асылында, шаруа мәселесі, деп жиі айтамыз. Мұнымыз әбден дұрыс та. Бірақ бұдан ұлт мәселесі шаруа мәселесінің ішіне сыйып кетеді, шаруа мәселесі өзінің көлемі жағынан ұлт мәселесіне тең, шаруа мәселесі ұлт мәселесімен бірдей деген мағна шықпайды. Көлемі жағынан алғанда ұлт мәселесі шаруа мәселесінен кеңірек және байырақ екендігін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Осы сықылды, партияның басшылық ролі туралы және пролетариат диктатурасы туралы да дәл осыны айтуға болады. Партия пролетариат диктатурасын жүзеге асырып отырса және осы мағнада пролетариат диктатурасы, **асылында**, оның партиясының «диктатурасы» болса, бұл әлі «партия диктатурасының» (басшылық ролі) пролетариат диктатурасымен **бірдей**

* Курсив менікі. **И. Ст.**

болғандығы, біріншісі көлем жағынан екіншісімен **тең** болғандығы емес. Көлемі жағынан пролетариат диктатурасы партияның басшылық ролінен кеңірек және байырақ екендігін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Партия пролетариат диктатурасын жүзеге асырады, бірақ ол ешбір басқа диктатураны емес, **пролетариат** диктатурасын жүзеге асырады. Партияның басшылық ролін пролетариат диктатурасымен бірдей деп санайтын адам пролетариат диктатурасын партия «диктатурасымен» ауыстырады.

Екіншіден. Пролетариаттың бұқаралық ұйымдарының бірде-бір маңызды қарары партияның басшылық нұсқауынсыз шықпайды. Бұл әбден дұрыс. Бірақ бұдан пролетариат диктатурасы партияның басшылық нұсқауымен ғана **тынады** деген мағна шыға ма? Бұдан партияның басшылық нұсқауын, осы себептен, пролетариат диктатурасымен бірдей деп санауға болады деген мағна шыға ма? Әрине, шықпайды. Пролетариат диктатурасы партияның басшылық нұсқауларынан, оған қоса бұл нұсқауларды пролетариаттың бұқаралық ұйымдарының іске асыруынан, оған қоса бұларды халықтың жүзеге асыруынан құралады. Көріп отырсыздар, бұл жерде біз пролетариат диктатурасының маңызды кезеңі болатын бірсыпыра өткелдермен, аралық басқыштармен істес болып отырмыз. Олай болса, партияның басшылық нұсқаулары мен олардың жүзеге асырылуының арасында басқарылатындардың еркі мен қыймылдары, таптың еркі мен қыймылдары, мұндай нұсқауларды қолдауға оның дайындығы (немесе тілемейтіндігі), бұл нұсқауларды оның іске асыра білетіндігі (немесе білмейтіндігі), оның бұл нұсқауларды жағдайдың тілегеніндей етіп

іске асыра білетіндігі (немесе білмейтіндігі) жатыр. Басшылық етуді өзінің мойнына алған партия өзінің басқаруындағылардың еркімен, жайымен, саналылық дәрежесімен есептеспей тұра алмайтынын, өз табының еркін, жайын, саналылық дәрежесін есептен шығарып тастай алмайтынын дәлелдеп жатудың қажеті болар ма екен. Сондықтан партияның басшылық ролін пролетариат диктатурасымен бірдей деп санайтын адам таптың еркі мен қыймылдарын партияның нұсқауларымен ауыстырады.

Үшіншіден. «Пролетариат диктатурасы — жеңген және саяси өкіметті өз қолына алған пролетариаттың тап күресі» дейді Ленин (қараңыз: XXIV том, 311-бет). Бұл **тап** күресі қандай түрде көріне алады? Бұл күрес құлатылған буржуазияның бас көтерулеріне қарсы немесе шетелдік буржуазияның интервенциясына қарсы пролетариаттың әлденеше қарулы аттаныстары түрінде көріне алады. Пролетариат өкіметі әлі нығайып жетпеген болса, бұл күрес азамат соғысы түрінде көріне алады. Өкімет нығайып болғаннан кейін, бұл күрес пролетариаттың қалың бұқараны іске тарта отырып, кең түрде жүргізген ұйымдастырушылық, құрылыс жұмыстары түрінде көріне алады. Бұл реттердің бәрінде де қыймыл көрсетуші **тап** — пролетариат. Мұндай аттаныстардың бәрін партияның, тек жалғыз партияның таза өз күшімен, таптың көмегінсіз, — жасауы — бұрын-сонды болмаған оқыйға. Әдетте партия бұл аттаныстарды тек басқарады, басқарғанда да, өзіне таптың көмегі болғандықтан басқарады. Өйткені партия тап бола алмайды, таптың орнына жүре алмайды. Өйткені, соншама маңызды басшылық

ролі бола тұрса да, партия таптың бір **бөлшегі** болып қала береді. Сондықтан партияның басшылық ролін пролетариат диктатурасымен бірдей деп санайтын адам тапты партиямен ауыстырады.

Төртіншіден. Партия пролетариат диктатурасын жүзеге асырады. «Партия — пролетариаттың тікелей билейтін авангарды, басшысы» **(Ленин)**[22]. Бұл мағнада партия өкіметті қолына **алады**, партия **елді басқарады.** Бірақ бұдан, партия пролетариат диктатурасын мемлекеттік өкіметтен тыс, мемлекеттік өкіметсіз жүзеге асырады, партия елді Советтер арқылы емес, Советтерден тыс басқарады деген мағна шықпайды. Бұдан әлі, партияны Советтермен, мемлекеттік өкіметпен бірдей деп санауға болады деген мағна шықпайды. Партия — өкіметтің ұйтқысы. Бірақ партия мемлекеттік өкімет емес, оны мемлекеттік өкіметпен бір санауға болмайды.

«Біз билеуші партия болғандықтан, партияның «жоғарғы жақтары» мен Советтердің «жоғарғы жақтарын» қоспай тұра алмадық, — бұлар бізде қосылулы және солай болады» дейді Ленин (қараңыз: XXVI том, 208-бет). Бұл әбден дұрыс. Бірақ Ленин мұны айтқанда, біздің совет мекемелеріміз бүтіндей, мысалы, біздің армия, біздің транспорт, біздің шаруашылық мекемелеріміз, тағы басқалары біздің партия мекемелері болып табылады, партия Советтер мен оның тарауларының орнына жүре алады, партияны мемлекеттік өкіметпен бірдей деп санауға болады деген сөздерді айтайын деген жоқ. Ленин «Советтер системасы — пролетариат диктатурасы», «Совет өкіметі — пролетариат диктатурасы» дегенді сан рет айтқан (қараңыз: XXIV том, 14 және 15-беттер), бі-

рақ партия — мемлекеттік өкімет, Советтер мен партия бір нәрсе деп ол ешуақытта айтқан емес. Бірнеше жүз мың мүшесі бар партия орталықтағы және жергілікті орындардағы, партиядағысы бар, партияда жоғы бар он миллиондаған адамдарды қамтыйтын Советтер мен олардың тарауларына басшылық етеді, бірақ олардың орнына жүрмейді де, жүруге тиіс те емес. Міне осы себептен Ленин былай дейді: «диктатураны Советтерге ұйымдасқан пролетариат жүзеге асырады, оған большевиктердің коммунистік партиясы басшылық етеді», партияның бүкіл жұмысы кәсібінің айырмашылығына қарамастан еңбекшілер бұқарасын біріктіріп отырған Советтер **арқылы*** жүзеге асырылады» (қараңыз: XXV том, 192 және 193-беттер), диктатураны «совет аппараты **арқылы***... жүзеге асыруға тура келеді» (қараңыз: XXVI том, 64-бет). Сондықтан партияның басшылық ролін пролетариат диктатурасымен бірдей деп санайтын адам Советтерді, яғни мемлекеттік өкіметті партиямен ауыстырады.

Бесіншіден. Пролетариат диктатурасы деген ұғым — мемлекеттік ұғым. Пролетариат диктатурасына зорлық ұғымы сөзсіз кіреді. Диктатураны осы сөздің дәл мағсында ұғынатын болсақ, зорлықсыз диктатура болмайды. Ленин пролетариат диктатурасын «тікелей **зорлыққа** сүйенген өкімет» деп түсіндіреді (қараңыз: XIX том, 315-бет). Сондықтан, партияның **пролетарлар табы жөніндегі** диктатурасы туралы сөз қылу, партия диктатурасын пролетариат диктатурасымен бірдей деп санау — партия өз табының тек басшысы ғана емес, көсемі, ұстазы ғана емес, мұнымен бірге

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

оған зорлық қолданатын өзінше бір диктатор дегендік болып шығады; бұл, әрине, мүлде теріс. Сондықтан «партия диктатурасын» пролетариат диктатурасымен бірдей деп санайтын адам — ішінен, партияның беделін жұмысшы табы жөніндегі зорлыққа сүйеніп құруға болады деп түсінеді; ал бұл өрескел және ленинизмге мүлде жанаспайтын нәрсе. Партияның беделін жұмысшы табының сенімі сақтайды. Ал жұмысшы табының сенімін зорлықпен алуға болмайды, — зорлық ол сенімді тек құртады, — ол сенімді партияның дұрыс теориясымен, партияның дұрыс саясатымен, партияның жұмысшы табына шын берілгендігімен, партияның жұмысшы табы бұқарасымен байланыс жасауымен, партияның өз ұрандарының дұрыстығына бұқараны сендіруге тырысуымен, бұқараның көзін жеткізе білетіндігімен ғана алуға болады.

Бұлардың бәрінен қандай қортынды шығады?

Бұдан шығатын қортынды мынау:

1) Ленин партия диктатурасы деген сөзді бұл сөздің дәл мағнасында («зорлыққа сүйенетін өкімет» мағнасында) қолданбайды, ол мұны екінші мағнада, партияның толық басшылығы мағнасында қолданады;

2) партия басшылығын пролетариат диктатурасымен бірдей деп санайтын адам бүтін жұмысшы табына зорлық жасау функциясын партияға теріс таңады, сөйтіп, Лениннің сөзін бұрмалайды;

3) бүтін жұмысшы табына зорлық жасау функциясын, партияның басында болмайтын функцияны, партияға әкеліп таңушы адам, авангард пен тап арасындағы, партия мен пролетариат арасындағы дұрыс арақатнастардың қоятын элементарлық шарттарын бұзады.

Сөйтіп, біз партия мен тап арасындағы, жұмысшы табының ішіндегі партиядағылар мен партияда жоқтардың арасындағы арақатнастар туралы мәселеге таяу келіп отырмыз.

Ленин бұл арақатнастарды «жұмысшы табының авангарды мен жұмысшы бұқарасының арасындағы **өзара сенім**»* деп түсіндіреді (қараңыз: XXVI том, 235-бет).

Мұның мәнісі не?

Мұның мәнісі, біріншіден, — партия бұқараның даусына құлақ қойып отыруға тиіс, партия бұқараның революциялық сезімдеріне зер салып көңіл бөлуге тиіс, партия бұқараның күресінің практикасын зерттеуге, бұған сүйеніп, өз саясатының дұрыстығын тексере отыруға тиіс, олай болса, партия бұқараны үйретіп қана қоймай, бұқарадан үйренуге де тиіс.

Мұның мәнісі, екіншіден, — партия күн сайын пролетариат бұқарасының сенімін өзіне аудара беруге тиіс, партия өзінің саясаты, өзінің жұмысы арқылы бұқараның көмегін ала беруге тиіс, партия жалаң бұйрықпен іс етпей, алдымен бұқараны сендіре беруге, партия саясатының дұрыстығын бұқараның өз тәжрибесі арқылы түсінуін жеңілдете беруге тиіс, олай болса, партия өз табының басшысы, көсемі, ұстазы болуға тиіс.

Бұл шарттарды бұзу — авангард пен тап арасындағы дұрыс арақатнастарды бұзу, «өзара сенімді» әлсірету, таптық тәртіпті де, партиялық тәртіпті де бұзу болып табылады.

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

«Біздің партияда аса қатаң, нағыз темірдей берік тәртіп болмаса, **жұмысшы табының бүкіл қалың бұқарасы**, яғни оның ішіндегі ойлы, адал ниетті, жанын аямайтын, ықпалды, артта қалған топтарды бастай алатын я соңынан ерте алатын адамдардың бәрі **партияға мейлінше толық және жанқиярлық жәрдем көрсетпесе***, большевиктер өкіметті $2^1/_2$ жыл түгіл $2^1/_2$ ай да ұстап тұра алмас еді; қәзір мұны кім болса да көріп отырған болуы керек» дейді Ленин (қараңыз: XXV том, 173-бет).

«Пролетариат диктатурасы дегеніміз, — дейді одан кейін Ленин, — ескі қоғамның күштеріне, дәстүрлеріне қарсы жүргізілетін қажырлы күрес, қанды және қансыз күрес, зорлықты және бейбіт күрес, соғыс майданындағы және шаруашылық майданындағы күрес, педагогикалық және әкімшілік күрес. Миллиондардың, ондаған миллиондардың әдет-ғұрып күші — ең қорқынышты күш. Темірдей берік және күресте шыныққан партия болмаса, **таптың ішіндегі небар адал адамдары түгел сенетін*** партия болмаса, бұқараның ниетін байқап, оған ықпалын жүргізе білетін партия болмаса, мұндай күресті ойдағыдай жүргізуге болмайды» (қараңыз: XXV том, 190-бет).

Ал таптың мұндай сенімі мен көмегін партия қалай ала алады? Пролетариат диктатурасы үшін қажетті темірдей берік тәртіп қалай құрылады, қандай негізден туады?

Бұл туралы Ленин міне былай дейді:

«Пролетариаттың революцияшыл партиясының тәртібін сақтайтын не? оны сыннан өткізетін не? нығайтатын не? Біріншіден, пролетар авангардының саналылығы, оның революцияға берілгендігі, оның ұстамдылығы, өзін өзі құрбан қылуға шыдамдылығы, ерлігі. Екіншіден оның — **еңбекшілердің нағыз қалың бұқарасымен***, ең әуелі пролетариат бұқарасымен, **сонымен қатар пролетарлық емес еңбекшілер** бұқарасымен де байланы-

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

са, жақындаса білуі, керек болса, белгілібір дәрежеде қосылып кете білетіндігі. Үшіншіден, бұл авангардтың жүргізетін саяси басшылығының дұрыстығы, оның саяси стратегиясы мен тактикасының дұрыстығы, бұл дұрыстыққа нағыз қалың бұқараның өз тәжрибесі арқылы көзі жеткен болуы. Буржуазияны құлатып, бүкіл қоғамды қайта құруды мақсат ететін алдыңғы қатарлы таптың партиясы болу шын қолынан келетін революцияшыл партияның ішінде бұл шарттарсыз тәртіп орнату мүмкін емес. Бұл шарттарсыз тәртіп жасау жөніндегі талаптар сөзсіз бос нәрсеге, құрғақ сөзге, қыңырлыққа айналады. Ал, екінші жағынан, бұл шарттар бірден туа коймайды. Бұл шарттар ұзақ еңбек, ауыр тәжрибе арқылы ғана жасалады; бұлардың жасалуын революциялық дұрыс теория ғана жеңілдетеді, ал бұл теорияның өзі де догма емес, шын бұқаралық, шын революциялық қозғалыстың практикасымен тығыз байланыса келе ғана әбден құралып шығады» (қараңыз: XXV том, 174-бет).

Одан әрмен:

«Капитализмді жеңіп шығу үшін, басшылық жасап отырған коммунистік партияның, революцияшыл тап болып табылатын пролетариаттың, — және бұқараның, яғни барлық еңбекшілер мен қанаушылардың арасындағы қарым-қатнастың дұрыс болуы керек. Тек коммунистік партия ғана, — егер бұл партия революцияшыл таптың шын авангарды болса, егер бұл партия осы революцияшыл таптың барлық таңдаулы өкілдерін өзінің ішіне алып отырса, егер бұл партия революцияшыл табанды күрестің тәжрибесінде үйреніп, шыныққан, мейлінше саналы және шын берілген коммунистерден құралса, егер бұл партия өз табының барлық өмір-тұрмысымен тығыз байланыс жасай білсе, ал осы өз табы арқылы бүкіл қаналушы бұқарамен байланыс жасап, осы тапты және осы **бұқараны өзіне толық сендіре*** алса, — тек осындай партия ғана капитализмнің барлық күшіне қарсы жүргізілетін нағыз күшті, батыл, ақырғы күресте пролетариатқа басшылық ете алады. Екінші жағынан, пролетариат, тек осындай партияның басшылығының арқасында ғана, — кездеспей қалмай-

* Курсив менікі. **И. Ст.**

тын ынтасыздықты және капитализм аздырған азғана жұмысшы аристократиясының, бұрынғы трэд-юниондық және кооперативтік көсемдердің, т. с. баскалардың шінара қарсылықтарын жоққа шығара отырып, — өзінің революциялық тегеуірінінің барлық күшін өрістете алады; капиталистік қоғамның экономикалық құрылысының салдарынан халықтың ішіндегі өзінің үлесіне қарағанда өлшеусіз көп болып отырған өзінің барлық күшін өрістете алады» (қараңыз: XXV том, 315-бет).

Бұл цитаталардан шығатын қортындылар:

1) пролетариат диктатурасы үшін қажет болған, партияның беделі және жұмысшы табының ішіндегі темірдей берік тәртіп қорқытуға немесе партияның «шек қойылмаған» праволарына негізделіп құрылмайды, жұмысшы табының партияға көрсететін сеніміне, жұмысшы табының партияға көрсететін көмегіне негізделіп құрылады;

2) жұмысшы табының партияға сенімі бірден және жұмысшы табына зорлық жасау арқылы табылмайды, партияның бұқара ішінде ұзақ уақыт жұмыс жүргізуі арқылы, партияның дұрыс саясаты арқылы, партияның өз саясатының дұрыстығына бұқараны сол бұқараның өз тәжрибесі бойынша сендіре білуі арқылы, партияның өзіне жұмысшы табының көмектесуін қамтамасыз ете білуі, жұмысшы табының бұқарасын өзінің соңына ерте білуі арқылы табылады;

3) партияның бұқараның күрес тәжрибесімен нығайтылған дұрыс саясаты болмаған күнде және жұмысшы табының сенімі болмаған күнде, партияның нағыз басшылығы болмайды, бола да алмайды;

4) егер партия таптың сенімімен пайдаланып отырса және оның басшылығы шын басшылық болса, онда партияны және оның басшылығын пролетариат дикта-

турасына қарсы қоюға болмайды, өйткені жұмысшы табының сенімімен пайдаланатын партияның басшылығынсыз (партия «диктатурасынсыз») пролетариаттың азды-көпті берік диктатурасы болуы мүмкін емес.

Бұл шарттарсыз партияның беделі және жұмысшы табының ішіндегі темірдей берік тәртіп я құрғақ сөз, я мен-мендік, авантюра болып шығады.

Пролетариат диктатурасын партияның басшылығына («диктатурасына») қарсы қоюға болмайды. Қарсы қоюға болмайтын себебі — шала және босаң диктатура болған Париж Коммунасы сықылды диктатураны алмай, азды-көпті берік және толық диктатураны алатын болсақ, онда партия басшылығы пролетариат диктатурасының ең маңызды жері болып табылады. Қарсы қоюға болмайтын себебі — пролетариат диктатурасы мен партия басшылығы, былайша айтқанда, жұмыстың бір желісінде, бір бағытпен іс істейді.

««Партия диктатурасы ма әлде тап диктатурасы ма? көсемдер диктатурасы (партиясы) ма әлде бұқара диктатурасы (партиясы) ма?» деген сұрақты қоюдың өзі-ақ — дейді Ленин,— ойдың тұйыққа тіреліп, адам айтқысыз шатасқандығын көрсетеді... Жұртқа мәлім, бұқара тап-тапқа бөлінеді... әдетте және көбінесе, ең болмағанда кәзіргі цивилизациялы елдерде, таптарды саяси партиялар бастайды; саяси партияларды әдетте беделдірек, ықпалдырақ, тәжрибелірек, нағыз жауапты қызметтерге сайлап қойылатын көсем деп аталатын адамдардың азды-көпті тұрақты топтары басқарады... Жалпы алғанда бұқара диктатурасын көсемдер диктатурасына қарсы қоюға дейін бару — адам күлерлік өрескелдік және ақымақтық» (қараңыз: XXV том, 187 және 188-беттер).

Бұл әбден дұрыс. Бірақ бұл дұрыс қағыйда — авангард пен жұмысшы бұқараның арасында, партия мен таптың арасында дұрыс арақатнастар бар деген

алғышарттан туады. Бұл дұрыс қағыйда — авангард пен тап арасындағы арақатнастар, былайша айтқанда, дұрыс қалыпта қалады, «өзара сенім» шегінде қалады деген жорамалдан туады.

Ал егер авангард пен тап арасындағы дұрыс арақатнастар, партия мен тап арасындағы «өзара сенім» қатнастары бұзылса не істейміз?

Егер партияның өзі таппен екі арадағы дұрыс арақатнастардың негіздерін бұзып, «өзара сенім» негіздерін бұзып, өзін қалай болса да тапқа қарсы қоя бастаса, не істейміз?

Тегінде мұндай оқыйғалардың болуы мүмкін бе?

Я, мүмкін.

Ондай оқыйғалардың мынадай реттерде болуы мүмкін:

1) **егер** партия өзінің бұқара ішіндегі беделін, өзінің жұмысына сүйенбей, бұқараның сеніміне сүйенбей, өзінің «шек қойылмаған» праволарына сүйеніп құра бастаса;

2) **егер** партия саясаты көріне теріс болса, ал партия өзінің қатесін қайта қарағысы, түзеткісі келмесе;

3) **егер** партия саясаты жалпы алғанда дұрыс болса, бірақ бұқараның оны ұғуға дайындығы болмаса, ал партия өз саясатының дұрыстығын бұқараның өз тəжрибесі арқылы түсінуіне мүмкіндік беріп күте тұруды тілемесе, я күте білмесе жəне бұл саясатты бұқараға тануға əрекет жасаса.

Біздің партияның тарихы мұндай толып жатқан оқыйғалардың болғандығын көрсетеді. Біздің партия ішіндегі түрлі жіктер мен фракциялардың құлап, бытыраған себебі олардың осы үш шарттың бірін, ал кейде үшеуін бірдей бұзғандығынан болды.

Ал бұдан шығатын қортынды: пролетариат диктатурасын партия «диктатурасына» (басшылығына) қарсы қою тек мынадай реттерде ғана дұрыс болмайды:

1) **егер** партияның жұмысшы табына жүргізетін диктатурасы деп бұл сөздің нақты мағнасындағы диктатура («зорлыққа сүйенген өкімет») ұғылмай, бүтіндей тапқа, оның көпшілігіне зорлық жасауды керек қылмайтын партия басшылығы ұғылатын болса, дәл Лениннің түсінуіндей ұғылатын болса;

2) **егер** партияда таптың шын басшысы боларлық белгілері болса, яғни егер партияның саясаты дұрыс болса, егер бұл саясат таптың мүдделеріне үйлес келсе;

3) **егер** тап, таптың көпшілігі бұл саясатты қабыл алып отырса, оны ұғып отырса, партияның жүргізген жұмысы арқасында бұл саясаттың дұрыстығына көзі жетіп отырса, партияға сенсе және оған көмектесіп отырса.

Бұл шарттардың бұзылуы, сөз жоқ, партия мен тап арасында дау-жанжал туғызады, бұлардың араларында жік туғызады, бұларды біріне бірін қарсы қоюшылықты туғызады.

Партия басшылығын тапқа күшпен таңуға бола ма? Жоқ, болмайды. **Мұндай** басшылық қайткенде де онша ұзаққа бара алмайды. Егер партия пролетариат партиясы болып қалғысы келсе, ол партия өзінің ең әуелі және көбінесе жұмысшы табының **басшысы, көсемі, ұстазы** екендігін білуге тиіс. Біз Лениннің «Мемлекет және революция» деген кітапшасындағы бұл жөнінде айтқан мына сөздерін ұмыта алмаймыз:

«Марксизм жұмысшы партиясын тәрбиелей отырып, өкіметті қолына ала алатын және **бүкіл халықты** социализмге бастай алатын, жаңа құрылысқа бағыт беріп, оны ұйымдастыра ала-

тын, буржуазиясыз және буржуазияға қарсы өзінің қоғамдық тұрмысын құру ісінде барлық еңбекшілер мен қаналушылардың **ұстазы, басшысы, кәсемі*** бола алатын пролетариат авангардын тәрбиелейді» (қараңыз: XXI том, 386-бет).

Егер партияның саясаты дұрыс болмаса, егер оның саясаты таптың мүдделеріне қайшы келетін болса, партияны таптың шын басшысы деп есептеуге бола ма? Әрине, болмайды. Егер партия басшы болып қалғысы келсе, мұндай реттерде партия өзінің саясатын қайта қарауға тиіс, өзінің саясатын түзеуге тиіс, өзінің қатесін мойындап, оны түзетуге тиіс. Бұл қағыйданы растау үшін, біздің партияның тарихынан, азық-түлік салғыртын жою дәуірі сияқты фактыны мысалға келтірсе де болар еді; бұл дәуірде жұмысшылар мен шаруалар бұқарасы біздің саясатымызға көріне наразы болды, сол себепті партия ашықтан-ашық және шын ниетімен бұл саясатты қайта қарады. Азық-түлік салғыртын жойып, жаңа экономикалық саясатты енгізу мәселесі жөнінде X съезде Ленин былай деді:

«Біз ешнәрсені бүркеуге тырыспауымыз керек, турасынан ашып айтуымыз керек: шаруалар біздің олармен арамызда құрылған қатнас түріне наразы, шаруалар қатнастың бұл түрін қаламайды, бұдан әрі бұл қалыпта қалуға болмайды. Бұл даусыз. Шаруалардың бұл тілегі айқын көрінді. Бұл — еңбекші халықтың қалың бұқарасының тілегі. Біз мұнымен санасуымыз керек, сондықтан да біз: **шаруа жөніндегі саясатымызды қайта қаралық*** деп тура айта алатын есіміз бүтін саясатшылармыз» (қараңыз: XXVI том, 238-бет).

Егер, айталық, тап өзінің саяси артта қалғандығы себепті партияның саясатына сенім, көмек көрсетпе-

* Курсив менікі. **И. Ст.**

се, егер, айталық, оқиғалар әлі пісіп жетпегендіктен партия өз саясатының дұрыстығына әлі таптың көзін жеткізе алмаған болса, онда партия саясатының тек жалпы алғанда дұрыстығына сүйеніп, бұқараның шешуші аттаныстарын ұйымдастырудағы инициатива мен басшылықты өз міндетіне алуға тиіс деп есептеуге бола ма? Жоқ, болмайды. Шын басшы болғысы келсе, мұндай реттерде партия күте білуге тиіс, өз саясатының дұрыстығына бұқараны сендіре білуге тиіс, бұл саясаттың дұрыстығына, бұқараның өз тәжрибесі арқылы көзін жеткізуіне көмек көрсетуге тиіс.

«Егер революцияшыл партия жағында революцияшыл таптардың алдыңғы қатарлы отрядтарының көпшілігі және елдің де көпшілігі болмаса, көтеріліс туралы сөз қылуға да болмайды» дейді Ленин (қараңыз: XXI том, 282-бет).

«Жұмысшы табының көпшілігінің көзқарасы өзгермей, революцияның болуы мүмкін емес, ал бұл өзгеріс бұқараның саяси тәжрибесімен жасалады» (қараңыз: XXV том, 221-бет).

«Пролетариат авангарды идея жағынан қаратылып алынды. Бұл ең басты жұмыс. Мұнсыз жеңіске қарай аттап басуға да болмайды. Бірақ бұдан жеңіске дейін әлі едәуір алыс жатыр. Жалғыз авангардпен ғана жеңуге болмайды. Бүкіл тап, қалың бұқара, не авангартты түп-тура қолдау позициясына немесе, ең болмағанда, авангардқа ниеттес, битараптық және оның дұшпанына ешбір көмек жасай алмайтын позициясына түспей тұрған кезде, тек жалғыз авангардты ғана шешуші ұрысқа түсіру ақымақтық болатыны былай тұрсын, тіпті қылмыс болар еді. Ал, шын мәнісінде бүкіл таптың, шын мәнісінде еңбекшілердің және капиталдан езгі көргендердің қалың бұқарасының мұндай позицияға жетуі үшін, жалғыз ғана насихат, жалғыз ғана үгіт жүргізу аз болады. Бұл үшін бұл бұқараның өзінің саяси тәжрибесі болу керек» (қараңыз: бұл да сонда, 228-бет).

Біздің партия Лениннің Апрель тезистерінен бастап 1917 жылдың Октябрь көтерілісіне дейінгі дәуірде

дәл осылай іс істегендігі мәлім. Партия Лениннің осы нұсқауы бойынша іс істегендігінің арқасында ғана көтерілісте ұтып шықты.

Авангард пен тап арасында дұрыс арақатнас жасаудың негізгі шарттары міне осындай.

Егер партия саясаты дұрыс болса, ал авангард пен тап арасындағы дұрыс арақатнастар бұзылмаса, сонда басшылық ету дегеніміз не болып шығады?

Мұндай жағдайларда басшылық ету — партия саясатының дұрыстығына бұқараның көзін жеткізе білу, бұқараға партия позицияларын түсіндіріп, олардың өз тәжрибесі арқылы партия саясатының дұрыстығын айыра білулеріне жеңілдік келтірерліктей ұрандарды ұсыну және ол ұрандарды жүзеге асыру, бұқараны партия санасының дәрежесіне жеткізе көтеру, сөйтіп бұқараның көмегін, олардың батыл күреске әзірлігін қамтамасыз ету деген сөз.

Сондықтан көзін жеткізе сендіру әдісі партияның жұмысшы табына басшылық етуінің негізгі әдісі болып табылады.

«Егер біз, — дейді Ленин, — кәзір Россияда, Россия мен Антантаның буржуазиясын $2^1/_2$ жыл бойына бұрын болып көрмеген дәрежеде мықтап жеңгеннен кейін, кәсіпшілер одағына кіру үшін «диктатураны тануды» шарт етіп қойсақ, біз ақымақтық жасаған болар едік, өзіміздің бұқараға ықпалымызды бүлдіріп, меньшевиктерге жәрдемдескен болар едік. Өйткені коммунистердің бүкіл міндеті — ойдан шығарылған балалық-«солақай» ұрандармен бұқарадан іргені аулақ салу емес, артта қалғандарды үгіттеп сендіре білу, олардың арасында жұмыс істей білу» (қараңыз: XXV том, 197-бет).

Бұдан, әрине, партия жұмысшылардың бірде-бірін қалдырмастан сендіріп алу керек, тек содан кейін ға-

на іске кірісуге болады, тек содан кейін ғана істі бастауға болады деген мағна шықпайды. Тіпті олай емес! Бұдан: партия, істің тағдірін шешетін саяси қыймылдарға кіріспей тұрып, ұзақ уақыт революциялық жұмыс жүргізу арқылы, өзіне жұмысшы бұқарасының көпшілігінің көмегін, ең болмағанда, тап көпшілігінің тілектес бейтараптығын қамтамасыз етуге тиіс деген мағна шығады. Бұлай болмаған күнде Лениннің: жұмысшы табының көпшілігін партия жағына аударып алу жеңімпаз революцияның қажетті шарты, деген қағыйдасында ешбір мағна қалмаған болар еді.

Ал егер азшылық көпшіліктің еркіне бағынғысы келмесе, ықтиярымен бағынуға көнбесе, онда не істеу керек? Өзіне көпшілік сеніп отырған партия азшылықты көпшіліктің еркіне бағынуға күштей ала ма, күштеуге тиіс пе? Я, күштей алады, күштеуге тиіс те. Басшылық, партияның бұқараға ықпал етуінің негізгі әдісі болғандықтан, бұқараны ұғындырып сендіру әдісі арқылы қамтамасыз етіледі. Бірақ, егер күштеу жұмысшы табы көпшілігінің партияға көрсететін сенімі мен көмегіне сүйенсе, егер көпшілікті сендіріп алғаннан кейін барып, бұл күштеу азшылыққа қолданылатын болса, ондай басшылық күштеуді керексіз етпейді, қайта керек етеді.

Бұл жөнде кәсіпшілер одағы туралы айтыстың дәуірінде партиямыздың ішінде болған таластарды еске түсірсе болар еді. Ол кезде оппозицияның қатесі, Цектранның[23] қатесі неде еді? Қате оппозицияның күштеуге жол беруге болады деп есептегенінде емес пе еді? Жоқ, онда емес еді. Ол кезде оппозицияның қатесі, өзінің позициясының дұрыстығына көпшіліктің

көзін жеткізу қолынан келмей отырып, көпшіліктің сенімінен айрылып отырып, мұнысына қарамастан, күштеу жүргізе бастағандығында, көпшіліктің сенімін алған адамдарды «сілкілеуді» талап ете бастағандығында еді.

Сонда Ленин партияның X съезінде кәсіпшілер одағы турасында сөйлеген сөзінде былай деген:

«Жұмысшы табының авангарды мен жұмысшы бұқарасының арасында өзара қатнас, өзара сенім орнату үшін, қатені, егер Цектран қателік істеген болса... түзету керек еді. Ал ол қатені қорғай бастаса, бұл саяси қауіп туғызады. Осында Кутузов көрсетіп отырған ниеттен, демократия мағнасында, мүмкіндігі болғандардың бәрін істемесек, біз саяси апатқа ұшырар едік. **Біз алдымен сендіруіміз керек, содан кейін күштеуіміз керек. Біз қайткен күнде де әуелі сендіруіміз керек, содан кейін күштеуіміз керек***. Біз қалың бұқараны сендіре білмедік, сөйтіп, авангардтың бұқарамен дұрыс арақатнасын бұздық» (қараңыз: XXVI том, 235-бет).

«Кәсіпшілер одағы туралы»[24] деген кітапшасында да Ленин осыны айтады:

«Біз, әуелі сендіруді күштеуге негіз ете білген уақытта, күштеуді дұрыс және ойдағыдай қолдандық» (қараңыз: бұл да сонда, 74-бет).

Бұл әбден дұрыс та. Өйткені, бұл шарттар болмаса ешқандай басшылықтың болуы мүмкін емес. Өйткені, әңгіме партия туралы болса, партия ішіндегі іс бірлігін, әңгіме бүтін тап туралы болса, тап ішіндегі іс бірлігін тек осылай еткенде ғана қамтамасыз етуге болады. Мұнсыз жұмысшы табы арасында алалық, берекесіздік, ірушілік туады.

* Курсив менікі.

Жалпы алғанда партияның жұмысшы табына дұрыс басшылық етуінің негіздері осындай.

Басшылықты бұдан басқаша ұғынудың қандайы болса да — синдикализм, анархизм, бюрократизм, не десең сол, — тек большевизм емес, тек ленинизм емес.

Партия мен жұмысшы табының арасында, авангард пен жұмысшы бұқарасының арасында дұрыс арақатнас бар болса, пролетариат диктатурасын партия басшылығына («диктатурасына») қарсы қоюға болмайды. Ал бұдан шығатын қортынды: партияны жұмысшы табымен, партия басшылығын («диктатурасын») жұмысшы табының диктатурасымен бірдей деп санауға тіпті де болмайды. Партия «диктатурасын» пролетариат диктатурасына қарсы қоюга болмайды деген дәлелге сүйеніп, Сорин «**пролетариат диктатурасы — біздің партияның диктатурасы**» деген теріс қортындыға келіпті.

Ал Ленин мұндай қарсы қоюшылыққа жол жоқтығы туралы ғана айтып қоймайды. Сонымен бірге Ленин «бұқара диктатурасын көсемдер диктатурасына» қарсы қоюға жол жоқтығы туралы да айтады. Осыған сүйеніп, көсемдер диктатурасын пролетариат диктатурасымен бірдей деп санау керек емес пе? Бұл жолмен кетсек, біз «**пролетариат диктатурасы — біздің көсемдеріміздің диктатурасы**» деуге тиісті болар едік. Ал партия «диктатурасын» пролетариат диктатурасымен бірдей деп санау саясаты, дұрысын айтқанда, дәл сондай ақымақшылыққа бастайды...

Бұл жөнде Зиновьевтің жайы қандай?

Шынында, Зиновьев те, Сорин сықылды, партия «диктатурасын» пролетариат диктатурасымен бірдей деп санау көзқарасында; айырмасы тек сол — Сорин

өз пікірін ашығырақ, айқынырақ айтады да, Зиновьев «бұлталақтайды». Осылай екендігіне көз жеткізу үшін, Зиновьевтің «Ленинизм» деген кітабынан мынадай бір жерін ғана алсақ болады:

«Таптық мазмұны тұрғысынан қарағанда, — дейді Зиновьев, — ССР Одағындағы болып отырған құрылыс не нәрсе? Бұл — пролетариат диктатурасы. ССРО-дағы өкіметтің тікелей қозғаушы күші қандай? Жұмысшы табының өкіметін кім жүзеге асырып отыр? Коммунистік партия! Бұл мағнада алғанда, бізде* **партия диктатурасы.** ССРО-дағы өкіметтің заңдық түрі қандай? Октябрь революциясы туғызған мемлекеттік құрылыстың жаңа типі қандай? Бұл — совет системасы. Бірі екіншісіне түк қайшы келмейді».

Егер партияның бүкіл жұмысшы табына жүргізетін диктатурасы деп партия басшылығы ұғылатын болса, онда бірінің екіншісіне қайшы келмейтіні, әрине, дұрыс. Бірақ, **осыған сүйеніп,** пролетариат диктатурасы мен партия «диктатурасының» арасына, совет системасы мен партия «диктатурасының» арасына қалайша теңеу белгісін қоюға болады? Ленин Советтер системасын пролетариат диктатурасымен теңеді, мұнысы дұрыс та еді, өйткені Советтер, **біздің** Советтер, еңбекшілер бұқарасын партия басшылығы арқылы пролетариат маңына ұйыстыратын ұйым болып табылады. Бірақ партия «диктатурасы» мен пролетариат диктатурасы арасына, партия диктатурасы мен Советтер системасы арасына Ленин қашан, қай жерде, қай еңбегінде, осы күнгі Зиновьевтің істеп отырғанындай, теңеу белгісін қойып еді? Пролетариат диктатурасына партия басшылығы («диктатурасы») ғана емес, көсемдердің басшылығы («диктатурасы») да қайшы кел-

* Курсив менікі. **И. Ст.**

мейді. Осыған сүйеніп, біздің еліміз пролетариат диктатурасының елі, яғни партия диктатурасының елі, яғни көсемдер диктатурасының елі деп жар салуға болмас па? Ал, Зиновьевтің бұқпантайлап, кібіржіктеп жүргізіп отырған «принципі» — партия «диктатурасын» пролетариат диктатурасымен бірдей деп санау «принципі» дәл осы ақымақшылыққа бастайды ғой.

Лениннің толып жатқан еңбектерінде мен оның партия диктатурасы туралы мәселеге тек бес рет қана жеңіл-желпі тоқталып өткенін ұшыраттым.

Бірінші рет — эсерлермен және меньшевиктермен айтыс; онда Ленин былай дейді:

«Бізді, сендер бір партияның ғана диктатурасын жүргізесіңдер деп кіналап, өздеріңіз естігендегідей, біртұтас социалистік майданды ұсынғанда, біз былай дейміз: «я, бір партияның диктатурасы! Біз соны негізге аламыз және ол негізден таймаймыз, өйткені бұл партия — ондаған жылдар бойына еңбек етіп, бүкіл фабрик-завод және өнеркәсіп пролетариатының авангарды болу дәрежесіне жеткен партия»» (қараңыз: XXIV том, 423-бет).

Екінші рет — «Колчакты жеңгендік жөнінде жұмысшылар мен шаруаларға хат»; онда Ленин былай дейді:

«Шаруаларды (әсіресе меньшевиктер мен эсерлер, барлығы, олардың ішіндегі «солшылдар» да) қорқытып, «бір партияның диктатурасын» большевик-коммунистер партиясының диктатурасын құбыжық етіп көрсетеді.

Колчак жөніндегі сабақтың арқасында, шаруалар құбыжықтан қорықпайтын болып үйренді.

Не помещиктер мен капиталистердің диктатурасы (яғни темірдей қатты өкіметі), не жұмысшы табының диктатурасы» (қараңыз: XXIV том, 436-бет).

Үшінші рет — Коминтерннің II конгресінде Ленин-

нің Теннермен айтысқандағы сөзі. Бұл сөзден жоғарыда цитата келтірдім*.

Төртінші рет — «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітапшадағы бірнеше жол. Тиісті цитаталар жоғарыда келтірілді**.

Бесінші рет — Лениннің III жыйнағында жарыяланған пролетариат диктатурасы туралы схеманың жобасы, мұнда «Бір партияның диктатурасы» деген кішкене сөзбасы бар (қараңыз: Лениннің III жыйнағы, 497-бет).

Бұл бес реттің екеуінде, — соңғысы мен екіншісінде — «бір партияның диктатурасы» деген сөздерді Ленин тырнақшаға алып, бұл формула дәл мағнасында емес, екінші мағнада айтылғандығын атап көрсеткенін айта кетуіміз керек.

Айта кететін тағы бір нәрсе — бұл реттердің бәрінде Ленин, Каутскийдің және оның серіктерінің жалған пікірлеріне қарсы шығып, «партия диктатурасы» деп жұмысшы табына жүргізілетін диктатураны емес, «помещиктер мен капиталистерге» жүргізілетін диктатураны («темірдей қатты өкіметті») түсінді.

Айрықша мәні бар бір нәрсе — Лениннің пролетариат диктатурасы туралы және пролетариат диктатурасының системасындағы партияның ролі туралы түсіндірген немесе жай ғана ескерткен негізгі я екінші дәрежедегі еңбектерінің **бірде-бірінде**, «пролетариат диктатурасы — біздің партияның диктатурасы» деген ишара да жоқ. Қайта, бұл еңбектерінің әрбір беті, әрбір жолы бұл формулаға қарсы (қараңыз: «Мемле-

---

* Осы томның 41-бетін қараңыз. *Ред.*

** Бұл да осында, 49, 50, 52, 56, 57-беттер. *Ред.*

кет және революция», «Пролетарлық революция және ренегат Каутский», «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы», т. т.

Онан да зор мәні бар нәрсе — Коминтерннің II конгресінің саяси партияның ролі туралы тезистерінен,[25] Лениннің тікелей басшылығымен жасалған тезистерден, Ленин өзінің сөйлеген сөздерінде партияның ролі мен міндеттерін дұрыс тұжырымдаудың үлгісі есебінде сан рет келтірген тезистерден біз партия диктатурасы туралы бірауыз сөз, тіпті ешбір сөз кездестірмейміз.

Мұның бәрі нені көрсетеді?

Мынаны көрсетеді:

а) Ленин «партия диктатурасы» деген формуланы мүлтіксіз, дәл деп санаған емес, сондықтан бұл формула Ленин еңбектерінде өте сирек қолданылады және кейде тырнақшаның ішіне алынады;

б) өзіне қарсы адамдармен айтысқанда Ленинге партия диктатурасы туралы айтуға тура келген кейбір реттерде, ол әдетте «бір партияның диктатурасы» туралы айтатын, яғни өкімет басында біздің партия жалғыз өзі тұрғандығы, бұл партия өкіметті өзге партиялармен бөліспейтіндігі туралы айтатын, мұнымен қатар ол партияның жұмысшы табы жөніндегі диктатурасы деп партия басшылығын, оның басшылық ролін ұғыну керек екенін әрқашан түсіндіріп отырған;

в) Ленин пролетариат диктатурасының системасындағы партия ролін ғылым жолымен анықтауды қажет тапқан реттердің бәрінде, ол ылғый партияның жұмысшы табына басшылық ету ролі (ал мұндай реттер — мың-мыңдаған) туралы айтқан;

г) дәл осылай болғандығынан да Ленин партия-

ның ролі туралы негізгі қарарға «партия диктатурасы» деген формуланы кіргізуді «ескермеген»; менің айтып отырғаным Коминтерннің II конгресінің қарары;

д) партия «диктатурасын», олай болса «көсемдер диктатурасын» пролетариат диктатурасымен бірдей деп санайтын немесе бірдей деп санауға тырысатын жолдастардың пікірлері ленинизм тұрғысынан қарағанда дұрыс емес және саяси соқырлық болады, өйткені олар бұл пікір арқылы авангард пен тап арасында дұрыс арақатнас жасаудың шарттарын бұзады.

Жоғарыда көрсетілген ескертулерсіз алынған «партия диктатурасы» деген формула біздің практикалық жұмысымызда толып жатқан қауіптер және саяси кемшіліктер туғызатынын мен айтып та отырғаным жоқ. Ескертулерсіз алынған бұл формула мыналарды айтатын сияқты:

а) **партияда жоқ бұқараға:** қарсы келуші болмаңдар, өз беттеріңмен ойламаңдар, өйткені партияның қолынан бәрі келеді, өйткені бізде партия диктатурасы;

б) **партия кадрларына:** батылырақ қимылдаңдар, қаттырақ қыса түсіңдер, партияда жоқ бұқараның даусына құлақ қоймаса да болады, — бізде партия диктатурасы;

в) **партия басшыларға:** аздап масаттануға жол беруге болады, тіпті аздап дандайсуға да болады, өйткені бізде партия диктатурасы, «олай болса» көсемдердің де диктатурасы.

Бұл қауіптер туралы дәл кәзір — бұқараның саяси белсенділігі күшейіп отырған кезде, бұқараның даусына құлақ қоюға партияның дайындығы біздің үшін ерекше бағалы болып отырған кезде, бұқараның тіле

гіне өте көңіл қою біздің партияның негізгі парызы болып отырған кезде, саясат жөнінде партиядан айрықша сақтық, айрықша икемділік талап етіліп отырған кезде, дандайсу қаупі бізде бұқараға дұрыс басшылық ету жөнінде партия алдында тұрған нағыз елеулі қауіптердің бірі болып отырған кезде, — дәл осы кезде ескертіп өту орынды.

Партиямыздың XI съезінде айтқан Лениннің мына алтын сөздерін еске түсіріп өтпей болмайды:

«Халық бұқарасының ішінде біз (коммунистер. **И. Ст.**) не дегенмен де теңіздегі тамшыдаймыз, сондықтан біз халықтың санасы жеткен нәрсені дұрыс жарыққа шығарып отырсақ қана басқара аламыз. Мұнсыз коммунистік партия пролетариатты соңына ерте алмайды, ал пролетариат бұқараны соңына ерте алмайды, сөйтіп, бүкіл машина бүлінеді» (қараңыз: XXVII том, 256-бет).

«Халықтың санасы жеткен нәрсені дұрыс жарыққа шығару керек» — пролетариат диктатурасы системасында партияға негізгі басшы күштің құрметті ролін атқаруды қамтамасыз ететін қажетті шарттың өзі дәл осы.

VI

СОЦИАЛИЗМНІҢ БІР ЕЛДЕ ЖЕҢУІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

«Ленинизм негіздері туралы» деген кітапшада (май, 1924 ж. бірінші басылуы) социализмнің бір елде жеңуі туралы мәселе жөнінде екі тұжырым бар. Бірінші тұжырым былай дейді:

«Бұрын, буржуазияны жеңу үшін барлық алдыңғы қатарлы елдердің немесе, ең болмағанда, сол елдердің көбінің пролетариаты тізе қосып аттануы қажет деген оймен, бір елде рево-

люцияның жеңіп шығуы мүмкін емес деп есептеуші еді. Енді мұндай көзқарас шындыққа жанаспайтын болып қалды. Енді мұндай жеңістің мүмкіндігін негізге алу керек, өйткені, империализм жағдайында әртүрлі капиталистік елдердің біркелкі дамымай, секірмелі түрде дамуы, империализмнің өз ішінде соғысқа соқтырмай коймайтын апатты қайшылықтардың күшеюі, дүние жүзіндегі елдердің бәрінде революциялық қозғалыстың өсуі,— осының бәрі жеке елдерде пролетариаттың жеңіп шығуын мүмкін етіп қана коймай, әрі қажет етеді» (қараңыз: «Ленинизм негіздері туралы»[26]).

Бұл қағыйда әбден дұрыс және түсіндіруді керек қылмайды. Бұл қағыйда — өзге елдерде бір мезгілде жеңімпаз революция болмай тұрып, бір елде пролетариаттың өкіметті алуы утопия деп санайтын социал-демократтарға қарсы бағытталған.

Бірақ «Ленинизм негіздері туралы» деген кітапшада тағы бір тұжырым бар. Онда былай делінген:

«Бірақ бір елде буржуазияның өкіметін құлатып, пролетариат өкіметін орнату, ол әлі социализмнің толық жеңуін қамтамасыз еткендік болмайды. Социализмнің басты міндеті — социалистік өндірісті ұйымдастыру,— әлі алда. Бірнеше алдыңғы қатарлы елдердің пролетариатының бірлескен қыймылы болмағанда, бұл міндетті шешуге бола ма, бір елде социализмнің түпкілікті жеңісі мүмкін бе? Жоқ, мүмкін емес. Буржуазияны құлату үшін, бір елдің күшінің өзі жеткілікті, — бұлай екендігін бізге революциямыздың тарихы көрсетті. Социализмнің түпкілікті жеңіп шығуы үшін, социалистік өндірісті ұйымдастыру үшін, бір елдің, әсіресе, Россия сыяқты шаруалары көп елдің, күші жеткіліксіз,— бұл үшін бірнеше алдыңғы қатарлы елдердің пролетариатының күш салуы қажет» (қараңыз: «Ленинизм негіздері туралы», бірінші басылуы[27]).

Бұл екінші тұжырым — өзге елдерде жеңіс болмаған күнде, бір елдегі пролетариат диктатурасы «кертартпа Европаға қарсы төтеп беріп тұра» алмай-

ды — деген троцкистердің пікіріне, ленинизмді сынаушылардың пікіріне, қарсы бағытталған.

Бұл тұжырым ол кезде (май, 1924 ж.) жеткілікті болғандықтан, — тек сондықтан ғана, — ол, күмән жоқ, белгілі дәрежеде пайда келтірді.

Бірақ, кейіннен, ленинизмді бұл жағынан сынаушылар партия ішінде жеңілген кезде, жаңа мәселе, сырттың көмегінсіз, өз еліміздің күшімен толық социалистік қоғам орнату мүмкіндігі туралы мәселе кезекке қойылған кезде, — екінші тұжырым енді көрінеу жеткіліксіз, сондықтан дұрыс емес.

Бұл тұжырымның кемшілігі неде?

Мұның кемшілігі — әртүрлі екі мәселені бір мәселе етіп қосып жібергендігінде; біріншісі — бір елдің күштерімен социализм орнатудың **мүмкіндігі** туралы мәселе, бұған мүмкіндік бар деп жауап беру керек; екіншісі — басқа бірқатар елдерде жеңімпаз революция болмай тұрғанда, пролетариат диктатурасы бар ел өзін интервенциядан, олай болса, ескі тәртіптердің қайта орнауынан **толық кепілді болған** деп санауына бола ма деген мәселе, бұған — олай деп санауына болмайды деп жауап беру керек. Мен бұл тұжырымның бір елдің күштерімен социалистік қоғам құру мүмкін емес деп ойлауға себепші бола алатыны туралы айтып та отырғаным жоқ, бұлай деп ойлау, әрине, дұрыс емес.

Осылай болғандықтан мен өзімнің «Октябрь революциясы және орыс коммунистерінің тактикасы» деген кітапшамда (декабрь, 1924 ж.) бұл тұжырымды өзгерттім, түзедім, бұл мәселені екі мәселеге — буржуазиялық тәртіптердің қайта орнамауына толық кепілдік болу туралы мәселеге және бір елде толық социалистік қоғам орнатудың мүмкіндігі туралы мәселе-

ге айырдым. Мұны мен, біріншіден, «социализмнің толық жеңуі» — «бірнеше елдердің пролетарларының бірлескен күшімен» ғана мүмкін болатын кепілдік — «ескі тәртіптің қайта орнамауына толық кепілдік болу» деп тану жолымен, екіншіден, Лениннің «Кооперация туралы»[28] деген кітапшасына сүйене отырып, толық социалистік қоғам орнату үшін қажетті нәрсенің бәрі бізде бар деген даусыз ақиқатты жариялау жолымен айырдым (қараңыз: «Октябрь революциясы және орыс коммунистерінің тактикасы»)*.

Партияның XIV конференциясында қабылданған «Коминтерннің және РК(б)П-ның міндеттері туралы»[29] белгілі қарардың — бір елде социализмнің жеңуі туралы мәселені капитализм стабилизациясымен байланысты қарайтын (апрель, 1925 ж.) және біздің еліміздің күштерімен социализм орнату мүмкін және қажетті деп санайтын қарардың негізі етіп мәселенің дәл осы жаңа тұжырымы алынған болатын.

1925 жылы май айында, партияның XIV конференциясы артынан іле-шала басылып шыққан «РК(б)П XIV конференциясы жұмыстарының қортындылары жөнінде» деген менің кітапшама негіз болған да осы тұжырым.

Бір елде социализмнің жеңуі туралы мәселенің қойылысы жөнінде бұл кітапшада былай делінген:

«Біздің елімізде қайшылықтардың екі тобы бар. Қайшылықтардың бір тобы — пролетариат пен шаруалар арасында болып отырған ішкі қайшылықтар (бұл арада әңгіме бір елде социализм құру туралы болып отыр. И. Ст.). Қайшылықтардың

---

* Бұл жаңа тұжырым «Ленинизм негіздері туралы» кітапшаның кейінгі басылуларында бұрынғы ескі тұжырымның орнына алынып кетті.

екінші тобы — социализм елі болып отырған біздің еліміз бен капитализм елі болып отырған барлық өзге елдердің арасындағы сыртқы қайшылықтар (бұл арада әңгіме социализмнің түпкілікті жеңіп шығуы туралы болып отыр. **И. Ст.**)»... «Кімде-кім бір елдің күшімен жеңуге әбден болатын қайшылықтардың бірінші тобын бірнеше елдердің пролетарларының күшімен шешілетін қайшылықтардың екінші тобымен шатастырса, ол адам ленинизмге қарсы өте сорақы қателік істейді, ол адам не шалағай, не түзелмейтін оппортунист» (қараңыз: «БК(б)П XIV конференциясы жұмыстарының қортындылары жөнінде»[30]).

Социализмнің біздің елімізде **жеңуі** туралы мәселе жөнінде кітапшада былай делінген:

«Біз социализмді орната аламыз, және біз оны шаруалармен бірге, жұмысшы табының басшылығы арқасында, орнатамыз»... өйткені «бізде пролетариат диктатурасы тұсында... ішкі қыйыншылық атаулының бәрін де жеңе отырып, социалистік қоғамды толық орнатуға керекті шарттардың барлығы да бар, өйткені біз бұл қыйыншылықтарды өз күшімізбен жеңе аламыз және жеңуге тиістіміз» (қараңыз: бұл да сонда[31]).

Ал социализмнің **түпкілікті** жеңіп шығуы туралы мәселе жөнінде онда былай делінген:

«Социализмнің түпкілікті жеңіп шығуы дегеніміз — интервенция жасау әрекеттерінен, олай болса, капиталистік тәртіптерді жаңғырту әрекеттерінен де құтылуға толық кепілдік туғызу деген сөз, өйткені капиталистік тәртіптерді жаңғыртуға пәлендей елеулі әрекет жасау сырттан мықтап көмек көрсетілгенде ғана, халықаралық капитал көмек көрсеткенде ғана орын алуы мүмкін. Сондықтан біздің революциямызды барлық елдердің жұмысшыларының қолдауы, ал әсіресе осы жұмысшылардың ең болмағанда бірнеше елдерде жеңіп шығуы тұңғыш жеңіп шыққан елде интервенция мен жаңғыртушылық әрекеттерінен құтылуға толық кепілдік туғызудың қажетті шарты, социализмнің түпкілікті жеңіп шығуының қажетті шарты болады» (қараңыз: бұл да сонда[32]).

Анық шығар деймін.

Бұл мәселе менің «Сұрақтар мен жауаптар» деген кітапшамда да (июнь, 1925 ж.), Орталық Комитеттің БК(б)П XIV съезіндегі саяси есебінде де[33] (декабрь, 1925 ж.) осы бағытта түсіндірілгені мәлім.

Фактылар осындай.

Бұл фактылар барлық жолдастарға, соның ішінде Зиновьевке де мәлім шығар деп ойлаймын.

Енді келіп, партия ішіндегі идеялық күрестен соң екі жылға жақын уақыт өткеннен кейін және партияның XIV конференциясында (апрель, 1925 ж.) алынған қарардан кейін, Зиновьев партияның XIV съезіндегі (декабрь, 1925 ж.) қортынды сөзінде, социализмнің бір елде жеңуі турасындағы шешілген мәселені шешу үшін база есебінде, Сталиннің 1924 жылы апрельде жазылған кітапшасынан бұрынғы, мүлдем жеткіліксіз болған формуланы суырып алуды мүмкін деп тапса, — онда мұның өзі Зиновьевтің бұл мәселе жөнінде біржола шатасқандығын көрсеткен оның ерекше манерасы. Партия ілгері кеткеннен кейін барып, оны қайта кейін сүйреу, Орталық Комитеттің пленумы[34] бекіткеннен кейін барып, партияның XIV конференциясының қарарын аттап өту — қайшылықтарға қайтып шықпастай болып белшесінен бату, социализм құрылысы ісіне сенбеу, Ленин жолынан таю, өзінің жеңілгендігін мойындап қол қою болып шығады.

Социализмнің бір елде жеңуінің **мүмкіндігі** дегеніміз не?

Бұл — пролетариат пен шаруалар арасындағы қайшылықтарды өз еліміздің ішкі күштерімен жою мүмкіндігі, өзге елдердің пролетарлары тілектес болып, қолдап отырғанда, бірақ өзге елдерде пролетар-

лық революция алдын ала жеңбей тұрған уақытта, елімізде пролетариаттың өкіметті қолына алуының, бұл өкіметті толық социалистік қоғам орнату үшін пайдалануының мүмкіндігі.

Мұндай мүмкіндіксіз социализм құрылысы — келешегі жоқ құрылыс болады, социализмді орнатуға сенбей отырып жүргізген құрылыс болады. Социализмді орнату мүмкіндігіне сенбей отырып, еліміздің техника жағынан артта қалғандығы толық социалистік қоғамды орнату үшін **жеңіп болмастық** кедергі емес екендігіне сенбей отырып, социализмді құруға болмайды. Мұндай мүмкіндікті бекер деу — социализм құрылысы ісіне сенбеу, ленинизмнен таю болып табылады.

Өзге елдерде революция жеңбейінше, бір елде социализмнің толық, түпкілікті жеңуінің **мүмкін еместігі** дегеніміз не?

Бұл — кемінде бірнеше елдерде революция жеңбей тұрып, интервенциядан, олай болса, буржуазиялық тәртіптердің қайта орнатылуынан толық құтылуға кепілді болудың мүмкін еместігі. Бұл даусыз қағыйданы бекер деу — интернационализмнен таю, ленинизмнен таю болады.

«Біз, — дейді Ленин,—тек мемлекет ретінде ғана өмір сүріп келе жатқанымыз жоқ, сонымен қатар **мемлекеттер системасында** да өмір сүріп келеміз, сондықтан Совет республикасының империалистік мемлекеттермен қатар ұзақ уақыт **өмір** сүруі мүмкін емес. Ақыр аяғында бұлардың екеуінің бірі жеңіп шығады. Ал бұған жеткенге дейін, Совет республикасы мен буржуазиялық мемлекеттер арасында әлденеше сұрапыл соқтығыстар болмай қалмайды. Мұның мәнісі — үстем тап, пролетариат, тек егер ол үстемдік жүргізуді қаласа, үстемдік жүргізсе, мұны өзінің әскери ұйымымен де дәлелдеуге тиіс» (қараңыз: XXIV том, 122-бет).

«Біздің алдымызда, — дейді Ленин екінші бір жерде, — өте тұрақсыз, алайда сөз жоқ даусыз белгілібір тепетеңдік бар. Бұл ұзаққа созыла ма, — оны білмеймін және мұны білуге де болмайды деп ойлаймын. Сондықтан да біздің тарапымыздан өте күшті сақтық керек. Сондықтан біздің саясатымыздың бірінші парызы, біздің бір жыл бойындағы үкіметтік істерімізден шығатын бірінші сабақ, барлық жұмысшылар мен шаруалар ұғып алуға тиісті сабақ — мейлінше сақ болу, бізді орасан жек көретіндіктерін ашық білдіріп отыратын адамдардың, таптардың, үкіметтердің қоршауында екенімізді естен шығармау. Қандай шапқыншылықтың болса да әруақытта бізге таяу тұрғанын естен шығармауымыз керек» (қараңыз: XXVII том, 117-бет).

Айқын шығар деймін.

Социализмнің бір елде жеңуі туралы мәселе жөнінде Зиновьевтің пікірі қандай?

Тыңдаңыздар:

«Социализмнің түпкілікті жеңуі деп кем болғанда мыналарды ұғу керек: 1) таптарды жою, олай болса, 2) бір таптың диктатурасын, бұл айтылып отырған ретте пролетариат диктатурасын, жою»... «Біздің ССРО-да мәселенің 1925 жылы қандай күйде тұрғандығын бұдан да анығырақ білу үшін, — дейді одан кейін Зиновьев, — екі нәрсені айыру керек: 1) социализмді құрудың қамтамасыз етілген **мүмкіндігі,** — социализмді құрудың мұндай мүмкіндігі, әлбетте, бір елдің көлемінде де мүмкін деп ойлауға болады, және 2) социализмді түпкілікті орнату және баянды ету, яғни социалистік құрылысты, социалистік қоғамды жүзеге асыру».

Мұның бәрі нені көрсете алады?

Мұның көрсететіні — Зиновьев бір елде социализмнің түпкілікті жеңуі деп интервенция мен реставрациядан құтылуға кепілді болуды айтып отырған жоқ, социалистік қоғамды орнатудың мүмкіндігін айтып отыр. Ал социализмнің бір елде жеңуі деп Зиновьев

социализмнің орнатылуына жеткізе алмайтын, жеткізбеуге тиісті социализм құрлысын түсінеді. Тәуекелге сүйенген, келешексіз құрылыс, социалистік қоғамды орнатудың мүмкіндігі жоқ жағдайда социализмді құру — Зиновьевтің ұстаған бағыты міне осындай.

Социализмді орнату **мүмкіншілігі** болмаса да құру, **орната алмайтындығынды біле отырып** құру, — міне, осындай қыйсынсыздықтарға дейін Зиновьевтің аузы барып отыр.

Бірақ бұл — мәселені шешкендік емес, мәселені мазақ ету ғой!

Зиновьевтің XIV партия съезіндегі қортынды сөзінің тағы бір жері міне:

«Сіздер, мәселен, Курскіде болған соңғы губерниялық партия конференциясында Яковлев жолдастың қаншама даққанын қараңыздар. Ол «Біз бір елде, жан-жағымыздан капиталистік дұшпандардың қоршауында болып отырып, бір елде социализм орната аламыз ба?» деп сұрақ қояды да, «Жоғарыда айтылғандардың бәріне сүйеніп, біз: социализмді құрып қана жатқан жоқпыз, біз, әзірше жалғыз бола тұрсақ та, біз әзірше дүние жүзінде бір ғана совет елі, совет мемлекеті болсақ та, біз бұл социализмді орната аламыз деп айтуға праволымыз» деп жауап береді («Курская Правда» № 279, 8 декабрь, 1925 ж.). **Бұл — мәселені Ленинше қойғандық па, бұдан ұлттық тұйықтықтың исі шықпай ма?»***.

Сөйтіп, Зиновьевше, бір елде социализм орнатуды мүмкін деп санау — ұлттық тұйықтық көзқарасын қостағандық болады да, мұндай мүмкіндікке қарсы болу — интернационализм көзқарасын қостағандық болып шығады.

Ал бұл дұрыс болатын болса, — онда тіпті, біздің шаруашылығымыздағы капиталистік элементтерді же-

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

ну үшін күресуіміздің жөні бар ма? Бұдан мұндай жеңіске жету мүмкін емес деген мағна шықпай ма?

Шаруашылығымыздағы капиталистік элементтердің алдында тізе бүгу — Зиновьевтің дәлелдерінің ішкі логикасының әкеп соғатын жері міне осы.

Ленинизмге түк жанаспайтын осындай қыйсынсыздықты Зиновьев бізге «интернационализм», «жүз процент ленинизм» деп ұсынады!

Менің айтатыным: социализм құрылысы турасындағы ең маңызды мәселеде Зиновьев меньшевик Сухановтың көзқарасына жылжып түсіп, ленинизмнен тайып кетіп отыр.

Ленинге жүгінелік. Бір елде социализмнің жеңуі туралы тіпті Октябрь революциясынан бұрын, 1915 жылдың авгусында Ленин мынаны айтқан:

«Экономикалық және саяси дамудың әркелкілігі капитализмнің даусыз заңы. Олай болса, социализмнің әуелі бірнеше капиталистік елде, тіпті бір, жеке алынған, капиталистік елде жеңуі мүмкін Бұл елдің жеңіп шыққан пролетариаты капиталистерді экспроприациялап, **өз елінде социалистік өндіріс ұйымдастырып***, қалған капиталистік дүниеге қарсы тұрар еді, басқа елдердің езілген таптарын өзіне тарта отырып, олардың арасында капиталистерге қарсы көтеріліс туғыза отырып, қажет болған жағдайда қанаушы таптарға, олардың мемлекеттеріне тіпті әскери күшпен қарсы шығар еді» (қараңыз: XVIII том, 232—233-беттер).

Лениннің: «өз елінде социалистік өндіріс ұйымдастырып» деген баса көрсетілген сөзінің мәнісі не? Оның мәнісі — жеңген елдің пролетариаты, өкіметті қолға алғаннан кейін, өз елінде социалистік өндіріс ұйымдастыра **алады** және ұйымдастыруға **тиіс** деген

* Курсив менікі. **И. Ст.**

сөз. Ал, «социалистік өндіріс ұйымдастыру» дегеніміз не? Бұл — социалистік қоғам орнату деген сөз. Лениннің бұл айқын, түсінікті қағыйдасы одан әрі түсіндіріп жатуды керек етпейтінін дәлелдеудің кажеті бола қояр ма екен. Бұлай болмағанда, Лениннің 1917 жылы октябрьде пролетариатты өкіметті алуға шақыруы да түсініксіз болған болар еді.

Көріп отырсыздар, Лениннің бұл ап-айқын қағыйдасының Зиновьевтің социализмді орнатуға **мүмкін болмаған** жағдайда «бір елдің көлемінде» социализм құра аламыз деп шатасқан, антилениндік «қағыйдасынан» жер мен көктей айырмасы бар.

Мұны Ленин 1915 жылы, пролетариаттың өкіметті қолға алуынан бұрын айтқан. Бірақ, өкіметті қолға алу тәжрибесінен кейін, 1917 жылдан кейін, оның көзқарасы, мүмкін, өзгерген шығар? Лениннің «Кооперация туралы» деген 1923 жылы жазған кітапшасына келейік:

«Шынында да, — дейді Ленин, — барлық ірі өндіріс құрал-жабдықтары мемлекеттің билігінде болуы, мемлекеттің өкімет билігі пролетариаттың қолында болуы, бұл пролетариаттың сан миллион ұсақ, майда шаруалармен одақ жасауы, шаруаларға осы пролетариат басшылығының қамтамасыз етілуі, т. т., — міне осының бәрі кооперация арқылы, бұрын саудагершіл деп өзіміз жақтырмай келген кооперация арқылы, кәзіргі нэп тұсында да белгілібір жағынан нақ солай жақтырмауға правомыз бар кооперация арқылы, тек осы кооперация арқылы ғана, **социалистік қоғамды толық орнатуға қажетті нәрсенің барлығы емес пе?*** Бұл әлі социалистік қоғамның орнатылғандығы емес, бірақ бұл **соны орнатуға қажетті және жеткілікті нәрсенің барлығы»*** (қараңыз: XXVII том, 392-бет).

Басқаша айтқанда: біз толық социалистік қоғам

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

орната аламыз және орнатуға тиістіміз, өйткені біздің қолымызда оны орнату үшін керекті, жеткілікті нәрсенің бәрі бар.

Бұдан анығырақ айту қыйын-ау деймін.

Лениннің бұл мінсіз қағыйдасын Зиновьевтің Яковлевке қарсы антилениндік жауабымен салыстырып қарасаңыз, сонда Яковлевтің бір елде социализмді орнатудың мүмкіндігі туралы Ленин сөздерін қайталап айтқандығын, ал Зиновьевтің бұл қағыйдаға қарсы шығып, Яковлевті кінәлап, Лениннен қашықтап кеткендігін, меньшевик Сухановтың көзқарасына түскендігін, біздің еліміздің техника жағынан артта қалғандығы себепті, біздің елде социализмді орнату мүмкін емес деген көзқарасқа түскендігін көресіздер.

Ал егер, социализмді орнатуға болады деп сенбеген болсақ, 1917 жылдың октябрінде өкіметті не үшін қолға алғандығымыз мәлімсіз болып шықпай ма?

1917 жылдың октябрінде өкіметті қолға алу керек емес еді — Зиновьевтің дәлелдерінің ішкі логикасының апарып соғатын қортындысы міне осы.

Одан кейін менің айтатыным — социализмнің жеңуі туралы ең маңызды мәселеде Зиновьев, «Коминтерн Атқару Комитетінің кеңейтілген пленумымен байланысты Коминтерн мен РК(б)П-ның міндеттері туралы» XIV партия конференциясының белгілі қарарында жазылған біздің партиямыздың тиісті қаулыларына қарсы шықты.

Осы қарарға оралайық. Бір елде социализмнің жеңуі туралы ол қарарда былай делінген:

«Бір-біріне тура қарама-қарсы қоғамдық екі системаның болуы капиталистік блокаданың, экономикалық қыспақтың басқа түрлерінің, қарулы интервенцияның, реставрацияның үздіксіз қау-

пін туғызып отырады. Олай болса, **социализмнің түпкілікті жеңіп шығуының** бір ғана кепілі, яғни **реставрацияның болмауының кепілі*** бірсыпыра елдерде жеңімпаз социалистік революцияның жасалуы болып табылады...» «Ленинизм — буржуазиялық қатнастардың **реставрацияланбауына толық кепілді болу мағнасында*** **социализмнің түпкілікті** жеңуі халықаралық көлемде ғана мүмкін деп үйретеді...» «Бұдан техника-экономика жағынан артығырақ дамыған елдердің «мемлекеттік көмегінсіз» (Троцкий), Россия сықылды артта қалған елде **толық социалистік қоғам*** орнату мүмкін емес деген мағна **еш шықпайды»*** (қарарды қараңыз[35]).

Көріп отырсыздар, бұл қарар социализмнің түпкілікті жеңуін — интервенция мен реставрацияның болмауына кепілдік болуы деп түсіндіреді, — Зиновьевтің «Ленинизм» деген кітабындағы пікіріне **мүлде қарама-қарсы мағнада** түсіндіреді.

Көріп отырсыздар, бұл қарар, техника-экономика жағынан артығырақ дамыған елдердің «мемлекеттік көмегінсіз», Россия сықылды артта қалған елде толық социалистік қоғам орнатуға болады деп таныйды, — партияның XIV съезіндегі қортынды сөзінде Зиновьевтің Яковлевке қарсы берген жауабында келтірген кері пікіріне **мүлде қарама-қарсы мағнада** таныйды.

Мұны — Зиновьевтің XIV партия конференциясының қарарына **қарсы** күресі деп атамағанда, не дейміз?

Әрине, партияның қарарлары кейде кемшіліксіз болмайды. Партияның қарарларында кейде қателер болады. Жалпы айтқанда, партияның XIV конференциясының қарарында да кейбір қателер бар деп ойлауға болады. Мүмкін, Зиновьев осы қарарды қате

* Курсив менікі. **И. Ст.**

деп санайтын шығар. Бірақ олай болған күнде, бұл туралы большевиктікке лайықты түрде айқын және ашып айту керек еді. Бірақ Зиновьев, не себепті екені белгісіз, мұны істемей отыр. Ол қарар жөнінен түк айтпай, қарарды қандай болса да ашық сынамай, басқа жолға, партияның XIV конференциясының қарарына бұқпантайлап шабуыл жасау жолына түсуді артық көрді. Зиновьев: бұл жол ойлаған мақсатқа бәрінен артық жеткізеді деп ойлайтын болар. Ал оның мақсаты біреу — қарарды «жақсарту» және Ленинді «азғантай ғана» түзету. Зиновьевтің есебінен жаңылғанын дәлелдеп жатудың қажеті бола қояр ма екен.

Зиновьевтің қатесі қайдан туып отыр? Бұл қатенің тамыры қайда?

Менің ше, бұл қатенің тамыры Зиновьевтің толық социалистік қоғамды орнатуға еліміздің техника жағынан артта қалғандығы **жеңдірмейтін** кедергі болады деп, еліміздің техника жағынан артта қалғандығынан пролетариат социализмді орната алмайды деп сенгендігінде. Бір кезде Зиновьев пен Каменев апрельдегі партия конференциясы болар алдында Орталық Комитеттің мәжілістерінің бірінде осы дәлелмен шығып көргісі келді[36]. Бірақ олар тойтарыс алып, өздеріне қарсы көзқарасқа, Орталық Комитеттің көпшілігінің көзқарасына, **ресми** түрде бағынып, амалсыз шегініп еді. Бірақ Зиновьев бұл көзқарасқа ресми түрде ғана бағынып, іс жүзінде ол көзқараспен үнемі күресіп келді. Ленинградтың губерниялық партия конференциясының хатына жазған «Жауабында» партиямыздың Москвалық Комитеті РК(б)П-ның Орталық Комитетінде болған бұл «шатақ» туралы міне былай дейді[37]:

«Жақында ғана Зиновьев пен Каменев Саяси Бюрода — егер бізді халықаралық революция құтқармаса, техника және экономика жағынан артта қалғандығымыз себепті, біз ішкі қыйыншылықтарды жеңе алмаймыз деген көзқарасты қорғады. Ал біз Орталық Комитеттің көпшілігімен бірге: техника жағынан артта қалғандығымызға қарамастан және оған бой бермей социализмді құра аламыз, оны құрып, орнатып шығамыз деп ойлаймыз. Біз: бұл құрылыс дүниежүзілік жеңіс жағдайындағыдан, әрине, анағұрлым ақырын алға басады, бірақ дегенмен біз ілгері басып келеміз, ілгері баса береміз деп ойлаймыз. Дәл осы сыкылды, біз: Каменев пен Зиновьевтің көзқарасы біздің жұмысшы табының және оған ерген шаруа бұқарасының ішкі күшіне сенбейтіндіктерін көрсетеді деп ойлаймыз. Біз олардың көзқарасын лениндік позициядан шет кету деп санаймыз» («Жауапты» қараңыз).

Бұл документ баспасөз бетінде партияның XIV съезінің алғашқы мәжілістері кезінде шықты. Әрине, Зиновьевтің бұл документке съезде-ақ қарсы шығуға мүмкіндігі болды. Зиновьев пен Каменевтің оларға партиямыздың Москвалық Комитеті қойған бұл ауыр айыбына қарсы түк дәлелдерінің болмауының мәні бар. Бұл әлдеқалай бола қалған іс пе? Менің ойымша, бұл әлдеқалай бола қалған іс емес. Қойылған айып нысанаға дәл тиген болу керек. Зиновьев пен Каменевтің бұл айыптауға үндемеумен «жауап бергендіктері» айыптарын «қымтарлық» іштеменің болмағандығынан.

Біздің елімізде социалистік құрылыстың жеңуіне сенбейді деп Зиновьевті айыптады — деп «жаңа оппозиция» өкпелейді. Ал егер, социализмнің бір елде жеңуі туралы мәселені бүтін бір жыл бойы талқылағаннан кейін, Зиновьевтің көзқарасын Орталық Комитеттің Саяси Бюросы теріс деп тапқаннан кейін (апрель, 1925 ж.), бұл мәселе жөнінде партияның айқын пікірі, партияның XIV конференциясының бел-

гілі қарарында жазылған (апрель, 1925 ж.) пікірі белгіленгеннен кейін, егер осының барлығынан кейін Зиновьев өзінің «Ленинизм» деген кітабында (сентябрь, 1925 ж.) партия көзқарасына қарсы шығуға бел байласа, егер ол сол қарсы пікірін XIV съезде тағы қайталаса, — мұның бәрін, бұл қыңырлықты, өзінің қатесін қорғағандығы, бұл қарыспалықты — Зиновьев өзіне біздің елімізде социалистік құрылыстың жеңу ісіне сенбеушілік ауруын жұқтырған, оңалмастай болып жұқтырған деуден басқа не деп түсінеміз?

Зиновьев өзінің бұл сенбеушілігін интернационализм деп түсіндіргісі келеді. Бірақ ленинизмнің ең маңызды мәселесінде ленинизм жолынан шығып кетушілік қашаннан бері бізде интернационализм деп түсіндірілетін болып еді?

Бұл жерде интернационализм мен халықаралық революцияға қарсы күнаға батып отырған партия емес, Зиновьевтің өзі деу дұрысырақ болмас па екен? Өйткені, біздің «социализмді құрып жатқан» еліміз дүниежүзілік революцияның базасы емей не? Ал егер социалистік қоғамды орнату қолынан келмейтін болса, еліміз дүниежүзілік революцияның нағыз базасы бола ала ма? Егер біздің еліміз өз ішінде шаруашылығымыздағы капиталистік элементтерді жеңе алмайтын болса, социалистік құрылыстың жеңуіне қолы жете алмаса, онда, барлық елдердің жұмысшылары үшін, оларды өзіне тартатын ұлы орталық, дәл кәзіргі болып отырғанындай орталық болып қала ала ма? Мен қала алмайды деп ойлаймын. Ал бұдан: социалистік құрылыстың жеңуіне сенбеушілік, бұл сенбеушілікті уағыздау дүниежүзілік революцияның базасы болып отырған біздің еліміздің күшін кемітеді, ал

біздің еліміздің күшінің кемуі дүниежүзілік революциялық қозғалысты әлсіретеді деген қортынды тумай ма? Социал-демократ мырзалар жұмысшыларды бізден қайтып үркітпекші болып еді? «Орыстардың ісінен ештеңе шықпады» деген уағызбен үркітпекші болып еді. Қазір біз лек-лек жұмысшы өкілдерін өзімізге тартып, оның арқасында бүкіл дүние жүзінде коммунизмнің позициясын нығайтып, социал-демократтарға немен соққы беріп отырмыз? Социализм құрылысы жөніндегі табыстарымызбен соққы беріп отырмыз. Ал енді, социализм құрылысы жөніндегі табыстарымызға сенбеушілікті уағыздайтын адамдардың социал-демократтарға жанама көмек көрсететіндігі, олардың халықаралық революциялық қозғалыстың екпінін нашарлататындығы, олардың қалай еткенде де интернационализмнен шет кететіндігі осы айтылғандардан айқын емес пе?

Көріп отырсыздар, Зиновьевтің «интернационализмінің» оның бір елде социализм орнату мәселесі жөніндегі «жүз проценттік ленинизмінен» ешбір айырмасы жоқ.

Сондықтан, партияның XIV съезі «жаңа оппозицияның» көзқарастарын «социализм құрылысы ісіне сенбеушілік» деп және «ленинизмді бұрмалау» деп тапқаны[38] әбден дұрыс.

VII

СОЦИАЛИСТІК ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ЖЕҢУІ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕС

Менің ойымша, социалистік құрылыстың жеңуіне сенбеушілік — «жаңа оппозицияның» негізгі қатесі. Менінше, бұл қатенің негізгі қате болу себебі — «жа-

ңа оппозицияның» өзге қателерінің бәрі осыдан туады. «Жаңа оппозицияның» нэп туралы, мемлекеттік капитализм туралы, біздің социалистік өнеркәсібіміздің сыйпаты туралы, пролетариат диктатурасы тұсында кооперацияның ролі туралы, кулактармен күресудің әдістері туралы, орта шаруаның ролі мен салмағы туралы мәселелер жөніндегі қателері — осы қателердің бәрі оппозицияның негізгі қатесінен, біздің еліміздің күшімен социалистік қоғам орнатудың мүмкіндігіне сенбеушілігінен туады.

Біздің елімізде социалистік құрылыстың жеңуіне сенбеушілік деген не?

Алдымен, бұл — біздің еліміздің дамуының белгілі жағдайлары себепті, шаруалардың негізгі бұқарасының социалистік құрылыс ісіне қатнаса алатындығына сенімнің жоқтығы.

Екіншіден, бұл — халық шаруашылығының ең маңызды салаларын қолына ұстап отырған біздің еліміздің пролетариаты шаруалардың негізгі бұқарасын социалистік құрылыс ісіне тарта алатындығына сенімнің жоқтығы.

Мейлі біліп істесін, мейлі білмей істесін, бәрі бір — оппозиция біздің дамуымыздың жолы туралы жобаларында ішінен осы қағыйдаларды негізге алады.

Совет шаруаларының негізгі бұқарасын социалистік құрылыс ісіне тартуға бола ма?

«Ленинизм негіздер туралы» деген кітапшада бұл жөнде негізгі екі қағыйда бар:

1) «Совет Одағының шаруаларын Батыстың шаруаларымен шатастыруға болмайды. Үш революцияның мектебінен өткен, пролетариатпен бірге, пролетариаттың бастауымен патшаға және буржуазиялық өкіметке қарсы күрескен, жер мен бейбітшілікті про-

летарлық революцияның қолынан алған, сондықтан пролетариаттың резерві болған шаруалардың, — буржуазиялық революция кезінде либералдық буржуазияның басшылығына еріп күресіп, жерді осы буржуазияның қолынан алған, сондықтан буржуазияның резерві болған шаруалардан айырмасы болмауға мүмкін емес. Пролетариатпен екі арадағы саяси достықты, саяси ынтымақты бағалап әдеттенген және осы достық, осы ынтымақ арқасында бостандық алған совет шаруалары пролетариатпен экономика жөнінде ынтымақтасып іс істеу үшін ерекше қолайлы серік болмай қала алмайтындығын дәлелдеп жатудың керегі бола қояр ма екен».

2) «Россияның ауыл шаруашылығын Батыстың ауыл шаруашылығымен шатастыруға болмайды. Батыста ауыл шаруашылығы капитализмнің дағдылы жолымен, шаруалардың терең жіктелуі жағдайында, бір жағында ірі имениелер, жекекапиталистік латифундиялар, екінші жағында жоқшылық, қайыршылық, жалдамалы құлдық болып отырған жағдайда дамып келеді. Солай болған соң, онда іріп-шіру, бытырау әбден табиғи нәрсе. Россияда олай емес. Бізде ауыл шаруашылығы ондай жолмен дамый алмайды, өйткені Совет өкіметінің болуы және негізгі өндіріс құрал, жабдықтарының национализациялануы мұндай дамуға жол бермейді. Россияда ауыл шаруашылығы басқа жолмен, миллиондаған ұсақ және орта шаруаларды кооперативке ұйымдастыру жолымен, мемлекеттің жеңіл шартпен қарыз беріп, қолдап отыратын көпшілік кооперациясын деревняда өркендету жолымен дамуға тиіс. Бізде ауыл шаруашылығы жаңа жолмен дамуға тиіс, шаруалардың көпшілігін кооперация арқылы социалистік құрылысқа тарту жолымен дамуға тиіс, ең әуелі шаруашылық өнімдерін өткізу, сонынан ауыл шаруашылығының өнімдерін өндіру жөнінде ауыл шаруашылығына коллективизм негіздерін бірте-бірте енгізу жолымен дамуға тиіс, деп Ленин кооперация туралы мақалаларында дұрыс айтқан...

Шаруалардың басым көпшілігі дамудың осы жаңа жолына шын ынтасымен түсетіндігін, жекекапиталистік латифундия жолынан, жалдамалы құлдық, жоқшылық, азып-тозушылық жолынан безетіндігін дәлелдеп отырудың қажеті болар ма екен»[39].

Бұл қағыйдалар дұрыс па?

Біздің нэп жағдайындағы бүкіл құрылыс дәуіріміз

үшін бұл қағыйдалардың екеуі де даусыз дұрыс деп ойлаймын.

Бұлар — пролетариат пен шаруалардың ұштасуы туралы, шаруалар шаруашылығын еліміздің социалистік дамуының системасына енгізу туралы, пролетариаттың социализмге қарай шаруалардың негізгі бұқарасымен бірге аяқ басуға тиіс екендігі туралы, миллиондаған шаруалар бұқарасын кооперацияға ұйымдастыру деревнядағы социалистік құрылыстың даңғыл жолы екендігі туралы, біздің социалистік индустрияның өсуі тұсында «кооперацияның жай өсуі біздің үшін... социализмнің өсуімен бірдей» (қараңыз: XXVII том, 396-бет) екендігі туралы Лениннің белгілі тезистерінің көрінісі ғана болып табылады.

Дұрысында да біздің елімізде шаруалардың шаруашылығы қандай жолмен дамый алады және қандай жолмен дамуға тиіс?

Шаруалар шаруашылығы капиталистік шаруашылық емес. Егер шаруалар шаруашылықтарының басым көпшілігін алсақ, онда шаруалар шаруашылығы — ұсақтоварлы шаруашылық. Ал шаруалардың ұсақтоварлы шаруашылығы дегеніміз не? Бұл — капитализм мен социализмнің арасында екі жолдың айырығында тұрған шаруашылық. Бұл шаруашылық әрі капитализмге қарай дамый алады, кәзір капиталистік елдерде осылай болып отыр; ол әрі социализмге қарай дамый алады, бізде, біздің елімізде, пролетариат диктатурасы тұсында осылай болуға тиіс.

Шаруалар шаруашылығының мұндай тұрақсыздығы, дербессіздігі неден? Мұның себебі не?

Мұның себебі — шаруалар шаруашылығының бытырандылығы, ұйымдаспағандығы, олардың қалаға,

индустрияға, кредит системасына, елдегі өкімет түріне тәуелділігі, ақырында жалпы жұртқа мәлім қағыйда — деревняның материалдық жағынан болсын, мәдениет жағынан болсын қаланың жетегіне еретіндігі және еруге тиістілігі.

Шаруалар шаруашылығының капиталистік жолмен дамуы шаруалардың өте терең жіктелуі арқылы, бір жағында ірі имениелер құрылуы, екінші жағында қалың бұқараның қайыршылыққа түсуі арқылы даму болып табылады. Дамудың мұндай жолы капитал елдерінде болмай қалмайтын жол, өйткені деревня, шаруалар шаруашылығы қалаға, индустрияға, қаладағы шоғырланған кредитке, өкімет түріне тәуелді болады, ал қалада буржуазия, капиталистік өнеркәсіп, капиталистік кредит системасы, капиталистік мемлекет өкіметі дәурен сүреді.

Қала пішіні мүлдем басқаша болып отырған, индустрия пролетариат қолында болып отырған, транспорт, кредит системасы, мемлекеттік өкімет, т. т. пролетариат қолында болып отырған, жердің национализациялануы жалпыға бірдей заң болып отырған біздің елімізде шаруалар шаруашылығының осы жолмен дамуы міндетті ме? Әрине, міндетті емес. Қайта қала деревняға басшы болып отырғандықтан да, ал бізде қалада халық шаруашылығының басты салаларының бәрін қолына алып отырған пролетариат дәурен сүріп отырғандықтан да, шаруалар шаруашылығы басқа жолмен, социалистік құрылыс жолымен дамуға тиіс.

Бұл не қылған жол?

Бұл — миллиондаған шаруалар шаруашылығын кооперацияның барлық тараулары бойынша жаппай

кооперацияға ұйымдастыру жолы, бытыраңқы шаруалар шаруашылығын социалистік индустрия маңына бірлестіру жолы, әуелі егіншіліктің өнімдерін **өткізу** және шаруалар шаруашылығын қала заттарымен **жабдықтау** жағынан, одан кейін ауыл шаруашылығының **өндірісі** жағынан шаруалар арасында коллективизм негіздерін орнату жолы.

Пролетариат диктатурасы жағдайында бұл жол, неғұрлым ілгері барған сайын, соғұрлым сөзсіз қажетті жол бола береді, өйткені өнімді өткізу жағынан кооперативтендіру, жабдықтау жағынан кооперативтендіру, ақырында, кредит және өндіріс (ауылшаруашылық серіктігі) жағынан кооперативтендіру деревня тұрмысын оңдаудың бірден-бір жолы, шаруалардың қалың бұқарасын қайыршылықтан, күйзелушіліктен құтқарудың бір ғана амалы болып табылады.

Біздің шаруалар өзінің жай-күйі жағынан социалистік емес, сондықтан социалистік жолмен даму олардың қолынан келмейді деседі. Шаруалар өзінің жай-күйі жағынан социалистік емес екендігі рас. Бірақ, егер деревняның қалаға еретіндігі, ал қалада социалистік өнеркәсіптің үстемдік етіп отыратындығы дәлелденген болса, мұның өзі шаруалар шаруашылығының социализм жолымен дамый алатындығына қарсы дәлел емес. Шаруалар өзінің жай-күйі жағынан Октябрь революциясы тұсында да социалистік емес болатын, шаруалар ел ішінде социализм орнауын мүлдем тілемеген болатын. Ол кезде шаруалар көбінесе помещик өкіметінің жойылуын, соғыс аяқталып, бітім жасалуын талап етіп, соған ұмтылған болатын. Дегенмен сол кезде-ақ шаруалар социалистік пролетариатқа ерген болатын. Себебі не? Себе-

бі — ол кезде буржуазияны құлатып, өкіметті социалистік пролетариаттың қолына алуы империалистік соғыстан құтылудың бірден-бір жолы еді, бітім жасалуының бірден-бір жолы еді. Себебі — ол кезде басқа жолдар жоқ еді, болуы да мүмкін емес еді. Себебі — біздің партиямыз ол кезде шаруаның өзіне тән ерекше мүдделерін (помещикті құлату, бітім жасау) еліміздің жалпы мүдделеріне (пролетариат диктатурасы) біріктіріп, бағындырудың жүйесін — шаруаларға қолайлы және пайдалы болған жүйесін — іздеп таба алды. Сондықтан шаруалар, өзінің социалистік еместігіне қарамастан, ол кезде социалистік пролетариаттың соңынан ерді.

Біздің еліміздегі социалистік құрылыс тура[illegible] да, шаруаларды бұл құрылыстың арнасына тарту [illegible]уралы да дәл осыны айту керек. Шаруалар өзінің жайкүйі жағынан социалистік емес. Бірақ шаруалар социалистік даму жолына түсуге тиіс және сөзсіз түседі де, өйткені пролетариатпен ұштасудан бөтен, социалистік өнеркәсіппен ұштасудан бөтен, шаруаларды жаппай кооперативтендіру арқылы шаруалар шаруашылығын социалистік дамудың жалпы арнасына тартудан бөтен, шаруаларды қайыршылықтан, күйзелушіліктен құтқарып аларлық басқа жолдар жоқ және бола алмайды да.

Шаруаларды жаппай кооперативтендіру арқылы деуіміздің дәл себебі не?

Себебі — біз жаппай кооперативтендіруден «жеке мүддені, жеке саудалық мүддені біріктірудің, оны мемлекеттің тексеріп, бақылап отыруының жүйесін, оны ортақ мүдделерге бағындыру жүйесін таптық» (Ленин)[40], бұл жүйе шаруалар үшін әрі қолайлы, әрі

пайдалы, бұл жүйе пролетариатқа негізгі шаруа бұқарасын социалистік құрылыс ісіне қатыстыру мүмкіншілігін қамтамасыз етеді. Себебі — шаруаларға өз товарларын өткізуді және өз шаруашылығын машинамен жабдықтауды сол кооперация арқылы ұйымдастыру пайдалы, дәл сондықтан да шаруалар жаппай кооперативтендіру жолына түсуге тиіс және түседі де.

Ал социалистік өнеркәсіп үстем болып отырғанда шаруалардың жаппай кооперативтендірілуі дегеніміз не?

Бұл — шаруалардың усақтоварлы шаруашылығының шаруаларды жаппай күйзелушілікке ұшырататын ескі капиталистік жолдан кетуі және дамудың жаңа жолына, социалистік құрылыс жолына түсуі деген сөз.

Міне, осы себептен, шаруалар шаруашылығының дамудың жаңа жолына түсуі үшін күресу, шаруалардың негізгі бұқарасын социализм құрылысы ісіне қатыстыру үшін күресу біздің партияның кезекті міндеті болып табылады.

Сондықтан БК(б)П XIV съезі мынадай қаулы шығарып, әбден дұрыс істеді:

«Деревнядағы социализм құрылысының негізгі жолы — социалистік мемлекеттік өнеркәсіптің, мемлекеттік кредит мекемелерінің және пролетариат қолындағы басқа командалық салалардың өсіп отырған экономикалық басшылығы арқасында шаруалардың негізгі бұқарасын кооперация ұйымына тарту және, оның капиталистік элементтерін пайдалана отырып, жеңе отырып, ығыстырып шығара отырып, сол кооперация ұйымының социалистік жолмен дамуын қамтамасыз ету» (Орталық Комитеттің есебі бойынша съездің шығарған қарарын қараңыз[41]).

«Жаңа оппозицияның» өте зор қатесі — шаруалардың дамуының осы жаңа жолына сенбейтіндігі, про-

летариат диктатурасы жағдайында бұл жолдың болмай қоймайтындығын көрмейтіндігі яки түсінбейтіндігі. Ал оның мұны түсінбейтін себебі — ол біздің елімізде социалистік құрылыстың жеңуіне сенбейді, біздің пролетариаттың шаруаларды социализм жолымен соңынан ерте алатындығына сенбейді.

Осыдан келіп нэптің екіжақты сыйпатын түсінбеушілік, нэптің кемшілік жақтарын асыра көрсетушілік, нэпті көбінесе кейін шегіну деп түсіндірушілік туады.

Осыдан келіп шаруашылығымыздың капиталистік элементтерінің ролін асыра көрсетушілік және біздің социалистік дамуымыздың көтермешілерінің (социалистік өнеркәсіп, кредит системасы, кооперация, пролетариат өкіметі, т. т.) ролін кеміте көрсетушілік туады.

Осыдан келіп біздің мемлекеттік өнеркәсібіміздің социалистік сыйпатын ұғынбаушылық, Лениннің кооператив жоспарының дұрыстығына күдіктенушілік туады.

Осыдан келіп деревнядағы жіктелуді қомпайтушылық, кулактардан қорқып үрейленушілік, орташаның ролін кемітушілік, партияның орташамен берік одақтас болуды қамтамасыз ету жөніндегі саясатын аяқсыз қалдыруға талаптанушылық, жалпы алғанда, партияның деревнядағы саясаты туралы мәселе жөнінде біресе ол жаққа, біресе бұл жаққа ауып, бұлғақтаушылық туады.

Осыдан келіп миллиондаған жұмысшылар мен шаруалар бұқарасын өнеркәсіп пен ауылшаруашылық құрылысына, кооперация мен Советтерді жандандыруға, ел басқаруға, бюрократизмге қарсы күреске, мемлекеттік аппаратымызды оңдау және қайта құру

жолындағы күреске қатыстыру жөніндегі партияның орасан ірі жұмыстарын ұғынбаушылық туады; бұл жұмыстар дамудың жаңа кезеңі болып табылады және оларсыз ешбір социалистік құрылыстың болуы мүмкін емес.

Осыдан келіп біздің құрылысымыздың қыйыншылықтары алдында үмітсізденушілік, сасушылық, еліміздi индустрияландыру мүмкіндігіне күдіктенушілік, партия азғындады деген сарыуайымға салынып мылжыңдаушылық, т. т. туады.

Оларда, буржуаларда, істің бəрі де азды-көпті тəуір, бізде, пролетарларда, — бəрі де азды-көпті нашар; егер Батыс революциясы жəрдемге келіп үлгірмесе — ісімізден түк шықпайды, — «жаңа оппозицияның» жалпы сарыны, меніңше жойымпаздыққа жататын, ал оппозицияның пікірінше, əлденеге (сірə ермек үшін ғой деймін) «интернационализм» деп ұсынылып отырған сарыны, міне осындай.

Нэп — капитализм, дейді оппозиция. Нэп — көбінесе кейін шегіну, дейді Зиновьев. Мұның бəрі, əрине, дұрыс емес. Дұрысында, нэп — партияның социалистік элементтер мен капиталистік элементтердің күресіне жол беретін, капиталистік элементтерді социалистік элементтердің жеңуіне арнап шығарған саясаты. Дұрысында, нэп тек қана шегінумен басталды, бірақ нэп сол шегініс үстінде күштерді қайтадан топтастырып алып, шабуыл жасауға арналған. Дұрысында, біз бірнеше жылдар бойы шабуыл жасап келеміз, индустриямызды өркендетіп, совет саудасын өркендетіп, жеке капиталды ығыстырып шығара отырып, табыспен шабуыл жасап келеміз.

Ал, нэп — капитализм, нэп — көбінесе кейін шегі-

ну деген тезистің мағнасы қандай? Бұл тезис нені негізге алады?

Бұл тезис — кәзір бізде капитализмнің жай қайта орнауы, капитализмнің жай «қайта келуі» болып жатыр деген теріс жорамалды негізге алады. Біздің өнеркәсібіміздің социалистік сыйпаты жөніндегі оппозицияның күдігін тек осы жорамалдан ғана деп түсінуге болады. Оппозицияның кулактардан үрейі ұшуын тек осы жорамалдан ғана деп түсінуге болады. Шаруалардың жіктелуі туралы теріс цифрларға оппозицияның асығыс жармасуын тек осы жорамалдан ғана деп түсінуге болады. Орташа бізде егін шаруашылығының қазығы екендігі туралы оппозицияның ерекше ұмытшақтығын тек осы жорамалдан ғана деп түсінуге болады. Ортаншаның салмағын жете бағаламаушылықты, Лениннің кооператив жоспары жөніндегі күдіктенушілікті тек осы жорамалдан ғана деп түсінуге болады. Деревняның дамуының жаңа жолына, деревняны социалистік құрылысқа қатыстыру жолына «жаңа оппозицияның» сенбеуін тек осы жорамалмен ғана «дәлелдеуге» болады.

Дұрысында бізде кәзір капитализмнің қайта орнауының бірбеткей процесі болып жатқан жоқ, бізде капитализмнің дамуының және социализмнің дамуының екіжақты процесі, социалистік элементтер мен капиталистік элементтер күресінің қайшылықты процесі, капиталистік элементтерді социалистік элементтердің жеңу процесі болып жатыр. Мұның өзі социализмнің базасы мемлекеттік өнеркәсіп болып отырған қала үшін де, социалистік дамудың негізгі тұтқасы социалистік өндіріспен ұштасатын бұқаралық коопера-

ция болып отырған деревня үшін де, екеуіне де бірдей даусыз нәрсе.

Бізде өкімет пролетариат қолында, ірі өнеркәсіп пролетариат қолында, транспорт пен кредит пролетариат мемлекетінің қолында болғандықтан да, капитализмнің жай қайта орнауы мүмкін емес.

Деревнядағы жіктелу бұрынғы мөлшеріндей бола алмайды, орта шаруа шаруалардың негізгі бұқарасы болып қалады, ал кулак бұрынғы күшін қайтара алмайды, оның себебі, басқасын айтпағанда да, мынау: бізде жер национализацияланған, оны саудаға салушылық тыйылған, ал біздің сауда, кредит, салық және кооперация жөніндегі саясатымыз кулактардың қанаушылық талабына шек қойып, қалың шаруалар бұқарасының тұрмысын оңдауды және деревнядағы алшақтықтарды теңестіруді көздеп отыр. Біздің кулактармен күресіміз кәзір ескі жолмен, кедейлерді кулактарға қарсы ұйымдастыру жолымен ғана жүргізіліп қоймай, жаңа жолмен де — пролетариат пен кедейлердің орта шаруалар бұқарасымен бірігіп, кулактарға қарсы жасаған одағын нығайту жолымен де жүргізіліп келе жатқанын мен айтып та отырғаным жоқ. Кулактарға қарсы осы екінші жолмен күресудің мағнасын, маңызын оппозицияның түсінбеуі, дәл осы факт, оппозицияның деревня дамуының ескі жолына түсетіндігін, кулак пен кедей деревнядағы негізгі күш болып, орташалар «жуылып» отыратын кездегі капиталистік даму жолына түсетіндігін, тағыда көрсетіп отыр.

Оппозиция, Лениннің «Азық-түлік салығына»[42] сүйеніп, кооперация — мемлекеттік капитализмнің бір түрі дейді, сондықтан оппозиция кооперацияны социа-

листік дамудың негізгі тұтқасы етіп пайдалану мүмкіндігіне сенбейді. Оппозиция бұл жөнде де өрескел қате істеп отыр. 1921 жылы, «Азық-түлік салығы» жазылған кезде, бізде өркендеген социалистік өнеркәсіп жоқ кезінде, Ленин мемлекеттік капитализмді біздің шаруашылық жүргізуіміздің мүмкін болған негізгі түрі деп ойлаған кезде, ал кооперацияны мемлекеттік капитализммен ұштастырып қараған кезінде, кооперацияны олай түсіндіру жеткілікті және канағаттанарлық еді. Бірақ бұл түсіндіру енді жеткіліксіз және тарихтан кейін қалып отыр, өйткені одан бері уақыт өзгеріп кетті, социалистік өнеркәсіп бізде өркендеді, мемлекеттік капитализм тиісті дәрежеде өспеді, ал кәзір ондаған миллионнан артық мүшелері бар кооперация социалистік индустриямен ұштаса бастады.

Болмаса, «Азық-түлік салығынан» екі жыл кейін, 1923 жылы, Ленин кооперацияға басқаша қарай бастағанын, «біздің жағдайымызда кооперация екінің бірінде социализммен мүлде сайма-сай келеді» (қараңыз: XXVII том, 396-бет) дегенін, бұдан бөтен не деп түсіндіруге болады?

Мұны: бұл екі жыл ішінде социалистік өнеркәсіп өсіп үлгірді, мемлекеттік капитализм тиісті дәрежеде өспеді, осы себептен Ленин енді кооперацияны мемлекеттік капитализммен емес, социалистік өнеркәсіппен ұштастырып қарай бастады дегеннен басқа, не деп түсіндіру керек?

Кооперацияның даму жағдайлары өзгерді. Сондықтан кооперация мәселесін қолға алу әдісі де өзгеруге тиіс болды.

Мәселен, Лениннің «Кооперация туралы» (1923 ж.)

деген кітапшасының бұл мәселені анықтайтын мынадай бір тамаша жері бар:

«**Мемлекеттік капитализм тұсында*** кооперативтік кәсіпорындардың мемлекеттік-капиталистік кәсіпорындардан айырмасы — біріншіден, жекеше кәсіпорындар, екіншіден, коллективтік кәсіпорындары болып табылатындығы. **Біздің кәзіргі құрылысымыз тұсында*** кооперативтік кәсіпорындардың жеке-капиталистік кәсіпорындардан айырмасы — коллективтік кәсіпорындар болып табылатындығы, ал егер бұл кооперативтік кәсіпорындар мемлекетке тиісті, яғни жұмысшы табына тиісті жерде, соларға тиісті құрал-жабдықтар арқылы негізделген болса, онда бұл кәсіпорындардың социалистік кәсіпорындардан **айырмасы жоқ**»* (қараңыз: XXVII том, 396-бет).

Бұл кішкене цитатада екі үлкен мәселе шешілген. Біріншіден, «біздің кәзіргі құрылысымыздың» мемлекеттік капитализм еместігі туралы мәселе шешілген. Екіншіден, «біздің құрлысымызбен» ұштастыра алынған кооперативтік кәсіпорындардың социалистік кәсіпорындардан «айырмасы жоқ» екені туралы мәселе шешілген.

Бұдан анығырақ айту қыйын шығар деймін.

Лениннің сол кітапшасының міне тағы бір жері:

«Кооперацияның жәй өсуі біздің үшін (жоғарғы көрсетілгеннің «біраз» жерінен басқасы) социализмнің өсуімен бірдей, мұнымен қабат біз социализмге бүкіл көзқарасымыздың негізінен өзгергендігін лажсыз мойындаймыз» (қараңыз: бұл да сонда).

Анығында, «Кооперация туралы» деген кітапшада біз кооперацияға жаңаша баға бергендікті көріп отырмыз, мұны «жаңа оппозицияның» мойындағысы келмейді, фактыларға, айқын ақыйқатқа, ленинизмге қарамастан олар мұны ауызға алмай өтуге тырысады.

* Курсив менікі. **И. Ст.**

Мемлекеттік капитализммен ұштастыра алынған кооперация — бір басқа да, социалистік өнеркәсіппен ұштастыра алынған кооперация — өзіне басқа.

Дегенмен, бұған қарап, «Азық-түлік салығы» мен «Кооперация туралы» кітапшаның арасында жер мен көктей айырма бар деп қортынды жасауға болмайды. Бұл, әрине, дұрыс емес. Кооперацияға баға беру туралы мәселе жөнінде «Азық-түлік салығы» мен «Кооперация туралы» деген кітапшаның арасында үзілмейтін байланыс барлығын бірден табу үшін, мәселен, «Азық-түлік салығының» мынадай жерін келтірсек жеткілікті болады. Ол мынау:

«Концессиядан социализмге көшу — ірі өндірістің бір түрінен ірі өндірістің екінші түріне көшу. Ұсақ қожайындардың кооперациясынан социализмге көшу дегеніміз — ұсақ өндірістен ірі өндіріске көшу, яғни бұл қыйынырақ көшу болып табылады, бірақ оның есесіне бұл көшу, табысты болып шыққан күнде, халықтың қалың бұқарасын молырақ қамтыйтын, *социализмге дейінгі**, тіпті капитализмге дейінгі бұрынғы қатнастардың, барлық «жаңалыққа» қарсылығы мағнасында неғұрлым қарыспа болып отырған қатнастардың ең терең, ең төзімді тамырларын жұлып ала алатын көшу» (қараңыз: XXVI том, 337-бет).

Бұл цитатадан көрінетіні — «Азық-түлік салығын» жазған кездің өзінде-ақ, бізде өркендеген социалистік индустрия болмай тұрған кезде, Ленин кооперацияны, **табысты болып шыққан күнде**, «социализмге дейінгі» қатнастарға, олай болса **капиталистік қатнастарға да** қарсы күрестің мықты құралына айналдыруды мүмкін деп санаған. Нақ осы пікір соңынан оның «Кооперация туралы» кітапшасына негіз болды ғой деп ойлаймын.

* Курсив менікі. **И. Ст.**

Ал енді мұның бәрінен нендей қортынды шығады?

Бұдан шығатын қортынды — «жаңа оппозиция» кооперация туралы мәселеге марксистерше емес, метафизиктерше қарайды. Бұл оппозиция кооперацияны өзге құбылыстармен ұштастырып алынған, айталық, мемлекеттік капитализммен (1921 жылы) я социалистік өнеркәсіппен (1923 жылы) ұштастырып алынған тарихи құбылыс деп танымайды, түпкілікті және мәңгілік бір нәрсе, «өзіндік зат» деп таныйды.

Оппозицияның кооперация туралы мәселе жөніндегі қателері осыдан туады, деревняның кооперация арқылы социализмге қарай дамыйтындығына оппозицияның сенбеушілігі осыдан туады, оппозицияның ескі жолға, деревняның капиталистік даму жолына, бұрылатындығы осыдан туады.

Социалистік құрылыстың практикалық мәселелері жөнінде жаңа оппозицияның позициясы жалпы алғанда осындай.

Қортынды біреу: оппозицияның белгілібір жолы бар болғандықтан, оның бұл жолы, оның бұлталақтауы, солқылдақтығы, оның ісімізге сенбеуі және қыйыншылықтар алдында сасуы — біздің шаруашылығымыздағы капиталистік элементтері алдында олардың тізе бүгуіне бастайды.

Өйткені, егер нэп көбінесе кейін шегіну болатын болса, егер мемлекеттік өнеркәсіптің социалистік сыйпаты күмәнді болатын болса, егер кулактар мейлінше күшті деп айтарлық болса, кооперациядан үміт аз болатын болса, орташаның ролі кеміген үстіне кеміп келе жатса, деревняның жаңа жолмен дамуы күмәнді болатын болса, партия азғындауға жақын болса, ал

Батыс революциясы әлі онша жақын болмаса, — осының бәрінен кейін оппозицияның арсеналында немене қалмақшы, біздің шаруашылығымыздағы капиталистік элементтермен күресте олар неге сенеді? Құр «Заман философиясымен»[43] соғысқа аттануға болмайды ғой.

«Жаңа оппозицияның» арсеналы, егер оны арсенал деп атауға тұратын болса, қызыққандай арсенал емес екендігі айқын. Бұл күрес арсеналы емес. Жеңіс арсеналы болудан тіпті де қашық жатыр.

Егер мұндай арсеналға сүйеніп, партия төбелеске шықса, «ә дегенше» өзінің басын жоятындығы, оған біздің шаруашылығымыздағы капиталистік элементтердің алдында тізе бүгуге тура келетіндігі айқын.

Сондықтан партияның XIV съезінің: «ССРО-да социалистік құрылыстың жеңуі үшін күресу партиямыздың негізгі міндеті болып табылады» деп тауып, «біздің елімізде социализмді орнату ісіне сенбеушілікке қарсы және біздің «дәйекті социалистік типті» (Ленин) болған кәсіпорындарымызды мемлекеттік-капиталистік кәсіпорындар деп қарау әрекетіне қарсы күресу» — ол міндетті орындаудың керекті шарттарының бірі деп тауып, «мұндай идеялық ағымдар, жалпы алғанда социализм құрылысына, оның ішінде социалистік өнеркәсіп құрылысына бұқараның саналы қатнасын мүмкін етпей, шаруашылықтың социалистік элементтерінің өсуіне кедергі ғана жасайды және жеке капиталдың ол элементтермен күресін жеңілдетеді» деп тауып, «сондықтан съезд, ленинизмді мұндай бұрмалаушылықты жеңу үшін, тәрбие жұмыстарын кең түрде жүргізуді қажет санайды» деп тауып қаулы шығаруы әбден дұрыс болды (БК(б)П Орталық Ко-

митетінің есебі бойынша шығарылған қарарды қараңыз[44]).

БК(б)П XIV съезінің тарихи маңызы — бұл съезд «жаңа оппозицияның» қателерін түп тамырына дейін аша білді, оның сенбеушілігі мен байбаламын жолдан аулақ лақтырып тастады, социализм жолындағы келешек күрестің жолын мүлтіксіз, айқын белгіледі, партияға жеңудің келешегін ашып берді, осының арқасында пролетариатты социалистік құрылыстың жеңуіне берік сеніммен қуралдандырды.

25 январь, 1926 ж.

И. В. Сталин. Ленинизм мәселелері жөнінде. М.— Л., 1926

ЖҮМЫСШЫ ТАБЫНЫҢ ОДАҚТАСЫ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ШАРУАЛАР ТУРАЛЫ

Болтнев П. Ф., Ефремов В. И., Ивлев В. И. жолдастарға жауап

Кешеуілдеп жауап беруге тура келіп отырғандығына ғапу өтінемін.

Жұмысшы табының одақтасы болып табылатын шаруалар жұмысшы табына тек кәзіргі уақытта керек деп менің сөзімде[45] әсте айтылмаған.

Ол сөзде Европа елдерінің біреуінде революция жеңгеннен кейін Россияда жұмысшы табы мен шаруалардың одағы керексіз болады деп айтылмаған. Менің ойымша, сіздер менің Москва конференциясында сөйлеген сөзімді нашар оқығансыздар.

Онда «шаруалар біздің революциямызға кәзір-ақ тікелей жәрдем көрсете алатын бірден-бір одақтас болып табылады» деп қана айтылған. Бұдан: Европада жеңімпаз революция жасалғанынан кейін біздің еліміздің жұмысшы табы үшін шаруалар керексіз бола алады деген қортынды шыға ма? Әрине, ондай қортынды шықпайды.

«Дүниежүзілік революция жасалғанынан кейін, төртінші одақтас, — шаруалар керек болмайтын кез-

де не болады? Оған көзқарас қандай болады?» — деп сұрайсыздар сіздер.

Біріншіден, «дүниежүзілік революциядан кейін» шаруалар керек болмайды деу дұрыс емес. Дұрыс болмайтын себебі — «дүниежүзілік революциядан кейін» біздің шаруашылық-құрылыс жұмысымыз алып адыммен алға басуға тиіс, ал социализмді шаруаларсыз құруға болмайды, нақ сол сияқты шаруалар пролетариатсыз қайыршылықтан шыға алмайды. Олай болса, Батыста жеңімпаз революция болғанынан кейін жұмысшылар мен шаруалардың одағы босаңсымайды, қайта нығаятын болуға тиіс.

Екіншіден, «дүниежүзілік революциядан кейін», біздің құрылыс жұмысымыз жүз есе күшейген кезде, істің өзі былай бет түзейді: жұмысшылар мен шаруалар мүлдем әртүрлі экономикалық топтар болғандықтан олардың арасындағы айырмашылық жоғала бастайды, олар жердің және фабриканың еңбекшілеріне айнала бастайды, яғни өздерінің экономикалық жағдайы жағынан теңеле бастайды. Ал бұл не деген сөз? Бұл — жұмысшылар мен шаруалардың одағы олардың қосылуына, толық тұтасуына айнала бастайды, бұрынғы жұмысшылар мен бұрынғы шаруалардың, ал кейін социалистік қоғамның жалпы еңбекшілерінің бір ғана социалистік қоғамына бірте-бірте айналады деген сөз.

«Дүниежүзілік революция жеңгеннен кейінгі» жерде шаруаларға біздің көзқарасымыз осындай.

Менің сөзімде әңгіме партияның болашақта шаруаларға қалай қарайтындығы жайында болып отырған жоқ, кәзіргі минутта, кәзіргі кезде, Батыстағы капиталистер біраз есін жыя бастағанда жұмыс-

шы табының ең қолма-қол одақтасы, қолма-қол жәрдемшісі төрт одақтастың қайсысы болады дегенде болып отыр.

Өз сөзімде мен мәселені неге нақ осылай қоямын? Мұның себебі мынау: біздің партиямыздың ішінде өздерінің ақылсыздығынан, ойға шорқақтығынан шаруаларды бізге одақтас емес деп ойлайтын адамдар бар. Біздің партиямыздың ішінде мұндай адамдардың бар екені жаман ба, жақсы ма, — онысы басқа жұмыс, бірақ мұндай адамдар бар. Сөзімде мен нақ осындай адамдарға қарсы сөйледім және қазіргі кезеңде шаруалар жұмысшы табының ең қолма-қол одақтасы болып табылатындығын, шаруалар жөнінде сенімсіздік тудыратын адамдар, өздері мұны аңғармай, біздің революциямыздың ісін мерт қылуы мүмкін екенін, яғни жұмысшылардың ісін де, шаруалардың ісін де мерт қылуы мүмкін екенін дәлелдедім.

Әңгіме міне осы туралы болып отыр.

Дамыған капиталистік елдердің пролетариаты берік одақтас және сенімді одақтас болып табылатын болса, шаруаларды оншама берік одақтас емес, ондай сенімді одақтас емес деп атайтыныма сіздер біраз ренжігенсіздер-ғой деп ойлаймын. Мен сіздердің бұған ренжігендеріңізді байқаймын. Ал сонда менікі дұрыс емес пе? Сонда мен , шындықты көзге айтуға тиісті емеспін бе? Колчак пен Деникиннің шапқыншылығы кезінде шаруалардың біресе жұмысшылар жағына, біресе генералдар жағына толқығаны рас емес пе? Ал Деникин мен Колчактың армияларында шаруалар, өз еркімен кірген шаруалар, аз болды ма?

Мен шаруаларды кінәламаймын, өйткені олардың толқуының себебі — саналылығының жеткіліксіздігі-

нен. Бірақ егерде мен коммунист болсам, шындықты көзге айтуға тиістімін. Бізді Ленин осылай үйретті. Ал шындық мынау: қыйын-қыстау кезенде, Колчак пен Деникин жұмысшыларды қыспаққа ала бастаған кезде, жұмысшы табының одақтасы болып табылатын шаруалар жеткілікті табандылық пен беріктікті әрқашан көрсетіп отырды деуге болмайды.

Мұның мәнісі — шаруа атаулыны пролетариаттың одақтасы деп санамайтын кейбір ойға шорқақ жолдастардың осы күнде істеп жүргеніндей, шаруаларға зер салмай қоюға болады деген сөз бе? Жоқ, олай деген сөз емес. Шаруаларға зер салмай қою деген сөз — жұмысшыларға да қарсы, шаруаларға да қарсы қылмыс жасау деген сөз. Шаруалардың санасын арттыру үшін, оларға білім беру үшін, оларды біздің революциямыздың көсемі болып табылатын жұмысшы табына жақындату үшін біз барлық шараларды істейміз, сөйтіп біз елімізде шаруалар пролетариаттың барған сайын берік, барған сайын сенімді одақтасына айнала беруіне жетеміз.

Ал Батыста революция сақ еткен кезде, шаруалар әбден нығайып болады және біздің еліміздің жұмысшы табының ең сенімді одақтастарының бірі болады.

Жұмысшы табының одақтасы болып табылатын шаруаларға коммунистердің көзқарасын осылай түсіну керек.

Жолдастық сәлеммен

И. Сталин

9 февраль, 1926 ж.

Бірінші рет басылып отыр

БІЗДІҢ ЕЛІМІЗДЕ СОЦИАЛИЗМ ОРНАТУ МҮМКІНДІГІ ТУРАЛЫ

Покоев жолдасқа жауап

Покоев жолдас!

Кешігіңкіреп жазып отырмын, мұның үшін Сіздің өзіңіздің және Сіздің жолдастарыңыздың алдында ғапу өтінемін.

Амал не, біздердің XIV съездегі алауыздықтарымызды Сіздер түсінбепсіздер. Әңгіме оппозиция біз әлі социализмге дейін өсіп жеткеніміз жоқ деді-мыс, ал съезд біз социализмге кәзірдің өзінде-ақ өсіп жеттік деп айтты-мыс дегенде емес; әңгіме мүлдем мұнда емес. Олай деу дұрыс емес. Біздің партиямыздың ішінен біз кәзірдің өзінде-ақ социализм орнаттық деп айта алатын бірде-бір адам табылмайды.

Съезде талас мүлдем бұл жайында болған жоқ. Талас міне мынау жайында болды. Батыста жеңімпаз революция жәрдемге келіп үлгірмеген күннің өзінде де жұмысшы табы еңбекші шаруалармен одақтаса отырып, біздің еліміздің капиталистерін толық жоя алады және социалистік қоғам орната алады, деді съезд. Ал оппозиция: Батыста жұмысшылар жеңбей

тұрып, біз өз капиталистерімізді толық жоя алмаймыз және социалистік қоғам орната алмаймыз, деді. Ал Батыста революцияның жеңуі біраз кешеуілдеп отырған соң біздің бір орында шырайнала беруімізге тура келетін болса керек. Оппозицияның мұндай көзқарасы өз капиталистерімізді жеңу ісіне сенбегендік болып табылатынын съезд айтты және мұны Орталық Комитеттің есебі бойынша қабылдаған қарарында да[46] айтты.

Міне әңгіме осы жайында болды, қымбатты жолдастар.

Әрине, бұдан бізге Батыс Европа жұмысшыларының жәрдемі керек емес деген сөз шықпайды. Айталық, Батыс Европа жұмысшылары бізге тілеулестік білдірмеді екен, моральдық жәрдем көрсетпеді екен. Айталық, Батыс Европа жұмысшылары өз капиталистерінің біздің республикамызға қарсы жорыққа шығуына бөгет жасамады екен. Оның аяғы неге апарар еді? Оның аяғы мынаған апарар еді: капиталистер бізге қарсы аттанған болар еді, біздің құрылыс жұмысымызды негізінен бұзған болар еді, әйтпесе тіпті бізді мүлдем талқандаған болар еді. Егер капиталистер ондай әрекет етпей отырған болса, оның себебі — біздің республикамызға қарсы жорыққа шыққан күнде жұмысшылар өзіміздің тылымыздан тиіседі деп капиталистер қорқып отыр. Батыс Европа жұмысшыларының тарапынан біздің революциямызға көрсетіліп отырған жәрдем деп бізде осыны айтады.

Бірақ Батыс жұмысшылары тарапынан жәрдем көрсетілуінен Батыста революцияның жеңуіне дейін өте-мөте көп уақыт бар. Батыс жұмысшыларының тарапынан жәрдем болмайынша біз өзімізді қоршаған

жауларға төтеп бере коя алар ма едік. Егер бұл жәрдем кейін Батыста жеңімпаздық революцияға ұласса, — әбден жақсы. Онда біздің елімізде социализмнің жеңісі түпкілікті жеңіс болады. Ал егер бұл жәрдем Батыста революцияның жеңуіне ұласпаса ше? Батыста мұндай жеңіс болмаса, біз социалистік қоғам құрылысын жүргізе аламыз ба және ол қоғамды орната аламыз ба? Орната аламыз, деп жауап берді съезд. Әйтпесе 1917 жылы Октябрьде өкіметті алудың керегі жоқ еді. Егер біз өз капиталистерімізді толық жоюды көздемеген болсақ, 1917 жылы Октябрьде өкіметті бекер алдық деп әркім-ақ айтады. Ал оппозиция өз капиталистерімізді біз тек өзіміздің күшімізбен толық жоя алмаймыз, дейді.

Біздің арамыздағы айырмашылық міне осы.

Съезде социализмнің түпкілікті жеңуі туралы тағы да сөз болды. Бұл не деген сөз? Бұл — шет ел капиталистерінің интервенциясынан және сол капиталистердің біздің елімізге қарсы қарулы күрес жүргізуі жолымен біздің елімізде ескі тәртіптерді қайта орнатуынан құтылуға толық кепілдік туғызу деген сөз. Біз тек өз күшімізбен осы кепілдікті туғыза аламыз ба, яғни халықаралық капиталдың тарапынан соғыс интервенциясы болмайтындай ете аламыз ба? Жоқ, ете алмаймыз. Бұл біз бен бүкіл Батыс пролетариатының ортақ ісі. Халықаралық капиталды барлық елдердің, немесе, ең болмағанда, Европаның негізгі елдерінің жұмысшы табының күшімен ғана түпкілікті ауыздықтауға болады. Бұл араға келгенде Европаның бірнеше елдерінде революция жеңбейінше болмайды, — мұнсыз социализмнің түпкілікті жеңуі мүмкін емес.

Ақыр-аяғында не болып шығады?

Мынадай болып шығады: социалистік қоғамды біз Батыста революция жеңбей-ақ өз күшімізбен орната аламыз, бірақ біздің елімізді халықаралық капиталдың оқталуынан біздің еліміздің бір өзі ғана қауіпсіз ете алмайды, — мұның үшін Батыстағы бірнеше елде революцияның жеңуі керек. Біздің елімізде социализм орнату мүмкіндігі — бір әңгіме, ал біздің елімізді халықаралық капиталдың оқталуынан қауіпсіз ету мүмкіндігі — екінші әңгіме.

Сіздің қатеңіз және Сіздің жолдастарыңыздың қатесі, менің ойымша, мынада: Сіздер бұл істі талдап айыра қарамағансыздар да, бұл екі мәселені шатастырып алғансыздар.

Жолдастық сәлеммен

И. Сталин

P. S. «Большевиктің»[47] (москвалық) 3-номерін алып, ондағы менің мақаламды оқысаңыздар екен. Бұл Сіздердің ісіңізді жеңілдетер еді.

И. Сталин

10 февраль, 1926 ж.

Бірінші рет басылып отыр

КОТОВСКИЙ ЖОЛДАС ТУРАЛЫ

Мен партияның үлгілі мүшесі, тәжрибелі әскери ұйымдастырушы және өте шебер командир Котовский жолдасты білуші едім.

Мен оны әсіресе 1920 жылы Польша майданында болғанынан жақсы білемін; ол кезде Будённый жолдас поляк армиясының тылында Житомирге қарай жарып өтіп бара жатыр еді, ал Котовский өзінің аттыәскер бригадасын поляктардың Киев армиясына өжет-батыл шабуылдар жасауға бастап жүр еді. Ол ақполяктардың үрейін ұшырушы еді, өйткені, сол кезде қызыл армияшылардың айтатынындай, ақполяктарды ешкім ол сияқты «кескілей» алмайтын еді.

Кішіпейіл командирлеріміздің ішіндегі ең ержүректісі және ержүректілердің ішіндегі ең кішіпейілі — мен білетін Котовский жолдас міне осындай еді.

Топрағы торқа болсын, даңқы мәңгі өшпесін.

И. Сталин

„Коммунист“ (Харьков)
№ 43 (1828), 23 февраль, 1926 ж.

КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН VI ПЛЕНУМЫНЫҢ ФРАНЦУЗ КОМИССИЯСЫНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[48]

6 март, 1926 ж.

Жолдастар! Амал нешік, менің француз істерімен таныстығым аз. Сондықтан мен бұл мәселені осында керек болып отырғандай дәрежеде толық қамтый алмаймын. Солай бола тұрса да, осында Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің пленумында өзім тыңдаған сөздердің негізінде француз істері жайында қалыптасқан пікірім бар, сондықтан мен комиссияда сол негізде бірнеше ескертулер айтуды өзімнің борышым деп санаймын.

Мұнда біздің алдымызда бірнеше мәселе тұр.

Бірінші мәселе — Франциядағы саяси жағдай жөнінде. Жолдастардың Франциядағы кәзіргі саяси жағдай жайында айтылған сөздеріндегі жайбарақаттық мені біраз тынышсыздандырады. Франциядағы жағдай азды-көпті біркелкі екен, жалпы алғанда, істің жайы біршама тәуір екен, кейбір қыйыншылықтар бар екені рас, бірақ ол қыйыншылықтар қандай да болса дағдарысқа ұшырата қояр ма екен және т. т. деген пікір туып қалады. Ол дұрыс емес, жолдастар. Мен Францияны өзінің 23-нші жылының[49] алдында

тұр деп айта алмаймын, солай бола тұрса да, ол дағдарысқа қарай келе жатыр ғой деп ойлаймын. Бұл жөніндегі комиссияның тезистерін де, белгілі жолдастардың ескертулерін де мен дұрыс деп санаймын.

Бұл дағдарыс — ерекше дағдарыс, өйткені Францияда жұмыссыздық жоқ. Францияның кәзір Германиядан алтын алып қоректеніп отырғандығынан дағдарыс баяу болып отыр. Бірақ бұл уақытша жағдай, өйткені, біріншіден, Францияның ішкі жыртық-тесігін тығындауына және Англия мен Америкаға борыштарын өтеуге германның алтыны жетпейді, екіншіден, Францияда жұмыссыздық болмай қоймайды. Экспортты демеп отырған инфляция бар тұрғанда жұмыссыздық бәлкім бола қоймас, бірақ кейін, валюта орнығып, борыштар жөніндегі халықаралық есеп айырысу ісі өзінің ықпалын жасаған кезде Францияда өнеркәсіп шоғырланбай қоймайды, жұмыссыздық болмай қоймайды. Францияның дағдарысқа қарай келе жатқандығының сенімді бір белгісі — Францияның басшы топтарында орын теуіп отырған әбігершілік және Францияда кәзір министрлердің жиі-жиі ауыса беретіндігі болып отыр.

Дағдарыстың дамуы — олқылықтардың өршеленіп үдей беруі екен деп суреттеуге ешуақытта да болмайды. Ешуақытта ондай дағдарыс болмайды. Революциялық дағдарыс дағдыда құбылмалы болады: кішкене олқылық, содан соң жағдайдың жақсаруы, содан соң одан гөрі үлкен олқылық, одан кейін біраз өрге басушылық болып тұрады және т. т. Мұндай құбылмалы жағдайдың болуы буржуазияның ісі жөнделіп келе жатыр екен деп ойлауға дәлел болмауы тиіс.

Сондықтан жайбарақаттық бұл арада қатерлі. Қатерлі болатыны — дағдарыстың жұрттың ойлағанынан гөрі шапшаң басып кетуі мүмкін, сөйтіп француз жолдастардың қапылыста қалуы ықтимал. Ал қапылыста қалған партия оқыйғаларға басшылық ете алмайды. Сондықтан мен былай деп ойлаймын: француз коммунистік партиясы революциялық дағдарыстың біртебірте күшеюіне бағыт ұстауы керек. Сондықтан француз партиясы жұмысшылардың ой-санасы мен жүрегін осы дағдарысқа әзір тұратындай етіп үгіт пен насихат ісін жолға қоюы керек.

Екінші мәселе — партияның ішінде оңшылдық қаупінің күшейіп бара жатқандығы. Мен былай деп санаймын: француз компартиясының төңірегінде де, партияның өз ішінде де партиядан шығарылғандар және партиядан шығарылмағандар бастаған оңшылдардың едәуір үлкен жауынгер тобы бар, бұл топ ылғый коммунистік партияның әлін алып, діңкесін құртуда. Мен жаңа ғана Кремемен сөйлестім. Ол партия жолымен ғана емес, кәсіпшілік одақтары ұйымдарының жолымен де оңшылдардың жіктері өмір сүруде, ол жіктер үн-түнсіз астыртын жұмыс жүргізуде, ал кейбір жерлерде компартияның революцияшыл жақ бөлегіне тура шабуыл жасауда деген жаңа факт айтты. Англердің тіпті бүгінгі сөзінде де бұл жөнінде кейбір белгілер бар, сондықтан бұған жолдастардың назарын мықтап аудару керек.

Күшейіп отырған дағдарыстың дәуірінде оңшылдар әрқашан бас көтереді. Бұл революциялық дағдарыстар үшін ортақ заң. Оңшылдар басын көтереді, өйткені олар революциялық дағдарыстан қорқады, сондықтан олар партияны кері тарту үшін және кү-

шейіп бара жатқан дағдарыстың өршуіне жол бермеу үшін қолынан келгенінің бәрін істеуге әзір. Сондықтан, менің ойымша, Францияның коммунистік партиясы жаңа революциялық кадрлар шыңдап шығаруға, бұқараны дағдарысқа даярлауға тиісті болғандықтан компартияның кезектегі міндеті — оңшылдарға тойтарыс беру, оларды оқшау қалдыру болып табылады.

Францияның коммунистік партиясы осындай тойтарыс беруге әзір ме?

Мен **үшінші мәселеге,** француз компартиясының басшы тобының ішіндегі істердің жайына көшемін. Оңшылдарды оқшау қалдыру үшін Француз компартиясының басшы тобын оңшылдарға қарсы күрес жүргізген, бірақ ірі қателер істеген екі жолдастан құтқару керек деген сияқты әңгімелер естіледі. Менің айытқалы тұрғаным Трен мен Сюзанна Жиро. Турасын айтамын, өйткені ең жақсысы әр нәрсені өз атымен атап айту болады.

Оңшылдарға қарсы шабуылды оңшылдарға қарсы күрес жүргізген адамдарды басшы топтан шығарумен бастаудың қаншалықты қолайлы болатынын мен білмеймін. Мен басқаша болады ғой, өзге ұсыныс, ең болмағанда мынадай ұсыныс: оңшылдар арсызданып кеткендіктен, олар өздерінің органы — «Бюллетен Коммюнисті»[50] жауып, партияға кір келтіретін декларация шығарғандықтан, оңшылдардың қайсыбіреулерін партиядан мүлдем шығарып тастайтындай етіп, олай болмаса, саяси жағынан әшкерелейтіндей етіп іс жүргізуге болмас па екен, деген ұсыныс жасалады ғой деп ойлап едім. Оңшылдық қауіп туып отырғандығы себепті мәселе осылай қойылады деп ойлап едім. Мен осында нақ осындай мәлімдеме естір-

мін деп ойлап едім. Мұның орнына бізге оңшылдарды оқшау қалдыру ісін оңшыл емес екі адамды оқшау қалдырудан бастау керек деп ұсынады. Бұл арада мен логика бар деп ойламаймын, жолдастар!

Бірақ бұл арада бұл мәселемен, оңшылдарға қарсы күресу мәселесімен екінші мәселе ұштасып жатыр, ол — Франция компартиясының Саясаттық Бюросының ішінде ұйымдасқан көпшілік тобының болмай отырғаны. Партияның басшы тобында бір нысананы көздей алатын тұтас көпшілік болмаса, партияның оңшыл топқа да қарсы, «әсіресолшыл» топқа да қарсы күрес жүргізе алмайтыны әбден рас. Бұл әбден дұрыс. Мен мұндай топ құрылуға тиіс деп есептеймін және ол топ Семар, Креме, Торез, Монмуссо сияқты жолдастардың төңірегінде құрылды немесе таяу уақыттың ішінде құрылады ғой деп шамалаймын. Осындай топ жасау немесе, басшы бір топта мен айтқан әлгі жолдастардың арасында істі ауызбірлікпен жолға қою — оңшылдарға қарсы күресте күшті бір жерге жыйнау деген сөз болады. Сіздер оңшылдарға соққы бере алмайсыздар, өйткені оңышлдар көбейіп барады және олар Франция жұмысшы табының ішінде біраз тамыр жайған болса керек, егерде оңшылдарға қарсы ақырына дейін күресуге әзір тұрған барлық революцияшыл коммунистерді басшы топтың ішіне біріктірмесеңіздер, сіздер оңшылдарға соққы бере алмайсыздар, деймін мен. Оңшылдарға қарсы күресті өз күштеріңізді бытыратудан бастау — келісімсіз, орынсыз. Егер күштер бір жерге жыйнақталмаса, өздеріңізді әлсіретіп алуларыңыз да, оңшылдарға қарсы күресте ұтылуларыңыз да мүмкін.

Француз жолдастардың барлық күштерді, соның

ішіне Трен мен Сюзанна Жироны да қосып, бір жерге жыйнақтауды мүмкін деп санамауы, әрине, ықтимал нәрсе, олардың мұны мүмкін емес деп табуы ықтимал нәрсе. Онда француз жолдастар өздерінің Орталық Комитетінің пленумында немесе өздерінің конгресінде өздерінің Саясаттық Бюросының құрамына тиісті өзгерістер енгізсін. Мұны Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің қатнасынсыз, өздері істесін. Олардың бұған правосы бар.

Біздер, орыс жолдастар, секциялардың өздеріне өздері көбірек басшылық етуіне мүмкіндік беру жөнінде жақында ғана партияның XIV съезінде белгілі қаулы алдық. Біз мұны былай деп түсінеміз: секциялардың ісіне, атап айтқанда — біздің Коминтерн секцияларының басшы топтарын құру ісіне Коминтерн Атқару Комитеті тікелей араласудан мүмкін қадарынша, аулақ болу керек. Біздерді өзіміздің партия съезінде жақында ғана қабылданған қарарды бұзуға мәжбүр етпесеңіздер екен, жолдастар. Әрине, жеке жолдастар жөнінде репрессия керек болатын кездер болады, бірақ кәзіргі кезеңде мұндай мұқтаждық бар деп ойламаймын.

Сондықтан мен біздің комиссиядан мыналар талап етіледі деп ойлаймын:

Бірінші — оңшылдарға қарсы батыл күресу ұранымен және қате істеген жолдастардың қателерін көрсете отырып, француз мәселесі жөнінде айқын саяси қарар белгілеу.

Екінші — өткір жүзімен оңшылдарға қарсы бағытталған бұл қарардың төңірегіне Франция компартиясының құрамындағы басшы топты ұйымдастыру керек, яғни бұл топтың мүшелерін осы қарарды күш

біріктіріп ар-ұятпен жүзеге асыруға міндеттеу керек деп француз жолдастарға кеңес беру.

Үшінші — француз жолдастарға өздерінің практикалық жұмысында аластау әдісімен, репрессиялар әдісімен әуестеніп кетпеуге кеңес беру.

Төртінші мәселе — Франциядағы жұмысшылардың кәсіпшілер одақтары туралы мәселе. Менде кейбір француз жолдастар бұл іске тым жеңіл қарайды-ау деген пікір туып отыр. Кәсіпшілер одақтары Конфедерациясының өкілдерінің тарапынан қателер болған шығар деймін, бірақ сонымен қатар Конфедерация жөнінде француз компартиясы Орталық Комитетінің тарапынан да қателер болған шығар деп ойлаймын. Монмуссо жолдастың партия тарапынан қамқорсынушылық азырақ болса екен деп тілеуі әбден табиғи нәрсе. Бұл — бола беретін нәрсе, өйткені екі параллель ұйым: партия бар да, кәсіпшілер одақтарының Конфедерациясы бар, сондықтан бұлардың арасында кейде кейбір егес болмай тұрмайды. Бұл бізде де, орыстарда да бар, барлық компартияларда да бар, — мұнсыз болмайды. Бірақ кәсіпшілер одақтарының барлық ұсақ-түйек істеріне француз компартиясының Орталық Комитеті неғұрлым аз араласатын болса, егес соғұрлым аз болады. Кәсіпшілер одақтарына басшылық еткенде кәсіпшілер одақтарында тұрақты жұмыс жүргізетін коммунистерден тысқары емес, нақ солар арқылы басшылық ету керек. Бізде, орыс партиясында, кәсіпшілер одақтарына басшылық етуде асыра сілтеңкіреп жіберген кездер болды. Біздің партиямыздың архивінен сіздер партия кәсіпшілер одақтарына қамқорсынбасын, оларға басшылық етсін, бірақ қамқорсынбасын деген, біздің партия съездері қабылдаған

бірсыпыра қарарларды таба аласыздар. Осы жағына келгенде кәсіпшілер одақтары жөнінде француз компартиясының да кейбір кінәлары бар ма, деп қорқамын; менің мұнымды жолдастар кешірер. Мен былай деп санаймын: партия — жұмысшы табы ұйымының ең жоғарғы формасы және нақ сол себепті партияға көбірек талап қойылады. Сондықтан кәсіпшілер одақтарына көзқарас жақсарып, орнығатын болуы үшін және Монмуссо жолдас, кәсіпшілер одақтарының басқа да қызметкерлері коммунистік партияның тұрғысынан керекті болып табылатын бағытта жұмыс істей алатын болуы үшін ең алдымен Орталық Комитеттің қателерін жоятын болу керек.

Егер партияның кәсіпшілер одақтары және бұлардың басшылары сияқты өте үлкен тірегі болмаса, партия ілгері дамый алмайды, әсіресе кәзір Батыста болып отырған жағдайларда дамый алмайды, партия нығая алмайды. Кәсіпшілер одақтарымен және олардың басшыларымен кеңінен байланыс жасай білген және олармен нағыз пролетарлық ауызбірлік орната білген партия ғана, тек осындай партия ғана Батыста жұмысшы табының көпшілігін өз жағына қарата алады. Сіздер өздеріңіз білесіздер, жұмысшы табының көпшілігін өз жақтарыңызға қаратып алмайынша, жеңіске жетеміз деп ойлауға да болмайды.

Демек, не болып шығады?

Мынадай болып шығады:

а) Франция дағдарысқа қарай келе жатыр;

б) осы дағдарысты сезіп және одан қорқып, оңшыл элементтер бас көтеруде және партияны кері тартуға тырысуда;

в) партияның кезектегі міндеті — оңшылдық кау-

пін жою және оңшылдарды оқшау қалдыру болып табылады;

г) оңшылдарды оқшау қалдыру үшін партия басшылығының құрамындағы, оңшылдарға қарсы ақырына дейін күресу қолынан келетін нағыз коммунистік басшылардың бәрін бір жерге жыйнақтау керек;

д) күштерді бір жерге жыйнақтау ісі оңшылдарға қарсы күресте және жұмысшыларды революциялық дағдарысқа даярлауда көздеген нәтижелерді беретін болуы үшін басшы топ кәсіпшілер одақтарына сүйенетін болуы керек және кәсіпшілер одақтарымен, олардың қызметкерлерімен нағыз пролетарлық ауызбірлік жасай білуі керек;

е) практикалық жұмыста кейбір жолдастар жөнінде аластау әдісімен, репрессиялар әдісімен әуестеніп кетпеу керек, қайта ең алдымен көзін жеткізу әдісімен пайдалану керек.

Бірінші рет басылып отыр

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОММУНИСТІК ӘЙЕЛДЕР КҮНІНЕ

Социалистік пролетариаттың төңірегіне біртұтас еңбекші семья болып топталып жатқан дүние жүзінің жұмысшы әйелдері мен еңбекші әйелдеріне жалынды сәлем.

Олардың:

1) барлық елдердің жұмысшыларының халықаралық байланыстарын нығайту және пролетарлық революцияның жеңуін қамтамасыз ету ісінде;

2) еңбекші әйелдердің артта қалған жіктерін буржуазияның рухани және экономикалық құлдығынан құтқару ісінде;

3) шаруа әйелдерді революцияның көсемі және социалистік құрылыстың басшысы — пролетариаттың төңірегіне топтау ісінде;

4) езілген бұқараның өз жағдайлары жағынан тең емес екі бөлегін теңсіздік атаулыны құрту жолындағы, езушілік атаулыны құрту жолындағы, пролетариаттың жеңуі жолындағы, біздің елімізде жаңа, со-

циалистік қоғам орнату жолындағы күрескерлердің біртұтас армиясына айналдыру ісінде толық табысқа жетулерін тілеймін.

Халықаралық коммунистік әйелдер күні жасасын!

И. Сталин

„Правда" № 55,
7 март, 1926 ж.

КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН VI ПЛЕНУМЫНЫҢ ГЕРМАН КОМИССИЯСЫНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

8 март, 1926 ж.

Жолдастар! Менің тек бірнеше ескертуім бар.

1. Егерде ССР Одағының мүдделері керек қылған болса, Батыстағы компартиялар оңшылдық саясатқа дағдылануға тиісті болған болар еді, деп ойлайды кейбір жолдастар. Мен бұған қосылмаймын, жолдастар. Мен біздердің, орыс жолдастардың, өз жұмысымызда қолданатын принциптерімізбен бұл болжаудың мүлдем сыйыспайтынын айтуға тиістімін. Біздің Советтік республиканың мүдделері бір уақытта біздің туысқан партиялардың оң жаққа қарай ауа жайылуын керек ететін кез болады екен деп мен тіпті ойыма да ала алмаймын. Өйткені оңшылдық саясатты практикада қолдану не деген сөз? Бұл — қалай болса, олай болсын, жұмысшы табының мүдделерін сату деген сөз. ССР Одағының мүдделері біздің туысқан партиялардың жұмысшы табы мүдделерін тіпті бір секундқа болса да сатуын тілейді екен деп мен тіпті ойыма да ала алмаймын. Бүкіл дүние жүзіндегі революциялық пролетарлық қозғалыстың базасы бо-

лып табылатын біздің республикамыздың мүдделері Батыстағы жұмысшылардың барынша революцияшыл, барынша саяси белсенді болуын керек етпей, бұл белсенділіктің кемуін, революцияшылдықтың бәсеңдеуін керек етеді екен деп мен тіпті ойыма да ала алмаймын. Олай болжау біздер үшін, орыс жолдастар үшін, зәбір болады. Сондықтан мен мұндай соракы және мүлдем мыйға конбайтын болжаудан бүтіндей және толық араны ашып алуды өзімнің борышым деп санаймын.

2. Герман компартиясының Орталық Комитеті жөнінде. Кейбір интеллигенттердің тарапынан: герман компартиясының Орталық Комитеті әлсіз, оның басшылық етуі нашар, Орталық Комитеттің ішінде интеллигент күштердің болмауы жұмысқа теріс әсерін тигізіп отыр, Орталық Комитет өмір сүріп отырған жоқ деген және т. т. сөздер естіледі. Мұның бәрі дұрыс емес, жолдастар. Мұндай әңгімелерді мен интеллигенттердің коммунистерге лайықсыз дөрекі қылығы деп санаймын. Герман компартиясының кәзіргі Орталық Комитеті кездейсоқ құрылған жоқ. Ол оңшылдық кателерге карсы күресте туды. Ол «әсіресолшылдық» кателерге карсы күресте нығайды. Сондықтан ол оңшыл да емес, «әсіресолшыл» да емес. Бұл — ленииндік Орталық Комитет. Бұл — герман компартиясына кәзір керек болып отырған басшы жұмысшы топтың нак өзі.

Осы күнгі Орталық Комитет теориялық білімдерімен жарқырап көзге түсіп отырған жоқ, деседі. Немене сі бар, — дұрыс саясат болсын деңіз, теориялық білім ешқайда кашпайды. Білім жүре пайда болатын

нәрсе, егер ол бүгін жоқ болса, ертең бар болады, ал герман компартиясы Орталық Комитетінің кәзір қолданып отырған дұрыс саясатын кейбір тәкаппар интеллигенттердің ұғынып алуы оншама оңай емес. Ал кәзіргі Орталық Комитеттің күші — оның дұрыс лениндік саясат жүргізіп отырғанында; өздерінің «білімімен» тәкаппарланатын интеллигентсымақтардың осыны түсінгісі келмейді. Кейбір жолдастардың пікірінше, қайдағы бір интеллигенттің екі-үш кітапты артық оқыса болғаны немесе бірлі-жарым кітапшаны артық жазса болғаны — ол партияға басшылық ету правосын дәме қылады. Бұл дұрыс емес, жолдастар. Бұл — дұрыс болмағанымен қатар тіпті ерсі. Сіздің философия жөнінде тұтас бір кітаптар жазуыңыз мүмкін, бірақ, егерде сіз Германия компартиясының Орталық Комитетінің дұрыс саясатын ұғып алмаған болсаңыз, сізді партияның басқару тұтқасына жуытуға болмайды.

Тельман жолдас! Егерде әлгі интеллигенттер шынымен жұмысшы табына қызмет еткісі келсе, оларды қызметке алыңыз, я болмаса, егер олар қалай да әкімшілік еткісі келсе, жолатпай аулақ қуып жіберіңіз... Осы күнгі Орталық Комитетте жұмысшылардың басым болып отырғандығының фактысы герман компартиясының үлкен артықшылығы болып табылады.

Германия компартиясының міндеті неде?

Оның міндеті — социал-демократиялық былықтың шырмауынан шығалмай адасып жүрген, социал-демократиялық ниеттегі жұмысшылар бұқарасына жақындасудың жолын салу, сонымен жұмысшы табының көпшілігін компартияның жағына шығарып алу,

болып табылады. Міндет — адасып жүрген туысқандардың дұрыс жолға шығуына және компартиямен байланыс жасауына көмектесуде. Бұл арада жұмысшы табына жақындасудың екі әдісі болуы мүмкін. Бір әдіс ерекше интеллигенттік әдіс, жұмысшыларды әйпәйге қаратпай асықтыру әдісі, былайынша айтқанда, қолға қамшы алып, жұмысшыларды «өз жағына қарату» әдісі. Бұл әдістің коммунизм әдісіне үш қайнаса сорпасы қосылмайтындығы дәлелдеуді керек етпейді, өйткені бұл әдіс арқылы жұмысшыларды жақындатуға болмайды, қайта оларды қашықтатады. Екінші әдіс социал-демократтардың лагерінде болып қалған, адасқан туысқандармен сөйлесетін ортақ тіл табуда, олардың социал-демократизм шырмауынан шығуына **көмектесуде,** олардың коммунизм жағына өтуін **оңайлатуда** болып отыр. Бұл әдіс жұмыстың бірден-бір коммунистік әдісі болып табылады. Осы күнгі Орталық Комитеттің құрамы жағынан пролетарлық болып отырғандығының фактысы, мінеки бұл факт Германияда осы екінші методты қолдану ісін бірсыпыра оңайлатады. Бірыңғай майданды жүзеге асыру ісінде Германия компартиясының осы күнгі Орталық Комитетінің сөзсіз табыстарға ие болып отырғандығының себебі де осыдан деп білу керек.

3. Мейер туралы. Мейердің ақылмен айтқан сөзін мен көңіл қойып тыңдадым. Бірақ мен оның сөзінің бір пунктіне қосыла алмайтынымды айтуға тиістімін. Мейердің айтуынша, герман компартиясының Орталық Комитетіне ол бармаған, қайта Орталық Комитет оған барған сияқты болып шығады. Бұл дұрыс емес, жолдастар. Ол мұны тура айтқан жоқ, бірақ оның

сөзінің өн бойынан осы пікір білініп тұрды. Бұл дұрыс емес, бұл үлкен қате, жолдастар. Осы күнгі Орталық Комитет оңшылдарға қарсы күресте туды, ал Мейер осы жақында ғана солардың қатарында әрекет етіп жүрген болатын. Егерде Орталық Комитет өзінің жаратылысын өзгерткісі келмесе, егерде ол Германия компартиясының тарихының дөңгелегін кері бұрғысы келмесе, ол оңшыл бола алмайды. Оның бержағында, егер Мейер осы Орталық Комитетпен жақындаса бастаған болса, бұдан Мейер солға ауа бастады, ол оңшылдардың қателерін мойындай бастады, ол оңшылдардан аулақтана бастады деген қортынды шығады. Ендеше, Орталық Комитет Мейерге бара жатқан жоқ, қайта Мейер Орталық Комитетке бара жатыр. Ол Орталық Комитетке қарай келе жатыр, бірақ ол әлі келіп жеткен жоқ. Герман компартиясының осы күнгі басшылығына әбден келіп жетуі үшін оның оңшылдардан Орталық Комитетке қарай тағы екі-үш қадам басуы керек. Мен Мейерді маңайға жолатуға болмайтын адам деп санаудан аулақпын, мен Мейерді шетке қағуды ұсынбаймын, мен Германия компартиясының осы күнгі Орталық Комитетімен түпкілікті жақындасу үшін оның тағы екі-үш қадам ілгері басуы керек екенін ғана айтамын.

4. Шолем жөнінде. Германиядағы «әсіресолшылдар» туралы және Шолемнің саясаты туралы мен көп айтып жатпаймын. Бұл жайында мұнда жетерліктей көп айтылды. Мен Шолемнің сөзінің бір жерін келтіріп қана, оны сынағым келеді. Шолем партия ішіндегі демократияны жақтап шығып отыр. Сондықтан ол жаппай айтыс ашуды, Брандлер мен Радекті ша-

қыруды, оңшылдардан бастап «әсіресолшылдарға» дейін бәрін шақыруды, жаппай кешірім жасауды және жаппай айтыс ашуды ұсынады. Бұл дұрыс емес, жолдастар. Мұның бізге керегі жоқ. Бұрын Шолем партия ішіндегі демократияға қарсы еді. Кәзір ол ешбір кенересі жоқ, ешнәрсемен тежелмейтін демократияны жақтап сөйлеп, екінші шекке ауытқып отыр. Бізді мұндай демократиядан құдай өзі құтқара көрсін. Орыстарда: «Ақымаққа шоқын десең, маңдайын жарып алады» деп бекерге айтылмаған. (Күлкі.) Жоқ, бізге мұндай демократияның керегі жоқ. Герман компартиясы оңшылдардың ауруына шалдығып шықты. Енді оларға біздің бұл ауруды қолдан жұқтыруымыздың керегі жоқ. Герман компартиясы енді «әсіресолшылдардың» ауруына шалдығып отыр. Енді біздің бұл ауруды асқындыруымыздың керегі жоқ, — оны асқындырмау керек, оны құрту керек. Бізге кез келген айтыстың, кез келген демократияның керегі жоқ, Германиядағы коммунистік қозғалысқа пайдасын тигізетіндей айтыс, сондай демократия керек. Сондықтан мен Шолем айтқан жаппай кешірімге қарсы шығамын.

5. Рут Фишер тобы туралы. Бұл топ жайында осында соншалықты көп айтылды — маған тек бірнеше ауыз сөз айтуға тура келеді. Менің ойымша, Германия компартиясының барлық жарамсыз, теріс топтарының ішінде бұл топ ең жарамсызы, ең терісі болып табылады. «Әсіресолшыл» пролетарийлердің біреуі осында жұмысшылар көсемдерге сенуден қалып барады дегенді айтты. Егер бұл рас болса, бұл өте қайғылы. Өйткені көсемдерге сенім жоқ жерде нағыз

партия болуы мүмкін емес. Бірақ бұған кім кінәлы? Бұған Рут Фишер тобы кінәлы, оның саясаттағы екі жүзділігі, оның бір түрлі сөйлеп, екінші түрлі іс істеу практикасы, бұл дипломатиялық топтың практикасында іс пен сөздің арасында мәңгі айырма болуы кінәлы. Көсемдер дипломатиялық амал-айламен іріп-шіріген жерде, сөз іспен бекімейтін жерде, көсемдер бір түрлі сөйлеп, екінші түрлі іс істейтін жерде жұмысшылардың көсемдерге сенімінің болуы мүмкін емес.

Орыс жұмысшылары Ленинге неліктен барынша сенді? Оның саясаты дұрыс болғандықтан ғана ма? Жоқ, тек одан ғана емес. Жұмысшылардың Ленинге сенгендігінің тағы бір себебі — Лениннің сөзі мен ісінде айырма болмайтынын, Лениннің «алдамайтынын» олар білді. Лениннің беделі, басқасын былай қойғанда, міне осыған негізделген. Ленин жұмысшыларды міне осы әдіспен тәрбиелеп отырды, көсемдерге сенуді оларға осылай үйретіп отырды. Рут Фишер тобының әдісі, іріп-шіріген дипломатияның әдісі Лениннің әдісіне тура қарама-қарсы. Мен Бордигені леншіл және марксист деп санамаймын, сонда да оны кәдірлей аламын, оған сене аламын, ол ойындағысын айтатын болғандықтан оған сене аламын. Мен ойындағысын айта бермейтін (күлкі), бірақ кейде ойындағысын да айтып қалатын тіпті Шолемге де сене аламын. (Күлкі.) Бірақ мен ешуақытта ойындағысын айтпайтын Рут Фишерге, қанша қаласам да, тіпті бір секундқа да сене алмаймын. Міне сондықтан мен Рут Фишердің тобын Германия компартиясындағы барлық теріс топтардың ішіндегі ең терісі болып табылады деп ойлаймын.

6. Урбанс туралы. Урбансты мен революционер деп өте қадірлеймін. Сот алдында өзін соншалықты жақсы ұстағаны үшін мен оның алдында бас июге бармын. Бірақ мынаны айтуға тиістімін: Урбанстың тек осы қасиеттерінің бір өзімен ғана алысқа ұзай алмайсың. Революцияшылдық — жақсы нәрсе. Табандылық — одан да жақсы. Бірақ, егер арсеналда бұл қасиеттерден басқа ештеме болмаса, онда бұл аз, жолдастар, тіпті орасан аз. Бұл азық бір-екі айға жетеді де, сонсын сарқылады, егер дұрыс саясатпен нығайтпаса, сөзсіз сарқылады. Қазір герман компартиясының ішінде Германия компартиясының Орталық Комитеті мен Кац бандасының арасында бітіспес күрес жүріп жатыр. Урбанс кімнің жағында? Кацтың бандасының жағында ма немесе Орталық Комитеттің жағында ма? Мещандық философ Корштың жағында ма немесе Орталық Комитеттің жағында ма? Бұл арада біреуінің жағына шығу керек. Күресіп жатқан бұл күштердің екі арасында тұрып алуға болмайды. Урбанс кімнің жағында, Орталық Комитеттің жағында ма немесе оның жүгенсіз кеткен дұшпандарының жағында ма, — мұны батыл түрде ашық және адал айтатын болуы керек. Бұл арада толық айқындық керек. Урбанста әлі, сірә, осы айқындық жоқ болса керек, ол саяси соқырлық кеселіне шалдыққан болуы керек, міне Урбанстың кемістігі осында. Саяси соқырлықты бір рет кешіруге болады, екінші рет кешіруге болады, ал егер ол саясатқа айналып бара жатса, онда ол соқырлық қылмыспен шектеседі. Мінеки сондықтан, егер Урбанс өзінің партия ішіндегі ықпалының қалдығынан айрылып қалғысы келмесе, ол

ашық және адал түрде айқындық енгізуге тиіс деп ойлаймын. Жұмысшылар бұқарасы Урбанстың сот алдында өзін жақсы ұстағанын еске түсірумен ғана отыра бере алмайды. Жұмысшы бұқарасына дұрыс саясат керек. Егер Урбанста тиянақты және айқын саясат болмаса, Урбанстың беделінен еске түсірерлік түк қалмайтынын айтуға пайғамбарлықтың керегі жоқ.

„Коммунистический Интернационал" журналы № 3 (52), март, 1926 ж.

СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ПАРТИЯНЫҢ САЯСАТЫ ТУРАЛЫ

БК(б)П Орталық Комитеті пленумының жұмысы туралы Ленинград ұйымының активіне жасалған баяндама[51]

13 апрель, 1926 ж.

Жолдастар! Баяндамаға кірісуге рұхсат етіңіздер.

Біздің партиямыздың Орталық Комитетінің апрель пленумының күн тәртібінде төрт пункт болды.

Бірінші пункт — біздің еліміздің шаруашылық жағдайы туралы және біздің партиямыздың шаруашылық саясаты туралы.

Екінші пункт — біздің астық дайындаушы аппараттарымызды оңайлату және арзандату бағытында оларды қайта құру туралы.

Үшінші пункт — біздің Орталық Комитеттің Саясаттық Бюросының және Орталық Комитет пленумының 1926 жылға арналған, біздің шаруашылық құрылысымыздың негізгі түйінді мәселелерін шешу тұрғысынан қаралған жұмыс жоспары.

Төртінші пункт — Орталық Комитеттің секретары Евдокимовты ауыстырып орнына басқа кандидатты — Шверник жолдасты қою туралы.

Бір секретарьдың орнына екінші секретарьды қою туралы ақырғы мәселені есептемегенде, Орталық Комитеттің пленумында жарыс сөздің негізгі өзегі бол-

ған баска барлық мәселелерді негізгі бір мәселемен — біздің еліміздің шаруашылық жағдайы туралы және партияның саясаты туралы мәселемен қорытуға болар еді. Сондықтан мен өзімнің баяндамамда негізгі бір мәселеге — біздің еліміздің шаруашылық жағдайы туралы мәселеге тоқтаймын.

I

НЭПТІҢ ЕКІ ДӘУІРІ

Біздің саясатымызды күнілгері белгілейтін негізгі факт мынада: біздің еліміз өзінің шаруашылық дамуында нэптің жаңа дәуіріне, жаңа экономикалық саясаттың жаңа дәуіріне, тікелей индустрияландыру дәуіріне аяқ басты.

Владимир Ильичтің жаңа экономикалық саясатты жарыялағанынан бері бес жыл уақыт өтті. Ол кезде біздің алдымызда, партияның алдында тұрған негізгі міндет — жаңа экономикалық саясаттың жағдайларында, өрістетілген товар айналымының жағдайларында біздің халық шаруашылығымыздың социалистік негізін салу міндеті еді. Бұл стратегиялық міндет негізгі міндетіміз болып кәзіргі уақытта да біздің алдымызда тұр. Ол кезде, 1921 жылдан бастап, нэптің бірінші дәуірінде, бұл негізгі міндетке біз ең алдымен ауыл шаруашылығын өркендету тұрғысынан карадық. Ленин жолдас былай деді: біздің міндетіміз — халық шаруашылығының социалистік негізін салу, бірақ мұндай негізді салу үшін өркендеген индустрияның болуы керек, өйткені индустрия социализмнің, социалистік құрылыстың түпкі негізі, бастамасы мен ақы-

ры болып табылады, ал индустрияны өркендету үшін істі ауыл шаруашылығынан бастау керек.

Мұның себебі не?

Мұның себебі — ол кезде біз бастан кешірген экономикалық күйзелістің жағдайларында индустрияны, өнеркәсіпті өркендету үшін, ең алдымен индустрияға, өнеркәсіпке рынок, шикізат және азық-түлік жөнінде кейбір қолайлы жағдайлар жасау керек болды. Өнеркәсіпті түк жоқ бос жерде өркендетуге болмайды, егерде ел ішінде шикізат болмаса, егерде жұмысшылар үшін азық-түлік болмаса, егерде біздің индустриямыз үшін негізгі рынок болып табылатын біршама өркендеген ауыл шаруашылығы болмаса, индустрияны өркендетуге болмайды. Олай болса, индустрияны өркендету үшін, ең кем дегенде, мынадай үш жағдай болуы керек еді: біріншіден, — ішкі рынок, ал бізде ішкі рынокта әзірге шаруалар басым болып отыр; екіншіден, — ауыл шаруашылығында азды-көпті өркендеген шикізат (қант қызылшасы, зығыр, мақта және т. б.) өндірісінің болуы керек еді; үшіншіден, — өнеркәсіпті жабдықтау үшін, жұмысшыларды жабдықтау үшін деревня ауылшаруашылық өнімдерінің белгілі минимумын бөліп шығара алатын болуы керек еді. Мінеки сондықтан Ленин біздің шаруашылығымыздың социалистік негізін салуды, индустрия құруды біз ауыл шаруашылығынан бастауымыз керек деді.

Ол кезде бұл іске көп адамдар сенбеді. Ол кезде бұл жөнінде әсіресе «жұмысшы оппозициясы» дейтін өте-мөте қарсы шықты. Бұл қалайша: бізде партия жұмысшы партиясы болып аталады, ал шаруашылықты өркендету ісін ол ауыл шаруашылығынан бастай-

ды, десті. Мұны қалай түсіну керек? десті. Индустрияны қандай жағдайда болса да салуға болады, нақтылы мүмкіндіктермен санаспай, тіпті түк жоқ бос жерге де салуға болады деп болжаған басқа оппозиционерлер де ол кезде қарсы болды. Бірақ партияның дұрыс істегенін, біздің шаруашылығымыздың социалистік негізін салу үшін, индустрияны өрістету үшін істі ауыл шаруашылығынан бастау керек болғанын біздің еліміздің содан бергі дәуір ішіндегі шаруашылық даму тарихы айқын көрсетті.

Жаңа экономикалық саясаттың бірінші дәуірі осындай болды.

Енді біз нэптің екінші дәуіріне аяқ бастық. Кәзір біздің шаруашылығымыздың жағдайындағы ең маңызды, ең көзге түсетін нәрсе — ауыр салмақтың енді индустрия жағына ауғандығы болып отыр. Егер ол кезде, жаңа экономикалық саясаттың бірінші дәуірінде, біздердің ауыл шаруашылығынан бастауымыз керек болған болса, өйткені бүкіл халық шаруашылығының өркендеуі ауыл шаруашылығына тірелген болса, кәзір, біздің шаруашылығымыздың социалистік негізін салу жұмысын жүргізе беру үшін, бүкіл шаруашылықты тұтасымен алға бастыру үшін нақ индустрияға барынша назар аудару керек болып отыр. Енді ауылшаруашылық машиналарын, тракторларды, өнеркәсіп бұйымдарын, тағысын тағыларды дер кезінде бермесең, ауыл шаруашылығының өзі алға баса алмайды. Сондықтан, ол кезде, жаңа экономикалық саясаттың бірінші дәуірінде, бүкіл халық шаруашылығын өркендету ісі ауыл шаруашылығына тірелген болса, енді ол индустрияны тікелей өрістету ісіне тіреліп отыр және кәзірдің өзінде-ақ тіреліп қалды.

II

ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ БАҒЫТЫ

Партияның XIV съезі жарыялаған және осы күнде жүзеге асырылып жатқан елімізді индустрияландыру жөніндегі ұранның, бағыттың мәнісі және негізгі маз'мұны міне осындай. Орталық Комитеттің пленумы быйылғы апрельде өзінің жұмысында осы негізгі ұранға сүйенді. Олай болса, кәзір кезектегі және негізгі міндет, — біздің өнеркәсібімізді өркендету қарқынын шапшаңдатуда, қолда бар қорларды пайдалана отырып, өзіміздің индустрияны барынша алға бастыруда, сөйтіп бүкіл шаруашылықтың өркендеуін шапшаңдатуда болып отыр.

Бұл міндет нақ кәзіргі уақытта, кәзіргі кезенде ерекше қатты қойылып отыр, басқасын былай қойғанда, мұның тағы бір себебі — шаруашылықтың белгілі дәрежеде дамуы нәтижесінде қала мен деревняда өнеркәсіп бұйымдарын керексіну мен бұл бұйымдарды өнеркәсіптің ұсынуы арасында біраз сәйкессіздік туды, өнеркәсіп өнімдерін керексіну өнеркәсіптің өзінен шапшаң өсіп отыр, біздегі товар тапшылығы, оның барлық зардабы — сол сәйкессіздіктің белгісі және нәтижесі болып отыр. Біздің индустриямызды тез өркендету бұл сәйкессіздікті жоюдың және товар тапшылығын жоюдың өте сенімді құралы болып табылатындығын дәлелдеп жатудың керектігі бола қояр ма екен.

Кейбір жолдастар индустрияландыру ісі жалпы өнеркәсіп атаулының өркендеуі болып табылады, деп ойлайды. Тіпті бір кезде өнеркәсіптің болмашы ұйытқысын салған баяғы Иван Грозный индустриалист

болды деп ойлайтын алаңғасар адамдар да бар. Егер бұл жолмен жүретін болсақ, онда Ұлы Петрді бірінші индустриалист деп атау керек. Бұл, әрине, дұрыс емес. Өнеркәсіптің қалай болса да жалпы өркендеуі индустрияландыру болып табылмайды. Индустрияландырудың кіндігі, оның негізі ауыр өнеркәсіпті (отын, металл және т. б.) өркендетуде, ақыр аяғында, өндіріс құралдары өндірісін өркендетуде, өз елімізде машина жасау өнеркәсібін өркендетуде болып табылады. Индустрияландыру ісінің міндеті біздің жалпы халық шаруашылығымызды ондағы өнеркәсіптің үлесін көбейтуге қарай бастауда ғана емес, оның міндеті тағы: осы дамуда капиталистік мемлекеттердің қоршауындағы біздің еліміздің шаруашылық дербестігін қамтамасыз етуде, біздің елімізді дүние жүзілік капитализмнің шылауында кетуден сақтауда. Егерде капиталистік қоршаудағы пролетариат диктатурасының елі өндіріс құралдары мен құрал-жабдықтарын өз елінің ішінде өндірмесе, егерде ол халық шаруашылығын өндіріс құралдары мен құрал жабдықтарын өндіруші және шетке шығарушы дамыған капиталистік елдерге байлаулы болатындай даму сатысында ұстап, тоқырап тұрып қалса, ол шаруашылық жағынан дербес ел бола алмайды. Бұл сатыда тоқырап тоқтап қалу — өзін дүниежүзілік капиталға бағыныштн ету деген сөз.

Индияны алыңыз. Индияның отар екені баршаға мәлім. Индияда өнеркәсіп бар ма? Сөз жоқ, бар. Ол өркендеп келе жатыр ма? Я, өркендеп келе жатыр. Бірақ онда өркендеп отырған өнеркәсіп өндіріс құралдары мен құрал-жабдықтарын жасап шығармайды. Онда өндіріс құралдары Англиядан әкелінеді. Сол себептен (бірақ, әрине, тек бұл себептен ғана емес) он-

да өнеркәсіп түтасымен ағылшын индустриясына бағынышты. Мүның өзі империализмнің айрықша әдісі — отарларда өнеркәсіпті өркендеткенде ол өнеркәсіп метрополиялардың, империализмнің байлауында болатындай етіп өркендету әдісі.

Ал бүдан шығатын қортынды — біздің елімізді индустрияландыру ісі өнеркәсіп атаулыны өркендетумен, айталық, жеңіл өнеркәсіп және оның өркендеуі өтемөте керек бола түрса да, жеңіл өнеркәсіптің өркендеуімен сарқыла алмайды. Бүдан шығатын қортынды мынау: индустрияландыру ісін ең алдымен бізде ауыр өнеркәсіпті өркендету және әсіресе, жалпы индустрия атаулының негізгі жүйке тамыры болып табылатын өз еліміздің меншікті машина жасау өнеркәсібін өркендету деп түсіну керек. Мүнысыз біздің еліміздің экономикалық дербестігін қамтамасыз ету жайында сөз қозғауға да болмайды.

III

СОЦИАЛИСТІК ҚОР ЖЫЙНАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бірақ, жолдастар, индустрияландыру ісін алға бастыру үшін біздің заводтарымыздың ескі қүрал-жабдығын жаңарту керек және жаңа заводтар салу керек. Біздің өнеркәсімізді өркендетудің кәзір біз бастан кешіріп отырған дәуірінің өзгешелігі сол — бізге патша заманының капиталистерінен қалған ескі заводтар мен фабрикаларға жеткілікті жүмыс жүктедік, оларды жүмыспен түгелімен қамтамасыз еттік, сондықтан бүдан әрі алға басу үшін техниканы жақсарту керек, ескі заводтарды қайтадан қүралдандыру керек, жаңа

заводтар салу керек. Мұнсыз кәзір алға басуға болмайды.

Бірақ біздің өнеркәсібімізді жаңа техника негізінде жаңарту үшін, мұның үшін, жолдастар, көп және өте көп капитал керек. Ал бізде капитал аз, бұл сіздердің бәріңізге мәлім. Быйылғы жылы өнеркәсіптің күрделі қаржы жұмсалатын негізгі ісіне сегіз жүз миллион сомнан артығырақ қаражат жұмсауымызға тура келеді. Бұл, әрине, аз. Бірақ, дегенмен бұл бірсыпыра нәрсе. Бұл біздің өнеркәсібімізге бірінші рет жұмсағалы отырған үлкен сомамыз. Мен мұны аз деп отырмын, өйткені біздің өнеркәсібіміз бұдан бірнеше есе артық соманы ыңғайлап-ақ жарата алар еді. Бізге өз өнеркәсібімізді алға бастыру керек. Бізге өз индустриямызды мүмкіндігінше шапшаң қарқынмен кеңейту керек, жұмысшылардың санын екі есе, үш есе арттыру керек. Бізге өз елімізді аграрлы елден индустриялы елге айналдыру керек және бұл іс неғұрлым тез болса, соғұрлым жақсы. Бірақ мұның бәріне көп капитал керек.

Сондықтан өнеркәсіпті өркендету үшін қор жыйнау туралы мәселенің, социалистік қор жыйнау туралы мәселенің біз үшін кәзір ең бірінші дәрежелі маңызы бар.

Индустрияландыру бағытын жүзеге асыру үшін, елімізде социалистік құрылыстың жеңуі үшін керекті қорды, керекті резервті өзімізбен өзіміз болып, сырттан заем алмайынша, өз еліміздің ішкі күші негізінде біздің индустриямызға қамтамасыз етіп бере аламыз ба, бұған шамамыз келе ме?

Бұл үлкен мәселе, бұған айрықша көңіл бөлу керек.

Тарихта индустрияландырудың әртүрлі тәсілдері болған.

Англия ондаған, жүздеген жылдар бойы отарларды тонауының, ол отарларда «қосымша» капитал жыйнап, оны өз өнеркәсібіне жұмсауының, сөйтіп өзінің индустрияландыру ісінің қарқынын шапшандатуының арқасында индустрияланды. Бұл — индустрияландырудың бір тәсілі.

Германия өзінің индустрияландыру ісін өткен ғасырдың 70-жылдарында Франциямен соғысып, оны жеңуінің нәтижесінде шапшаңдатты, ол кезде Германия француздардан бес миллиард франк контрибуция алып, мұны өзінің өнеркәсібіне жұмсады. Бұл — индустрияландырудың екінші тәсілі.

Бұл екі тәсілдің екеуі де біз үшін жарамсыз, өйткені біз Советтер еліміз, өйткені отарларды тонау және тонаушылық мақсатын көздеп соғыс күшімен басып алу Совет өкіметінің қасиетімен сыйыспайды.

Россия, ескі Россия, ауыр шартты концессиялар беріп отырды және ауыр шартты қарыздар алып отырды, сөйтіп бірте-бірте индустрияландыру жолына түсуге тырысты. Бұл үшінші тәсіл болады. Бірақ бұл — кіріптарлық немесе жартылай кіріптарлық жолы, Россияны жартылай отарға айналдыру жолы. Бұл жол да біз үшін жарамсыз, өйткені біз барлық және қандай да болса интервенцияшылдарға төтеп беріп, үш жыл бойы азамат соғысын жүргізгеннен кейін, интервенцияшылдарды жеңгеннен соң, империалистерге өз еркімізбен кіріптар болу үшін жүргізгеніміз жоқ.

Индустрияландырудың төртінші жолы, өнеркәсіп ісіне өзімізден қаражат жыйнау жолы, социалистік қор жыйнау жолы, біздің елімізді индустрияландыру-

дың бірден-бір жолы деп Ленин жолдас сан рет көрсеткен жол қалып отыр.

Сонымен біздің елімізді социалистік қор жыйнау негізінде индустрияландыру мүмкін бе?

Индустрияландыру ісін қамтамасыз ету үшін жеткілікті қор жыйнауға бізде негіз бар ма?

Я, мүмкін. Я, бізде мұндай негіздер бар.

Мен Октябрь революциясының нәтижесінде біздің елімізде помещиктер мен капиталистерді экспроприациялау, жерге, фабрикаларға, заводтарға және басқаларына жеке меншікті құртып, бұларды жалпы халықтың меншігіне тапсыру сыяқты фактыны дәлелге келтіре аламын. Бұл факт қор жыйнаудың кәдімгідей бір үлкен негізі болып табылатындығын дәлелдеп жатудың керегі бола қояр ма екен.

Сонсын, мен патшаның борыштарын тән алмау, соның нәтижесінде біздің халық шаруашылығымыздың мойнынан миллиардтаған сом борышты түсіру сыяқты фактыны дәлелге келтіре аламын. Бұл борыштар төленетін болған күнде өнеркәсібімізге зыян келтіріп, бүкіл халық шаруашылығымызға зыян келтіріп тек процентке ғана жыл сайын бірнеше жүз миллиондаған сом төлеп отыруымызға тура келген болар еді. Патша борыштарын тән алмау біздің қор жыйнау ісімізге үлкен жеңілдік келтіргенін айтпаса да болады.

Мен национализацияланған өнеркәсіпті, қалпына келтірілген, өркендеп отырған және өнеркәсіптің бұдан әрі өркендеуіне керекті бірсыпыра пайда беріп отырған өнеркәсіпті көрсете аламын.

Мен біраз пайда беріп отырған, олай болса, қор жыйнаудың бір негізі болып табылатын национализацияланған сыртқы саудамызды көрсете аламын.

Біздің азды-көпті ұйымдасқан мемлекеттік ішкі саудамызды дәлелге келтіруге болар еді, ол да белгілі пайда беріп отыр және, сонымен, қор жыйнаудың едәуір негізі болып табылады.

Белгілі пайда беріп отырған және біздің өнеркәсібімізді халі жеткенше қоректендіріп отырған біздің национализацияланған банк системасы сыяқты қор жыйнау құралын айтуға болар еді.

Ақырында, бізде мемлекеттік бюджетке иелік ететін және жалпы халық шаруашылығын, әсіресе, біздің индустриямызды бұдан былай да өркендете беру үшін едәуір қаражат жыйнап отыратын мемлекеттік өкімет сыяқты құрал бар.

Қорытып айтқанда, біздің ішкі қор жыйнауымыздың басты-басты негіздері осылар.

Бұл негіздер бізге керекті резервтер жасауға мүмкіндік береді, ол резервтерсіз біздің елімізді индустрияландыру мүмкін емес, осы жағынан қарағанда бұл негіздерге өте-мөте көңіл қою керек.

Бірақ мүмкіндік әлі нақтылы іс емес, жолдастар. Істі олақ жүргізгенде қор жыйнау мүмкіндігі мен іс жүзінде қор жыйнаудың арасында едәуір алшақтық болуы ыхтимал, сондықтан біз тек қана мүмкіндіктерге қанағаттануға тиісті емеспіз. Егерде біз өзіміздің индустриямыз үшін керекті резервтер жасауды шынымен ойлайтын болсақ, социалистік қор жыйнау мүмкіндігін іс жүзінде қор жыйнау жұмысына айналдыруымыз керек.

Бұдан мынадай сұрау туады: бұдан өнеркәсіп үшін мән шығатындай етіп, қор жыйнау ісін қалай жүргізу керек, қор жыйнау мүмкіндігін іс жүзіндегі социалистік қор жыйнау ісіне айналдыру үшін біз ша-

руашылық тұрмысының қандай түйіндеріне ең алдымен баса күш жұмсауымыз керек?

Қор жыйнаудың бірнеше арнасы бар, бұлардың ішінен, ең болмағанда, басты-бастыларын айту керек болады.

Біріншіден. Ел ішінде жыйналған қордың артығы шашылып кетпейтін болуы керек, қайта ең алдымен өнеркәсіп мұхтаждарына пайдаланатын болу үшін біздің кредит мекемелеріміздің, кооперативтік және мемлекеттік мекемелеріміздің қолына, сол сыяқты ішкі қарыздар түрінде жыйнақтау керек. Әрине, вкладчиктер мұның үшін белгілі процент алып отыруға тиіс. Бұл жөнінде бізде істің жайы азды-көпті қанағаттанарлық еді деп айтуға болмайды. Алайда, біздің кредит орындарын жақсарту міндеті, кредит мекемелерінің халық алдында беделін көтеру міндеті, ішкі қарыздар ісін ұйымдастыру міндеті кезекті міндет болып біздің алдымызға сөзсіз қойылып отыр, сондықтан біз бұл міндетті қайткен күнде де орындауға тиістіміз.

Екіншіден. Ел ішінде жыйналған қордың артып қалғанының бір бөлегі жеке капиталдың қалтасына түсіп кететін, сөйтіп социалистік қор жыйнау ісіне залал келтіретін жолдар мен саңлаулардың бәрін мықтап жабу керек. Мұның үшін көтере сату бағасы мен бөлшектеп сату бағасының арасында аса үлкен алшақтық болмайтындай етіп нарық саясатын жүргізу керек. Жыйналған қордың артығы жеке меншік иесінің қалтасына түсіп кетуін тоқтату үшін, немесе, ең болмағанда, барынша кеміту үшін өнеркәсіп өнімдерінің және ауыл шаруашылығы өнімдерінің бөлшектеп сату бағасын арзандатуға барлық шараларды

істеу керек. Бұл біздің шаруашылық саясатымыздың ең маңызды мәселелерінің бірі. Біздің қор жыйнау ісіміз үшін де, червонец үшін де үлкен қауіптердің бір осы жақтан туады.

Үшіншіден. Өнеркәсіптің өзінің ішінде, оның әрбір саласында кәсіпорындарды амортизациялау қажетіне, кәсіпорындарды кеңейту қажетіне, оларды бұдан әрі өркендете беру қажетіне белгілі запастар бөліп шығарып отыру керек. Бұл керек іс, өте қажет іс, мұны қайткен күнде де алға бастыру керек.

Төртіншіден. Әртүрлі кездейсоқ оқыйғалардан (астық шықпай қалуы) еліміз қауіпсыз болу үшін, өнеркәсіпті қоректендіру үшін, ауыл шаруашылығына жәрдемдесу үшін, мәдениетті өркендету үшін және тағысын тағылар үшін мемлекеттің қолында белгілі резервтер жыйнақталып отыратын болуы керек. Кәзір резервтерсіз өмір сүруге, жұмыс істеуге болмайды. Тіпті шағын ғана шаруашылығы бар шаруалар да кәзір белгілі запассыз күн көре алмайды. Ұлы елдің мемлекеті резервтерсіз одан бетер күн көре алмайды.

Бізге ең алдымен сыртқы сауда жөнінде резерв ұстау керек. Біз шет елден товар әкелу және шет елге товар шығару ісін мемлекеттің қолында белгілі резерв қалатындай етіп, сыртқы сауда жөнінде белгілі актив болатындай етіп жүргізуіміз керек. Бұл сыртқы рыноктердегі күтпеген оқыйғалардан сақтану үшін ғана емес, біздің червонецті тұрақтандыру үшін де әбден керек, ал біздің червонец әзірге тұрақты, бірақ егер біз сыртқы сауда жөнінде активті баланс болуын қамтамасыз етпесек, оның ауытқуы мүмкін. Міндет — біздің экспортымызды күшейту, біздің импортымызды экспорт мүмкіндіктеріне бейімдеу болып отыр.

Біз ескі заманда айтылғанындай: «Өзіміз тоя жемесек те, шет елге шығарамыз» дегенді айта алмаймыз. Біз мұны айта алмаймыз, өйткені жұмысшылар мен шаруалардың адамша тамақтанғысы келеді, сондықтан біз бұл істе оларды толық қолдаймыз. Дегенмен біз халық тұтынуы үшін ешбір залал келтірмей экспортымызды ұлғайтуға мемлекет қолында белгілі валюта резервінің қалуына барлық шараларды істей алар едік. Егер біз 1923 жылы совет знагінен тиянақты валютаға көше алған болсақ, бөтен себептерден басқа оның тағы бір себебі — ол кезде бізде сыртқы саудамыздың активті балансының болуы негізінде белгілі валюта запасы бар еді. Егерде біз өзіміздің червонецті нығайтқымыз келсе, біз бұдан былайғы жерде де сыртқы сауда ісін жақсылап жолға қоюымыз керек — біздің қолымызда өзіміздің червонецтің базаларының бірі ретінде валюта резерві қалатындай етіп жолға қоюымыз керек.

Сонсын, ішкі сауда жөнінде бізге біраз резервтер керек. Менің айтқалы тұрғаным, ең алдымен, ауыл шаруашылық өнімдеріне бағаны өлшеусіз арттырып жүрген кулактарға қарсы және басқа астық сатушы жалдаптарға қарсы күресу үшін астық рыногінің істеріне араласу қажетіне мемлекет қолында астық резервтерін жасау. Мұның керек болатын себебі — өнеркәсіп орталықтарында тұрмысты қасақана қымбаттату және жұмысшылардың жалақысының құнын кеміту қаупінің алдын алу мақсаты болып отыр.

Ақырында, бізге салықтың ауыр салмағын дәулетті топтардың мойнына артып, сонымен қабат мемлекеттік бюджет жағынан мемлекеттің қолында белгілі резерв жасайтындай салық саясаты керек. Төрт милли-

ардтық мемлекеттік бюджеттің орындалуының барысы шығыстан кірістің жүз миллион сомдай немесе одан да артығырақ арта алатындығын көрсетіп отыр. Кейбір жолдастарға бұл орасан көп болып көрінетін тәрізді. Бірақ, бұл жолдастардың, сірә, көруі нашар болса керек, әйтпесе біздің еліміз сияқты ел үшін жүз миллиондық резерв теңізге тамған тамшыдай екенін олар байқаған болар еді. Кейбіреулер бізге мұндай резервтің жалпы керегі жоқ деп ойлайды. Ал сонда, бізде быйылғы жылы астық шықпай қалса, немесе басқа бір апат бола қалса қайтпек керек? Кімнің қаражатына айналым жасаймыз? Бізге тегіннен-тегін жәрдем беріп отырған жоқ-қой және бермейді-ғой. Олай болса, өзіміздің меншікті аз-кем запасымыз болу керек. Ал егер күтпеген жағдайлар быйылғы жылы болмай қалса, онда біз бұл резервті халық шаруашылығына, ең алдымен өнеркәсіп ісіне жұмсаймыз. Қорықпаңыздар, — бұл резервтер жоғалмайды.

Біздің елімізді индустрияландыру ісіне арнап біздің елімізде ішкі қор жыйнау мүмкіндігін іс жүзінде социалистік қор жыйнау ісіне айналдыру үшін ең алдымен баса күш жұмсайтын шаруашылық тұрмысымыздың түйінді пункттері жалпы алғанда осындай, жолдастар.

IV

ЖЫЙНАЛҒАН ҚОРДЫ ДҰРЫС ПАЙДАЛАНУ. ҮНЕМ ТӘРТІБІ

Бірақ тек қана қор жыйнаумен іс бітпейді және іс бітуі мүмкін де емес. Мұның үстіне тағы, жыйналып жатқан резервтерді ақылға салып, есеппен жұм-

сай білу керек, халық дəулетінің бірде-бір тыйыны зая кетпейтіндей етіп, жыйналған қорды еліміздi индустрияландырудың өте маңызды тілектерін қанағаттандырудың негізгі жолымен пайдаланатындай етіп жұмсай білу керек. Бұл шарттар болмаса, біз жыйналған қаражаттың талан-таражға түсуіне душар болуымыз мүмкін, ол қаражаттың индустрияны өркендетуге де, бүкіл халық шаруашылығын алға бастыруға да ешбір қатнасы жоқ əртүрлі ірілі-ұсақты арналармен жұмсалып шашылуы мүмкін. Қаражатты ақылға салып, есеппен жұмсай білу — өте маңызды өнер, оған бірден жетілу қыйын. Біздер, біздің советтік жəне кооперативтік органдарымыз бұл жағынан үлкен шеберлікпен көзге түстік деп айтуға болмайды. Қайта барлық мəліметтер бұл жөніндегі бізде істің жағдайсыз екенін көрсетеді. Мұны мойындау қыйын, жолдастар, бірақ бұл факт, мұны ешқандай қарарлармен бүркей алмайсың. Мынадай жайлар болады: біраз ақша жыйнап алып, бұл ақшаны плугін жөндеуге, өзінің шаруашылығын жаңартуға жұмсаудың орнына үлкен бір граммофон сатып алып... ойсырап күйзелген шаруаның кебіне біздің басқарушы органдарымыздың ұшырап қалатын кездері болады. Мен жыйналған резервтерді тура талан-таражға салу фактылары туралы, біздің мемлекеттік аппаратымыздың бірқатар органдарының мешкейлігінің фактылары туралы, ұрлық фактылары туралы жəне т. б. айтпай тұрмын.

Сондықтан біздің жыйнаған қорымызды шашылудан, талан-тараждан, керексіз арналарға түсіп кетуден, біздің индустрия құрылысымыздың негізгі бағы-

тынан ауып кетуінен сақтай алатын бірсыпыра шаралар істеу керек.

Біріншіден, біздің өнеркәсіп жоспарларымыз бюрократтық хиялдар түрінде жасалмай, біздің халық шаруашылығының жайына тығыз байланыстырыла, еліміздің қорлары, резервтері есепке алына жасалатын болуы керек. Өнеркәсіп құрылысын жоспарлауда өнеркәсіптің өркендеуінен артта қалуға болмайды. Бірақ ауыл шаруашылығынан қол үзіп, біздің елімізде қор жыйнаудың қарқынынан алшақтап ілгері орағытып кетуге де болмайды.

Біздің ішкі рыногіміздің тілектері мен біздің қорларымыздың мөлшері біздің өнеркәсібімізді өрістетудің базасы болып табылады. Біздің индустриямыз ішкі рынокке негізделеді. Бұл жағынан біздің еліміздің шаруашылық дамуы Солтүстік-Америка Құрама Штаттарының дамуына ұқсас; өзінің индустриясын ең алдымен сыртқы рыноктерге негіздеп отырған Англиядан өзгеше Солтүстік-Америка Құрама Штаттарында индустрия ішкі рынокке негізледіп өсті. Англияда 40—50 проценті сыртқы рынокке қызмет ететін өнеркәсіптің бірсыпыра салалары бар. Мұның керісінше, Америка сыртқы рынокке өз өндірісінің ең мықтағанда 10—12 процентін шығарып, әліде болса өзінің ішкі рыногіне негізделіп отыр. Біздің еліміздің индустриясы ішкі рынокке, шаруа рыногіне Американың индустриясынан анағұрлым артық дәрежеде сүйенетін болады. Индустрияның шаруалар шаруашылығымен ұштасушылығының негізі осында.

Біздің қор жыйнауымыздың қарқыны туралы да, өнеркәсіпті өркендету үшін біздің қарамағымызда бар резервтер туралы да осыны айту керек. Бізде өзіміз-

дің қорларымызды есепке алмай, кейде адам айтқысыз үлкен өнеркәсіптік жоспарлар жасауды жақсы көретіндік бар. Белгілі қаражат минимумынсыз, белгілі резерв минимумынсыз өнеркәсіптік жоспарлар жасауға да, қайдағыбір «кең», «бәрін қамтыйтын» кәсіпорындарды салуға да болмайтынын жұрт кейде ұмытып кетеді. Осыны ұмытады да, ілгері орағытып кетеді. Ал өнеркәсіпті жоспарлау ісінде ілгері орағытып кету дегеннің мәнісі не? Мұның мәнісі — құрылысты қаражаттың мөлшеріне қарамай жүргізу деген сөз. Мұның мәнісі — көлемді жоспарлар жайында айқай салып, өндіріске жаңадан мыңдаған, он мыңдаған жұмысшыларды тарту, шу көтеру, содан соң қаражат тапшы екені байқалған кезде, жұмысшыларды таратып жіберу, олармен есеп айырысу, сөйтіп бұдан орасан көп залал көру, құрылыс ісінде өкініш тудырып, саяси жанжал шығару деген сөз. Мұның бізге керегі бар ма? Жоқ, мұның бізге керегі жоқ, жолдастар. Біз индустрия өркендеуінің барысынан артта қалмауымыз да керек, ілгері орағытып кетпеуіміз де керек. Біз өркендеу қарқынымен қатарласып аяқ басуымыз керек, индустрияны негізгі базасынан айырмай, оны алға бастырып отыруымыз керек.

Біздің өнеркәсібіміз бүкіл халық шаруашылығы системасында жетекші негіз болып табылады, ол біздің халық шаруашылығымызды, соның ішінде ауыл шаруашылығын да жетектеп отырады, алға бастап отырады. Ол біздің бүкіл халық шаруашылығымызды өзіне айнытпай ұқсастырып қайта құрады, ол шаруаларды кооперация арқылы социалистік құрылыстың арнасына тартып, ауыл шаруашылығын өзінің соңынан ілестіріп отырады. Ал біздің өнеркәсібіміз бұл

жетекшілік және қайта құрушылық ролін ауыл шаруашылығынан қол үзбесе ғана, біздің қор жыйнау қарқынымыздан, біздің қарамағымыздағы қорлар мен резервтерден алшақ кетпесе ғана орындай алады. Армияда өз армиясынан қол үзіп, онымен байланысын жоғалтатын командирлер құрамы — командирлер құрамы емес. Сол сыяқты, тұтас халық шаруашылығынан қол үзетін, онымен байланысын жоғалтатын индустрия халық шаруашылығының жетекші негізі бола алмайды.

Мінеки сондықтан өнеркәсіпті жоспарлау ісін ақылға салып, дұрыс жүргізу — жыйналған қорды қолайлы етіп пайдаланудың керекті шарттарының бірі болып табылады.

Екіншіден, біздің мемлекеттік және кооперативтік аппаратымызды, біздің халық комиссариаттық және шаруашылық есептегі мекемелерімізді төменнен жоғарыға дейін қысқарту және оңайлату керек, арзандату және сауықтыру керек. Біздің басқарушы органдарымыздың қампыйған штаттары мен өлшеусіз мешкейлігі жұрт аузында аңыз болып жүр. Біздің мемлекеттік аппаратымыздың көлемі зорлығына, қымбатқа түсетіндігіне жұмысшылар мен шаруалар төзбейді, оны қайткен күнде де, барлық жолдармен, барлық құралдармен қысқартып, арзандату керек деп Лениннің он рет, жүз рет қайталап айтқаны тегін емес. Ақырында, бұл істі шындап, большевикше қолға алу керек, сөйтіп өте қатаң үнем тәртібін орнату керек. (Қол шапалақтау.) Егерде біз өнеркәсіпке залал келтіріп өзіміздің жыйнаған қорымыздың бұдан былай да шашылуына жол бергіміз келмесе, бұл істі, ақырында, қолға алуымыз керек.

Міне сіздерге тұрмыстан алынған бір мысал. Біздің астық экспортымыз тиімсіз, өзін өзі ақтамайды, деседі. Ал тиімсіз болатын себебі не? Оның себебі — дайындаушы аппарат астық дайындауға шығынды керегінен көп шығарады. Біздің барлық жоспарлаушы органдар бір пұт астық дайындауға 8 тыйын жетеді деп белгіледі. Ал іс жүзінде 8 тыйынның орнына 13 тыйын, 5 тыйын артық, жұмсалған болып шықты. Ал бұл қалайша болған? Бұл былайша болған: астық дайындау жөніндегі аз болсын, көп болсын, қолында билік бар әрбір қызметкер, коммунисі ме, әлде партияда жоғы ма, — бәрі бір, — астық дайындауға кіріспестен бұрын өз қызметкерлерінің штатын қампыйтуды керек деп табады, стенографисткалар мен машинисткалар армиясын жыйнап алады, қалайда автомобиль алады, үйме-төбе орынсыз шығындарды көбейтеді, содан соң, есептегеннен кейін, экспорт тиімді болмай шығады. Егерде біз жүз миллиондаған пұт астық дайындаймыз, ал әрбір пұтқа бес тыйын артық төлейміз деп есептейтін болсақ, он миллиондаған сом ақша бекерден бекерге кеткен болып шығады. Егерде біз мемлекеттік аппаратымыздың мешкейлігіне қарсы өте қатаң шаралар істемесек, біздің жыйнаған қаражатымыз міне осыған кетеді және бұдан әрі де осыған кете бермекші.

Мен бұл арада тек бір ғана мысал келтірдім. Бірақ мұндай мысалдардың бізде жүздеп, мыңдап бар екені кімге мәлім емес?

Біздің партиямыздың Орталық Комитетінің пленумы біздің дайындаушы аппаратымызды оңайлатуға және арзандатуға ұйғарды. Пленумның тиісті қарарын[52] сіздер, сірә, оқыған шығарсыздар, — ол баспа-

сөз бетінде жарияланған. Бұл қарарды біз қатал түрде жүзеге асырамыз. Бірақ, бұл жеткіліксіз, жолдастар. Бұл біздің мемлекеттік аппаратымыздың сәйкессіздігі мен кемістігінің бір бөлегі ғана. Біз бұдан да әрі барып, бүкіл мемлекеттік аппаратымыз тұтасымен, халық комиссариаттық және шаруашылық есептегі аппаратымыз, бүкіл кооперативтік аппарат және барлық товар өткізуші орындар төменнен жоғарыға дейін қысқартылып, арзандатылатын болуы үшін шаралар істеуіміз керек.

Үшіншіден, біздің басқарушы орындарымызда және біздің тұрмысымызда әртүрлі ысырапқорлыққа қарсы, бізде соңғы уақытта байқалып жүрген жағдайға — халық дәулетіне және мемлекеттік резервтерді қылмысты түрде жұмсауға қарсы батыл күрес жүргізу керек. Бізде қазір әртүрлі мейрамдар, салтанатты жыйналыстар, мерекелер, ескерткіштер ашу және тағысын тағылар тым еркін етек алып, дырду-думан көбейіп жүр. Бұл «істерге» ондаған, жүздеген миллион сом жұмсалып кетіп жүр. Әртүрлі юбилярлар, салтанатқа әуестенушілер бізде соншалықты көп, алты айлық, бір жылдық, екі жылдық және т. с. мерекелерді мейрамдауға құштарлық сондай таңқаларлық күшті — бұл тілекті қанағаттандыру үшін шынында он миллиондаған сом ақша керек. Жолдастар, коммунистерге лайықсыз бұл бетімен кетушілікке тыйым салу керек. Алды-артымызда өнеркәсібіміздің мұқтаждары тұрғанда, көптеген жұмыссыздар мен панасыздардың болуы сияқты факт көз алдымызда тұрғанда бұл рәсуашылдықтың еркін етек алуына, бұл дырду-думанға жол бере алмаймыз және жол беруге правомыз жоқ.

Бәрінен бұрын көзге түсетін нәрсе — мемлекетіміздің қаражатына партияда барлардан гөрі партияда жоқтардың кейде ұқыптырақ қарайтыны байқалады. Коммунист мұндай реттерде батылырақ, жігерлірек қыймылдайды. Оның бірсыпыра қызметшілерге жәрдем үлестіріп бере салуы, оны тантьема деп атай салуы оп-оңай; бірақ ол арада тантьеманың исі де жоқ. Оның заңнан аттап өтуі, заңнан бұлтарып кетуі, заңды бұзуы оп-оңай. Партияда жоқ адам бұл арада сағырақ, ұстамдырақ. Мұның себебі, бәлкім, коммунистердің кейде зандарды, мемлекеттік және сондай заттарды үй ішінің ісі деп қарайтынында шығар. (Күлкі.) Нақ сондықтан кейбір коммунистің, шошқаға ұқсап (бұл сөз үшін ғапу өтінемін, жолдастар), мемлекеттің огородына кіріп алып, онда шеңгелді салуы немесе мемлекеттің есебінен өзінің мырзалығын көрсетуі кейде қыйынға түспейді. (Күлкі.) Бұл бейбастақтыққа тыйым салу керек, жолдастар. Егерде біз жыйған қорымызды өнеркәсібіміздің мұқтаждары үшін шынымен аман сақтағымыз келсе, біздің басқарушы органдарымыздағы және біздің тұрмысымыздағы дырду-думанға, рәсуашылдыққа қарсы батыл күрес бастауымыз керек.

Төртіншіден, ұрлыққа қарсы, біздің мемлекетіміздің органдарындағы, кооперациядағы, кәсіпшілер одақтарындағы және т. т. «көңілді» ұрлық дейтінге қарсы үздіксіз күрес жүргізу керек. Ұятты, жасырын ұрлық бар да батыл ұрлық, баспасөз бетінде айтылып жүргеніндей «көңілді» ұрлық бар. Жақында мен «Комсомольская Правдада» «көңілді» ұрлық туралы Окуневтің мақаласын оқыдым. Жаңа ғана жіберген мұрты бар, бір жас адам болыпты, сондай бір сыр-

баз болыпты, ол біздің мекемелеріміздің біреуінде көңілді ұрлық істеп отырған, ұрлықты қажымай-талмай үздіксіз істеген, сондықтан оның ұрлығының сәті бола берген. Бұл арада ұрының өзінен гөрі көбірек көңіл қоятын факт мынау: айналадағы жұрт ұрыны біле-тұра онымен күреспеген, ол былай тұрсын, қайта арқасынан қағып, ептілігі үшін мақтаудан да аулақ болмаған, сол себепті ұры жұрттың алдында өзінше бір батыр сияқты болып алған. Міне, көңіл қоятын нәрсе осы, бәрінен де қауіпті нәрсе осы, жолдастар. Шпионды немесе опасызды ұстаған күнде халық ызасының шегі болмайды, оны атуды талап етеді. Ал ұры мемлекет дәулетін ұрлап, жұрттың бәрінің көз алдында әрекет істеп отырса, айналадағы жұрт аққөңілдікпен күліп қана, арқасынан қағып қана қоя салады. Ал, оның бержағында, халық дәулетін ұрлаушы және халық шаруашылығының мүдделеріне ор қазушы ұры сол шпионнын, сол сатқынның нақ өзі, тіпті одан да жаман. Әлгі әсем жігітті, жаңа ғана жіберген мұрты бар сырбазды ақырында, әрине, тұтқындады. Бірақ бір «көңілді» ұрыны тұтқындау деген не деген сөз? Мұндай ұрылар бізде жүздеп, мыңдап бар. Олардың бәрін ГПУ-дің жәрдемімен құрта алмайсың. Бұл арада басқа бір нәтижелірек, үлкенірек шара керек. Ол шара — мұндай ұры азғындардың төңірегінде моральдық бойкот жағдайын, айналадағы жұрт жек көретін жағдайды тудыру болып табылады. Ол шара — ұрлықтың болуын мүмкін етпейтіндей болып, «көңілдісі» бар, «көңілсізі» бар ұрылардың, халық дәулетін талаушылардың өмір сүріп, күн көруін мүмкін етпейтіндей болып жұмысшылар мен шаруалардың ара-

сында науқан ашу, сондай жағдай тудыру болып табылады. Міндет — біздің жыйнаған қорымызды талан-тараждан қорғау құралдарының бірі ретінде ұрлыққа қарсы күресу болып отыр.

Ақырында, біз заводтар мен фабрикаларда қыдырымпаздықты құрту жолында, еңбек өнімділігін арттыру жолында, біздің кәсіпорындарда еңбек тәртібін нығайту жолында науқан ашуымыз керек. Қыдырымпаздықтың қырсығынан өнеркәсіп он мыңдаған, жүз мыңдаған жұмыс күнінен айырылып отырады. Соның қырсығынан жүз мыңдаған, миллиондаған сом зая кетіп, біздің өнеркәсібімізге залал келеді, индустрияға залал келеді. Егерде қыдырымпаздық тоқтамаса, егерде еңбек өнімділігі бір орында тоқтап тұрып қалса, біз индустриямызды алға бастыра алмаймыз, біз жалақыны арттыра алмаймыз. Қыдырымпаздыққа жол беріп, еңбек өнімділігін ілгері бастырмай өздерінің ортақ іске зыян тигізетінін, бүкіл жұмысшы табына зыян тигізетінін, біздің өнеркәсібімізге зыян тигізетінін жұмысшыларға түсіндіру керек, әсіресе фабрикалар мен заводтарға жақында кіргендеріне түсіндіру керек. Міндет — біздің өнеркәсібіміздің мақсаты үшін, тұтасымен алғанда бүкіл жұмысшы табының мақсаты үшін қыдырымпаздыққа қарсы күресу, еңбек өнімділігін арттыру жолында күресу болып отыр.

Біздің жыйнаған қорымыз бен резервтерімізді шашылудан, ұрланудан сақтау үшін, сөйтіп бұл қорларымыз бен резервтерімізді біздің елімізді индустрияландыру мұқтаждарына жұмсайтын болу үшін керекті жолдар мен құралдар осылар.

V

ИНДУСТРИЯ ҚҰРЫЛЫСШЫЛАРЫНЫҢ КАДРЫН ҚҰРУ КЕРЕК

Мен индустрияландыру бағыты туралы айттым. Индустрияландыру ісін өркендету үшін резервтер жыйнау жолдары туралы айттым. Ақырында, жыйналған қорды индустрияның мұқтаждары үшін ұқыптап пайдалану амалдары туралы айттым. Бірақ мұның бәрі әлі жеткіліксіз, жолдастар. Елімізді индустрияландыру туралы партияның директивасын жүзеге асыру үшін басқасының бәрін былай қойғанда жаңа адамдар кадрын, индустрияның жаңа құрылысшыларының кадрын құру керек.

Кәдімгі адамдарсыз, жаңа адамдарсыз, жаңа құрылысшылардың кадрынсыз ешқандай міндетті, әсіресе елімізді индустрияландыру сыяқты үлкен міндетті орындау мүмкін емес. Бұрын, азамат соғысы дәуірінде, армияны құру және соғыс жүргізу жөніндегі командир кадрлар, полк командирлері мен бригада командирлері, дивизия бастықтары мен корпус командирлері бізге өте-мөте керек еді. Төменнен шыққан және өздерінің қабілеті арқасында жоғары көтерілген бұл жаңа командир кадрларсыз біз армияны құра алмаған болар едік, біз анталаған көп жауларымызды жеңе алмаған болар едік. Осылар, жаңа командир кадрлар, әрине, жұмысшылар мен шаруалардың жалпы қолдауыменен ол кезде біздің армиямызды және біздің елімізді аман сақтап қалды. Ал кәзір бізде индустрия құрылысының дәуірі. Кәзір біз азамат соғысы майдандарынан индустрия майданына көштік. Осыған сәйкес кәзір бізге индустрия жөнінде жаңа

командир кадрлар, фабрикалар мен заводтардың жақсы директорлары, жақсы трестовиктер, іскер сауда қызметкерлері, өнеркәсіп құрылысы жөніндегі есті жоспаршылар керек. Қазір бізге шаруашылық жөнінде, өнеркәсіп жөнінде жаңа полк командирлері мен бригада командирлері, дивизия бастықтары мен корпус командирлері керек. Мұндай адамдарсыз біз бір де-бір адым ілгері баса алмаймыз.

Сондықтан міндет — жұмысшылардың және совет интеллигенциясының, өз тағдырын жұмысшы табының тағдарымен байланыстырып, бізбен бірге шаруашылығымыздың социалистік негізін салып жатқан совет интеллигенциясының қатарынан индустрия құрылысшыларының көптеген кадрларын құруда болып отыр.

Міндет — осындай кадрларды құруда және оларға барынша жәрдем көрсете отырып, оларды бірінші қатарға шығаруда болып отыр.

Бізде соңғы уақытта шаруашылық қызметкерлерді азғындады деп соққылайтын әдет пайда болып жүр, соның өзінде бірен-саран кездесетін теріс жайларды шаруашылық қызметкерлерінің барлық кадрларына тануға бейімдік бар. Шаруашылық қызметкерлерге кешіргісіз кінәлар тағып, кім көрінгеннің бәрі оларды бір тарпып қалуды кейде керек деп табады. Бұл оңбаған әдеттен біржолата, мәңгіге арылу керек, жолдастар. Бір атадан ала да туады, құла да туады, мұны түсіну керек. Біздің елімізді индустрияландыру және өнеркәсіп құрылысшыларының жаңа кадрларын шығару міндеті шаруашылық қызметкерлерді соққылауды емес, қайта өнеркәсіп құрылысы ісінде оларға барынша көмектесуді керек етеді. Шаруашылық қызметкерлерді сенімге бөлеу керек, оларды қуаттап оты-

ру керек, жаңа адамдарды, индустрия құрылысшыларын қалыптастыру ісінде оларға көмектесу керек, индустрия құрылысшысы қызметін социалистік құрылыстың құрметті қызметі ету керек, — біздің партия ұйымдары кәзір міне осы бағытпен жұмыс істеуге тиіс.

VI
ЖҰМЫСШЫ ТАБЫНЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ КЕРЕК

Елімізді индустрияландыру бағытына байланысты, біздің алдымызда тұрған ең таяудағы міндеттер осындай.

Бұл міндеттерді жұмысшы табының тікелей жәрдемінсіз, тікелей қолдауынсыз жүзеге асыруға бола ма? Жоқ, болмайды. Біздің өнеркәсібімізді алға бастыру, оның өнімділігін арттыру, индустрия құрылысшыларының жаңа кадрларын құру, социалистік қор жыйнау ісін дұрыс жүргізу, жыйналған қорды өнеркәсіптің мұқтаждарына ұқыптап пайдалану, өте қатаң үнем тәртібін орнату, мемлекеттік аппаратты шыйрату, оны арзанға түсетін және адал ету, оны біздің құрылыс жүргізген дәуірімізде жабысқан жамандықтар мен былғаныштардан тазарту, мемлекет дәулетін ұрлаушыларға, ысырап етушілерге қарсы үздіксіз күрес жүргізу, — міне осының бәрі жұмысшы табының миллиондаған бұқарасының тікелей және үздіксіз қолдауынсыз ешқандай партия атқара алмайтын міндеттер. Сондықтан міндет — партияда жоқ жұмысшылардың миллиондаған бұқарасын біздің құрылыс жұмысымызға қатнастыруда болып отыр. Үнем тәртібін жүзеге асыруда, мемлекеттік резервтерді ұрлаушылыққа және шашушылыққа қарсы күресуде,

қандай бет перде жамылған ұрылар мен алаяқтарды болса да аластауда, біздің мемлекеттік аппаратымызды сауықтыруда және арзандатуда әрбір жұмысшы, әрбір адал шаруа партия мен үкіметке көмектесіп отыратын болуы керек. Бұл жөнінде өндірістік кеңестер баға жеткісіз көмек көрсете алар еді. Бір кезде бізде өндірістік кеңестер үлкен орын алатын еді. Қазір олар жайында ештеме есітілмей кетті. Бұл үлкен қате, жолдастар. Өндірістік кеңестерді қайткен күнде де жандандыру керек. Өндірістік кеңестердің алдына, айталық, санитария жөніндегі мәселелер сияқты ұсақ мәселелерді ғана қоюмен тынбау керек. Өндірістік кеңестердің программасын кеңейтіп, мазмұнын байыту керек. Өндірістік кеңестерде өнеркәсіп құрылысының негізгі мәселелерін көтеру керек. Жұмысшы табының миллиондаған бұқарасының белсенділігін тек осы жолмен арттыруға болады, тек осы жолмен ғана оларды өнеркәсіп құрылысына қатнасушы саналы адамдарға айналдыруға болады.

VII
ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ШАРУАЛАРДЫҢ ОДАҒЫН НЫҒАЙТЫП ОТЫРУ КЕРЕК

Жұмысшы табының белсенділігін арттыру туралы айтқанда шаруаларды да ұмытуға болмайды. Ленин бізге жұмысшы табы мен шаруалардың одағы — пролетариат диктатурасының негізгі принципі деп үйретті. Біз мұны ұмытуға тиісті емеспіз. Өнеркәсіпті өркендету, социалистік қор жыйнау, үнем тәртібі — зор міндеттер, бұл міндеттерді орындамайынша біз жеке меншікті капиталды жеңе алмаймыз және біздің шаруашылық тұрмысымыздың қыйыншылықтарын жоя

алмаймыз. Бірақ Совет өкіметі болмаса, пролетариат диктатурасы болмаса, бұл міндеттердің бірде-біреуінің орындалуы мүмкін емес. Ал пролетариат диктатурасы жұмысшы табы мен шаруалардың одағына сүйенеді. Егерде біз жұмысшы табы мен шаруалардың одағын бұзып алсақ немесе әлсіретіп алсақ біздің барлық міндеттеріміздің іске аспай қалуы мүмкін.

Шаруалардың еңбекші бұқарасын тегі жат нәрсе деп қарайтын, өнеркәсіп үшін қанау объектісі деп, біздің индустриямыз үшін отар тәрізді бірдеме деп қарайтын адамдар бізде партия ішінде бар. Ондай адамдар — қауіпті адамдар, жолдастар. Жұмысшы табы үшін шаруалар қанау объектісі де емес, отар да емес. Өнеркәсіптің шаруалар шаруашылығы үшін рынок болып табылатыны сияқты, шаруалар шаруашылыгы өнеркәсіп үшін рынок болып табылады. Бірақ шаруалар біз үшін тек рынок қана емес. Ол сонымен бірге жұмысшы табының одақтасы болып табылады. Нақ сондықтан шаруалар шаруашылығын өркендету, шаруаларды жаппай кооперативтендіру, олардың әлауқат күйін жақсарту — мұнсыз біздің өнеркәсібіміздің онша-мұнша мықтап өркендеуін қамтамасыз ету мүмкін болмайтын керекті жағдай болып табылады. Осының керісінше, — өнеркәсіпті өркендету, ауылшаруашылық машиналары мен тракторлар жасап шығару, шаруаларды өнеркәсіп өнімдерімен жаппай жабдықтау — мұнсыз ауыл шаруашылығын ілгері бастыру мүмкін болмайтын керекті жағдай болып табылады. Жұмысшы табы мен шаруалар одағының ең берік негіздерінің бірі осы. Сондықтан салықтарды шамадан тыс арттыру мағнасында, өнеркәсіп бұйымдарына бағаны арттыру және т. б. мағнасында шаруа-

ларға қысымды күшейту керек деп қайта-қайта талап етіп жүрген жолдастарға біз қосыла алмаймыз. Біз оларға қосыла алмаймыз, өйткені олар, өздері байқамай, жұмысшы табы мен шаруалардың одағын бұзады, пролетариат диктатурасын әлсіретеді. Ал біздер жұмысшы табы мен шаруалардың одағын бұзуды емес, нығайтуды тілейміз.

Бірақ біз жұмысшы табы мен шаруалардың кез келген одағын қорғай бермейміз. Біз басшылық роль жұмысшы табынікі болатын одақты жақтаймыз. Мұның себебі не? Мұның себебі — жұмысшылар мен шаруалар одағының системасында жұмысшы табының басшылық ролі болмаса, еңбекші және қаналушы бұқараның помещиктер мен капиталистерді жеңуі мүмкін емес. Кейбір жолдастардың бұған қосылмайтынын мен білемін. Олар: одақ деген жақсы нәрсе, бірақ жұмысшы табының тағыда басшылығының не керегі бар? — дейді. Ол жолдастар өте-мөте қателеседі. Қателесетін себебі — олар өте-мөте сыналған, өте-мөте революцияшыл тап, жұмысшылар табы басшылық ететін жұмысшылар мен шаруалардың одағы ғана жеңе алатынын түсінбейді.

Пугачев тұсында немесе Степан Разин тұсында шаруалар көтерілісінің мерт болған себебі не? Ол кезде шаруалардың помещиктерді қуып шыға алмағандығының себебі не? Мұның себебі — олардың ол кезде жұмысшы табы сияқты революцияшыл басшысы болған жоқ, болуы мүмкін де емес еді. Француз революциясының буржуазия жеңуімен және бұрын қуылған помещиктердің қайта оралуымен тынғанының себебі не? Мұның себебі — француз шаруаларының ол кезде жұмысшы табы сияқты революцияшыл басшы-

сы болған жоқ, болуы мүмкінде емес еді, — шаруаларға ол кезде буржуазияшыл либералдар басшылық етті. Біздің еліміз — жұмысшылар мен шаруалардың одағы помещиктер мен капиталистерді жеңіп шыққан дүние жүзінде бірден-бір ел болып табылады. Ал мұны немен түсіндіруге болады? Мұны мынамен түсіндіруге болады: біздің елімізде революциялық қозғалыстың басшылығында ұрыстар арқылы сыналған жұмысшылар табы болды, әлі де болып отыр. Бізде жұмысшы табының басшылық етуі идеясын бұзса-ақ болғаны — жұмысшылар мен шаруалардың одағынан түк із қалмас еді, ал капиталистер мен помещиктер өздерінің ескі ұяларына қайта оралар еді.

Міне сондықтан біз елімізде жұмысшы табы мен шаруалардың одағын сақтап, нығайтып отыруымыз керек.

Міне сондықтан біз осы одақтың системасында жұмысшы табының басшылығын сақтап, нығайтып отыруымыз керек.

VIII

ПАРТИЯ ІШІНДЕГІ ДЕМОКРАТИЯНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫП ОТЫРУ КЕРЕК

Мен жұмысшы табының белсенділігін арттыру туралы, біздің шаруашылық құрылысымыздың ісіне, индустрия құрылысының ісіне жұмысшы табының миллиондаған бұқарасын қатнастыру туралы айттым. Ал жұмысшы табының белсенділігін арттыру — күрделі және үлкен іс. Жұмысшы табының белсенділігін арттыру үшін ең алдымен партияның өзінің белсенділігін күшейту керек. Партияның өзі партия ішіндегі демократияның жолына батыл және нық басуы керек, біз-

дің ұйымдарымыз партиямыздың тағдырын шешіп жатқан партия қалың бұқарасын біздің құрылысымыздың мәселелерін талқылауға қатнастырып отыруы керек. Мұнсыз жұмысшы табының белсенділігін күшейту туралы айтуға да болмайды.

Мен мұны айырықша баса айтамын, өйткені жақында біздің Ленинград ұйымы мынадай бір дәуірді бастан кешірді — ол кезде кейбір басшылар партия ішіндегі демократия жайында тек қана мысқылдап сөйлейтін болды. Менің айтып тұрғаным партия съезінің алдындағы, съездің кезіндегі және съезден ілешала кейінгі дәуір; ол дәуірде Ленинградта партия коллективтерінің жыйналуына жол берілмеді, коллективтердің кейбір ұйымдастырушылары, — менің тік айтқаным үшін кешіріңіздер, — коллективтерге дегенде околоточныйдың ролін атқарды, олар коллективтердің жыйналуына тыйым салды. Зиновьев бастаған «жаңа оппозиция» дейтін осы ісімен омақаса құлады да.

Егерде біздің Орталық Комитеттің мүшелері сіздердің араңызда XIV съездің қарарларына қарсы күрес жүргізген оппозицияны екі апта ішінде Ленинград активінің жәрдемімен ығыстырып тастап, оқшау қалдырған болса, оның себебі — съездің қарарлары туралы түсінік беру науқаны Ленинград ұйымы ішінде демократизмге талпынушылықпен, осы талпынған талаптын орасан өршіп өзіне жол ашуымен дәл түсті. Жақында болған осы сабақты сіздердің еске алуларыңызды тілер едім, жолдастар. Сіздердің осы сабақты еске ала отырып, партия ішіндегі демократияны адал және батыл жүзеге асыруларыңызды, партия бұқарасының белсенділігін арттыруларыңызды, оларды

социалистік құрылыстың негізгі мәселелерін талқылауға қатнастырып отыруларыңызды, партиямыздың Орталық Комитетінің апрель пленумы шығарған қарарлардың дұрыстығына олардың көзін жеткізіп отыруларыңызды тілер едім. Мен партия бұқарасының нақ көзін жеткізулеріңізді тілер едім, өйткені көзді жеткізу әдісі — жұмысшы табының қатарындағы жұмысымыздың негізгі әдісі болып табылады.

IX

ПАРТИЯНЫҢ БІРЛІГІН ҚОРҒАП ОТЫРУ КЕРЕК

Партия ішіндегі демократия дегеніміз фракциялық топтардың еркіндігі деген сөз деп ойлайды кейбір жолдастар. Ал бұған келгенде ғапу етесіздер, жолдастар! Біз партия ішіндегі демократияны бұлай түсінбейміз. Партия ішіндегі демократия мен фракциялық топтардың еркіндігі арасында ешқандай қатнас жоқ және болуы да мүмкін емес.

Партия ішіндегі демократия деген не? Партия ішіндегі демократия дегеніміз партия бұқарасының белсенділігін арттыру және партияның бірлігін нығайту, партия ішінде саналы пролетарлық тәртіпті нығайту деген сөз.

Фракциялық топтардың еркіндігі деген не? Фракциялық топтардың еркіндігі дегеніміз партия қатарын азғындату, партияны жеке орталықтарға бөліп бытырату, партияны әлсірету, пролетариат диктатурасын әлсірету деген сөз.

Бұлардың арасында қандай қатнас болуы мүмкін?

Бізде партия ішінде жалпыпартиялық айтыс ашылды деп ұйықтап жатып түсінде көретін адамдар

бар. Бізде партияның айтыссыз күн көруі мүмкін емес деп ойлайтын, айтысты кәсіп еткен адамның атағын алуға дәмеленіп жүрген адамдар бар. Мұндай айтысты кәсіп еткен адамдар бізден аулақ болсын! Бізге кәзір керегі — ойдан шығарған айтыс емес, біздің партиямызды айтыс клубына айналдыру емес, қайта біздің жалпы құрылыс жұмысымызды күшейту, әсіресе индустрия құрылысын күшейту, біздің құрылыс жұмысымызға сеніммен батыл басшылық етіп отырған жауынгер және топтасқан, біртұтас және бөлінбес партияны нығайту. Кімде-кім ұшы-қыйыры жоқ айтыс болуына тырысса, кімде-кім фракциялық топтардың еркіндігі болуына тырысса, — ол адам партияның бірлігін бұзады, ол адам біздің партиямыздың күш-қуатын кемітеді.

Біз бұрын немен күшті едік және кәзір немен күштіміз? Дұрыс саясатпен және қатарымыздың бірлігімен күштіміз. Дұрыс саясатты бізге партиямыздың XIV съезі берді. Кәзір міндет — қатарымыздың бірлігін, партия съезінің қарарларын ешқандай кедергі-бөгетке қарамастан жүзеге асыруға әзір отырған партиямыздың бірлігін қамтамасыз ету.

Партиямыздың Орталық Комитеті пленумының қабылдаған қарарларының мазмұны негізінде осындай.

X

ҚОРТЫНДЫЛАР

Енді қортындыларға кірісуге рұхсат етіңіздер.

Біріншіден, біз социализмнің негізі болып табылатын және халық шаруашылығын тұтасымен ілгері бас-

таушы жетекші күш болып табылатын еліміздің индустриясын алға бастыруға тиістіміз.

Екіншіден, біз индустрияландыру бағытын тікелей және қолма-қол жүзеге асырушы болып табылатын индустрия құрылысшыларының жаңа кадрларын құруға тиістіміз.

Үшіншіден, біз социалистік қор жыйнауымыздың қарқынын шапшаңдатуға және өнеркәсібіміздің мұқтаждары үшін резервтер жыйнауға тиістіміз.

Төртіншіден, жыйналып жатқан резервтерді дұрыс пайдаланатын болу керек және өте қатаң үнем тәртібін орнату керек.

Бесіншіден, жұмысшы табының белсенділігін арттыру керек және жұмысшылардың миллиондаған бұқарасын социализм құрылысы ісіне қатнастыру керек.

Алтыншыдан, жұмысшы табы мен шаруалардың одағын және бұл одақтың ішінде жұмысшы табының басшылығын нығайтып отыру керек.

Жетіншіден, партия бұқарасының белсенділігін арттырып отыру керек және партия ішіндегі демократияны жүзеге асырып отыру керек.

Сегізіншіден, біз партиямыздың бірлігін, қатарымыздың топтасқандығын сақтап, нығайтып отыруға тиістіміз.

Біз бұл міндеттерді орындай аламыз ба? Егерде біз тілесек, я, орындай аламыз. Ал біз мұны тілейміз, оны жұрттың бәрі көріп отыр, я, орындай аламыз, өйткені біз — большевиктерміз, өйткені біз қыйыншылықтардан қорықпаймыз, өйткені қыйыншылықтар оларға қарсы күресіп, оларды жеңу үшін жаралады. Я, орындай аламыз, өйткені біздің саясатымыз дұрыс, сондықтан біз қайда бара жатқанымызды білеміз.

Сондықтан біз мақсатқа жететін жолмен, социалистік құрылыстың жеңуіне бастайтын жолмен батыл және сеніммен алға басамыз.

Жолдастар! Бұдан 9 жыл бұрын, 1917 жылы февральда Ленинградта біз кішкентай ғана топ едік. Біз, большевиктер, ол кезде Ленинград Советінің шағын азшылығы болғанымыз партияға мүше карттардың есінде. Ол кезде бізді большевизмнің көптеген жауларының қорлағаны карт большевиктердің есінде болуға тиіс. Бірақ біз алға басып отырдық, бір позициядан соң бір позицияны алып отырдық, өйткені біздің саясатымыз дұрыс еді, сондықтан топтасқан түрде сап түзеп күрес жүргіздік. Кейін бұл шағын күш ұлы күш болып өсті. Біз буржуазияны талқандадық, Керенскийді құлаттық. Біз Советтер өкіметін ұйымдастырдық. Біз Колчак пен Деникинді талқандадық. Біз өз елімізден ағылшын-француз және америкаң зорлықшыларын қуып шықтық. Біз шаруашылықты күйзелістен шығарып алдық. Ақырында, біз өнеркәсібіміз бен ауыл шаруашылығымызды қалпына келтірдік. Енді біздің алдымызда жаңа міндет — елімізді индустрияландыру міндеті тұр. Ең үлкен қыйыншылықтар артта калды. Біздің елімізді индустрияландыру жөніндегі бұл жаңа міндетті орындай алатынымызға күмәндемуге бола ма? Әрине, күмәндемуге болмайды. Қайта, қыйыншылықтарды жеңуге және партиямыздың XIV съезі алға қойған жаңа міндеттерді орындауға кәзір бізде барлық негіздер бар.

Сондықтан мен индустрияның жаңа майданында біз кәміл жеңіп шығуға тиістіміз деп ойлаймын. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

„Ленинградская Правда“
№ 89, 18 апрель, 1926 ж.

КАГАНОВИЧ ЖОЛДАСҚА ЖӘНЕ УК(б)П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ БАСҚА ДА МҮШЕЛЕРІНЕ[58]

Шумскиймен әңгімелестім. Әңгіме ұзақ болды, екі сағаттан артыққа созылды. Оның Украинадағы жағдайға наразы екендігін өздеріңіз білесіздер. Оның наразы болу себептерін негізгі екі пунктпен көрсетуге болады.

1. Ол украиндандыру ісі шабан жүріп жатыр, украиндандыру ісіне өтемелі, міндет түрінде қарап, мұны селқос орындап келеді, тым кешеуілдетіп орындап келеді деп есептейді. Ол украин мәдениеті мен украин интеллигенциясы жедел қарқынмен өсіп келеді, ал егер біз осы қозғалысты басқармасақ, онда мұның өзі бізден сырт кетуі мүмкін деп есептейді. Ол бұл қозғалыс украин мәдениетіне сенетін адамдар, осы мәдениетті білетін және білгісі келетін адамдар, украин мәдениеті жолындағы өсе түскен қозғалысты қолдайтын және қолдай білетін адамдар бастауға тиіс деп есептейді. Ол әсіресе Украинадағы партия басшылары мен кәсіпшілер одақтары басшыларының әрекетіне наразы; оның ойынша, бұлар украиндандыру ісін тежеп отырған көрінеді. Ол партия-кәсіпшілер одақтары басшылары-

ның негізгі күнәларының бірі — олар украин мәдениетімен тікелей байланысы бар коммунистерді партия және кәсіпшілер одағының жұмысын басқаруға тартпай отыр деп ойлайды. Ол украиндандыру ісін ең алдымен партия қатарында және пролетариат арасында жүргізу керек деп ойлайды.

2. Ол осы кемістіктерді түзету үшін ең алдымен партия және совет басшыларының құрамын украиндандыру бағытында өзгерту қажет, тек осылай еткенде ғана Украинадағы қызметкерлеріміздің кадрларын украиндандыру жағына бейімдеп өзгеріс жасауға болады деп ойлайды. Ол Халық Комиссарлары Советінің Председательдігіне Гринькоңы, УК(б)П Орталық Комитетінің Саяси Секретарлығына Чубарьды жоғарылату керек, Секретариат пен Саяси Бюроның құрамын, т. т. жақсарту керек деп ұсыныс жасайды. Оның ойынша осындай немесе осылар тәрізді өзгерістер жасамайынша оның, Шумскийдің Украинада қызмет істеуі мүмкін емес. Оның айтуынша, егер Орталық Комитет талап ететін болса, тіпті кәзіргі жұмыс жағдайлары өзгеріссіз қалған күнде де ол Украинаға қайтуға дайын, бірақ бұдан ешнәрсе шықпайды деп біледі. Ол әсіресе Кагановичтің жұмысына наразы. Ол былай деп есептейді: Каганович ұйымдастыру-партиялық жұмысты жолға қоя білді, бірақ оның ойынша, Каганович жолдастың жұмысында ұйымдастыру әдістерінің басым болуы қалыпты жұмыс жүргізуге мүмкіндік бермейді. Ол, Каганович жолдастың жұмысындағы ұйымдастырушылық қысымның нәтижелері жоғарғы советтік мекемелерді және осы мекемелердің басшыларын қақпайлау әдісінің нәтижелері жақын

арада білінеді деп сендірмек болады, оның бержағында бұл нәтижелер елеулі жанжал түріне айналмайды деп кепіл бола алмайтындығын айтады.

Бұл жөнінде менің пікірім мынадай.

1. Шумскийдің бірінші пунктте айтылған сөздерінде кейбір дұрыс пікірлер бар. Украинада украин мәдениеті мен украин жұртшылығы жолындағы көлемді қозғалыстың басталып, өсіп келе жатқандығы рас. Бұл қозғалысты жат элементтердің қолына беріп қоюға ешуақытта да болмайтыны рас. Украинадағы бірсыпыра коммунистер бұл қозғалыстың мәнісі мен маңызын түсінбейтіні, сондықтан да мұны меңгеру үшін шаралар қолданбай отырғаны рас. Украин мәдениеті мен украин жұртшылығы туралы мәселеде мысқылшылдық пен скептицизм рухы әлі де бойынан арылмаған партиялық және советтік қызметкерлеріміздің кадрлары ішінде өзгеріс жасау керек екені рас. Украинадағы жаңа қозғалысты меңгеру ісі қолынан келетін кадрларды мұқият іріктеп алып, ұйымдастыру керек екені рас. Мұның бәрі рас. Бірақ Шумский осы арада, кем дегенде, елеулі екі қате жіберіп отыр.

Біріншіден. Ол біздің партиялық және өзге аппараттарды украиндандыру ісін пролетариатты украиндандыру ісімен шатастырып отыр. Белгілі қарқынды қолдана отырып, халықты қамтыйтын партиялық, мемлекеттік және басқа аппараттарымызды украиндандыруға болады және украиндандыру керек те. Бірақ пролетариатты жоғарыдан украиндандыруға болмайды. Орыс жұмысшы бұқарасы орыс тілі мен орыс мәдениетінен бас тартып, украин мәдениеті мен украин тілін өз мәдениетім, өз тілім деп танысын деп зорлауға болмайды. Мұның өзі ұлттардың еркін даму прин-

ципіне қайшы келеді. Мұның өзі ұлт бостандығы болмай, қайта ұлтты езудің өзгеше бір формасы болар еді. Күмән жоқ, Украина өнеркәсібінің дамуына қарай, өнеркәсіпке маңайдағы деревнялардан украин жұмысшыларының келіп қосылуына қарай, украин пролетариатының құрамы өзгеріп отырады. Пролетариаттың құрамы, айталық, Латвия мен Венгрияда, бір кездері немістік сыйпатта болып, кейіннен латыштана және мадьярлана бастаған пролетариаттың құрамы қалай өзгеріп отырған болса, күмән жоқ, украин пролетариатының құрамы да солай өзгеріп отырмақ. Бірақ мұның өзі ұзаққа созылатын, стихиялық, табиғи процесс. Осы стихиялық процестің орнына пролетариатты жоғарыдан зорлықпен украиндандыру ісін жүргізуге әрекеттену — Украинадағы пролетариаттың украин емес топтарында антиукраиндық шовинизм туғыза алатын утопиялық және зиянды саясат жүргізгендік болады. Менің ойымша, Шумский украиндандыруды теріс түсініп отыр және осы соңғы қауіппен санаспай отыр.

Екіншіден. Шумский Украинадағы украин мәдениеті мен украин жұртшылығы жолындағы жаңа қозғалыстың оңды сыйпатын дұп-дұрыс көрсете отырып, біракта бұл қозғалыстың көлеңке жағын көрмейді. Шумский Украинадағы жергілікті коммунистік кадрлардың әлсіздігі себепті ылғый коммунист емес интеллигенция басқарып отырған бұл қозғалыстың кей жерлерде украин мәдениеті мен украин жұртшылығын жалпысоветтік мәдениет пен жұртшылықтан шеттету жолындағы күрес түріне айналып кетуі; жалпы «Москваға» қарсы, жалпы орыстарға қарсы, орыс мәдениетіне және оның ең жоғарғы табысы — ленин-

измге карсы күрес түріне айналып кетуі мүмкін екенін көрмей отыр. Украинада мұндай қауіптің барған сайын нақтылы қауіп бола бастап отырғанын мен дәлелдеп жатпаймын. Менің тек айтайын дегенім — тіпті кейбір украин коммунистері де мұндай кемшіліктерден сау емес. Менің айтып отырғаным — белгілі коммунист Хвилевойдың украин баспасөзінде басылған мақаласы сияқты, барша жұртқа белгілі факты. Хвилевойдың Украинадағы «пролетариатты орыстанудан дереу құтқару керек» деген талаптары, «украин поэзиясы орыс әдебиетінен, оның стилінен мүмкіндігінше тез құтылуы керек» деген пікірі, «пролетариат идеялары бізге москвалық искусствосыз-ақ белгілі» деген мәлімдемесі, украин «жас» интеллигенциясының әлде-нендей мессиялық роліне әуестенуі, оның мәдениетті саясаттан айырмақ болған кісі күлерлік және марксизмге жатпайтын әрекеті, — осының бәрі және осы тәрізді көптеген нәрселер қазір украин коммунисінің аузынан естілуі тым ғажап-ақ (ғажап болмасқа лажы жоқ!). Батысевропалық пролетарлардың және олардың коммунистік партияларының «Москваға», халықаралық революциялық қозғалыс пен ленинизмнің осы берік қамалына тілектестігі күшейіп отырған кезде, батысевропалық пролетарлар Москвада желбіреп тұрған туға сүйсіне қарап отырған кезде, украин коммунисі Хвилевой украин қайреткерлерін «Москвадан» «мүмкіншілігінше тезірек» құтылыңдар деп шақырудан басқа «Москваның» пайдасына ешнәрсе айта алмай отыр. Осы да интернационализм болып па! Егер коммунистер Хвилевойдың тілімен сөйлей бастап отырса, сөйлеп қана қоймай, біздің советтік баспасөзімізде жазып та отырған болса, коммунист емес ла-

герьдегі басқа украин интеллигенттері туралы не айтуға болады? Украинада украин мәдениеті жолындағы жаңа қозғалысты меңгеру ісі коммунистердің қатарындағы Хвилевойдың ұшқарылықтарына қарсы күрескенде ғана мүмкін болатынын Шумский түсінбейді. Тек осындай ұшқарылықтарға қарсы күрескенде ғана, өрлеп келе жатқан украин мәдениеті мен украин жұртшылығын **советтік** мәдениет пен жұртшылыққа айналдыруға болатынын Шумский түсінбейді.

2. Украинадағы басқарушы топ (партиялық және басқа топ) украиндық болуға тиіс деген Шумскийдің пікірі дұрыс. Бірақ ол қарқын жөнінде қателесіп отыр. Ал мұның өзі қазір басты нәрсе. Бұл іске кілең украиндық марксистік кадрлардың әзірінше жетімсіз екенін ол ұмытып отыр. Мұндай кадрларды қолдан туғызуға болмайтынын ол ұмытып отыр. Мұндай кадрлардың тек жұмыс үстінде ғана өсіп жетілуі мүмкін екенін, бұл үшін уақыт керек екенін ол ұмытып отыр... Қазір Гринькоды Халық Комиссарлары Советінің Председательдігіне жоғарылату дегеннің мәнісі не? Бүкіл партия, әсіресе партия кадрлары бұл істі қалай бағаламақшы? Бұған қарап бізді Халық Комиссарлары Советінің үлес салмағын кемітуге бет алып отыр екен деп түсінбей ме? Өйткені Гриньконың партиялық стажы мен революциялық стажы Чубарьдың партиялық стажы мен революциялық стажынан көп төмен екенін партиядан жасыруға болмайды ғой. Біз қазір, Советтер жанданып отырған және совет органдарының үлес салмағы артып отырған қазіргі дәуірде, осындай қадам жасауымыз лайық па? Істің мүдделері үшін де, Гриньконың мүдделері үшін де әзірінше мұндай жоспарлардан бас тартқан жақсы

емес пе? Мен УҚ(б)П Орталық Комитеті Секретариаты мен Саяси Бюросының құрамын, сонымен қатар советтік басшылар тобын украин элементтерімен күшейтуді жақтаймын. Бірақ істің жайын суреттегенде партия мен Советтердің басшы органдарында украиндар жоқ деуге болмайды ғой. Ал Скрыпник пен Затонскийше, Чубарь мен Петровскийше, Гринько мен Шумскийше, бұлар украиндар емес пе екен? Шумскийдің бұл арадағы қатесі — ол, болашақты дұрыс меғзей отырып, қарқынмен есептеспей отыр. Ал қарқын дегеніңіз қәзір ең басты нәрсе.

Коммунистік сәлеммен

И. Сталин

26. IV. 1926 ж.

Толық түрінде бірінші рет басылып отыр

АҒЫЛШЫН ЕРЕУІЛІ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ПОЛЬШАДАҒЫ ОҚЫЙҒАЛАР ТУРАЛЫ

Тифлистегі негізгі теміржол мастерскойлары жұмысшыларының жыйналысында жасалған баяндама

8 июнь, 1926 ж.

Жолдастар! Англиядағы ереуілге[54] байланысты істер туралы және Польшадағы соңғы оқыйғалар[55] туралы мәлімдемені бастауға рұхсат етіңіздер, — бұл мәлімдемені осында председатель болып отырған Чхеидзе жолдас баяндама деп атады, бірақ қысқа болғандықтан оны мәлімдеме деп атамасқа болмайды.

АНГЛИЯДА ЕРЕУІЛ НЕЛІКТЕН ШЫҚТЫ?

Бірінші мәселе — Англиядағы ереуілдің шыққан себептері туралы мәселе. Англияның — капиталистік жағынан күшті дамыған және келісімді адам айтқысыз көп жасайтын елдің соңғы кезде орасан үлкен әлеуметтік дау-жанжалдардың майданына айналуы неден болды? «Теңіздердің қожасы» болған «ұлы Англияның» жаппай ереуілдік елге айналуы неден болды?

Мен Англиядағы жаппай ереуілді болғызбай қоймаған бірсыпыра жағдайларды көрсете кеткім келеді. Бұл мәселеге сарқа жауап беру үшін әлі уақыт жет-

кен жоқ. Алайда ереуілді болғызбай қоймаған кейбір шешуші оқыйғаларды біз көрсете аламыз және көрсетуге тиіспіз. Бұл жағдайлардың ішінен, басты жағдайлар ретінде, төрт жағдайды көрсетуге болады.

Біріншіден. Бұрын капиталистік мемлекеттердің қатарында Англия монополиялық дәрежеде болатын еді. Англияның толып жатқан орасан үлкен отарлары және сол кезге қарағанда үлгілі өнеркәсібі болды, сөйтіп өзін «дүниежүзілік фабрика» етіп көрсетуге және орасан көп үстеме пайда табуға оның мүмкіншілігі болды. Мұның өзі Англиядағы «бейбітшілік пен рахат» дәуірі болды. Капитал үстеме пайда тауып отырды, ол үстеме пайданың қыйқым-сыйқымдары ағылшын жұмысшы қозғалысының басқарушы тобының үлесіне тиіп отырды, ағылшын жұмысшы қозғалысының басшыларын капитал біртіндеп қолға үйретті, ал еңбек пен капиталдың арасындағы дау-жанжалдар дағдыда келісім жасау жолымен шешіліп отырды.

Бірақ дүниежүзілік капитализмнің бұдан былайғы дамуы, әсіресе халықаралық рынокте Англияға бәсекелес болып шыққан Германияның, Американың және шінара Жапонияның дамуы Англияның бұрынғы монополиялық дәрежесін қатты әлсіретті. Соғыс және соғыстан кейінгі дағдарыс Англияның монополиялық дәрежесіне тағыда бір шешуші соққы берді. Үстеме пайда азайды, Англияның жұмысшы басшыларының үлесіне тиетін қыйқым-сыйқымдар таусыла бастады. Англиядағы жұмысшы табының өмір сүру дәрежесінің төмендеуі туралы жиі-жиі үн көтеріле бастады. «Бейбітшілік пен рахат» дәуірі дау-жанжалдардың, локауттар мен ереуілдердің дәуіріне ауысты. Ағыл-

шын жұмысшысы солшылдана бастады, капиталға қарсы тікелей күрес жүргізу әдісін барған сайын жиі қолдана бастады.

Істің жәйі осылай болып отырғанда Англиядағы шахта иелерінің локаут жасаймын деп қорқытқан дөрекі айқайына көміршілердің жауап бермей қоя алмағандығын түсіну қыйын емес.

Екіншіден. Екінші жағдай халықаралық рынок байланысының қалпына келуінде және, осыған байланысты, капиталистік топтардың рынок үшін күресінің шиеленісуінде болып отыр. Соғыстан кейінгі дағдарыстың ерекшелігі — ол халықаралық рыноктің капиталистік мемлекеттермен байланысының барлығын бірдей дерлік үзіп, бұл байланыстарды қарым-қатнастарда болатын қайдағыбір қым-қыйғаш нәрселермен алмастырды. Капиталдың уақытша тұрақтауына байланысты бұл қым-қыйғаштық кәзірде кейінгі қатарға шығып келеді, сөйтіп халықаралық рыноктің бұрынғы байланыстары біртіндеп қайтадан қалпына түсіп келеді. Егер бұдан бірнеше жыл бұрын әңгіме фабрикалар мен заводтарды қалпына келтіру және жұмысшыларды капиталға жұмыс істеуге тарту туралы болған болса, кәзірде әңгіме қалпына келтірілген фабрикалар мен заводтар үшін рыноктер мен шикізаттарды қамтамасыз ету туралы болып отыр. Осыған байланысты рынок үшін күрес жаңа қарқынмен шиеленісіп отыр, оның бержағында бұл күресте капиталистік топтардың ішінен және капиталистік мемлекеттердің ішінен товарлары арзан және техникасы жоғары топ пен мемлекет ұтыста болып отыр. Ал рынокке енді жаңа күштер: Америка, Франция, Жапония, Германия, Англияның доминиондары, Англияның, соғыс кезінде өз өнер-

кәсібін дамытып үлгірген және кәзірде рынок үшін күресіп отырған, отарлары шығып отыр. Осылардың барлығынан кейін шетел рыноктерінен оп-оңай пайда табу мүмкін болмай отыр, ал Англия көптен бері осылай оңай пайда тауып келді. Рыноктер мен шикізаттың шығатын бұлағын монополиялық жолмен тонаудың отарлық ескі әдісі арзан товар арқылы рыноктерге ие болудың жаңа әдісіне орын беруге тиіс болды. Ағылшын капиталының өндірісті қысқартуға тырысуы, тым болмағанда, оны беталды кеңейте бермеуге тырысуы осыдан туып отыр. Англиядағы соңғы жылдарда үздіксіз болып отырған жұмыссыздардың орасан көп армиясы осыдан болып отыр. Жұмыссыз қалу қаупі осыдан туып отыр, бұл қауіп Англия жұмысшыларын ызаландырып, оларды жауынгерлік жолға түсіреді. Локаут қаупінің жалпы жұмысшыларға, әсіресе көміршілерге сондайлық тез әсер ету себебі осыдан.

Үшіншіден. Үшінші жағдай ағылшын капиталының Англия жұмысшы табының мүдделерінің есебінен ағылшын өнеркәсібі өнімінің түсер бағасын төмендетіп, товарларды арзандатуға тырысуында болып отыр. Бұл жөнінде негізгі соққы берілетін объектінің көміршілер болып отырғандық фактысын, міне бұл фактыны кездейсоқ нәрсе деуге болмайды. Ағылшын капиталы көміршілерге шабуыл жасағанда көмір өнеркәсібінің техника жағынан нашар жабдықталып, «ықшамдауды» керек етіп отырғандығынан ғана шабуыл жасап отырған жоқ, сонымен қатар, ең алдымен, көміршілер ағылшын пролетариатының алдыңғы отряды болғандықтан және күні бүгінге дейін алдыңғы отряды болып отырғандықтан шабуыл жасап

отыр. Осы алдыңғы отрядты жүгендеу, жалақыны төмендету және жұмыс күнін ұзарту, сөйтіп осы негізгі отрядты жеңгеннен кейін жұмысшы табының басқа отрядтарын да қолға алу, — міне ағылшын капиталының стратегиясы осындай болды. Ағылшын көміршілерінің өз ереуілін осындайлық ерлікпен жүргізіп отырған себебі де осыдан. Ағылшын жұмысшыларының көміршілерді қолдау ісінде жаппай ереуіл жасап, өздерінің дайын екендігін көрсетуі де осыдан.

Төртіншіден. Төртінші жағдай — Англияда консервативтік партияның, жұмысшы табының қас дұшпаны болып отырған партияның, үстемдік етуі. Жұмысшы табын жаныштауда буржуазия үкіметі атаулының бәрі де негізінен консерваторлардың үкіметі істеген істі істейтіндігі айтпаса да түсінікті. Сонымен қатар локаут жасау қаупін туғызып, бүкіл Англия жұмысшы табына осыншалық оңай және осыншалық арсыз түрде адам айтқысыз зіл тастауға жұмысшы табының консерваторлар сияқты қас дұшпандары ғана бара алатындығы да, консерваторлардың осылай істеуге барып отырғандығы да күмәнсіз. Ағылшын консервативтік партиясының локаут пен ереуілдің болуын тілегендігі былай тұрсын, тіпті оның осыған бір жылға таяу уақыт бойы дайындалғандығын қазірде түгелдей дәлелденген іс деп санау керек. Ол былтырғы жылы июльде уақытты «қолайсыз» деп санап, көміршілерге шабуыл жасауды кейінге қалдырған болатын. Бірақ ол бүкіл осы уақыт бойы көмір қорын жыйнап, штрейкбрехерлерді ұйымдастырып, осыған сәйкес қоғамдық пікір дайындап, осы жылғы апрельде көміршілерге соққы беру үшін дайындық жүргізді. Мұн-

дай опасыздық қадам жасауға тек консерваторлар партиясы ғана бара алды.

Консерваторлар партиясы жалған документтер мен провокациялар арқылы үкіметке еніп алды. Ол өкімет басына келген күні-ақ провокацияның барлық құралдарын пайдаланып, Египетке шабуыл жасады. Ол тонау мен езгінің отарлық әдістерінің сыналған құралдарын пайдаланып, міне бір жыл бойы қытай халқына қарсы тікелей соғыс жүргізіп отыр. Ол Совет Одағы халықтарының Великобритания халықтарымен жақындасуын болғызбау үшін қаражат аяп отырған жоқ, болуы мүмкін интервенцияның элементтерін астыртын дайындап жатыр. Қазірде ол өз елінің жұмысшы табына шабуыл жасап отыр, ол бұл шабуылды жақсылап қолдануға тұратындай жігер жұмсап, бүтін бір жыл бойы дайындады. Консерваторлар партиясы Англияның өз ішінде және сыртында дау-жанжал болмаса тұра алмайды. Ағылшын жұмысшыларының соққыға соққы арқылы жауап бергендігіне осыдан кейін таңғалуға бола ма?

Англиядағы ереуілді болғызбай қоймаған жағдайлар негізінен осындай.

АНГЛИЯДАҒЫ ЖАППАЙ ЕРЕУІЛДІҢ СӘТСІЗДІККЕ ҰШЫРАҒАН СЕБЕБІ НЕ?

Ағылшын жаппай ереуілінің сәтсіздікке ұшырауына бірсыпыра жағдайлар себеп болды, бұл жағдайлардың ішінен, тым болмағанда, мыналарды көрсете кету керек:

Біріншіден. Ағылшын жұмысшыларына және олардың басшылары болған Бас совет пен Жұмысшы пар-

тиясы дейтінге қарағанда ағылшын капиталистері мен консерваторлар партиясы жалпы алғанда тәжрибелі, ұйымдасқан және батыл болып шықты, сондықтан да күшті болып шықты, мұның өзі ереуілдің барысында белгілі болды. Жұмысшы табының басшылары жұмысшы табы міндеттерінің дәрежесінде болмай шықты.

Екіншіден. Ағылшын капиталистері мен консерваторлар партиясы орасан зор әлеуметтік дау-жанжалды толық және сөзсіз дайындалып қарсы алды, ал ағылшын жұмысшы қозғалысының басшылары шахта иелерінің локаут жарыялауына ойда жоқта кезікті, олар ешқандай дайындық жұмысын жүргізген жоқ немесе жүргізбеді дерлік болды. Сонымен қатар мынаны көрсете кету керек: жұмысшы табының басшылары дау-жанжал болардан көп дегенде бір жеті бұрын өздерінің дау-жанжал болмайды деп сенетіндігін білдірген болатын.

Үшіншіден. Капиталистер штабы, консерваторлар партиясы, күрестің шешуші пункттеріне соққы бере отырып, күресті бірігіп, ұйымдасып жүргізді, ал жұмысшы қозғалысының штабы, кәсіпшілер одақтарының Бас советі және оның «саяси комиссиясы» — Жұмысшы партиясы — ішінен бүлініп, ыдыраған болып шықты. Жұртқа мәлім, бұл штабтың басты адамдары (Томас, Гендерсон, Макдональд және олардың серіктері) не көмiршілердің және жалпы алғанда Англия жұмысшы табының тікелей сатқыны болып кетті, не күрестен қорыққан және онан да гөрі жұмысшы табының жеңісінен қорыққан жаңағы сатқындардың жеңілтек жолбикелері (Персель, Хикс және басқалар) болып шықты.

Англияның адам айтқысыз ерлік көрсетіп күрескен күшті пролетариатының не сатқын, не қорқақ, не жәй ғана жеңілтек көсемдері болып шығуы қалай деп, жұрттың сұрауы мүмкін. Бұл мәселенің зор маңызы бар. Мұндай көсемдер бірден шыға қойған жоқ. Олар жұмысшы қозғалысынан өсіп шықты, олар Англияда жұмысшы басшыларын тәрбиелейтін белгілі мектептен өтті, ағылшын капиталы үстеме пайданы күреп тауып тұрған дәуірдің, жұмысшы басшыларын ағылшын жұмысшы табымен келісімге келу үшін пайдаланып, сылап-сыйпап ұстаған дәуірдің мектебінен өтті, оның бержағында, жұмысшы табының бұл басшылары өзінің тұрмысы мен хал-жағдайы жағынан буржуазиямен жақындаса отырып, сонымен жұмысшы бұқарасынан қол үзді, оларға сырт қарады, оларды түсінуден қалды. Жұмысшы табының мұндай басшылары капитализмнің байлығынан көзі тұнжырап, капиталдың күш-қуатынан еңсесін көтере алмай, «адам қатарына қосылуды», «ауқаты бар адамдармен» қосылуды арман етті. Сөз жоқ, бұл басшысымақ адамдар өткен өмірдің, жаңа жағдайға сай келмейтін өмірдің, жаңғырығы болып табылады. Сөз жоқ, кейін бұлар ағылшын пролетариатының жауынгер рухына және батырлығына сай келетін жаңа басшыларға орын беруге мәжбүр болады. Энгельстің мұндай басшыларды жұмысшы табының буржуазияға айналған көсемдері[56] деп атауы өте дұрыс.

Төртіншіден. Ағылшын капитализмінің штабы, консерваторлар партиясы, ағылшын жұмысшыларының орасан зор ереуілі өте зор саяси маңызы бар факт болып табылатындығын түсінді, мұндай ереуілге қарсы елеулі күресті тек саяси құралдар арқылы ғана

жүргізуге болатындығын түсінді, мұндай ереуілді басу үшін корольдің беделін де, қауымдар палатасының беделін де, конституцияны да пайдалану қажет екендігін түсінді, әскерді мобилизацияламайынша, төтенше жағдай жарияламайынша ереуілдің жойыла қоймайтындығын түсінді. Ал Англия жұмысшы қозғалысының штабы, Бас совет, осы жәй ғана нәрсені түсінбеді немесе оны түсінгісі келмеді, не болмаса оны мойындаудан қорықты, ол жұрттың бәрін және әркімді жаппай ереуіл — тек экономикалық қана сыйпаты бар құрал деп сендірді, күресті саяси күрес жолына аударғысы келмейтіндігін және аударамын деп ойламайтындығын, ағылшын капиталының бас штабына, консерваторлар партиясына, соққы бергісі келмейтіндігін, оның — Бас советтің — өкімет туралы мәселені күн тәртібіне қойғысы келмейтіндігін білдірді.

Бас совет осылай ету арқылы ереуілді сөзсіз күйреуге ұшыратты. Өйткені, тарих көрсетіп отырғандай саяси күрес жолына салынбаған жаппай ереуіл сөзсіз күйреуге тиіс.

Бесіншіден. Ағылшын капиталистерінің штабы ағылшын ереуіліне интернационалдық көмек көрсетілсе буржуазияға қазалы қауіп туатындығын түсінді, ал Бас совет ағылшын жұмысшыларының ереуілі халықаралық пролетариаттың тілектестігі болған күнде ғана жеңісті болатындығын түсінбеді немесе түсінбеген сияқты болды. Осыдан келіп Бас совет Совет Одағы жұмысшыларының[57] және басқа мемлекеттердің жұмысшыларының финансылық көмегін қабылдаудан бас тартты.

Англиядағы жаппай ереуіл сияқты орасан үлкен ереуіл тым болмағанда мынадай негізгі екі шарт бол-

ған күнде: ереуілді саяси жолға көшірген күнде және ереуілді барлық алдыңғы қатардағы елдердің пролетарларының капиталға қарсы күрес актысына айналдырған күнде елеулі нәтижелерге жеткізетін еді. Бірақ ағылшын Бас советі ерекше, өзіне тән, «данышпандықпен» бұл екі шарттың екеуінен де бас тартты, сөйтіп жаппай ереуілді күні бұрын күйреу жағдайына қойды.

Алтыншыдан. Күмән жоқ, ағылшынның жаппай ереуіліне көмек көрсету ісінде II Интернационалдың және кәсіпшілер одақтарының Амстердамдық бірлестігінің екіжүзділік пиғылы аз роль атқарған жоқ. Социал-демократтардың бұл ұйымдарының ереуілге көмек көрсету жөніндегі құрғақ қарарлары расына келгенде финанс жағынан қандай көмек беруден болса да нағыз бас тарту болып шықты, өйткені Европа мен Американың кәсіпшілер одақтарының барлығы жыйналып, Совет Одағының кәсіпшілер одақтары өзінің ағылшын бауырларына көрсеткен финансылық көмегінің сегізден бір бөлегіндей ғана көмек көрсеткен фактысын социал-демократиялық Интернационалдың екіжүзділік пиғылы арқылы ғана түсіндіруге болады. Мен басқа көмек туралы, көмір тасу жұмысын тоқтату жөніндегі көмек туралы, айтып та тұрғаным жоқ, ал кәсіпшілер одақтарының Амстердамдық бірлестігі бұл жөнінде өзін штрейкбрехерша көрсетіп отыр.

Жетіншіден. Күмән жоқ, сонымен қатар жаппай ереуілдің сәтсіздікке ұшырау ісінде ағылшын коммунистік партиясының әлсіздігі де аз роль атқарған жоқ. Ағылшын коммунистік партиясының Коммунистік Интернационалдың ең жақсы секцияларының бірі екендігін айта кету керек. Англиядағы ереуілдің өн бойын-

да оның ұстаған позициясы өте дұрыс позиция болғандығын көрсете кету керек. Сонымен қатар ағылшын жұмысшыларының арасында оның беделінің әлі де күшті емес екендігін де мойындау керек. Ал бұл жағдай жаппай ереуілдің барысында қайғылы роль атқармай қоймады.

Қәзіргі уақытта біздің бақылауымыз бойынша анықталған және Англиядағы жаппай ереуілді сәтсіздікке ұшыратқан жағдайлар осылар, ең болмағанда, олардың басты-бастылары осылар.

ЖАППАЙ ЕРЕУІЛДІҢ САБАҚТАРЫ

Англиядағы жаппай ереуілдің сабақтары, тым болмағанда, олардың ең маңыздылары қандай? Бұл сабақтар мыналар.

Біріншіден. Англияда көмір өнеркәсібінде болған дағдарыс және соған байланысты болған жаппай ереуіл көмір өнеркәсібі саласында өндіріс құралдары мен құрал жабдықтарын, жұмысшы бақылауын белгілей отырып, социализациялау туралы мәселені тікелей қойып отыр. Мұның өзі социализмнің жеңуі жөніндегі мәселе болып табылады. Көмір өнркәсібіндегі дағдарысты негізімен шешу үшін ағылшын коммунистік партиясының ұсынған жолынан басқа жол жоқ және болуы да мүмкін емес екендігін дәлелдеп жатудың қажеті бола қоймас. Көмір өнеркәсібінің дағдарысы мен жаппай ереуіл ағылшын жұмысшы табын социализмді практика жүзінде іске асыру туралы мәселеге әкеліп тірейді.

Екіншіден. Мақсатқа жету жолындағы негізгі бөгет — капиталистердің саяси өкіметі, бұл арада кон-

серваторлар партиясы мен оның үкіметі екендігін ағылшын жұмысшы табы өзінің мойнымен көтеріп барып білуге мәжбүр болды. Егер кәсіпшілер одақтарының Бас советі экономикалық күрестің саяси күреспен айрылмастай байланысты екендігін мойындаудан, түйнектен қорыққандай, қорыққан болса, енді ағылшын жұмысшылары ұйымдасқан капиталға карсы өздерінің қиын күресінде өкімет туралы мәселенің басты мәселе болып табылатындығын, өкімет туралы мәселені шешпейінше көмір өнеркәсібіндегі дағдарысты да, Англияның барлық өнеркәсібіндегі жалпы дағдарысты да шешу мүмкін емес екендігін түсінбей тұра алмайды.

Үшіншіден. Жаппай ереуілдің барысы мен нәтижесі Англия жұмысшы табының: парламент, конституция, король және буржуазия өкіметінің басқа да бөлшектері капиталистер табының пролетариатқа қарсы бағытталған қалқанының дәл өзі болып табылатындығына көзін жеткізбей қоймайды. Ереуіл парламенттің де, конституцияның да фетиші мен адам қол сұғуға болмайтын қасиетті бүркенішін жұлып алып тастады. Қәзіргі конституцияның — буржуазияның жұмысшыларға қарсы бағытталып отырған құралы екендігін жұмысшылар түсінетін болады. Жұмысшылардың да буржуазияға қарсы жұмсалатын өздерінің жұмысшы конституциясы болуы керек екендігін жұмысшылар түсінбей тұра алмайды. Менің ойымша, бұл ақиқатты ұғыну — Англия жұмысшы табы үшін ең үлкен табыс болмақ.

Төртіншіден. Ереуілдің барысы мен нәтижесі Англияның жұмысшы бұқарасының ағылшындық келісімшіл ескі саясат мектебінде өсіп жетілген ескі басшы-

лардың жарамсыз екендігіне, ескі көсемдердің жарамсыз екендігіне көзін жетқізбей коймайды. Ескі көсемдерді жаңа, революцияшыл көсемдермен алмастыру керек екендігін олар түсінбей тұра алмайды.

Бесіншіден. Қазірде ағылшын жұмысшылары: Англия көміршілері — Англия жұмысшы табының алдыңғы отряды екендігін, сонымен, көміршілер ереуілін қолдап, оны жеңіске жеткізу бүкіл Англия жұмысшы табының ісі болып табылатындығын түсінбей тұра алмайды. Бұл сабақтың барынша мызғымас нәрсе екендігін ереуілдің бүкіл барысы Англия жұмысшы табына еріксіз көрсетіп отыр.

Алтыншыдан. Жаппай ереуілдің қыйын минутында, түрлі партиялардың платформалары мен программалары іс жүзінде тексерілген кезде, жұмысшы табының мүдделерін ақырына дейін, батыл және үзілдікесілді қорғай алатын бірден-бір партия — коммунистер партиясы екендігіне ағылшын жұмысшыларының көзі жетпей тұра алмады.

Жалпы алғанда Англиядағы жаппай ереуілдің негізгі сабақтары осындай.

КЕЙБІР ҚОРТЫНДЫЛАР

Кейбір, практикалық маңызы бар, қортындыларға көшейін.

Бірінші мәселе — капитализмнің тұрақтауы туралы мәселе. Англиядағы ереуіл тұрақтаудың уақытша және берік емес екендігі туралы Коммунистік Интернационалдың қабылдаған қарарының[58] барынша дұрыс қарар екендігін көрсетті. Ағылшын капиталының Англия көміршілеріне шабуыл жасауы уақытша бол-

ған, берік емес тұрақтауды берік және түпкілікті тұрақтауға айналдыруға тырысқандық болып табылады. Бұл тырысу іске аспай қалды және іске асуы мүмкін де емес еді. Бұл тырысуға орасан зор ереуіл арқылы жауап берген ағылшын жұмысшылары бүкіл капиталистік дүниеге соғыстан кейінгі дәуірдің жағдайында капитализмнің берік тұрақтауының болуы мүмкін емес екендігін, ағылшынның тәжрибесі сияқты тәжрибе жасаудың капитализм негіздерінің күйреу қаупін туғызатындығын көрсетті. Ал егер капитализмнің тұрақтауын берік дейтін қағыйда теріс болатын болса, онда мұның керісінше айтатын, тұрақтау аяқталды, тұрақтау жойылды, біз кәзірде революциялық дауылдың ең жоғарғы дәрежеге көтерілген дәуіріне жеттік дейтін бұған қарама-қарсы қағыйда да дұрыс емес. Капитализмнің тұрақтауы берік емес, уақытша тұрақтау, бірақ дегенмен тұрақтау әлі жойылған жоқ.

Сонсон. Кәзіргі уақытша және берік емес тұрақтау әлі қалып отырғандықтан да, нақ сондықтан да, капитал бұдан былай да жұмысшы табына шабуыл жасауға тырысып, ұмтылып бағады. Әрине, ағылшын ереуілінің сабағы бүкіл капиталистік дүниеге Англияда консервативтік партияның қолданған тәжрибесі сияқты тәжрибенің капиталдың өмір сүріп тұруына қаншалықты қауіпті екендігін көрсетуге тиіс. Бұл тәжрибенің консерваторлар партиясы үшін текке кетпейтіндігіне күмәндануға негіз бола қоймас. Бұл сабақты барлық елдердің капиталистері де есепке алатындығына күмәндануға болмайды. Сөйткенмен де капитал жұмысшы табына тағыда шабуыл жасауға тырысады, өйткені ол өзінің берік емес екендігін сезеді және ол бұдан гөрі берігірек орнығу қажет екендігін сезбей

тұрмайды. Жұмысшы табы мен коммунистік партиялардың міндеті — жұмысшы табына қарсы болатын осындай шабуылдарға тойтарыс беру үшін күш дайындау болып табылады. Коммунистік партиялардың міндеті — жұмысшылардың біртұтас майданын бұдан былай да ұйымдастыра отырып, барлық күшті капиталистердің шабуылдарын жұмысшы табының қарсы шабуылына айналдыруға, жұмысшы табының революциялық шабуылына, жұмысшы табының пролетариат диктатурасын орнату және капитализмді жою жолындағы күресіне айналдыруға салу болып табылады.

Ақырында, бұл кезекті міндеттерді орындау үшін Англияның жұмысшы табы, ең алдымен, өздерінің кәзіргі басшыларынан құтылуы керек. Томастар мен Макдональдтар сияқты көсемдері бола отырып, капиталистерге қарсы соғысқа баруға болмайды. Тылда Гендерсон мен Клайнс сияқты сатқындар отырғанда, жеңіп шығамын деп сенуге болмайды. Англияның жұмысшы табы мұндай басшыларды жақсы басшылармен алмастыруға үйренуге тиіс, өйткені екінің бірі: не Англияның жұмысшы табы Томастар мен Макдональдтарды орнынан алуға үйренеді, не ол өзінің құлағын қандай көре алмайтын болса, өзінің жеңісін де сондай көре алмайды.

Өзінен өзі келіп шығатын кейбір қортындылар осындай, жолдастар.

Енді Польшадағы оқиғалар туралы мәселеге көшуге рұхсат етіңіздер.

ПОЛЬШАДАҒЫ СОҢҒЫ ОҚИҒАЛАР ТУРАЛЫ

Пилсудский бастаған қозғалыс — революциялық қозғалыс дейтін пікір бар. Пилсудский Польшада ре-

волюциялық іс үшін күреседі, шаруаларды жақтап помещиктерге қарсы, жұмысшыларды жақтап, капиталистерге қарсы, Польшаның езілген ұлттарының бостандығы үшін Польша шовинизмі мен фашизміне қарсы күреседі деседі. Осылай болғандықтан Пилсудскийді коммунистердің қолдауына болады деседі.

Бұл мүлде теріс, жолдастар!

Расында кәзірде Польшада буржуазияның екі фракциясының: познандықтар бастаған ірі буржуазия фракциясы мен Пилсудский бастаған ұсақбуржуазиялық фракцияның екі арасында күрес болып жатыр. Күрестің мақсаты — жұмысшылар мен шаруалардың мүдделерін, езілген ұлттардың мүдделерін қорғау емес, буржуазиялық мемлекетті нығайтып, тұрақтандыру болып табылады. Бұл күрес буржуазиялық мемлекетті нығайту әдістерінің әрқыйлы болуынан шығып отыр.

Әңгіме Польша мемлекетінің толық ыдырау кезеңіне кіргендігінде болып отыр. Финанс апатқа ұшырауда. Злотыйдың бағасы төмендеуде. Өнеркәсіптің берекесі қашып, тыйтықтап отыр. Поляк емес ұлттар езгіге түсіп отыр. Жоғарғы орындарда басшы топтарға жақын адамдардың арасында адам айтқысыз ұрлық өрістеуде, бұл туралы әртүрлі сеймдік фракциялардың[59] өкілдері ешбір ұялмастан өздері айтып жүр. Осыған байланысты буржуазиялық таптардың алдында дилемма тұр: не мемлекеттің ыдырауы шегіне жетіп, жұмысшылар мен шаруалардың көзін ашады, сөйтіп өкіметті помещиктер мен капиталистерге қарсы революция жолымен қайта құру қажеттігіне қарай итермелейді, не буржуазия күйреуді тоқтатуға, адам айтқысыз ұрлықты жоюға асығуға тиіс, сөйтіп, кеш

қалмай тұрып, жұмысшылар мен шаруалардың болуы мүмкін революциялық дүмпуін болғызбауға асығуға тиіс.

Қәзірде әңгіме Польша мемлекетін тұрақтандыру ісін буржуазияның қай фракциясы қолына алуы керек екендігі туралы болып отыр — Пилсудскийдің фракциясы алу керек пе әлде познандықтардың фракциясы алу керек пе?

Күмән жоқ, жұмысшылар мен шаруалар өздерінің хал-жайын негізінен жақсарту туралы үмітін Пилсудскийдің күресімен байланыстырып отыр. Сондықтан да жұмысшы табы мен шаруалардың басшы топтары Пилсудскийдің күресін белгілібір дәрежеде қолдап отырғандығы күмәнсіз, өйткені Пилсудский ірі капиталистер мен помещиктердің өкілі болған познандықтарға қарсы ұсақбуржуазиялық және ұсақдворяндық жіктердің өкілі болып табылады. Сонымен қатар Польшаның еңбекші таптарының кейбір жіктерінің үміті кәзіргі уақытта революция үшін пайдаланылмай, буржуазиялық мемлекет пен буржуазиялық тәртіптерді нығайту үшін пайдаланылып жүргендігі де күмәнсіз.

Мұнда, әрине, кейбір сыртқы факторлардың да ролі бар. Польша — кішкентай мемлекет, ол финанс жағынан Антантаның белгілі топтарымен байланысты. Ол, буржуазиялық Польша, өзінің финанстары осындайлық нашар халде тұрғанда, әрине, сырттан қарыздар алмай тұра алмайды. Бірақ мемлекеттік басқарманың барлық жағынан адам айтқысыз ұрлыққа салынып отырғандығын басшы адамдары бір ауыздан анықтап отырған мемлекетті атышулы ұлы держава дейтіндер финансылай алмайды. Қарыз алу үшін, ең

алдымен, мемлекеттік басқару ісін «жақсарту» қажет, адам айтқысыз ұрлықты тоқтату қажет, берілген қарыздардың проценттері төленіп тұратындығына кейбір кепілдік туғызу қажет, т. т. Осыдан келіп Польша мемлекетін «ықшамдау» қажеттігі туады.

Польшаның буржуазиялық негізгі екі фракциясының қазіргі күресін тудырып отырған ішкі, сыртқы алғышарттар негізінен алғанда осылар.

Польша қазіргі уақытта бірсыпыра негізгі қайшылықтардан құралады, бұл қайшылықтар, дамый келе, Польшада сөзсіз тікелей революциялық жағдай туғызуға тиіс. Бұл қайшылықтар негізгі үш жол бойынша болып отыр: жұмысшы мәселесі жөнінде, шаруалар мәселесі жөнінде, ұлт мәселесі жөнінде болып отыр. Егер Польша соғыс авантюрасына баратын болса, егер ол өз төңірегіндегі отырған мемлекеттермен көршілік тату қарым-қатнас жасай алмаса, онда бұл қайшылықтардың бәрі дереу ашылып, дүмпу туғызуы мүмкін. Пилсудский, Пилсудскийдің ала-құла тобы бұл қайшылықтарды шеше ала ма? Бұл ұсақбуржуазияшыл топ жұмысшы мәселесін шеше ала ма? Жоқ, шеше алмайды, өйткені ол онда капиталистер табымен қатты дау-жанжалға келуге тиіс, егер ұлы державалардың тарапынан болатын финансылық көмектен айрылғысы келмесе, ол ешуақытта да бұлай істей алмайды және істемейді де. Дәл осы топ шаруа мәселесін, мысалы, помещиктік жерді конфискациялау рухында шеше ала ма? Жоқ, шеше алмайды — егер ол Пилсудский армиясының, түгелдей дерлік ұсақ және орташа помещиктерден құрылған командирлер тобын мүлде ыдыратқысы келмесе, ол мұны шешпейді де. Дәл осы топ Польшада ұлт мәселесін езілген ұлт-

тарға — украиндарға, литвандарға, белорустарға және басқаларға ұлт болып өзін өзі билеу бостандығын беру рухында шеше ала ма? Жоқ, шеше алмайды — егер Пилсудский тобының моральдық өмір сүруінің негізгі бұлағы болған ұлыполяктық шовинистер мен фашистердің барлық сенімінен айрылғысы келмесе, ол мұны шешпейді де.

Бұлай болғанда не қалады?

Бір-ақ нәрсе қалады: соғыста ірі буржуазияның фракциясын жеңіп шығып, саясатта нақ осы фракцияға бағынып, соның соңынан еру ғана қалады, егер, әрине, Польшаның жұмысшы табы мен Польша шаруаларының революцияшыл бөлегі таяу уақыттың ішінде Польша мемлекетін революция жолымен қайта құру ісін қолға алып, Польша буржуазиясының екі фракциясын да — Пилсудский фракциясын да, познаншылар фракциясын да қуып шықпайтын болса ғана осылай болады.

Осыған байланысты Польша коммунистік партиясы туралы мәселе көтеріледі. Польшадағы жұмысшылар мен шаруалардың едәуір бөлегінің революциялық наразылығы Польшаның коммунистік партиясының пайдасына аспай, Пилсудскийдің пайдасына асқан себебі не? Айта кету керек, мұның бұлай болған себебі: Польшаның коммунистік партиясы әлсіз, тіпті тым әлсіз, ол осы болып жатқан күресте Пилсудскийдің әскерлері жөнінде теріс бағыт ұстаймын деп өзін бұрынғыдан да әлсіретіп алды, осының салдарынан революцияға бейімделген бұқараның басшысы бола алмай қалды.

Таяуда мен біздің совет баспасөзінен Германия коммунистік партиясының Орталық Комитетінің му-

шесі Тельман жолдастың Польша мәселелері туралы мақаласын[60] оқыдым. Тельман жолдас бұл мақалада Пилсудский әскерлерін қолдау ұранын жарыялаған Польша коммунистерінің позициясын айта келіп, бұл позицияны революциялық позиция емес деп сынайды. Амал не, мен Тельман жолдастың жасаған сынын барынша дұрыс деп тануға тиіспін. Мен біздің поляк жолдастар бұл жөнінде өрескел қате жіберді деп тануға тиіспін.

Жаппай ереуілмен байланысты Англияда болған істер туралы және Польшадағы соңғы оқиғалар туралы менің сіздерге айтайын дегенімнің бәрі осы, жолдастар. (Ду қол шапалақтау.)

„Заря Востока" (Тифлис)

№ 1197, 10 июнь, 1926 ж.

ТИФЛИСТЕГІ НЕГІЗГІ ТЕМІРЖОЛ МАСТЕРСКОЙЛАРЫНДАҒЫ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ҚҰТТЫҚТАУЛАРЫНА ЖАУАП

8 июнь, 1926 ж.

Жолдастар! Ең алдымен, осы арада жұмысшылар өкілдерінің айтқан құттықтаулары үшін жолдастық алғыс айтуға рұхсат етіңіздер.

Жолдастар, шынында, осы арада мен жөнінде айтылған мақтаулардың кем дегенде қақ жарымы артық деп айтуға тиістімін. Октябрьдің батыры да, Совет Одағы коммунистік партиясының басшысы да, Коминтерннің басшысы да, керемет-батыр да, қысқасы аспан астындағының бәрі де мен көрінемін. Мұның бәрі бос сөз, жолдастар, сондықтан мүлдем керексіз асырып айтқандық болады. Әдетте мұндай ырғақтар өлген революционердің қабырының басында ғана айтылады. Бірақ мен әзір өлгім келіп жүрген жоқ.

Сондықтан мен өзімнің бұрын кім болғанымды және партиямызда кәзіргі дәрежеге жеткенім кімнің арқасы екендігін барынша дұрыстап қалпына келтіруге мәжбүр болып отырмын.

Аракел* жолдас осында ол өзін өткен уақытта менің ұстаздарымның бірі деп, ал мені өзінің шәкірті

* А. Окуашвили.

деп санағандығын айтты. Бұл өте дұрыс, жолдастар. Мен, шынында да, Тифлистің теміржол мастерскойларындағы алдыңғы қатардағы жұмысшылардың шәкірттерінің бірі болдым және қазірде солай болып қаламын.

Өткенге көз жіберуге рұхсат етіңіздер.

1898 жыл әлі есімде, ол жылы мен ең бірінші рет теміржол мастерскойларындағы жұмысшылардың үйірмесін алдым. Бұл осыдан 28 жыл бұрын болатын. Джибладзенің (сол кезде ол да менің ұстаздарымның бірі болатын), Чодришвилидің, Чхеидзенің, Бочоришвилидің, Нинуаның және Тифлистің басқа да алдыңғы қатарлы жұмысшыларының қатысуымен Стуруа жолдастың үйінде практикалық жұмыстың бірінші сабағын алғандығым әлі есімде. Бұл жолдастарға қарағанда мен ол кезде жас жігіт едім. Мүмкін мен бұл жолдастардың көбінен гөрі ол кезде біраз артық оқыған болармын. Бірақ практикалық қызметкер ретінде мен ол кезде, сөз жоқ, жаңа бастап келе жатқан адам едім. Сонда, осы жолдастардың арасында, мен ең бірінші рет революцияшыл жауынгерлік сыннан өттім. Сонда, осы жолдастардың арасында, мен революцияның шәкірті болдым. Көріп отырсыздар, менің алғашқы ұстаздарым Тифлис жұмысшылары болды.

Соларға өзімнің шын, жолдастық алғысымды айтуға рұхсат етіңіздер. (Қол шапалақтау.)

Сонсоң, 1907—1909 жылдар да әлі есімде, бұл жылдары мен партияның еркі бойынша жұмыс істеуге Бакуге жіберілген болатынмын. Мұнай өнеркәсібі жұмысшыларының арасында үш жыл жүргізген революциялық жұмыс мені практикалық күресші етіп жә-

не практикалық жергілікті басшылардың бірі етіп шыңдады. Бір жағынан, Бакудің Вацек, Саратовец, Фиолетов және басқалар сияқты алдыңғы қатарлы жұмысшыларымен араласудан, екінші жағынан, жұмысшылар мен мұнай өнеркәсіп иелерінің арасындағы өте шиеленіскен дау-жанжалдар дауылында мен көптеген жұмысшылар бұқарасына басшылық ету дегеннің мәнісін алғаш рет көріп білдім. Сөйтіп, сонда, Бакуде, мен екінші рет жауынгерлік революциялық сыннан өттім. Сонда мен революцияның кіші мастері болдым.

Бакуде болған ұстаздарыма өзімнің шын, жолдастық алғысымды айтуға рұхсат етіңіздер. (Қол шапалақтау.)

Ақырында, 1917 жыл да әлі есімде, ол кезде мен, түрмеден түрмеге түсіп, айдаудан айдауда болып қайтқаннан кейін, партияның еркімен Ленинградқа жіберілген едім. Сол арада, орыс жұмысшыларының арасында, барлық елдердің пролетарларының ұлы ұстазы Ленин жолдаспен ылғый жақын жүру арқасында, пролетариат пен буржуазияның ұлы тартыстары үстінде, империалистік соғыс жағдайында мен жұмысшы табының ұлы партиясының басшыларының бірі болу дегеннің не екенін тұңғыш рет түсіне білдім. Сол арада, орыс жұмысшыларының арасында — езілген халықтарды азат етушілердің және барлық елдер мен халықтардың пролетарлық күресін бастаушылардың арасында — мен үшінші рет жауынгерлік революциялық сыннан өттім. Сол арада, Россияда, Лениннің басшылығы арқасында мен революция шеберлерінің бірі болып алдым.

Орыс ұстаздарыма өзімнің шын, жолдастық алғы-

сымды айтуға және өзімнің ұлы ұстазым — Лениннің аруағының алдында бас июге рұхсат етіңіздер. (Қол шапалақтау.)

Менің революцияға үйрену мектебім — шәкірттік аттан (Тифлис), кіші мастер деген ат арқылы (Баку), революциямыздың шеберлерінің бірі деген атқа (Ленинград) жету болды, жолдастар.

Егер асырмай, шынын айтатын болсақ, менің бұрын кім болғандығым жөніндегі және қәзірде кім екендігім жөніндегі шын жағдай осындай, жолдастар. (Ұзақ, овацияға айналған қол шапалақтау.)

„Заря Востока“ (Тифлис)
№ 1197, 10 июнь, 1926 ж.

АҒЫЛШЫН-ОРЫС БІРЛЕСТІК КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ[61]*

БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумында сөйленген сөз[62]

15 июль, 1926 ж.

Жолдастар! Біз күш жыйнау дәуірін, бұқараны өзімізге қарату дәуірін және пролетариатты жаңа ұрыстарға әзірлеу дәуірін басымыздан кешіріп отырмыз. Бірақ бұқара кәсіпшілер одақтарында болып отыр. Ал Батыстағы кәсіпшілер одақтары, олардың көпшілігі, кәзірде азды-көпті болсын реакцияшыл болып отыр. Бұл кәсіпшілер одақтарымен біз не істеуіміз керек? Біз, коммунистер, реакцияшыл кәсіпшілер одақтарында жұмыс істеуге тиіспіз бе, істей аламыз ба? Шындығында, Троцкий өзінің таяуда «Правдада» басылған хатында біздің алдымызға нақ осы мәселені қойды. Әрине, бұл мәселенің ешқандай жаңалығы жоқ. Бұл мәселені Троцкийден де бұрын, бұдан бес жыл бұрын, Германиядағы «әсіресолшылдар» қойған болатын. Бірақ Троцкий бұл мәселені қайтадан қоюды керек деп тауып отыр. Ол бұл мәселеге қалай жауап береді? Троцкийдің хатынан цитата келтіруге рұхсат етіңіздер.

* Қысқартылып басылып отыр.

«Британия жұмысшы табының қазіргі бүкіл «қондырмасы» — барлық бағыттары мен жіктерін қоса алғанда — революциялық тежеу аппараты болып табылады. Мұның өзі стихиялық және жартылай стихиялық қозғалыстың ескі ұйымдардың шеңберлеріне тегеуірін жасауының ұзақ дәуірі болатындығын және бұл тегеуіріннің негізінде революциялық жаңа ұйымдар құрылатындығын көрсетеді» («Правданың» 1926 жылғы 26 майда шыққан 119-номерін қараңыз).

Бұдан — егер революцияны «тежегіміз» келмесе, біз «ескі» ұйымдарда жұмыс істемеуге тиіспіз деген қортынды шығады. Бұл арада не біз қазірдің өзінде-ақ тікелей революциялық жағдайдың дәуірінде тұрмыз, сондықтан біз «ескілердің» **орнына**, кәсіпшілер одақтарының **орнына**, пролетариаттың өзбетіндік ұйымдарын дереу құруға тиіспіз делініп отыр, мұның өзі, әрине, теріс және ақылға сыймайтын нәрсе. Не бұл арада — біз ескі кәсіпшілер одақтарын «ұзақ» уақыт бойы «революциялық **жаңа** ұйымдармен» алмастыруға тиіспіз делініп отыр.

Мұның өзі өмір сүріп отырған кәсіпшілер одақтарының **орнына** «революциялық жұмысшы одағын» ұйымдастыруға дабыл қаққандық болып табылады, ал мұндай жұмысшы одағы туралы бұдан бес жыл бұрын Германиядағы «әсіресолшылдар» сөз қылып, Ленин жолдас өзінің «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітапшасында бұларға қарсы шыққан болатын. Мұның өзі шынында қазіргі кәсіпшілер одақтарын «жаңа» «революциялық» сымақ ұйымдармен алмастыруға, демек, кәсіпшілер одақтарынан **шығуға** дабыл қаққандық болып табылады.

Бұл саясат дұрыс па? Бұл мүлде теріс. Оның мүлде теріс болатын себебі — ол бұқараға лениндік басшылық ету ісіне қайшы келеді. Ол теріс саясат, өйт-

кені Батыстың кәсіпшілер одақтары қаншама реакцияшыл болса да ең артта қалған жұмысшылардың өзіне де түсінікті, бастапқы оңай ұйым болып табылады, сондықтан да пролетариаттың ең көпшілік ұйымы болып табылады. Біз бұл одақтарға соқпай бұқараға бара алмаймыз, біз оларды өзімізге қаратып ала алмаймыз. Троцкийдің көзқарасын қабылдау — коммунистердің миллиондаған бұқараға баратын жолын тарс бекіту деген сөз, жұмысшылар бұқарасын Амстердамның[63] жем қылуына, Зассенбахтар мен Удегестердің[64] жем қылуына беріп жіберу деген сөз.

Бұл жерде оппозиционерлер Ленин жолдасқа сілтеді. Маған да Лениннің нұсқауын келтіруге рұхсат етіңіздер.

«Неміс солшылдарының — коммунистер реакциялық кәсіпшілер одақтарында жұмыс істей алмайды және істемеуге тиіс, бұл жұмыстан бас тарту жөн, кәсіпшілер одақтарынан шығу керек, өте балдырғын (және көбінесе өте жастау-ау деймін) коммунистер ойлап шығарған мүлде жаңа, өте таза «жұмысшылар одағын» міндетті түрде құру керек деген тақырып туралы маңызды, мүлде ғылыми және масқара революцияшыл әңгімелері де бізге баланың адам күлерлік мылжыңы болып көрінбей тұрмайды» (қараңыз: XXV том, 193—194-беттері).

Онан әрі былай делінген:

««Жұмысшы аристократиясына» қарсы күресті біз жұмысшы бұқараның атынан және оны өзіміздің жағымызға тарту үшін жүргіземіз; оппортунистік және социал-шовинистік көсемдерге қарсы күресті біз жұмысшы табын өз жағымызға тарту үшін жүргіземіз. Бұл өте оңай және өзінен өзі түсінікті ақиқатты ұмыту ақымақтық болар еді. Неміс «солшыл» коммунистері дәл осындай ақымақтық істеп отыр, олар кәсіпшілер одақтарының басшылары реакцияшыл және контрреволюцияшыл болғандықтан... кәсіпшілер одақтарынан шығу керек!! оларда жұмыс істеуден бас тарту керек!! жұмысшы ұйымының жаңа, ойдан

шығарылған формаларын құру керек деп табады!! Бұл — кешірілмейтін ақымақтық, бұл — коммунистер тарапынан буржуазияға аса зор көмек көрсетумен тең түсетін ақымақтық» (сол томның 196-бетін қараңыз).

Менің ойымша, жолдастар, бұл арада түсінік беріп жатудың керегі жоқ.

Бұл арада Батыстағы кәсіпшілер одақтарының әлі аяқталып бітпеген реакцияшылдығынан аттап өтушілік туралы мәселе көтерілді. Мұнда бұл мәселені трибунаға сүйреп шығарған Зиновьев. Ол Мартовқа сілтеді, сөйтіп аттап өтпеу көзқарасы, марксистерге бұқараның артта қалуынан, олардың басшыларының артта қалуынан және реакцияшылдығынан аттап өтуге болмайды дейтін көзқарас, міне бұл көзқарас — меньшевиктік көзқарас болып табылады-мыс дегенді айтты.

Жолдастар, мен мынадай пікірге келдім: Зиновьевтің Мартовқа сілтейтін бұл пасық маневрі тек бір-ақ нәрсені — Зиновьевтің ленинизм жолынан **толық тайғандығын**, дәлелдейді.

Мен мұны төменде дәлелдеуге тырысамын.

Біз лениншілер, марксистер, аяқталып бітпеген қозғалыстан, бұқараның артта қалуынан аттап өте аламыз ба, біз оларға сыртберіп қарап, оларды елемей кете аламыз ба, немесе біз мұндай құбылыстарға қарсы бұқара арасында талмай күрес жүргізу арқылы мұндай құбылыстарды **жоюға тиіспіз** бе? Бұл — коммунистік саясаттың негізгі мәселелерінің бірі, бұқараға лениндік басшылық берудің негізгі мәселелерінің бірі. Бұл жерде оппозиционерлер ленинизм туралы айтты. Сондықтан тұңғыш деректемеге, Ленинге сүйенуге рұхсат етіңіздер.

Әңгіме 1917 жылғы апрельде болды. Ленин Каменевпен айтысады. Ұсақбуржуазиялық демократияның ролін асыра бағалаған Каменевке Ленин қосылмайды. Бірақ шаруалар қозғалысының ролін жете бағаламай, Россиядағы шаруалар қозғалысынан «аттап өткен» Троцкийге де Ленин қосылмайды. Лениннің сөздерін келтірейік.

«Троцкизм — «патшасыз жұмысшылар үкіметі болсын» дейді. Бұл дұрыс емес. Ұсақ буржуазия бар, оны шығарып тастауға болмайды. Бірақ оның екі бөлегі бар. Оның кедей жақ бөлегі жұмысшы табына ереді» (қараңыз: Лениннің сөзі, 1917 ж. апрельде болған Петроград конференциясының протоколдары, 17-беті[65]).

«Егер біз: «патшасыз пролетариат диктатурасы болсын» деген болсақ — онда мұның өзі ұсақ буржуазиядан *секіріп* өте шыққандық болар еді» (қараңыз: Лениннің сөзі, 1917 ж. апрельде болған Бүкілроссиялық конференцияның протоколдары, 76-беті[66]).

Онан әрі былай делінген:

«Бірақ бізге субъективизмге түсіп кету қаупі, аяқталып бітпеген — әлі де шаруалар қозғалысын жоя коймаған — буржуазиялық-демократиялық сыйпаты бар революциядан социалистік революцияға «аттап өту» талабына түсіп кету қаупі тумай ма? Егерде мен: «патшасыз жұмысшылар үкіметі болсын» дейтін болсам, — онда бұл қауіп маған төнген болар еді. Бірақ менің айтқаным бұл емес, менің айтқаным басқа... Мен өзімнің тезистерімде *өзімді аяқталып бітпеген шаруалар қозғалысынан немесе жалпы ұсақбуржуазиялық қозғалыстан аттап өтушіліктің қандайынан болса да, жұмысшылар үкіметі арқылы «өкіметті басып алу» ойыншығының қандайынан болса да, бланкистік авантюраның қандайынан болса да барынша сақтандырдым*, өйткені мен Париж Коммунасының тәжрибесін тікелей көрсеттім»* (қараңыз: XX том, 104-беті)

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

Түсінікті шығар деймін. Әлі аяқталып бітпеген қозғалыстан **аттап өту** теориясы — троцкизм теориясы. Ленин бұл теорияға қосылмайды. Ол бұл теорияны авантюристік теория деп санайды.

Бір «өте көрнекті» большевиктің басқадай шығармаларынан бірнеше цитаталар келтірейік, мұның аты мен фамилиясын мен әзір атағым келмейді, бірақ бұл да аттап өту теориясына қарсы күресіп жүр.

«Шаруалар туралы мәселе жөнінде, Троцкий ылғый «аттап өте беретін» мәселе жөнінде біз адам айтқысыз қателер жасаған болар едік. Байланыс бастамаларының орнына қәзірде біз ажырасудың қызу үстінде болған болар едік».

Сонсоң.

«Парвусизм мен троцкизмнің «теориялық» негізі осындай, Нақ осы теориялық негіз кейін келе, мәселен, — «патшасыз жұмысшылар үкіметі болсын» деген ұран сияқты саяси ұрандарға айналдырылды. Қәзірде — онан 15 жылдан соң біз шаруалармен одақтаса отырып, Совет өкіметін орнатқаннан кейін, — бұл ұран өте жағымды болып көрінеді. Патшасыз! — бұл жақсы. Жұмысшылар үкіметі болсын — бұл онан да жақсы. Бірақта егер бұл ұранның 1905 жылы алға қойылғандығын еске алатын болсақ, онда бұл ұранның ол кезде шаруаларды мүлде «аттап өткендігін» қай большевик болса да бекер демейді».

Сонсоң.

«Ал «перманентшілер» 1905 жылы бізге — «патша жойылсын, жұмысшылар үкіметі болсын» деген ұранды әкеп тақпақ болды. Ал шаруалар қайда? Бұл арада Россия сияқты елде шаруаларды мүлде түсінбеу және елемеу фактысы тым көзге түсіп отырған жоқ па? Егер мұның өзі шаруаларды «аттап өту» болмайтын болса, онда мұның өзі не болмақ?»

Сонсоң.

«Россияда шаруалардың ролін түсінбей, шаруа елінде шаруаларды аттап өтіп, троцкизм шаруалардың халықарлық революциядағы ролін екібастан түсіне алмады».

Сіздердің: троцкизмге және троцкистік аттап өту теориясына қарсы айтылған бұл керемет цитаталардың авторы кім? — деп сұрауларыңыз мүмкін. Бұл керемет цитаталардың авторы Зиновьевтің дәл өзі. Бұл цитаталар Зиновьевтің «Ленинизм» деген кітабынан және оның «Большевизм бе әлде троцкизм бе» деген мақаласынан алынды.

Аттап өту теориясының антилениндік сыйпатын Зиновьевтің бұдан бір жыл бұрын түсініп, ал кәзір, бір жыл өткеннен кейін, оның мұны түсінуден қалған себебі не? Мұның бұлай болған себебі — онда ол, айталық, лениншіл болды, ал кәзірде ол түгелдей бір аяғымен троцкизмге батып, екінші аяғымен шляпниковшылдыққа, «жұмысшы оппозициясына»[67] батып отыр. Сөйтіп ол осы екі оппозицияның арасында бұлталақтап, енді Мартовты қолына ұстап, осы мінбеден сөз сөйлеуге мәжбүр болып отыр. Сонда ол кімге қарсы шығып отыр? Ленинге қарсы шығып отыр. Кімді жақтап отыр? Троцкистерді жақтап отыр.

Міне Зиновьев осыншалық азып отыр.

Мұның бәрі шаруалар туралы мәселе жөніндегі нәрселер ғой, мұның Англиядағы кәсіпшілер одақтарына қатысы жоқ қой деуі мүмкін. Бұлай деу дұрыс емес, жолдастар. Саясатта аттап өту теориясының жарамсыздығы туралы айтылғандардың Англиядағы және, жалпы алғанда, Европадағы кәсіпшілер одақтарына тікелей қатысы бар, бұқараға басшылық ету мәселесіне, бұқараны реакцияшыл, реформистік басшылар-

дың ықпалынан босатып алу жолдары туралы мәселеге тікелей қатысы бар. Троцкий мен Зиновьев аттап өту теориясын қолдап ағылшын кәсіпшілер одақтарының артта қалуынан, олардың реакцияшылдығынан аттап өтуге тырысады, біздің ағылшын кәсіпшілер одақтары бұқарасын былай қалдырып, Москвада отырып Бас советті құлатуымызды талап етеді. Ал біз былай дейміз: мұндай саясат ақымақтық болады, авантюризм болады, ағылшын кәсіпшілік қозғалысының реакцияшыл көсемдерін біздің көмегімізбен ағылшын кәсіпшілер одақтары бұқарасының өздері құлатуға тиіс, біз кәсіпшілер одақтары көсемдерінің реакцияшылдығынан аттап өтпеуге тиіспіз, қайта ағылшын кәсіпшілер одақтары бұқарасының бұл реакцияшылдықты жоюына көмектесуге тиіспіз.

Көріп отырсыздар, жалпы саясат пен кәсіпшілер одақтары бұқарасы жөніндегі саясаттың арасында сөзсіз байланыс бар.

Бұл жөнінде Лениннің берген нұсқаулары жоқ па? Тыңдаңыздар:

«Жұмысшылардың бытыраңды және бишаралық күйден таптық бірігушіліктің бастамасына көшуі ретінде кәсіпшілер одақтары капитализм дамуының алғашқы шағында жұмысшы табының орасан зор прогресі болды. Пролетарлардың таптық бірігуінің жоғарғы формасы, пролетариаттың революцияшыл партиясы (көсемдерді таппен және бұқарамен айырылғысыз біртұтас нәрседей етіп байланыстыру ісін үйренбейінше, ол өзінің атын ақтай алмайды) өсе бастаған кезде кәсіпшілер одақтарының кейбір реакциялық белгілері, кейбір цехтық тұйықтығы, саясатсыздыққа аздап бейім болушылығы, кейбір кертартпалығы, т. т. сөзсіз көріне бастады. Бірақ кәсіпшілер одақтарынсыз, олардың жұмысшы табы партиясымен бірігіп әрекет жасауынсыз дүние жүзінің ешбір жерінде де пролетариат дамыған емес және дамый алмады да» (қараңыз XXV том, 194-бет).

Онан әрі былай делінген:

«Бұл «реакцияшылдықтан» қорқу, онсыз-ақ әрекет жасауға тырысу, онан аттап өтуге* тырысу барып тұрған ақымақтық болып табылады, өйткені мұның өзі пролетарлық авангардтың жұмысшы табы мен шаруалардың ең артта қалған жіктері мен бұқараларын үйрету, ағарту, тәрбиелеу, жаңа өмірге тарту ролінен қорқу деген сөз болады» (сол томның 195-бетін қараңыз).

Кәсіпшілік қозғалыстағы аттап өту теориясы жөніндегі істің жайы осындай.

Зиновьевтің Мартовты қолына ұстап, мұнда шығып сөйлемегені жақсы еді. Аттап өту теориясы жөнінде оның үндемей-ақ қойғаны жақсы еді. Осылай істегенде оған көп жақсы болған болар еді. Зиновьевтің Троцкийдің атын атап, ант ішпеуі керек еді: оның ленинизмнен кетіп троцкизмге жеткендігін біз онсыз да білеміз.

Кәсіпшілер одақтарының артта қалуынан, кәсіпшілік қозғалыстың артта қалуынан, жалпы бұқаралық қозғалыстың артта қалуынан аттап өту жөніндегі троцкистік теорияның жайы осындай, жолдастар.

Ленинизмнің жайы бір бөлек, троцкизмнің жайы екінші бөлек.

Сонымен, біз Ағылшын-Орыс комитеті жөніндегі мәселеге келдік. Бұл жерде Ағылшын-Орыс комитеті — біздің еліміздің кәсіпшілер одақтарының Англия кәсіпшілер одақтарымен келісім, одақ жасауы болып табылады дегенді айтты. Бұл өте дұрыс. Ағылшын-Орыс комитеті — біздің одақтардың Ағылшын одақтарымен келісім, одақ жасауының бір түрі болып табылады,

* Курсив менікі. И. Ст.

сонымен қатар бұл одақтың саяси сыйпаты да жоқ емес.

Бұл одақ өзінің алдына екі міндет қояды. Бірінші міндет: біздің кәсіпшілер одақтарын Ағылшын кәсіпшілер одақтарымен байланыстыру, капиталдың шабуылына қарсы бірлестік қозғалысын ұйымдастыру, Амстердам мен ағылшын кәсіпшілік қозғалысының арасындағы жарықшақты кеңейту болады, бұл жарықшақ кәзірде бар, бұны біз барынша кеңейте береміз, ақырында, кәсіпшілер одақтарынан реформистерді ығыстырып шығару үшін және капиталистік елдердің кәсіпшілер одағын коммунизм жағына шығарып алу үшін қажетті жағдайларды әзірлеу болады.

Бұл одақтың екінші міндеті: жалпы алғанда жаңа империалистік соғыстарға қарсы, жекелеп алғанда Европаның империалистік державаларының ішіндегі (әсіресе) ең күшті державаның тарапынан, Англияның тарапынан, біздің елімізге интервенция жасауға қарсы жұмысшы табының кең қозғалысын ұйымдастыру болады.

Бірінші міндет туралы бұл арада барынша толық айтылды. Сондықтан мен бұл туралы көп сөйлемеймін. Мен бұл арада екінші міндет туралы, әсіресе ағылшын империалистерінің тарапынан біздің елімізге қарсы жасалатын интервенция жөнінде бірнеше сөз айтқым келеді. Оппозиционерлердің кейбіреулері: біздің кәсіпшілер одақтары мен ағылшын кәсіпшілер одақтарының арасындағы одақтың бұл соңғы міндеті туралы айтуға да тұрмайды, бұл міндет — маңызды міндет емес деседі. Мұның себебі не? — деп сұрауға болады. Неліктен айтуға тұрмайды? Дүние жүзіндегі бірінші Совет республикасының, оның үстіне халық-

аралық революцияның тірегі мен базасы болып отырған республиканың қауіпсіздігін қорғау — революциялық міндет емес пе? Біздің одақтарымыз әлде партиядан тәуелсіз одақтар ма? Біз өз одақтарымыздың тәуелсіз болуы жөніндегі көзқарасты: мемлекет бір басқа, одақтар бір басқа, — деген көзқарасты жақтаймыз ба? Жоқ, біз, лениншілдер, мұндай көзқарасты жақтамаймыз және жақтай алмаймыз. Әрбір жұмысшы, кәсіпшілер одақтарына ұйымдасқан әрбір жұмысшы дүние жүзіндегі бірінші Совет республикасын интервенциядан қорғаудың қамын ойлауға тиіс. Егер еліміздің кәсіпшілер одақтары бұл жөнінде реформистік болғанымен ағылшын кәсіпшілер одақтары тарапынан көмек көретін болса, онда мұны құттықтау керек екендігі анық емес пе?

Біздің одақтар мемлекеттік міндеттерді көздей алмайды деп ойлайтын адамдар меньшевизмнің көзқарасына түседі. Бұл — «Социалистический Вестниктің»[68] көзқарасы. Біз бұл көзқарасқа түсе алмаймыз. Ал егер Англияның реакцияшыл кәсіпшілер одақтары өз елінің контрреволюцияшыл империалистеріне қарсы біздің елдің революцияшыл одақтарымен одақ жасауға дайын болса, — онда бұл одақты құттықтамайтын несі бар? Мен істің бұл жағын баса көрсетіп отырғаным — Ағылшын-Орыс комитетін болғызбай қоюға тырысып отырған біздің оппозиция, ақырында, интервентшілердің диирменіне өзінің су құятындығын түсінсін деп отырмын.

Сонымен, Ағылшын-Орыс комитеті — біздің кәсіпшілер одақтарының Англияның реакцияшыл кәсіпшілер одақтарымен одақ жасауы болып табылады, бұл одақтың көздейтіні: біріншіден, біздің кәсіпшілер

одақтарының Батыстың кәсіпшілік қозғалысымен байланыстарын нығайту және оны революцияшылдандыру, екіншіден, жалпы империалистік соғыстарға қарсы, оның бержағында интервенцияға қарсы күресу болып табылады.

Бірақ жалпы алғанда, — бұл принциптік мәселе, — жалпы реакцияшыл кәсіпшілер одақтарымен саяси одақтар жасалуы мүмкін бе? Жалпы алғанда коммунистердің мұндай одақтар жасауына бола ма?

Бұл мәселе бізде қатты қойылып отыр, сондықтан біз оны бұл жерде шешіп алуға тиіспіз. Біреулер мұндай одақтар жасауға болмайды деп ойлайды, — бұлар біздің оппозиционерлер. Ал біздің партияның Орталық Комитеті мұндай одақтар жасауға болады деп ойлайды.

Бұл жерде оппозиционерлер Лениннің атын атады. Ленинге жүгінейік.

«Егер «таза» пролетариатты — пролетардан жартылай пролетарға (тіршілік етуге керекті қаражатты жұмыс күшін жартылай сату арқылы табатындарға), жартылай пролетардан ұсақ шаруаға (және ұсақ қолөнершіге, майдагерге, жалпы қожайынсымаққа), ұсақ шаруадан орта шаруаға, т. т. айналатын өте алақұла типтер қоршамаған болса, — пролетариаттың өз ішінде аздыкөпті көзі ашық жіктерге бөлінушілік болмаған болса; — жеріне қарай, профессияға қарай, кейде дінге қарай, тағы сондайларға қарай бөлінушілік жоқ болған болса, онда капитализм де капитализм болмаған болар еді. Ал мұның барлығынан келіп, пролетариаттың авангарды үшін, оның саналы бөлегі үшін, коммунистік партия үшін амал істеудің, пролетарлардың түрлі топтарымен, жұмысшылар мен ұсақ қожайынсымақтардың түрлі партияларымен ымыраға келіп, келісім жасасудың қажеттігі, — мұның сөзсіз қажет екендігі шықпай қоймайды. Бүкіл тетігі — бұл тактиканы пролетариаттың саналылығының, революцияшылдығының, күреске және жеңуге қабілеттілігінің жалпы дәрежесін төмендету мақсатымен қолданбай, қайта ол дәрежені арт-

тыру максатымен колдана білуде болып отыр» (қараңыз: XXV том, 213-бет).

Онан əрі былай делінген:

«Гендерсондардың, Клайнстардың, Макдональдтардың, Сноудендердің түгелдей реакцияшыл екендіктері анық нəрсе. Сол сияқты, олардың өкіметті өз қолдарына алғысы келетіндігі (сонымен қатар буржуазиямен коалиция жасауды артық көреді), олардың алдақашанғы буржуазиялық ескі-ережелер бойынша «басқарғысы» келетіндігі, олардың өкімет басына келген кезде өздерін Шейдемандар мен Носкелерше ұстайтындығы да анық нəрсе. Мұның бəрі де осылай. Бірақ мұнан, оларға жəрдем көрсету — революцияға опасыздық жасағандық болады деген қортынды тіпті де шықпайды, қайта жұмысшы табының революционерлері революцияның мүдделері үшін бұл мырзаларға белгілібір парламенттік жəрдем көрсетуге тиіс деген қортынды шығады» (сол томның 218 — 219-беттерін қараңыз).

Сонымен, Лениннің көзқарасы бойынша, коммунистердің жұмысшы табының реакцияшыл басшыларымен саяси келісім жасауы, саяси одақтасуы толығынан мүмкін жəне болатын нəрсе көрінеді.

Мұны Троцкий мен Зиновьев естерінен шығармасын.

Алайда, шынында, мұндай келісімдер бізге не үшін керек?

Мұндай келісімдер: жұмысшы бұқарасына қарай жол ашу үшін, бұл бұқараға олардың саяси жəне кəсіпшілер одағы басшыларының реакцияшыл екендігін түсіндіру үшін, жұмысшы табының солшылданып жəне революцияшыл болып келе жатқан бөлегін реакцияшыл басшылардан айырып алу үшін, демек, бүкіл жұмысшы табының жауынгерлігін күшейту үшін керек.

Сондықтан мұндай одақтар мынадай негізгі екі шарт болғанда ғана: реформистік көсемдерді біздің сынауымызға бостандық болуын қамтамасыз еткенде

ғана және бұқараны реакцияшыл басшылардан айырып алу үшін қажетті жағдайлардың болуын қамтамасыз еткенде ғана бола алады.

Бұл жайында Ленин былай дейді:

«Коммунистік партия Гендерсондар мен Сноудендерге: Ллойд-Джордж бен консерваторлардың одағына қарсы бірлесіп аттанамыз, парламенттегі орындарды жұмысшылардың Жұмысшы партиясына немесе коммунистерге берген дауысының (сайлаудағы емес, айрықша дауысқа салғанда берген дауысының) санына қарай бөлеміз, үгіт, насихат жүргізу, саяси іс істеу жөнінде толық еріктілікті сақтаймыз деп «келісім», сайлау келісімін жасауды ұсынады. Бұл соңғы шартты кіргізбейінше, әрине, одақ жасасуға болмайды, өйткені бұл опасыздық жасау болады: Гендерсондар мен Сноудендерді әшкерелеуге толық ерікті болуды орыс Гендерсондары мен Сноудендері, яғни меньшевиктер жөнінде орыс большевиктері қалай қорғаған болса (онбес жыл, 1903 — 1917) және қорғап қалған болса, ағылшын коммунистері де нақ солай етіп барынша қорғауға тиіс және қорғап қалуға тиіс» (қараңыз: XXV том, 223-бет).

Онан әрі былай делінген:

«Ұсақ буржуазияшыл демократтар (соның ішінде меньшевиктер де) буржуазия мен пролетариаттың арасында, буржуазиялық демократия мен совет құрылысының арасында, реформизм мен революцияшылдықтың арасында, жұмысшыларды жақсы көрушілік пен пролетариат диктатурасынан қорқушылықтың арасында, т. т. арасында сөзсіз толқып отырады. Коммунистердің дұрыс тактикасы — бұл толқуларды тіпті де елемей кету емес, оларды пайдалану болып табылады; бұларды пайдалану ісі — кейбір элементтер пролетариат жағына қаншалықты және қашан бет бұрса, оларға соншалықты және сол кезде жеңілдік жасауды талап етеді, мұнымен бірге буржуазия жағына бет бұрған элементтерге қарсы күресуді талап етеді. Дұрыс тактика қолданудың нәтижесінде меньшевизм бізде барған сайын іріп келді және іріп те отыр, оппортунистік көсемдерді табанды түр-

де шеттетіп және жақсы жұмысшыларды, ұсақбуржуазиялық демократияның жақсы элементтерін біздің лагерімізге аударып отыр»* (қараңыз: XXV том, 213 — 214-беттері).

Міне одақ жасаудың шарттары осындай, бұл шарттар болмаса кәсіпшілер одақтарының реакцияшыл көсемдерімен ешқандай одақ, келісім жасауға болмайды.

Мұны да оппозиция есінен шығармайтын болсын.

Біздің кәсіпшілер одақтарының саясаты Ленин жолдас айтқан шарттарға сай келе ме? — деп сұрауға болады.

Менің ойымша, толық сай келеді. Біріншіден, біз ағылшын жұмысшы табының реформашыл көсемдерін сынауға өзіміздің толық еріктілігімізді бүтіндей сақтап қалдық және бұл еріктілікті барынша толық пайдаландық, мұны дүние жүзіндегі коммунистік партиялардың бірде-бірі біздей етіп толық пайдаланған емес. Екіншіден, біз Англияның жұмысшы бұқарасына баруға өзімізге жол аштық және олармен өзіміздің байланысымызды нығайттық. Үшіншіден, біз Англияның жұмысшы табының бірсыпыра отрядтарын реакцияшыл көсемдерден ойдағыдай айырып алып жатырмыз және айырып алдық та. Мен Бас советтің көсемдерінен көмiршілердің ажыратылғандығын айтып отырмын.

Бұл жерде Троцкий, Зиновьев және Каменев орыс пен агылшын кеншілерінің Берлиндегі конференциясы туралы және олардың декларациясы[69] туралы мәселеге әдейі соқпай өтті. Ал бұл соңғы уақытта болған өте маңызды факт емес пе. Ричардсон, Кук, Смит, Ричардс дегендер кім? Олар — оппортунистер, реформистер. Олардың біреулері солшылдар, екінші

* Курсив менікі. И. Ст.

біреулері оңшылдар деп аталады. Атала берсін! Олардың қайсысының солшылдау екендігін тарих шешеді. Қазірде мұны шеше қою бізге өте қыйын, алдағы уақытта не болары белгісіз. Алайда анық нәрсе мынау: ереуіл жасап жатқан бір миллион екіжүз мың тау-кен жұмысшыларын соңынан ертіп, ауытқып жүрген реформашыл бұл басшыларды біз Бас советтен айырып алып, оларды өзіміздің одақтармен байланыстырдық. Бұл факт емес пе? Оппозицияның бұл туралы үндемейтін себебі не? Ол біздің саясатымыздың жеңісіне қалай қуанбайды? Қазірде Ситриннің: мен де, Бас совет те Ағылшын-Орыс комитетін шақыруға рыйзамыз деп жазып отырғандығының өзі Шварц пен Акуловтың Кук пен Ричардсонды өз жағына шығарып алғандығының нәтижесі емес пе, ал Бас совет көмірішлерге қарсы ашық күрестен қорқып, Ағылшын-Орыс комитетін шақыруға келісім беруге мәжбүр болып отырған жоқ па? Бұл фактылардың бәрі саясатымыздың табысы екендігін көрсетеді, мұның бәрі оппозиция саясатының толық күйрегендігін көрсетеді, осыны кім бекер дей алады?

Сөйтіп, кәсіпшілер одақтарының реакцияшыл басшыларымен де одақтар жасауға болады. Мұндай одақтар белгілі жағдайларда ғана қажет нәрсе. Мұның бірінші шарты сын бостандығы болып табылады. Мұны біздің партия орындауда. Екінші шарт — реакцияшыл басшылардан жұмысшы бұқарасын айырып алу болады. Біздің партия бұл шартты да орындауда. Біздің партиянікі дұрыс. Оппозициянікі теріс.

Зиновьев пен Троцкий бізден бұдан басқа не талап етеді? деп сұрауға болады.

Олар біздің совет кәсіпшілер одақтары не Ағыл-

шын-Орыс комитетінен қол үзсе екен, не осы жерде, Москвада отырып, Бас советті құлатса екен дейді. Бірақ бұл ақымақтық қой, жолдастар. Бізден Москвада отырып, ағылшын жұмысшыларының кәсіпшілер одақтарымен есептеспей, ағылшын кәсіпшілер одағының бұқарасымен есептеспей, ағылшын кәсіпшілер одағының кадрларымен есептеспей, оларды аттап өтіп, осы жерде, Москвада отырып, Бас советті құлатуды талап ету, — міне осылай ету ақымақтық емес пе, жолдастар?

Олар қыр көрсетіп, ашықтан-ашық қол үзуді талап етеді. Бірақ бұдан масқаралықтан басқа ешнәрсе де шықпайтындығын түсіну қиын ба? Біздің қол үзген кезде ағылшын кәсіпшілік қозғалысымен байланысымызды жоғалтып алатынымызды, ағылшын кәсіпшілер одағын Зассенбахтар мен Удегестердің ықпалына беріп жіберетіндігімізді, біртұтас майдан тактикасының негіздерін әлсірететіндігімізді, Черчилдер мен Томастардың жүрегін қуантып, масқаралықтан басқа ешнәрсе ала алмайтындығымызды түсіну қиын ба?

Троцкий өзінің қыр көрсетіп ымдау саясатының түпкі негізі ретінде нақтылы адамдарды, Англияда өмір сүріп, күресіп отырған нақтылы және тірі жұмысшыларды алмай, қайдағыбір басынан аяғына дейін революцияшыл, керемет, денесі жоқ сағым сиякты адамдарды алады. Саясатта керемет, денесі жоқ сағым сиякты адамдарға тек ақылсыз адамдар ғана сүйене алатындығын түсіну қиын ба?

Сондықтан да біз қыр көрсетіп ымдау саясаты, Бас советті Москвада отырып, тек жалғыз Москваның ғана күштерімен құлату саясаты адам күлерлік авантюристік саясат болып табылады деп ойлаймыз.

Қыр көрсетіп ымдау саясаты — Троцкийдің партиямызға келгеннен бергі бүкіл ұстаған саясатының айырықша бір белгісі болып табылады. Бұл саясат бірінші рет Брест бітімі кезінде, Троцкий неміс-орыс бейбіттік келісіміне қол қоймай, барлық елдердің пролетарларын ымдау арқылы империализмге қарсы көтеруге болады деп ойлап, келісімге қарсы қыр көрсетіп ымдаған кезде қолданылды. Бұл ымдау саясаты болды. Бұл ымдаудың бізге қаншалықты қымбатқа түскендігін өздеріңіз жақсы білесіздер, жолдастар. Бұл қыр көрсетіп ымдау кімге пайдалы болды? Мұның өзі империалистерге, меньшевиктерге және ол кезде әлі буыны беки қоймаған Совет өкіметін тұншықтыруға тырысқан адамдардың барлығына пайдалы болды.

Нақ осы қыр көрсетіп ымдау саясатын кәзір бізге Ағылшын-Орыс комитеті жөнінде ұсынып отыр. Қыр көрсетіп, ашықтан-ашық қол үзуді талап етіп отыр. Бірақ бұл қыр көрсетіп ымдау кімге пайдалы болмақ? Черчилль мен Чемберленге, Зассенбах пен Удегестіге пайдалы болады. Олар осыны тілейді. Олар осыны күтуде. Олар, Зассенбахтар мен Удегестер, біздің ағылшын жұмысшы қозғалысынан қыр көрсетіп, ашықтан-ашық қол үзуімізді, сөйтіп Амстердамның ісін оңайлатуымызды тілейді. Олар, Черчилдер мен Чемберлендер, біздің қол үзгенімізді тілейді, сөйтіп өздерінің интервенция жасауын жеңілдеткісі келеді, интервенцияшылдардың пайдасына моральдық дәлел алғысы келеді.

Біздің оппозиционерлердің суды кімнің диірменіне құятындығын осыдан байқауға болады.

Жоқ, жолдастар, біз бұл авантюристік жолға түсе алмаймыз.

«Әсіресолшыл» сөзуарлардың тағдыры осылай болғансоң қайтесің. Олардың сөздері солшыл болғанымен, іс жүзінде олар жұмысшы табының жауларына көмектесіп отыр. Сол жаққа барсаң — оң жаққа келесің.

Жоқ, жолдастар, біз бұл қыр көрсетіп, ымдау саясатына бармаймыз, Брест бітімі кезінде бұл саясатқа қандай бармаған болсақ, бүгін де сондай бармаймыз. Бұл саясатка бармайтын себебіміз — біз партиямызды өз жауларымыздың қолындағы ойыншыққа айналдырғымыз келмейді.

Бірінші рет мына кітапта басылған:
И. Сталин. Оппозиция туралы.
1921—1927 жылдары жазылған
мақалалар мен сөйленген сөздер.
М.—Л., 1928

Ф. ДЗЕРЖИНСКИЙ

(Ф. Дзержинскийдің өлімі жөнінде)

Фрунзеден соң — Дзержинский қайтыс болды.

Лениндік қарт гвардия өзінің ең жақсы басшылары мен жауынгерлерінің тағы да біреуінен айрылды. Партия тағы да бір орны толмайтын қазаға ұшырады.

Қазір, беті ашық табыттың қасында тұрып, Дзержинский жолдастың бүкіл басынан кешірген жолын — түрмені, каторганы, айдауды, контрреволюцияға қарсы күресу жөніндегі Төтенше Комиссияны, бүлінген транспортты қалпына келтіруді, социалистік жас өнеркәсіпті орнатуды есіңе түсіргенде, — бұл қайнап тұрған өмірді бір сөзбен: **ЖАЛЫН** деп сыйпаттағың келеді.

Октябрь революциясы оны ауыр қызметке, — контрреволюцияға қарсы күресу жөніндегі Төтенше Комиссия председателінің қызметіне қойды. Буржуазия Дзержинскийдің атындай ешкімнің де атына өшігіп көрген емес, өйткені ол пролетариат революциясы жауларының соққыларын болаттай мықты қолымен

тойтарып отырды. Ол кезде Феликс Дзержинскийді — «Буржуазияның ажалы» деп атайтын еді.

«Бейбіттік дәуір» басталғаннан кейін Дзержинский жолдас өзінің қызу жұмысын істей береді. Дзержинский жолдас бүлінген транспортты жөндеу жұмысында от болып жанды, ал онан кейін халық шаруашылығының Жоғарғы советінің председателі болып істеп, өнеркәсібімізді орнату жұмысында от болып жанды. Ол тыным алып көрген емес, ешбір қара жұмыстан қашқан емес, ол қыйыншылықтарға карсы батыл күресіп, оларды жеңіп отырды, өзіне партия сеніп берген іс үшін өзінің барлық күшін, барлық жігерін жұмсап отырды, — сөйтіп ол пролетариаттың мүдделері үшін, коммунизмнің жеңіп шығуы үшін жұмыс үстінде жанын пида етті.

Қош бол, Октябрьдің батыры! Қош бол, партияның сенімді ұлы!

Қош бол, партиямыздың бірлігі мен күш-қуатын орнатушы!

И. Сталин

22 июль, 1926 ж.

„Правда" № 166, 22 июль, 1926 ж.

АҒЫЛШЫН-ОРЫС КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ

Коммунистік Интернационал Атқару Комитеті президиумының мәжілісінде сөйленген сөз

7 август, 1926 ж.

Жолдастар! Мерфидің сөзінен бұрын БК(б)П Орталық Комитеті ағылшын компартиясы Орталық Комитетінің Англиядағы жаппай ереуіл туралы мәселе жөнінде Кәсіпшілер Одақтарының Бүкілодақтық Орталық Советінің белгілі декларациясына[70] қарсы наразылық білдіріп жазған хатын алған болатын. Меніңше, Мерфи бұл арада осы хаттың келтірген дәлелдерін қайталап отырған сияқты. Мерфи, ең алдымен, формалдық пікірлерді алға қояды, оның ішінде: таласты мәселелер алдын ала қарау тәртібі бойынша Британия компартиясымен бірге талқыланбады деген пікірді алға қояды. Мен Мерфидің соңғы пікірінің негізі бар деп білемін. Шынында да кейде Коминтерннің Британия компартиясы Орталық Комитетімен алдын ала келісіп алмай тұрып, қарар алуына тура келді. Бірақ бұл арада кешірімді жағдайлар бар: кейбір мәселелердің тығыз болуы, Британия компартиясы Орталық Комитетімен тығыз түрде байланыс жасай қоюдың мүмкін еместігі, т. т.

Ал Мерфидің КОБОС-қа және оның декларация-

сына катысы бар баска пікірлеріне келетін болсак, онда оларды мүлде теріс деп тану керек.

КОБОС декларация жарыялап, формалдык жағынан қате жіберді, өйткені ол мұнысымен Кәсіпшілер Одақтары Интернационалының немесе Коминтерннің қызметін өз мойнына алды-мыс дейтін пікір дұрыс емес. КОБОС-тың өз декларациясын жарыялауға правосы бар, сондай-ақ кәсіпшілік бірлестіктің немесе баскадай бірлестіктің қай-кайсысының болса да өз декларациясын жарыялауға правосы бар. КОБОС-тың осындайлық ең негізгі правосын қалайша мойындамауға болады.

КОБОС өзінің декларациясы аркылы Кәсіпшілер Одақтары Интернационалының немесе Коминтерннің праволарын бұзды, Кәсіпшілер Одақтары Интернационалы мен Коминтерн бұл арада зәбірленген, зыян көрген жақ болып табылады дейтін пікір жаңағыдан да гөрі теріс пікір. Мен КОБОС декларациясы Кәсіпшілер Одақтары Интернационалы мен Коминтерннің рұхсаты бойынша және ұнатуы бойынша шығарылғандығын мәлімдеуге тиіспін. Кәсіпшілер Одақтары Интернационалының да, Коминтерннің де КОБОС-ты бізге жататын праволарды бұзды деп айыптау ойында да жоқ екендігін шынында осымен түсіндіруге болады. Бұл жөнінде Мерфи КОБОС-ка карсы шығамын деп, шынында Коминтерннің Аткару Комитеті мен Кәсіпшілер Одағы Интернационалына карсы шығып отыр.

Акырында, КОБОС-тың Бас советке карсы сыны және КОБОС-тың декларациясы жалпы алғанда Британия компартиясының ішкі істеріне «қол сұғу» болып табылады-мыс, КОБОС «ұлттық ұйым» болғандыктан

мұндай «қол сұғушылықты» болғызбауға тиіс деген Мерфидің пікірін мүлде лайықсыз пікір деп есептеу керек. Амал қанша, Мерфи бұл арада Пью мен Персельдің Ағылшын-Орыс комитетінің Париждағы болған кеңесінде келтірген «дәлелдерін» қайталап отыр. Соңғы күндердің ішінде Пью, Персель және Ситрин КОБОС-тың делегациясына нақ осындай «дәлелдермен» қарсы шықты. Осының жалғыз өзі-ақ Мерфидікі теріс екендігін көрсетеді. Формалдық дәлелдерге бола істің мазмұны туралы, істің мәнісі туралы жағдайды ұмытуға болмайды. Коммунист бұлай істей алмайды. Егер Бас советті КОБОС-пен қатар басқа елдердің де, айталық, Францияның, Германияның және басқа кәсіпшілер одақтарының «ұлттық» бірлестіктері сынаған болса, ағылшын кеншілерінің ісі бұдан көп жақсы болған болар еді де, ал Бас советтің теріс әрекеттері әшкереленген болар еді. КОБОС-тың Бас советті сынап декларация жарыялағандығын КОБОС-тың қатесі емес, қайта ағылшын жұмысшыларының алдында сіңірген еңбегі деп есептеу керек.

Көбінесе, істің формалдық жағын алатын болсақ, Мерфидің баяндамасына байланысты менің айтайын дегенімнің бәрі осы.

Бұл жерде әңгіме істің формалдық жағы туралы болып отырғандықтан менің осы айтылғандармен тынуыма да болар еді. Бірақ мәселе мынада болып отыр: Мерфи істің жалғыз формалдық жағымен ғана тынып отырған жоқ. Оған істің формалдық жағы формалдық емес сыйпаты бар кейбір елеулі нәтижелерге жету үшін керек болып отыр. Мерфидің тактикасы: формалдық дәлелдерді бүркеніп және Коминтерн Атқару Комитетінің практикасындағы кейбір фор-

малдық үйлеспеушіліктерді пайдаланып, бұл арада істің мәнісі бойынша нақтылы қарар шығарту болып отыр. Сондықтан Мерфидің дәлелдері туралы мәнісі жағынан бірнеше сөз айтуға тура келеді.

Расында, Мерфидің көксеп отырғаны не?

Тікелей айтқанда оның көксеп отырғаны — Бас советті ашықтан-ашық сынауды тоқтатуға КОБОС-ты мәжбүр ету, КОБОС-ты үндемеуге мәжбүр ету және «Бас советтің істеріне» «қол сұқпауға» мәжбүр ету.

КОБОС, не біздің партия, немесе Коминтерн осылай істеуге бара ала ма?

Жоқ, бара алмайды. Өйткені КОБОС-ты үндемеуге мәжбүр ету дегеніміз не, Бас совет ереуіл жасап жатқан ағылшын кеншілерін шеттетіп, олардың жеңілуін дайындап жатқан кезде КОБОС-тың үндемеуін жұрт не деп түсінбек? Мұндай жағдайда үндемеу дегеніміз — Бас советтің айыбын жасыру, оның сатқындығын жасыру болып табылады. Ал Бас совет пен КОБОС Ағылшын-Орыс комитетін құрып, өзара одақ жасап отырған жағдайда Бас советтің сатқындығын жасырып қалу — бұл сатқындықты үндемей ұнату болып табылады, демек — Бас советтің сатқындығы үшін бүкіл дүние жүзі жұмысшылары қозғалысының алдында жауапкершілікке Бас советпен ортақтасу болып табылады. Егер КОБОС осы жолға түскен болса, егер ол Бас советтің сатқындығын ашық сынаудан бір минут болса да бас тартқан болса, онда КОБОС-тың саяси және моральдық жағынан өзін өзі өлтірген болып шығатындығын тағыда дәлелдеп жатудың керегі бар ма?

Өздеріңіз ойлаңыздаршы. Бас совет май айында жаппай ереуілді тоқтатты, сөйтіп жалпы алғанда

ағылшын жұмысшы табын, жекелеп алғанда ағылшын кеншілерін дұшпанға сатты. Июнь мен июльде Бас совет ереуіл жасап жатқан кеншілерге көмектесу жөнінде ешнәрсе істеген жоқ. Оның үстіне, кеншілердің жеңілуін дайындау үшін және, сонымен, ағылшын кеншілерінің «бетімен кеткен» федерациясын жазалау үшін Бас совет қолынан келгенінің бәрін істеді. Август айында Бас советтің басшылары Ағылшын-Орыс комитетінің Парижда болған кеңесінде, бұл кеңестің ҚОБОС ұсынған күн тәртібіне Бас советтің бұрын қарсы болмағандығына қарамастан, ҚОБОС өкілдерінің ағылшын кеншілеріне көмек көрсету туралы жасаған ұсынысын талқылаудан бас тартады. Сонымен, біз шірік дипломатияға шатасқан Бас советтің тарапынан толып жатқан сатқындықтардың болғандығын көріп отырмыз. Ал Мерфи осы оңбағандықтардың барлығына ҚОБОС-тың көзді жұмып қарап, жұмған аузын ашпауын талап етеді! Жоқ, жолдастар, ҚОБОС бұл жолға түсе алмайды, өйткені ол өзін өзі өлтіргісі келмейді.

Мерфидің ойынша, егер Бас советке қарсы декларацияны халықаралық ұйым ретінде Кәсіпшілер Одақтарының Интернационалы шығарып, ал ҚОБОС «ұлттық» ұйым ретінде Кәсіпшілер Одақтары Интернационалының декларациясына қосылатындығы туралы қысқаша ғана қарар шығарған болса, тиімді болатын көрінеді. Бірыңғай формалдық жағынан алып қарағанда Мерфидің жоспарының біраз ведомстволық архитектуралық түзу жағы жоқ емес. Бұл көзқарас бойынша оның біраз негізі бар деуге де болады. Бірақ саяси жағынан алып қарағанда Мерфидің жоспары ешқандай сынды көтере алмайды. Бас советті әшкерелеу

және ағылшын жұмысшы бұқарасын саяси тәрбиелеу мағнасында КОБОС декларациясының сөзсіз берген саяси нәтижесінің жүзден бірін де Мерфидің жоспары бере алмайтындығын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Мәселе мынада: КОБОС-қа қарағанда ағылшын жұмысшы табының арасында Кәсіпшілер Одақтарының Интернационалы онша белгілі емес, КОБОС-қа қарағанда Кәсіпшілер Одақтарының Интернационалы онша әйгілі емес, сондықтан КОБОС-тың үлес салмағына қарағанда Кәсіпшілер Одақтары Интернационалының үлес салмағы анағұрлым аз. Ал бұдан — Бас советті ағылшын жұмысшы табының алдында неғұрлым беделі бар орган болып отырған нақ КОБОС-тың сынауы керек екендігі келіп шығады. Басқаша істеуге болмайтын да еді, өйткені Бас советтің сатқындығын әшкерелеп, көздеген жерге тигізу керек болды. Ағылшын жұмысшы қозғалысының реформашыл басшыларының арасында КОБОС-тың декларациясына байланысты көтерілген айғай-шуға қарағанда — КОБОС көздеген нысанаға дәл тигізді деп сеніп айтуға болады.

Мерфидің ойынша, КОБОС-тың Бас советті ашықтан-ашық сынауы Бас советпен екі арадағы одақты үзуге, Ағылшын-Орыс комитетін болғызбай қоюға әкеп соғуы мүмкін. Менің ойымша, Мерфидікі теріс. КОБОС-тың тарапынан кеншілерге белсене көмек беріліп отырғанда Ағылшын-Орыс комитетінің болмай қалуы мүмкін емес, немесе мүмкін емес дерлік деп санау керек. Ағылшын-Орыс комитеті болмай қалады деп Бас совет көпшілігінің өкілдері Персель және Хикстен басқа ешкімнің де қорықпайтындығын шынында осымен түсіндіруге болады. Әрине, Персель де, Хикс те қол үзу қаупі бар деп бізді арбайды. Бірақ

арбау мен шын қол үзудің қаупін айыра білу керек.

Сонымен қатар, Ағылшын-Орыс комитетінің біз үшін өзіндік мақсат емес екендігін ұмытпау керек. Біз Ағылшын-Орыс комитетіне шартсыз барып және онда шартсыз қалып отырғанымыз жоқ, белгілібір шарттар арқылы барып, қалып отырмыз, мұндай шарттарға Бас советті еркімен сынауға ҚОБОС-тың праволы болуын, сондай-ақ ҚОБОС-ты еркімен сынауға Бас советтің де праволы болуын жатқызу керек. Біз құрметке бола және қайткен күнде де одақты сақтап қаламыз деп сын бостандығынан бас тарта алмаймыз.

Одақтың өмір сүруі не үшін керек? Одақ мүшелерінің капиталға қарсы, жұмысшы табының мүдделері үшін, бірігіп әрекет жасауын ұйымдастыру үшін керек, одақ мүшелерінің империалистік соғысқа қарсы, халықтар арасында бейбіттік орнату жолында бірігіп әрекет жасауын ұйымдастыру үшін керек. Ал егер одақ мүшелерінің бірі, екі жақтың біреуінің кейбір басшылары, жұмысшы табының мүдделерін бұзып, опасыздық жасайтын болса және осылай ету арқылы бірігіп жұмыс істеуге мүмкіншілік қалдырмайтын болса, онда не істеу керек? Сонда оларды осындай қателер жібергені үшін мақтау керек пе? Демек, жұмысшы табының мүддесі үшін бірігіп жұмыс істеу мүмкіншілігін қайтадан қалпына келтіру үшін өзара сын болуы керек, сын арқылы қателерді жою керек. Сондықтан сын бостандығына кепілдік болса ғана Ағылшын-Орыс комитетінің маңызы болмақ.

Сынның кәсіпшілер одақтарының кейбір реакцияшыл көсемдерінің беделін түсіруге әкеп соғуы мүмкін деседі. Ал сонда ше? Мен мұнан ешқандай жаман

нәрсені көріп отырғаным жоқ. Егер жұмысшы табының мүдделеріне опасыздық жасайтын ескі басшылардың беделі түссе және олардың орнына жұмысшы табына шын берілген жаңа басшылар қойылатын болса, онда бұдан жұмысшы табы тек ұтады. Сондықтан мұндай реакцияшыл, сенімсіз басшылар неғұрлым тез орындарынан алынып, ескі басшылардың реакциялық әдеттерінен аулақ, жаңа, жақсы басшылар қойылатын болса, соғұрлым жақсы болмақ.

Алайда, мұның өзі реакцияшыл басшылардың күш-қуатын бір соққаннан қалдырмай қыйратуға болады-мыс және оларды қысқа уақыттың ішінде шеттетіп, оларды жаңа, революцияшыл көсемдермен алмастыруға болады-мыс деген сөз емес.

Кейбір жалған марксистердің ойынша, реакцияшыл басшылардың күшін қыйрату үшін бір ғана «революциялық» қыр көрсетіп ымдаудың өзі, бір ғана дауығып байбалам салудың өзі жеткілікті керінеді. Шын марксистердің мұндай адамдармен ешқандай қатнасы жоқ және болуы да мүмкін емес.

Екінші біреулердің ойынша, жұмысшылардың қалың бұқарасы реакцияшыл-реформистерден дереу сырт айналып кету үшін, сол сыяқты дереу коммунистік партияның төңірегіне топтасу үшін коммунистер дұрыс жол ойлап шығарса болғаны екен. Бұл мүлде теріс. Бұлай деп тек марксист емес адамдар ғана ойлай алады. Шынына келгенде партияның дұрыс жолы мен бұл жолды бұқараның ұғынып, дұрыс жол ретінде қабылдауының екі арасында — өте үлкен алшақтық бар. Партия өз соңынан миллиондаған бұқараны ерту үшін, міне бұл үшін дұрыс жолдың бір өзі жеткіліксіз болады, — бұл үшін осы жолдың дұрыс

екендігіне бұқараның өз тәжрибесінде көзі жетуі қажет, бұқара партияның саясаты мен ұрандарын өз саясаты мен өз ұрандарындай етіп қабылдап, оларды жүзеге асыруы қажет. Тек осылай болғанда ғана дұрыс саясаты бар партия таптың нағыз басшы күшіне айнала алады.

Британия коммунистік партиясының саясаты Англияда жаппай ереуіл болған кезде дұрыс болды ма? Я, дұрыс болды. Ол ереуіл жасаған миллиондаған жұмысшыларды не себепті соңынан ерте алмады? Неге десеңіз, компартия саясатының дұрыс екендігіне бұл бұқараның әлі көзі жете қоймады. Ал партия саясатының дұрыс екендігіне қысқа мерзімнің ішінде бұқараның көзін жеткізе қою мүмкін емес. Мұны «революциялық» қыр көрсетіп ымдау арқылы істей қою тіпті де мүмкін емес. Бұл үшін уақыт керек және реакцияшыл көсемдерді әшкерелеу жөнінде, жұмысшы табының артта қалған бұқарасын саяси жағынан тәрбиелеу жөнінде, алдыңғы қатардағы қызмет орындарына жұмысшы табының жаңа кадрларын қою жөнінде талмай, қажырлы жұмыс істеу керек.

Осылай болғандықтан жұмысшы табының реакцияшыл көсемдерінің күш-қуатын көз ашып жұмғанша жойып жіберуге не себепті болмайтындығын, бұл үшін не себепті уақыт керек екендігін және жұмысшы табының миллиондаған бұқарасын сауаттандыру жөнінде не себепті талмай жұмыс істеу керек екендігін түсіну қиын емес.

Ал мұнан реакцияшыл көсемдерді әшкерелеу ісін ондаған жылдарға созу керек, мұндай әшкерелеу реакцияшыл көсемдерді ешбір ренжітпей және құрметті болудың «қасиетті ережелерін» бұзбастан өзінен өзі,

өз бетімен болады деген қортынды әсте шықпайды. Жоқ, жолдастар, ешуақытта ешнәрсе «өзінен өзі» келмейді. Реакцияшыл көсемдерді әшкерелеу және бұқараны саяси жағынан ағарту ісін бұқара арасында оларды саяси жағынан ағарту жөнінде талмай жұмыс істеу арқылы сіздер өздеріңіз, коммунистер, және басқа солшыл саяси басшылар жүргізуге тиіссіздер. Жұмысшылардың қалың бұқарасын революцияшылдандыру ісін тек осылай еткенде ғана тездетуге болады.

Ақырында, Мерфидің баяндамасы жөнінде тағыда бір ескертуді айта кетейік. Мерфи Англиядағы жұмысшы қозғалысының айрықша өзгешеліктерін, Англияда дәстүрлердің қандай ролі мен маңызы бар екендігін баса көрсетіп өтті және, менің ойымша, осындайлық айрықша өзгешеліктер болғандықтан басқарудың марксистік қалыпты әдістері Англияда жарамсыз болып шығуы мүмкін дегенді аңғартпақ болды. Менінше, Мерфи гайғақ жолға түсіп барады. Әрине, ағылшын жұмысшы қозғалысының айрықша өзгешеліктері бар және оларды қалай да есепке алып отыру керек. Бірақ бұл өзгешеліктерді принципке айналдырып, оларды жұмыстың негізі ету — марксизмді ағылшын жағдайларына қолдануға болмайды деп жарыялайтын адамдардың көзқарасын жақтау болып шығады. Мен Мерфидің мұндай адамдармен белгілібір байланысы бар деп ойламаймын. Мен мұнымен қатар ол ағылшын өзгешеліктерін принципке айналдырудың аз-ақ алдында тұр дегенді айтқым келеді.

Гумбольдтың сөзі туралы бір-екі ауыз сөз айта кетейік. Гумбольдт, қарсы бола келіп, сын дегеніміз жалаң, негізсіз болмауға тиіс дейді. Бұл дұрыс. Бірақ

бұған КОБОС пен Коминтерн Атқару Комитетінің қандай қатысы бар, олардың сыны барынша нақтылы сын ғой. «Қара жұманың»[71] батырлары жөніндегі сын құрғақ сын болды ма? Әрине, құрғақ сын болған жоқ, өйткені бұл сынды қазірде, «қара жұма» тарихқа айналып отырған кезде, кім көрінгеннің бәрі қайталап жүр. Ал онда, осындай жағдайда, Бас совет басшыларының жаппай ереуіл кезінде және, онан соң, кеншілердің тоқталмай жүріп жатқан ереуілінен соң, жасаған сатқындығы жөніндегі сын не себепті құрғақ сын болуға тиіс? Мұндағы логика қайда? Әлде, жаппай ереуіл кезіндегі сатқындықтың қатерлілігі «қара жұма» дәуіріндегі сатқындықтан аз болғаны ма?

Егер бұл әдіс негізгі әдіс ретінде ұсынылатын болса, онда мен Гумбольдт ұсынып отырған жеке сын әдісіне қарсымын. Менің ойымша, біздің реакцияшыл көсемдер жөніндегі сынымыз бұл көсемдердің жеке басының өзгешеліктері тұрғысынан жасалмай, басшылық етудің жалпы бағытының тұрғысынан жасалатын сын болуға тиіс. Мен жеке сынның қосымша, көмекші құрал ретінде пайдаланылуына қарсы емеспін. Бірақ мен біздің сынымыздың негізінде принципті бағыт болуын жақтаймын. Бұлай болмаған күнде принципті сынның орнына ерегіс пен жеке ұрыс-керістер келіп шығады, мұның өзі іске зиян келтіріп, біздің сынымыздың дәрежесін төмендетпей қоймайды.

Бірінші рет басылып отыр

АМЕРИКА ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ ОРГАНЫ—„ДЕЙЛИ УОРКЕР“[72] РЕДАКЦИЯСЫНА

Құрметті жолдас редактор! Газетіңізге мына төменгі мәлімдемені басуыңызды сұраймын.

14 августа Нью-Йорктың жеті сайын шығып тұратын «Нью Лидер»[73] дейтін социалистіксымақ газетінде БК(б)П Орталық Комитетінің пленумында менің сөйлеген сөзім ретінде қайдағы жоқты боямалап, қайдан алғаны көрсетілмей боямаланған қортынды ескертулер басылып шықты.

Буржуазиялық және жартылай буржуазиялық газеттердің совет қайраткерлері туралы бүкіл жалған сөздерін оқып жатуға менің мүмкіншілігім де, зауқым да жоқ және капиталистер мен олардың жарамсақтарының баспасөзінің бұл кезекті өтірігіне мен көңіл бөлмеген де болар едім.

Алайда бұл боямаланған ескертулер басылганнан кейін бір ай өткен соң «Нью Лидер» маған телеграмма жіберіпті, ол телеграммада: «РКП Орталық Комитетінің мәжілістері туралы американ газеттерінің жазған хабарында Сізге таңылып отырған Зиновьев

жөніндегі бүкіл июль айындағы қатты сынды растауыңызды» сұраймын депті.

Менің сөзімнен алынған «ескертулерді» нағыз оңбағандық әдіспен өзі боямалап, енді келіп бұл «ескертулердің» растығы туралы менен түк білмегенсіп сұрауға батылы барып отырған баспасөз органымен қағаз жазысуды мүмкін емес деп санап, Сіздің газетіңіз арқылы мынаны айтуға рұхсат етуіңізді сұраймын: «Нью Лидерде» «Сталиннің ескертулері» туралы 1926 жылы 14 августе басылған хабардың БК(б)П Орталық Комитеті пленумында менің сөйлеген сөзіме мазмұны жағынан да, формасы жағынан да, емеуіріні жағынан да тіпті ешқандай қатысы жоқ, бұл хабар, сонымен, нағыз барып тұрған және басынан аяғына дейін надандық боямалау болып табылады.

Коммунистік сәлеммен

И. Сталин

21.IX.26.

„Дейли Уоркер" (Чикаго, АҚШ)
№ 220, 30 сентябрь, 1926 ж.
Орыс тілінде бірінші рет
басылып отыр

СЛЕПКОВҚА ХАТ

Бүгін Сіздің «Правдадағы» (№ 232, 8 октябрь, 1926 ж.) мақалаңызды оқыдым. Менінше, мақала жақсы сияқты. Бірақ мақаланың істі бүлдіретін бір теріс жері бар.

Сіз бұдан небәрі бір жыл бұрын Троцкий «біздің, техника жағынан артта қалған, елде социализм құра алатындығымызға, өзіміздің ішкі күштеріміз арқылы шаруашылықтың социалистік элементтерінің нэп жолымен женісті шабуыл жасауын қамтамасыз ете алатындығымызға пролетариат ешбір күмәнданбауға тиіс екендігін баса көрсеткен болатын» деп жазасыз. Сонсоң, сіз бұл қағыйданы Смилганың «біздің, техника жағынан артта қалған, елде социализм орнату мүмкін емес» деген тезисіне қарсы қоясыз, сөйтіп Смилга мен Троцкийдің арасында бұл мәселе жөнінде қайшылық бар дейсіз.

Әрине, бұл дұрыс емес, өйткені бұл арада қайшылық жоқ.

Біріншіден. Осы уақытқа дейін Троцкий «Социализмге ме әлде коммунизмге ме?» деген кітапшада да, мұнан соңғы шыймайларында да біз өзіміздің, тех-

ника жағынан артта қалған, елде социализм орнатамыз деп ешуақытта да айтқан емес. Социализмді құру мен социализмді орнату — екі басқа нәрсе. Зиновьев те, Каменев те біздің өз елімізде социализмді құруға кірісе алатындығымызды бекер демейді және ешуақытта да бекер деген емес, өйткені біздің елде социализмнің құрылып жатқандығы туралы жұрттың бәріне айқын фактыны бекер деу есуастық болар еді. Бірақ олар біз өз елімізде социализм орната аламыз дейтін тезисті үзілді-кесілді бекер дейді. Бұл мәселе жөнінде Зиновьевтің, Каменевтің, Троцкийдің, Смилганың және басқалардың пікірлерінің бір жерден шығатыны — олар Лениннің біз социализм орната аламыз, бізде «толық социалистік қоғам орнату үшін қажетті нәрселердің бәрі»[74] бар дейтін тезисіне қарсы шығады. Олардың пікірлерінің бір жерден шығатыны — олар Европаның басты-басты елдерінде социалистік революция жеңгенде ғана «толық социалистік қоғам орнатуға болады» деп есептейді. Сондықтан біздің елде социализм орнату туралы мәселеде Троцкийді Смилгаға қарсы қою мүлде теріс.

Екіншіден. Егер дәл айтатын болсақ, онда мынаны айту керек: Троцкий «біз, техника жағынан артта қалған, елде өзіміздің ішкі күштеріміз арқылы шаруашылықтың социалистік элементтерінің нэп жолымен жеңісті шабуыл жасауын қамтамасыз ете аламыз» деп ешуақытта да айтқан емес. Троцкийдің «өсіп келе жатқан социализмнің тарихи ісі» туралы деген сөзі — біздің елімізде социализмнің жеңісті құрылысы туралы мәселені дұрыс шешуден құрғақ дипломатияға салынып жалтару болып табылады. Троцкий бұл арада мәселеден жалтарып кетіп отыр, ал Сіз бұл

жалтаруды нағыз шындық деп түсінесіз. Троцкийдің «мәселе біздің шаруашылығымыздың ішкі факторлары туралы болып отырғандықтан ешқандай кездейсоқ нәрселерден қауіптенуге ешқандай негіз болуы мүмкін емес» деген екінші сөзі — мәселені шешкендік емес, қайта оны қорқақтықпен боямалау болып табылады. Троцкий біз социализмге қарай бара жатырмыз деп айта алады. Бірақ ол өзінің кәзіргі позициясында қалып отырғанда — біз «өзіміздің ішкі күштеріміз арқылы шаруашылықтың социалистік элементтерінің нэп жолымен жеңісті шабуыл жасауын қамтамасыз ете аламыз», сонымен, біз Европаның алдыңғы қатардағы елдерінде социализм алдын ала жеңіп шықпай тұрып социализмге жете аламыз деп ешуақытта да айтқан емес және айтпайды да. Ал оның есесіне Троцкий Сіздің оған таңып отырғаныңыздың керісінше нәрсені талай рет айтқан болатын. Тіпті Троцкийдің Орталық Комитеттің апрельдегі (1926 ж.) пленумында сөйлеген сөзін есіңізге түсірсеңіз де болады, Троцкий өзінің бұл сөзінде социализмді жеңісті түрде орнату үшін қажетті шаруашылық шабуылының біздің елде мүмкін екендігін мойындамайды.

Сонымен, Сіз Троцкийді байқаусызда боямалаған болып отырсыз, былайша айтқанда,— оған жала жапқан болып отырсыз.

И. Сталин

8 октябрь, 1926 ж.

Бірінші рет басылып отыр

ПАРТИЯ ІШІНДЕГІ КҮРЕСТІ ЖҰМСАРТУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ

БК(б)П Орталық Комитетінің Саяси Бюросының мәжілісінде сөйленген сөз

11 октябрь, 1926 ж.

Егер ұсақ-түйектерді шығарып тастайтын болсақ, онда тікелей іске көшуге болар еді.

Талас не туралы болып отыр? Партия ішіндегі күрестің, оппозиция жеңіліп қалған күрестің, қортындысы туралы болып отыр. Күресті біз, Орталық Комитет, бастағанымыз жоқ, оппозиция бастады. Орталық Комитет бірнеше рет оппозицияның айтысқа бармауын сұрады, Орталық Комитет апрель пленумында да, июль пленумында да оның бүкілодақтық көлемде айтыс жасауға бармауын сұрады, өйткені мұндай айтыс күресті шиеленістіріп, жікке бөліну қаупін туғызады, партияның және үкімет органдарының тиімді жұмысын, ең кем дегенде, екі ай бойы нашарлатады.

Бір сөзбен айтқанда, мәселе оппозиция бастаған күрестің жыйынтығын шығарып, тиісті қортындылар жасау туралы болып отыр.

Оппозицияның қатты жеңілгендігінде күмән жоқ, Сонымен бірге партия қатарында оппозицияға қарсы ызаланушылықтың да өсіп келе жатқандығы анық. Ендігі мәселе мынада болып отыр: біз оппозиция басшыларын Орталық Комитеттің мүшесі ретінде сақтай

аламыз ба, жоқ па? Қәзіргі басты мәселе осында. Шляпников пен Медведевті жақтайтын адамдардың біздің Орталық Комитетте болуына көне қою қыйын. Қайдағыбір Рут Фишерлер мен Урбанстардың Коминтернге қарсы, біздің партияға қарсы, күресін жақтайтын адамдардың Орталық Комитеттің құрамында қалуына көне қою қыйын.

Біз оппозиция басшыларын Орталық Комитеттің құрамында сақтап қалғымыз келе ме? Менің ойымша, сақтап қалғымыз келеді. Бірақ оларды сақтап қалу үшін, олар өзінің фракциясын таратуға тиіс, өздерінің қателерін мойындап, партиямыздың ішіндегі және сыртындағы ардан безген оппортунистерден бөлінуге тиіс. Егер партия ішінде бейбітшілік болсын десе, оппозиция бұл шарттарды қабылдауға тиіс.

Біздің қоятын шарттарымыз қандай?

Бірінші пункт — партия органдарының қарарларына сөзсіз бағынатындықтары туралы ашықтан-ашық мәлімдеу. Сірә, бұл пунктке оппозиция тарапынан ерекше қарсылықтар бола қоймайтын болу керек. Ертеде бізде, большевиктерде, былай болған еді: егер партияның бір бөлегі азшылық болып қалса, онда ол партия көпшілігінің қарарларына бағынып, оларды жүзеге асырып қана қоймай, сонымен қатар партияның қарарларын қорғап ашықтан-ашық баяндамалар жасайтын еді. Қәзірде біз сіздерден мұны талап етпейміз, өздеріңіз принцип жағынан қосылмайтын позицияны жақтап баяндамалар жасауды талап етпейміз. Мұны талап етпей отырған себебіміз — сіздердің қыйын жағдайларыңызды жеңілдеткіміз келеді.

Екінші пункт — оппозицияның фракциялық жұмысының қате және партия үшін зиянды болғандығын

ашықтан-ашық мойындау. Мұның осылай болғандығы бекер ме? Егер бұл зиянды болмаса, онда оппозиционерлер фракциялық жұмыстан неге бас тартады? Олар фракцияны таратып жіберу жөнінде ұсыныс жасайды, фракциялық жұмыстан бас тартады, өздерінің пікірлестерін, өз жағындағы адамдарды, өз фракцияларының мүшелерін қаруды тастауға шақырамыз деп уәде береді. Неге? Неге десеңіз, сірә, олар фракциялық жұмыстың қате екендігін және рұхсат етуге болмайтын нәрсе екендігін үндемесе де білетін болулары керек. Мұны ашық айтпайтын несі бар? Міне сондықтан біз соңғы кездегі өзінің фракциялық жұмысының кешірімсіз, қате жұмыс екендігін оппозицияның ашықтан-ашық мойындауын талап етеміз.

Үшінші пункт — Оссовскийлерден, Медведевтерден және сондайлардан аулақ болу жөнінде. Менінше, бұл талап — мейлінше қажетті талап. Мен өз басым Оссовскиймен немесе Медведевпен яки Шляпниковпен одақтасып отырған адамдардың кәзірде Орталық Комитетке қалай мүше болып қала алатындығын білмеймін, ал Оссовскийді шығаруға оппозиция қарсы дауыс берді. Біз оппозицияның осылардан аулақ болуын тілейміз. Мұның өзі партиямызда бейбітшілік орнату ісін тек жеңілдетеді.

Төртінші пункт — Корштен, Масловтан, Рут Фишерден, Урбанстан, Веберден және басқалардан аулақ болу. Неге? Неге десеңіз, біріншіден, бұл адамдар Коминтерн мен БК(б)П-ға қарсы, біздің Совет мемлекетіне қарсы бұзақылық үгіт жүргізіп жүр. Неге десеңіз, екіншіден, бұл «әсіресолшыл» деп аталатын фракцияның, ал шындығында оппортунистік фракцияның, басшылары Маслов пен Рут Фишер пар-

тиядан да, Коминтерннен де шығарылып отыр. Неге десеңіз, үшіншіден, олардың бәрі БК(б)П ішіндегі оппозицияға жармасып, онымен ынтымақтасып жүр. Оппозиция бұл сияқты ескі-құсқылардан неғұрлым тез тазарса, оппозиция үшін де, Коминтерн үшін де соғұрлым жақсы болмақ.

Ақырғы пункт — Коминтерн секцияларының ішіндегі әртүрлі оппортунистік топтардың Коминтерн жолына қарсы жүргізіп отырған фракциялық күресін қолдамау.

БК(б)П Орталық Комитетінің шарттары осындай.

Енді оппозицияның қойып отырған шарттарына келейік.

Оппозиция Орталық Комитеттің мынадай төрт пунктті орындауын талап етеді.

Бірінші пункт. «Партияның XIV съезінің қаулылары мен бұдан кейінгі қарарларын насихаттау жұмысы басқаша ойлайтын адамдарды меньшевизмге теліп айыптамай, тиімді формада жүргізілуге тиіс, т. б.». Бұл пунктті қалай түсіну керек? Егер оппозиция Орталық Комитеттің оппозицияға қарсы насихатын қысқартуды талап етіп, айталық, БК(б)П-ның алдағы болатын XV конференциясында Орталық Комитет оппозицияның қателеріне қарсы өзінің принциптік жолын анықтаудан бас тартатын болсын деп талап қоятын болса, онда біз мұны қабылдай алмаймыз. Ал егер мәселе сынның емеуіріні туралы болып отырса, онда, әрине, белгілібір мөлшерде жұмсартып айтуға болады. Оппозицияның принциптік қателерін сынаудың өзіне келетін болсақ, онда ол бұдан да былай сөзсіз күшінде қалуға тиіс, өйткені оппозиция өзінің принциптік қателерінен бас тартқысы келмейді.

Екінші пункт — өзінің партия ұясында өз көзқарастарын қорғауға праволы болу туралы. Бұл талапты қойып та керегі жоқ, өйткені мұндай право партия мүшелерінде барлық уақытта да болып келді және бола бермек. Өз көзқарасын ұяда қорғауға болады және қорғау керек, бірақ қорғағанда іс жүзіндегі сынды бүкілодақтық айтысқа айналдырып жібермеу керек.

Үшінші пункт — партиядан шығарылғандардың істерінің қайта қаралуы туралы. Орталық Комитет адамдарды партиядан шығаруды тілемейді. Партиядан шығарғанда басқа амал қалмағандықтан шығарады. Смирновты алып қараңызшы, ол партиядан шығарылды, бірақ, оны әуелі бірнеше рет ескертіп, сонан кейін барып шығарды. Егер ол өз қатесін мойындаймын деген болса, егер өзін адал ұстаған болса, онда Орталық Бақылау Комиссиясының қарарын жұмсартуға болар еді. Бірақ оның адал болмағандығы былай тұрсын, өзінің қателерін мойындамайтындығы былай тұрсын, қайта ол өзінің арызында партияны жерден алып, жерден салады. Смирнов өзін осылай ұстап отырғанда оның ісін, әрине, қайта қарауға болмайды.

Партиядан шығарылып, бірақ өз қателерін мойындамайтын адамдар жөніндегі қарарларын партия жалпы алғанда қайта қарай алмайды.

Төртінші пункт — «өзінің көзқарастарын партия алдында баяндау үшін оппозиция съездің болар қарсаңында мүмкіншілік алуға тиіс» екендігі туралы. Оппозицияның бұған правосы бар екендігі өзінен өзі түсінікті. Устав бойынша партия съезінің алдында Орталық Комитеттің айтыс листогін беруге тиісті екендігін оппозицияның білмеуі мүмкін емес. Сондықтан оппо-

зицияның бұл жөніндегі талабын талап деп атауға болмайды, өйткені партия съезінің алдында айтыс листогін шығару қажет екендігін Орталық Комитет бекер демейді.

Бірінші рет басылып отыр

БК(б)П-ДАҒЫ ОППОЗИЦИЯЛЫҚ ОДАҚ ТУРАЛЫ

БК(б)П-ның Бүкілодақтық XV конференциясына арналған тезистер, конференция қабылдап, БК(б)П Орталық Комитеті бекіткен[75]

Басымыздан кешіріп отырған дәуірдің айрықша өзгешелігі — бірінші жағынан, капиталистік мемлекеттер мен біздің елдің арасындағы және, екінші жағынан, біздің еліміздің өз ішіндегі социалистік элементтер мен капиталистік элементтердің арасындағы күрестің шиеленісе түсуі болып отыр.

Дүниежүзілік капиталдың біздің елімізді экономикалық қоршауға алу әрекеттері, оны саяси жағынан шеттету, бүркемелеп білдірмей блокадаға алу әрекеттері және, ақырында, ССР Одағы жұмысшыларының Батыстың күресуші жұмысшылары мен Шығыстың езілген ұлттарына көмек бергендігі үшін тікелей кек алу әрекеттері сыртқы жағдайда қыйыншылықтар туғызып отырған болса, еліміздің қалпына келтіру дәуірінен өнеркәсіпті жаңа техника негізінде қайта құру дәуіріне көшуі және шаруашылығымыздың капиталистік және социалистік элементтерінің арасындағы осымен байланысты шиеленісіп отырған күресі, — ішкі жағдайда қыйыншылықтар туғызып отыр.

Партия бұл қыйыншылықтарды көріп отыр және

партияның оларды жеңіп шығуға мүмкіншілігі де бар. Партия пролетариаттың миллиондаған бұқарасының қолдауымен кәзірдің өзінде-ақ елімізді социализм жолымен тайсалмай алға бастап, бұл қыйыншылықтарды жеңіп келеді. Бірақ бұдан былайда жеңіспен алға баса беру мүмкіншілігіне партиямыздың барлық отрядтары бірдей сеніп отырған жоқ. Партиямыздың кейбір бөлектері, бұлардың саны расында аз, қыйыншылықтардан қорқып, шаршап-шалдығуға және ауытқушылыққа ұшырап отыр, торығуға салынып, саруайым таратып отыр, пролетариаттың творчестволық күштеріне сенбеу ауыруына шалдығып, капитулянттық идеологияға келіп отыр.

Осы мағнада айтқанда кәзіргі бетбұрыс дәуірдің белгілібір дәрежеде 1917 жылғы октябрьдегі бетбұрыс дәуірге ұқсастығы бар. Ол кезде, 1917 жылы октябрьде, қыйын жағдай және буржуазиялық революциядан пролетарлық революцияға өтудің қыйыншылықтары партияның бір бөлегінде ауытқушылық туғызып, жеңілу ниетін және пролетариаттың өкіметті қолға алып, сақтап қалу мүмкіншілігіне сенбеушілік (Каменев, Зиновьев) туғызған болса, кәзірде де, кәзіргі бетбұрыс дәуірде де, социалистік құрылыстың жаңа кезеңіне өту қыйыншылықтары партиямыздың кейбір топтарында ауытқушылық туғызып отыр, еліміздің социалистік элементтерінің капиталистік элементтерді жеңіп шығу мүмкіншілігіне сенбеушілік туғызып отыр, ССР Одағында социализмді жеңісті түрде орнату мүкіншілігіне сенбеушілік туғызып отыр.

Оппозициялық одақ — партиямыздың бір бөлегінің

қатарында болып отырған осындайлық саруайымға салынып, жеңілу пиғылының көрінісі болып табылады.

Партия бұл қыйыншылықтарды көріп отыр және партияның оларды жеңіп шығуға мүмкіншілігі де бар. Бірақ бұл қыйыншылықтарды жеңіп шығу үшін, ең алдымен, партиямыздың бір бөлегінің қатарындағы саруайымға салынушылықты және жеңілу идеологиясын жою керек.

Оппозициялық одақ өзінің 1926 жылғы 16 октябрьдегі документінде фракцияшылдықтан бас тарта отырып, БК(б)П-ның ішіндегі және онан тысқарғы нағыз меньшевиктік топтардан бөлектене отырып, сонымен қатар ол өзінің принциптік ескі позицияларында қалатындығын, өзінің принциптік қателерінен бас тартпайтындығын және бұл қате көзқарастарды партия уставының шеңберінен аспай қорғайтындығын мәлімдейді.

Бұдан — оппозициялық одақтың партия ішінде саруайымға салынуды және капитулянттықты бұдан былай да тартқысы келеді, ол партия ішінде өзінің қате көзқарастарын бұдан былайда насихаттағысы келеді деген қортынды шығады.

Сондықтан партияның кезектегі міндеті: оппозициялық одақтың негізгі көзқарастарының принцип жағынан түкке тұрғысыз екендігін әшкерелеу, бұл көзқарастардың ленинизм негіздерімен сыйыса алмайтындығын түсіндіру және оппозициялық одақтың принциптік қателеріне қарсы, бұл қателерді толық жою үшін, үзілді-кесілді идеялық күрес жүргізу болып табылады.

I

РЕВОЛЮЦИЯМЫЗДЫҢ СЫЙПАТЫ МЕН БОЛАШАҒЫ ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ «ЖАҢА ОППОЗИЦИЯНЫҢ» ТРОЦКИЗМГЕ КӨШУІ

Партия мынаған сүйенеді: біздің революциямыз социалистік революция болып табылады, Октябрь революциясы Батыстағы социалистік революцияның дабылы, түрткі салушысы және бастама пункті ғана болып қоймайды, сонымен бірге ол, біріншіден, дүниежүзілік революциялық қозғалыстың бұдан былайда дамый беру базасы болып табылады және ол екіншіден, ССР Одағында капитализмнен социализмге өту дәуірін ашады (пролетариат диктатурасы), бұл дәуір ішінде пролетариат, шаруалар жөнінде дұрыс саясат қолданылатын болса, толық социалистік қоғамды әбден орната алады және орнатады да; бұл үшін, әрине, бір жағынан, ССР Одағын империализмнің соғыс интервенциясынан қорғап қаларлық халықаралық революциялық қозғалыстың күші және, екінші жағынан, ССР Одағы пролетариатының күші мейлінше жеткілікті болуы керек.

Революциямыздың сыйпаты мен болашағы жөнінде троцкизмнің көзқарастары мүлде басқаша. 1917 жылы октябрьде троцкизмнің партиямен бірігіп жұмыс істегендігіне қарамастан, ол біздің революция, **расына келгенде, өздігінен** социалистік революция емес, Октябрь революциясы Батыстағы социалистік революцияның дабылы, түрткі салушысы және бастама пункті **ғана** болып табылады, егер дүниежүзілік революция кешігетін болса және Батыстағы жеңімпаз

социалистік революция ең жақын арада болып үлгірмейтін болса, онда Россиядағы пролетариат өкіметі пролетариат пен шаруалардың арасында сөзсіз болатын соқтығысулардың зардабынан құлауға немесе азғындауға (бұл екеуінің мағнасы бір) мәжбүр болады, деген пікірге сүйенді және кәзірде сол пікірге сүйенуде.

Партия Октябрь революциясын ұйымдастыруда: «социализмнің әуелі бірнеше капиталистік елде, тіпті бір, жеке алынған, капиталистік елде жеңуі мүмкін», «бұл елдің жеңіп шыққан пролетариаты капиталистерді экспроприациялап, өз елінде социалистік өндіріс ұйымдастырып», «қалған капиталистік дүниеге қарсы» тұра алар еді және қарсы тұруға тиіс, «басқа елдердің езілген таптарын өзіне тарта отырып, олардың арасында капиталистерге қарсы көтеріліс туғыза отырып, қажет болған жағдайда қанаушы таптарға, олардың мемлекеттеріне тіпті әскери күшпен қарсы шығар еді» (**Ленин**, XVIII том, 232—233-беттері) деген пікірге сүйенген болса, — троцкизм, мұның керісінше, Октябрь дәуірінде большевиктермен ынтымақтаса отырып, — «мәселен, революцияшыл Россия кертартпа Европаға төтеп беріп тұра алар еді деп... үміттенуге болмайды» (Троцкий, III том, 1-бөлімі, 90-беті, «Бітім программасы», бірінші рет 1917 ж. августа басылып шықты) деген пікірге сүйенді.

Партия: «толық социалистік қоғам орнату үшін» Совет Одағында «қажетті және жеткілікті нәрсенің бәрі» бар (**Ленин**, «Кооперация туралы») деген пікірге сүйенетін болса, троцкизм, мұның керісінше, — «Россияда социалистік шаруашылықтың шын мәнісінде өркендеуі Европаның басты-басты елдерінде про-

летариат жеңгеннен кейін ғана мүмкін бола алады» (Троцкий, III том, 1-бөлімі, 93-беті, «Бітім программасына». 1922 жылы жазылған «Соңғысөз») деген пікірге сүйенеді.

Партия: «шаруалармен 10—20 жыл дұрыс қарым-қатнастар жасалса болғаны, бүкіл дүниежүзілік көлемде жеңіп шығамыз» (**Ленин**, «Азық-түлік салығы туралы» кітапшаның жоспары[76]) деген пікірге сүйенетін болса, троцкизм, мұның керісінше, — дүниежүзілік революция жеңіп шыққанға дейін пролетариаттың шаруалармен дұрыс қарым-қатнастар жасауы мүмкін емес, пролетариат өкіметті қолына алғаннан кейін «өзінің революциялық күресінің алғашқы кезеңдерінде өзін қолдаған барлық буржуазиялық топтармен ғана емес, пролетариаттың өкіметті алуына көмектескен қалың шаруа бұқарасымен де жауласып қақтығысады», «халқының басым көпшілігі шаруалар болып отырған артта қалған елдегі жұмысшы үкіметінің халжайындағы қыйыншылықтар тек халықаралық көлемде, пролетариаттың дүниежүзілік революциясының майданында шешіле алады» (Троцкий, «1905 жыл» деген кітапқа 1922 жылы жазылған «Алғысөз») деген пікірге сүйенді.

Конференция Троцкийдің және оның пікірлестерінің революциямыздың сыйпаты мен болашағы туралы негізгі мәселе жөніндегі мұндай көзқарастары партиямыздың көзқарастарына, ленинизмге ешбір жанаспайды деп атап көрсетеді.

Конференция мұндай көзқарастар дүниежүзілік революциялық қозғалыстың бұдан былай да даму базасы болып отырған біздің революциямыздың тарихи ролі мен үлес салмағын төмендете отырып, совет про-

летариатының социализмді бұдан былай да құра беру жігерін бәсеңдетеді және осылай ету арқылы халықаралық революция күштерінің өріс алуына бөгет жасайды, сонымен шын интернационализмның принциптеріне және Коммунистік Интернационалдың негізгі жолына қайшы келеді деп санайды.

Конференция Троцкийдің және оның пікірлестерінің бұл көзқарастары социал-демократияның, оның кәзіргі басшысы Отто Бауэрдің көзқарастарына тікелей жақындау болып табылады деп санайды, Отто Бауэр былай дейді: «пролетариат ұлттың болмашы азшылығы ғана болып отырған Россияда өзінің үстемдігін тек уақытша ғана орната алады», «ұлттың шаруа бұқарасы өкіметті өз қолына алу үшін мәдениет жағынан жетерліктей ержетісімен-ақ пролетариат үстемдігінен қайтадан сөзсіз айрылуға тиіс», «аграрлық Россиядағы индустриялық социализмнің уақытша үстемдік етуі тек бір жалын ғана болып табылады, бұл жалын индустриялы Батыстың пролетариатын күреске шақырады», «индустриялы Батыстың пролетариаты саяси өкіметті жеңіп алғанда ғана» Россиядағы «индустриялық социализмнің ұзақ уақыт үстемдік құруын қамтамасыз етуге болады» (қараңыз: О. Бауэр, «Большевизм бе әлде социал-демократия ма», неміс тілінде).

Сондықтан конференция Троцкийдің және оның пікірлестерінің бұл сияқты көзқарастарын революциямыздың сыйпаты мен болашағы туралы негізгі мәселе жөнінде біздің партиямыздың ішінде болып отырған **социал-демократиялық уклон** деп бағалайды.

XIV съезден («жаңа оппозицияның» принциптік көзқарастарын теріс деп таныған) кейін БК(б)П-да

партияның ішкі қарым-қатнастарының дамуындағы негізгі факт мынадай жағдай болды· бұрын троцкизмге қарсы, біздің партиядағы социал-демократиялық уклонға қарсы, күрескен «жаңа оппозиция» (Зиновьев, Каменев) троцкизмнің идеялық позицияларының жағына шықты, ол бұрын троцкизмге қарсы қалай құлшына шыққан.болса, кәзірде троцкизмді нақ сондай болып құлшына жақтап отыр, сөйтіп ол өзінің бұрынғы жалпыпартиялық позицияларын түгелдей, тұтас күйінде троцкизмге беріп отыр.

«Жаңа оппозицияның» троцкизм жағына шығуын туғызған негізгі екі жағдай болды:

а) басымыздан кешіріп отырған бетбұрыс дәуірдің жаңа қыйыншылықтарын көріп, «жаңа оппозиция» жағындағылардың арасында шаршағандық, солқылдақтық, пролетариатқа жат саруайымға салыну және жеңілу пиғылы болды, оның бержағында Каменев пен Зиновьевтің кәзіргі ауытқуы мен жеңілу ойы кездейсоқтан шыққан жоқ, олардың бұдан тоғыз жыл бұрын, 1917 жылы октябрьде, сол кездегі бетбұрыс дәуірдің қыйыншылықтарын көріп солқылдақтыққа, саруайымға салынудың қайталануы, қайтадан пайда болуы ретінде шығып отыр;

б) «жаңа оппозиция» XIV съезде толық жеңілді және осыған байланысты екі топты, троцкистер мен «жаңа оппозиция» тобын біріктіру арқылы бұл топтардың әлсіздігін және олардың пролетариат бұқарасынан қол үзгендігін білдірмей жіберу үшін қайткен күнде де троцкистермен бірігуге тырысушылық келіп шықты, оның үстіне троцкизмнің идеялық позициялары «жаңа оппозицияның» кәзіргі саруайымға салынуына толық сай келді.

Оппозициялық одақтың БК(б)П-ның ішіндегі және онан тысқарғы жердегі, партия мен Коминтерн теріс деп танып, банкрот болған ағым атаулының барлығын, БК(б)П ішіндегі «демократияшыл централистер»[77] мен «жұмысшы оппозциясынан» бастап Германиядағы «әсіресолшыл» оппортунистер мен Франциядағы Суварин тектес[78] жойымпаздарға дейінгі ағым атаулының барлығын жыйнайтын пунктке айналғандық фактысын да осы арқылы түсіндіру керек.

Қандай құралды болса да талғамай қолдана берушілік пен саясатта принциптің болмауы да осыдан туып отыр, бұлар троцкистер мен «жаңа оппозиция» одағының өмір сүру негізі болып отыр және мұнсыз олар әртүрлі антипартиялық ағымдарды біріктіріп, жыйнай алмаган болар еді.

Сонымен, бір жағынан, троцкистердің, екінші жағынан, «жаңа оппозицияның» партияға қарсы күресте социал-демократиялық уклонның және антипартиялық әртүрлі элементтердің принципсіз бірлестігінің жалпы платформасына келіп үйлесуі, сөйтіп, олардың жаңа формада Август одағының (1912—1914 жылдары) қайталануы сыяқты бір нәрсе болып отырған оппозициялық одақ ұйымдастыруы барынша заңды нәрсе.

II

ОППОЗИЦИЯЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ ПЛАТФОРМАСЫ

Оппозициялық одақтың практикалық платформасы революциямыздың сыйпаты мен болашағы туралы мәселедегі бұл одақтың негізгі қатесінің тікелей жалғасы болып табылады.

Оппозициялық одақтың практикалық платформасының ең басты ерекшеліктері мынадай негізгі пункттерге келіп тіреледі:

а) **Халықаралық қозғалыс мәселелері.** Партия мынаған сүйенеді: алдыңғы қатарлы капиталистік елдер, жалпы тұтас алғанда, біраз, уақытша тұрақтау жағдайын басынан кешіріп отыр, қазіргі дәуір революцияның аралық дәуірі болып табылады, бұл дәуір коммунистік партияларды алдағы болатын революцияға пролетариатты дайындауға міндеттейді, тұрақтауды орнықты етемін деп басқа әуіре болып жүрген капиталдың шабуылы жұмысшы табының капиталға қарсы жауап ретіндегі күресін және күш біріктіруін туғызбай қоймайды, коммунистік партиялар шиеленісіп келе жатқан тап күресіне араласуға тиіс және пролетариат диктатурасын орнату үшін капиталдың шабуылын пролетариаттың қарсы шабуылына айналдыруға тиіс, бұл мақсаттарға жету үшін коммунистік партиялар жұмысшы табының әлі де болса реформистік кәсіпшілер одақтарына және II Интернационалға қосылып жүрген миллиондаған бұқарасын меңгеруге тиіс, сонымен, біртұтас майдан құру тактикасы коммунистік партиялар үшін қажетті және міндетті тактика болып табылады.

Оппозициялық одақ мүлде басқадай алғышарттарға сүйенеді. Оппозициялық одақ революциямыздың ішкі күштеріне сенбей және дүниежүзілік революцияның көпке дейін болмай отырғандығына торығып, революцияның таптық күшіне марксистік анализ жасау негізінен «әсіресолшылдық» өзін өзі алдаушылық пен «революциялық» авантюризм негізіне ауып барады, біраз капиталистік тұрақтаудың бар екендігін мойын-

дамайды және, сонымен, путчизм жолына ауытқып отыр.

Оппозцияның біртұтас майдан тактикасын қайта қарау мен Ағылшын-Орыс комитетін болғызбау туралы талабы, кәсіпшілер одақтарының ролін түсінбеуі мен кәсіпшілер одақтарын пролетариаттың жаңа, ойдан шығарылған «революциялық» ұйымдарымен ауыстыру туралы ұраны осыдан келіп шығады.

Оппозициялық одақтың Коммунистік Интернационалдағы (мәселен, герман партиясында) «әсіресолшыл» айғайшылар мен оппортунистерді жақтауы да осыдан шығады.

Конференция оппозициялық одақтың халықаралық саладағы саясаты интернационалдық революциялық қозғалыстың мүдделеріне сай келмейді деп санайды.

б) **ССР Одағындағы пролетариат пен шаруалар.** Партия мынаған сүйенеді: «Диктатураның жоғарғы принципі — пролетариаттың басшылық рольге және мемлекеттік өкіметке ие болып қалуы үшін пролетариат пен шаруа одағын берік ұстау» (Ленин, XXVI том, 460-беті), пролетариат 1917 жылы октябрьде саяси салада, буржуазия өкіметін құлатып, пролетариат диктатурасын орнату ісінде шаруаларға қандай гегемон болған болса, пролетариат экономикалық салада, социализм орнату саласында да шаруалардың негізгі бұқарасы жөнінде нақ сондай гегемон болуға тиіс; біздің индустриямыз үшін негізгі рынок болып отырған шаруалар көпшілігінің (кедейлер, орташалар) материалдық жағдайын біртіндеп жақсарту ісіне сүйенген күнде ғана елімізді индустрияландыру жұмысы іске аса алады, сондықтан индустрияның шаруа шаруашылығымен байланысын нығайтып, жұмысшы та-

бы мен шаруалардың негізгі бұқарасының одағын сақтап қалатын экономикалық саясат (бағалар белгілеу саясаты, салық салу саясаты, т. т.) жүргізілуге тиіс.

Оппозициялық одақ мүлде басқа алғышарттарға сүйенеді. Оппозициялық одақ шаруа мәселесінде ленинизмнің негізгі жолынан тайды, социалистік құрылыс ісінде пролетариаттың шаруалар жөніндегі гегемониясына сенбеді және шаруаларды, ең алдымен, дұшпандық орта деп қарады, сөйтіп экономикалық және финансылық шаралар қолдануды ұсынды, ал бұл шаралардың тек қаланың деревнямен байланысын ыдыратуға ғана, жұмысшы табы мен шаруалардың одағын күйретуге және сонымен шын индустрияландыру ісін жүргізу мүмкіншілігін болдырмауға ғана қабілеті бар. Мәселен, мұндай шараларға жататындар: а) оппозицияның өнеркәсіп товарларының өткізу бағасын өсіру туралы ұсынысы, ал мұның өзі товардың бөлшектеп сату бағасын көтермей коймайды, кедейлердің және орташалардың едәуір жіктерінің қайыршылыққа ұшырауын, ішкі рыноктің өрісінің тарылуын, пролетариат пен шаруалардың арасында келіспеушіліктің болуын, червонецтің бағасының төмендеуін және, сайып келгенде, нақтылы жалақының төмендеуін туғызбай қоймайды; б) оппозицияның шаруаларға салық жағынан барынша қысым көрсету туралы ұсынысы, ал мұның өзі жұмысшылар мен шаруалардың одақ жасау ісінде жарықшақ туғызбай қоймайды.

Конференция оппозициялық одақтың шаруалар жөніндегі саясаты елімізді индустрияландыру мүдделері

мен пролетариат диктатурасы мүдделеріне сай келмейді деп санайды.

в) **Партиядағы бюрократизмге қарсы күрес туын жамылып, партия аппаратына қарсы күресу.** Партия мынаған сүйенеді: партия аппараты мен партия бұқарасы айрылмайтын біртұтас нәрсе, партия аппараты (Орталық Комитет, Орталық Бақылау Комиссиясы, партияның облыстық ұйымдары, губерниялық комитеттер, округтік комитеттер, уездік комитеттер, ұялар бюросы, т. т.) бүкіл партияның басшы элементі болып табылады, партия аппаратына пролетариаттың ең жақсы адамдары кіреді, бұл адамдарды жіберілген қателер үшін сынауға болады және сынау керек, оларды «жаңартып» отыруға болады және керек те, бірақ партияға іріткі салып, оны қарусыз қалдырғысы келмесе, бұл адамдарды беталды қаралауға болмайды.

Оппозициялық одақ, мұның керісінше, партия бұқарасын партия аппаратына қарсы қоюға сүйенеді, партия аппаратының басшылық ролін кемітуге тырысады, оның бұл ролін тіркеуші мен үгітшінің міндеттеріне әкеп тірейді, партия бұқарасын партия аппаратына қарсы айдап салады және, сонымен, партия аппаратының беделін түсіреді, оның мемлекетке басшылық ету ісіндегі позициясын әлсіретеді.

Конференция оппозициялық одақтың мұндай саясаты ленинизмге ешбір жанаспайды, мұның өзі мемлекеттік аппараттың бюрократизміне қарсы күресте, мемлекеттік аппаратты шындап қайта құру жолындағы күресте, сөйтіп пролетариат диктатурасын нығайту жолындағы күресте партияны қарусыздандыруға ғана жеткізетін саясат деп санайды.

г) **Партия ішіндегі демократия үшін күрес туын жамылып, партиядағы «режим» дейтінге қарсы күресу.** Партия мынаған сүйенеді: «кімде-кім пролетариат партиясының темірдей берік тәртібін аз да болса әлсіретсе (әсіресе пролетариат диктатурасы кезінде), ол іс жүзінде пролетариатқа қарсы болып, буржуазияға жәрдемдеседі» (**Ленин**, XXV том, 190-беті), партия ішіндегі демократия партиядағы пролетарлық тәртіпті әлсіретіп, бүлдіру үшін қажет емес, қайта оны нығайтып, орнықты ету үшін қажет, партияда темірдей берік тәртіп болмайынша, партияда пролетариаттың миллиондаған бұқарасының тілектестігі және қолдауы арқылы нығайып отыратын берік режим болмайынша пролетариат диктатурасының болуы мүмкін емес.

Оппозициялық одақ, мұның керісінше, партия ішіндегі демократияны партия тәртібіне қарсы қоюға сүйенеді, фракциялар мен топтар құру бостандығын партия ішіндегі демократиямен шатастырады, сөйтіп бұл сиякты демократияны партия тәртібін бүлдіру үшін және партияның бірлігін талқандау үшін пайдалануға тырысады. Демек, оппозициялық одақтың партиядағы «режим» дейтінге қарсы күреске шақыруы, іс жүзінде партия ішінде фракциялар мен топтардың бостандығын қорғауға әкеп соғады, сөйтіп мұның өзі еліміздің антипролетарлық элементтері пролетариат диктатурасының режимінен құтылудың ең соңғы құралы ретінде барынша іле көтеріп отырған шақыру болып табылатыны тәбиғый нәрсе.

Конференция оппозициялық одақтың партиядағы «режим» дейтінге қарсы күресі ленинизмнің ұйымдастыру принциптеріне ешбір жанаспайды, мұның өзі партияның бірлігін талқандауға ғана, пролетариат

диктатурасын әлсіретуге ғана және ел ішіндегі диктатураны әлсіретіп, құлатуға тырысып жүрген антипролетарлық күштерді қоздыруға ғана жеткізетін күрес деп санайды.

Оппозициялық одақ партия тәртібіне іркі салу, және партия ішіндегі күресті шиеленістіру құралдарының бірі етіп бүкілодақтық айтысты таңдап алған, ол осы жылғы октябрьде оны (айтысты) ашқызуға тырысты. Алауыздық жөніндегі мәселелерді партиямыздың теориялық журналдарында ерікті түрде талқылау кажет деп санай отырып және біздің партия жұмысының кемшіліктерін еркін сынауға әрбір партия мүшесінің правосы бар екендігін таный отырып, сонымен катар конференция Лениннің біздің партия айтыс клубы емес, пролетариаттың жауынгер ұйымы болып табылады деген сөздерін де ескертеді. Конференция бүкілодақтық айтыс мынадай жағдайларда ғана кажетті нәрсе деп танылуға тиіс деп есептейді, егер: а) мұның кажет екендігін ең болмағанда губерниялық немесе облыстық көлемдегі бірнеше жергілікті партия ұйымдары керек деп тапса; б) егер партия саясатының маңызды мәселелері жөнінде Орталық Комитеттің ішінде ойдағыдай берік көпшілік болмайтын болса; в) егерде Орталық Комитетте белгілібір көзкараста тұрған ойдағыдай берік көпшіліктің болғандығына карамастан, Орталық Комитет өзінің саясатының дұрыс екендігін партия ішінде айтыс жолымен талкылау аркылы тексеріп алуды керек деп санаса ғана кажетті нәрсе деп танылуға тиіс. Сонымен катар бүкілодақтық айтыс осы жағдайлардың барлығында да Орталық Комитеттің тиісті карарынан кейін ғана басталып, жүргізіледі.

Конференция оппозициялық одақ бүкілодақтық айтыс ашуды талап еткен кезде осы жағдайлардың бірде-бірі болған жоқ деп атап көрсетеді.

Сондықтан конференция партияның Орталық Комитетінің айтысты тиімсіз деп танып және партияның шешкен мәселелері жөнінде партияны бүкілодақтық айтысқа мәжбүр етуге тырысқандығы үшін оппозициялық одақты кінәлағандығын барынша дұрыс деп санайды.

Конференция оппозициялық одақтың практикалық платформасына жасалған анализды қорыта келіп, бұл платформа — оппозициялық одақтың халықаралық және ішкі саясаттың ең маңызды мәселелері жөнінде пролетариат революциясының таптық жолынан тайғандығы болып табылатындығын анықтайды.

III

ОППОЗИЦИЯЛЫҚ ОДАҚТЫҢ «РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ» СӨЗДЕРІ МЕН ОППОРТУНИСТІК ІСТЕРІ

Оппозициялық одақтың айрықша өзгешелігі мынадай фактыда болып отыр: ол іс жүзінде біздің партиямыздағы социал-демократиялық уклонның көрінісі бола отырып, іс жүзінде оппортунистік саясатты жақтай отырып, алайда, өзінің бас көтерулерін революциялық бос сөздермен бүркеуге тырысады, партияны «солшылдық» сынға алуға тырысады, «солшылдық» жамылғы киюге тырысады. Бұл жағдайдың болатын себебі: оппозициялық одақтың ең алдымен шағым етіп отырған коммунистік пролетарлар дүние жүзіндегі пролетарлардың бәрінен де гөрі революцияшыл

пролетариат болып табылады, олар революциялық дәстүрлер арқылы тәрбиеленгендіктен ашық айтағын оңшыл сыншыларды мүлде тыңдамайды, сондықтан оппозициялық одақ өзінің оппортунистік товарын өткізу үшін оған революцияшылдықтың қоңырауын тағуға мәжбүр болып отыр, өйткені ол осындай алдау арқылы ғана өзіне революцияшыл пролетарлардың назарын аударуға болатындығын жақсы біледі.

Бірақ оппозициялық одақ социал-демократиялық уклонды жүзеге асырушы болып табылатындықтан, ол іс жүзінде оппортунистік саясатты жақтайтын болғандықтан, міне солай болғандықтан оппозициялық одақтың сөздері мен істері өзара сөзсіз соқтығысып отырады. Оппозициялық одақтың жұмысындағы ішкі қайшылық осыдан шығады. Сөз бен істің арасындағы, революциялық сылдыр сөз бен оппортунистік істің арасындағы келіспеушілік осыдан шығады.

Оппозиция партия мен Коминтернді даурығып «солшылдық» сынға алады және, сонымен бірге, біртұтас майдан тактикасын қайта қарауды, Ағылшын-Орыс комитетін болғызбауды, кәсіпшілер одақтарынан кетуді, оларды «революциялық» жаңа ұйымдармен алмастыруды ұсынады, осылардың барлығы арқылы революцияны алға бастырамын деп ойлайды, ал іс жүзіне келгенде мұнысы Томас пен Удегестіге көмектесу, компартияларды кәсіпшілер одақтарынан қол үздіру, дүниежүзілік коммунизмнің позицияларын әлсірету болып шығады, — демек революциялық қозғалысты саябырлату болып шығады. Сөз жүзінде — «революционерлер», ал іс жүзінде — Томастар мен Удегестердің көмекшілері болып табылады.

Оппозиция партияны қатты даурығып «солшыл-

дық» «соққылаудың» астына алады және, сонымен бірге, өнеркәсіп товарларының өткізу бағасын өсіруді талап етеді, бұл арқылы индустрияландыруды тездетеміз деп ойлайды, ал іс жүзінде бұдан ішкі рыноктің берекесі кетуі, индустрияның шаруа шаруашылығымен байланысының күйреуі, червонецтің бағасының түсуі, нақтылы жалақының төмендеуі келіп шығуға тиіс, демек, — индустрияландыру атаулының бәрін бүлдіру келіп шығады. Сөз жүзінде — индустрияшылар, ал іс жүзінде — индустрияландыруға қарсы адамдардың көмекшілері болып табылады.

Оппозиция партияны мемлекеттік аппараттың бюрократизіміне қарсы күрескісі келмейді деп кінәлайды және, сонымен бірге, товардың өткізу бағасын өсіруді талап етеді, сірә, оппозиция, товардың өткізу бағасының өсуі мемлекеттік аппараттың бюрократизмі туралы мәселеге қатысы жоқ деп ойлайтын болуы керек, ал іс жүзінде бұдан мемлекеттік шаруашылық аппараттың толық бюрократиялануы келіп шығуға тиіс, өйткені товардың өткізу бағасының өсуі өнеркәсіпті ақсататын, оны жансыз өсімдікке айналдыратын және шаруашылық аппаратты бюрократтандыратын құралдың нақ өзі болып табылады. Сөз жүзінде — бюрократизмге қарсы болған болады, ал іс жүзінде — мемлекеттік аппаратты бюрократтандыруды әрі қорғаушы, әрі бюрократтандырушы болып табылады.

Оппозиция жеке меншікті капиталға қарсы даурығып, айғай салады және, сонымен бірге, мемлекеттік капиталды айналыс саласынан алып, өнеркәсіптің пайдасына асыруды ұсынады, осылай ету арқылы жеке меншікті капиталды әлсіретеміз деп ойлайды, ал

Іс жүзінде мұның өзі жеке меншікті капиталды барынша күшейту болып табылады, өйткені жеке меншікті капитал жұмысының негізгі саласы болып отырған, айналыстан мемлекеттік капиталды алып тастау сауданы жеке меншікті капиталдың толық қарамағына бермей қоймайды. Сөз жүзінде — жеке меншікті капиталға қарсы күрескен болады, ал іс жүзінде — жеке меншікті капиталға көмектесу болып табылады.

Оппозиция партия аппараты азғындады деп айғай салады, ал іс жүзіне келгенде былай болып шығады: Орталық Комитет нағыз азғындаған коммунистердің бірін, Оссовский мырзаны шығару туралы мәселе қойған кезде, оппозиция оны шығаруға қарсы дауыс беріп, бұл мырзаға барынша адал ниетін білдіреді. Сөз жүзінде — азғындаушылыққа қарсы болған болады, ал іс жүзінде — азғындаушылыққа көмектесіп, оны қорғаушы болып табылады.

Оппозиция партия ішіндегі демократия туралы айғай-шу көтерді және, сонымен бірге, бүкілодақтық айтыстың болуын талап етті, осылай ету арқылы партия ішіндегі демократияны жүзеге асырамыз деп ойлады, ал іс жүзінде оппозиция партияның орасан көпшілігіне оның болмашы азшылығының атынан айтыс тағу арқылы демократия атаулының қандайын болса да бұзудың дөрекі актысын жасады. Сөз жүзінде — партия ішіндегі демократияны жақтаған болады, ал іс жүзінде — демократия атаулының бәрінің негізгі принциптерін бұзу болып табылады.

Біздің көз алдымызда өтіп отырған тап күресінің шиеленіскен дәуірінде жұмысшы қозғалысында болуы мүмкін екі саясаттың біреуі ғана бола алады: не меньшевизм саясаты, не ленинизм саясаты бола ала-

ды. Оппозициялық одақтың «солшыл», «революциялық» құрғақ сөздерді бүркеніш етіп және БК(б)П-ға қарсы сынды шиеленістіре отырып, қарама-қарсы екі жолдың аралығындағы ортаны ұстауға тырысулары оппозициялық одақтың ленинизм дұшпандарының лагеріне, меньшевизм лагеріне ауытқуына әкеп соғуға тиіс еді және шынында да осыған әкеп соқты.

БК(б)П мен Коминтерннің жаулары оппозициялық одақтың «революциялық» бос сөзінің бағасын біледі. Сондықтан олар бұл түкке тұрмайтын бос сөзді елемей өте шығып, оппозициялық одақты оның революциялық емес істері үшін бір ауыздан мақтайды, БК(б)П мен Коминтерннің негізгі жолына қарсы күрестің оппозициялық ұранын өзінің меншікті ұраны ретінде іліп әкетіп жүр. Эсерлер мен кадеттердің, орыс меньшевиктері мен неміс «солшыл» социал-демократтарының, — міне осылардың барлығының оппозициялық одақтың біздің партиямызға қарсы күресіне ашықтан-ашық тілектестік білдіруді мүмкін деп тапқандығын кездейсоқ нәрсе деп санауға болмайды, олар оппозициялық одақтың күресі жікке бөлінуге әкеп соғады, ал жікке бөліну еліміздің антипролетарлық күштерін қоздырып, революция жауларын қуантады деп сенді.

Конференция оппозициялық одақтың «революциялық» бүркеншін әшкерелеуге және оның оппортунистік мәнін анықтауға партия ерекше көңіл бөлуге тиіс деп санайды.

Конференция партиямыздың бірлігі революция жауларының барлық түрлі-түсті контрреволюциялық әрекеттеріне қарсы негізгі уыт қайтаратын құрал болып табылады деп есептеп, партия өз қатарының

бірлігін көздің қарашығындай қорғауға тиіс деп санайды.

IV

ҚОРТЫНДЫЛАР

Партия ішіндегі күрестің өтілген кезеңіне қортынды жасай келіп, БК(б)П-ның XV конференциясы мынаны анықтайды: бұл күресте партия өзінің идея жағынан орасан көп өскендігін көрсетті, оппозицияның принциптік көзқарастарын батыл түрде қабылдамай тастады, сөйтіп оппозициялық одақты әрі тез, әрі үзілді-кесілді жеңіп шықты, оны фракцияшылдықтан ашықтан-ашық бас тартуға мәжбүр етті, оны БК(б)П ішіндегі де, сыртындағы да барып тұрған оппортунистік топтардан ажырасуға мәжбүр етті.

Конференция мынаны анықтайды: оппозициялық одақтың партияны еріксіз айтысқа көндіріп, оның бірлігін әлсіретуге тырысуының нәтижесінде партия бұқарасы Орталық Комитеттің төңірегіне бұрынғыдан да гөрі топтаса түсті, сөйтіп оппозицияны шет қалдырды, сонымен, партиямыздың қатарының шын бірлігін қамтамасыз етті.

Конференция Орталық Комитет мұндай табыстарға партияның қалың бұқарасының белсене көмек етуінің арқасында ғана жетті деп санайды, оппозициялық одақтың ірткі салу жұмысына қарсы күресте партия бұқарасының белсенділік көрсетіп, саналы болуы партияның нағыз партия ішіндегі демократияның негіздері арқылы өмір сүріп, дамып отырғандығын дәлелдейтін ең жақсы көрсеткіш болып табылады деп санайды.

Орталық Комитеттің партия бірлігін сақтау жолындағы күресте қолданған саясатын бүтіндей және толық мақұлдай отырып, конференция партияның бұдан былайғы жердегі міндеттері мынадай болуға тиіс деп санайды:

1) Партияның бірлігі үшін қажет болып отырған, кәзіргі қолымыз жеткен минимумның шын жүзеге асырылуына зер салу.

2) Оппозициялық одақтың принциптік көзқарастарының, олар қандай «революциялық» сөздермен бүркелсе де, қате екендігін бұқараға түсіндіре отырып және бұл көзқарастардың оппортунистік мәнін әйгілеп аша отырып, партиямыздағы социал-демократиялық уклонға қарсы үзілді-кесілді идеялық күрес жүргізу.

3) Оппозициялық одаққа өз көзқарастарының қате екендігін мойындату.

4) Фракцияшылдықты және тәртіп бұзушылықты қайтадан туғызуға тырысу атаулының бәрін жоя отырып, партияның бірлігін барынша қорғау.

„Правда" № 247,
26 октябсь, 1926 ж.

БІЗДІҢ ПАРТИЯДАҒЫ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ УКЛОН ТУРАЛЫ

БК(б)П Бүкілодақтық XV конференциясында жасалған баяндама[79]

1 ноябрь, 1926 ж.

I

ОППОЗИЦИЯЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Жолдастар! Баяндамада айтылуға тиісті бірінші мәселе — оппозициялық одақтың құрылуы туралы, оның даму кезеңдері туралы және, ақырында, оның қазірдің өзінде-ақ ыдырай бастағандығы туралы мәселе. Бұл тақырып, меніңше, оппозициялық одақ жайындағы тезистер туралы мәселенің асылына кіріспе ретінде қажетті тақырып болып табылады.

Партияның XIV съезінде-ақ Зиновьев барлық оппозициялық бағыттарды топтау жөнінде және оларды бір күш етіп біріктіру жөнінде дабыл қаққан болатын. Зиновьевтің осы сөзі конференциядағы делегат жолдастардың естерінде шығар. Мұндай үндеудің троцкистер қатарында үн қостырмай қалмағандығында ешбір күмән болмасқа тиіс, ал троцкистер әуел бастан-ақ жіктер азды-көпті еркін болуға тиіс және олар азды-көпті бірігуге тиіс, сөйтіп, Троцкийді көптен бері қанағаттандырмай отырған, партияның негізгі жолына қарсы күрес жүргізу керек деген пікірде болып келді.

Мұның өзі, былайша айтқанда, одақты құрастыру жөніндегі әзірлік жұмысы болды.

I. БІРІНШІ КЕЗЕҢ

Оппозиция одақты құрастыру жөніндегі алғашқы елеулі әрекетті Орталық Комитеттің апрель пленумы[80] кезінде, Рыковтың шаруашылық жағдай туралы тезистеріне байланысты жасады. Ол кезде «жаңа оппозиция» мен троцкистер арасында толық келісім әлі де жок еді, бірақ одақ негізінде әзір болған еді — бұл жөнінде күмәндану мүмкін емес еді. Апрель пленумының стенограммасын оқыған жолдастар осының мүлде дұрыс екенін түсінеді. Негізінде екі топ келісімге келіп үлгірген еді, бірақ бұлардың өз ескертулері болды, осының нәтижесінде бұлардың Рыковтың тезистеріне бүкіл оппозицияға ортақ түзетулер енгізбей, қос-катар екі түзету енгізуіне тура келді. Түзетулердің бір тармағын Каменев бастаған «жаңа оппозиция» енгізді, түзетулердің екінші тармағын троцкистер тобы енгізді. Бірақ негізінде бұлар бір нысананы көздеді, бұлар Август одағын жаңа формада қайта құрғалы отыр деп пленум сол кезде-ақ айтқан болатын, бұл — күмәнсіз факт.

Ол кезде бұл ескертулердің мәнісі неде еді?

Ол кезде Троцкий былай деді:

«Мен Каменев жолдастың түзетулерінің кемшілігі мынау деп есептеймін: бұл түзетулерде деревняның жіктелуі, былайша айтқанда, біраз дәрежеде индустриализацияға байланыссыз алынған. Ал шынында шаруалардың жіктелуінің және оның қарқынының маңызы мен әлеуметтік салмағы индустрияның бүкіл деревнямен салыстырғандағы өсуі мен қарқынына қарай белгіленеді».

Бұл ескерту онша маңызсыз емес.

Бұған жауап ретінде Қаменев те троцкистер жөнінде ескерту жасайды:

«Бұлардың, — дейді ол, — партияның өткен кездегі шаруашылық саясатына, мен 100 процент жақтаған саясатына баға беретін бөліміне (яғни Рыковтың қарарының жобасына Троцкий енгізген түзетулердің бөліміне) қосылар жайым жоқ».

Өткен кезде Қаменев басшылық еткен шаруашылық саясатты Троцкийдің сынағаны «жаңа оппозицияға» ұнамады. Ал «жаңа оппозицияның» шаруалардың жіктелуі жөніндегі мәселелерді индустриализация туралы мәселеден бөлек алғандығы Троцкийге де ұнамады.

2. ЕКІНШІ КЕЗЕҢ

Екінші кезең — Орталық Комитеттің июльдегі пленумы[81]. Бұл пленумда біз енді ешбір ескертусіз, формалды жағынан құралған одақты көреміз. Троцкийдің ескертулері алынып тасталып, архивке өткізілді, сол сияқты, Қаменевтің ескертулері де алынып тасталып, архивке өткізілді. Енді оларда ортақ «декларация» бар, ал мұның өзі антипартиялық документ екенін бәрлеріңіз де жақсы білесіздер, жолдастар. Оппозициялық одақтың дамуындағы екінші кезеңнің өзгешелік сыйпаттары осындай.

Бұл дәуірде осы одақ түзетулерден өзара бастарту негізінде ғана емес, сонымен қатар өзара «кешірім жасау» негізінде де құралып қалыптасты. Біз бұл дәуірде Зиновьевтің қызғылықты мәлімдеме жасағанын — партияның азғындауы туралы мәселеде, яғни троцкизмнің практикалық позициясы туралы басты мәсе-

леде, троцкизмнің принциптік позициясынан туатын мәселеде оппозицияның, оның 1923 жылғы негізгі ұйытқысының, яғни троцкистердің пікірі дұрыс еді деп мәлімдеме жасаганын көреміз. Екінші жағынан, біз Троцкийдің де осындай қызғылықты мәлімдеме жасағанын — партияның «оңшыл бағыты» болып табылатын, кәзір октябрьдегі қателерді қайталап отырған Каменев пен Зиновьевке қарсы тікелей бағытталған өзінің «Октябрь сабақтарын» қате еді деп, партиядағы оншыл уклонның және азғындаушылықтың бастамасын Каменев пен Зиновьевке емес, айталық, Сталинге аудару керек деп мәлімдеме жасағанын көреміз.

Быйылғы жылы июльде Зиновьев былай деген болатын:

«Біз, фракцияның (яғни Орталық Комитет көпшілігінің) жетекшілік бағыты эволюциясынан көрініп отырған бір жағдай — 1923 жылғы оппозицияның негізгі ұйтқысы пролётарлық бағыттан тайып кету қаупі туралы және аппараттық тәртіптің қатерлі түрде өсуі туралы **дұрыс ескертті,** мұнда ешқандай күмән болмасқа тиіс дейміз».

Басқаша айтқанда: ленинизмді троцкизмнің ревизиялап отырғандығы туралы, троцкизмнің ұсақбуржуазиялық уклон екендігі туралы Зиновьевтің таяуда айтқан пікірлері және XIII съездің қарары[82], — осының бәрі қате болып шыққан көрінеді, ұғынбаушылық болған көрінеді, қауіптің өзі троцкизмде емес, Орталық Комитетте көрінеді.

Мұның өзі троцкизмге берілген барып тұрған принципсіз «кешірім» болып табылады.

Екінші жағынан, Троцкий июль айында былай дейді:

«Күмән жоқ, «Октябрь сабақтарында» мен саясаттағы оппортунистік толқушылықтарды Зиновьев пен Каменевтің есімдерімен байланыстырған едім. Мұның өрескел қате екендігі Орталық Комитетте жүргізілген идеялық күрес тәжрибесінен көрініп отыр. Бұл қателіктің себебі — жеті адамның ішіндегі идеялық күресті қадағалап отыруға менің мүмкіндігім болмады және оппортунистік толқушылықтарды Зиновьев пен Каменев жолдастарға қарсы Сталин жолдас басқарған топ туғызғанын деркезінде аңғара алмадым».

Мұның мәнісі — Троцкий өзінің атышулы «Октябрь сабақтарынан» бастартты деген сөз, осы арқылы ол Каменев пен Зиновьевтен өзі алған «кешірімнің» төлеуіне Зиновьев пен Каменевке «кешірім» берді деген сөз.

Тікелей, ашық жасалған принципсіз келісім.

Сонымен, апрельдегі ескертулерден бастартып, партияның принциптері есебінен өзара «кешірім» берді, — партияға қарсы одақ ретіндегі одақты толық қалыптастырған элементтер міне осылар.

3. ҮШІНШІ КЕЗЕҢ

Одақтың дамуындағы үшінші кезең — быйылғы сентябрьдің аяғында және октябрьдің басында Москва мен Ленинградта оппозицияның партияға қарсы жасаған ашық аттаныстары; бұл дәуірде одақтың басшылары сонау оңтүстікте тынығып, тыңайғаннан кейін, орталыққа қайтып келіп, партияға қарсы тіке шабуылға көшті. Партияға қарсы күрестің құпия формаларынан күрестің ашық формаларына көшуден бұрын, олар осында, Саяси Бюрода (мен ол кезде Москвада жоқ едім), бақсақ, былай депті: «Біз сендерге көрсетеміз, біз жұмысшы жыйналыстарына барамыз, кім-

дікі дұрыс екенін жұмысшылар айтсын, біз сендерге көрсетеміз». Сөйтіп, олар партия ұяларын кезе бастады. Бірақ бұл аттаныстың нәтижелері, өздеріңізге мәлім, оппозиция үшін күйінішті болып шықты. Олардың жеңіліске ұшырағанын өздеріңіз білесіздер. Баспасөзден мәлім, оппозициялық одақ Ленинградта да, Москвада да, Совет Одағының өнеркәсіпті аудандарында да, өнеркәсіптік емес аудандарда да партиялық бұқараның тарапынан үзілді-кесілді соққы алды. Олардың қанша дауыс алғанын, Орталық Комитет үшін қанша дауыс берілгенін мен қайталап жатпаймын, бұл жағдай баспасөзден белгілі. Бір айқын нәрсе — оппозициялық одақтың күткені болмады. Осы кезден бастап оппозиция партия ішінде бітім жасау жағына бет бұрады. Оппозицияның жеңілуі, сірә, тегін кетпесе керек. Мұның өзі 4 октябрьде болды; сонда оппозиция Орталық Комитетке бітім туралы арыз түсірді және оппозицияның сөгіп-балағаттап, омырау көрсеткенінен кейін, біз олардан партияшылдардың сөздеріне ұқсас сөздер естіттік, олар: «партия ішіндегі егесті» тоқтататын және «бірлесіп жұмыс істеуді» жөнге салатын уақыт жетті десті.

Сөйтіп, жеңіліске ұшырағаннан кейін, оппозиция Орталық Комитет әлденеше рет шақырған жөнге, — партия ішінде бейбітшілік орнату туралы мәселеге келуге мәжбүр болып шықты.

Әлбетте, XIV съездің бірліктің қажеттігі туралы директиваларын адал орындап отырған Орталық Комитет, оппозицияның ұсынысы оншама шындық ұсыныс емес екенін біле тұрса да, оппозицияның ұсынысын ықласпен қабыл алды.

4. ТӨРТІНШІ КЕЗЕҢ

Төртінші кезең — оппозиция басшылары быйылғы жылы 16 октябрьде белгілі «мәлімдеме» жасаған кездегі дәуір. Әдетте жұрт мұны тізе бүккендік деп сыйпаттайды. Мен қатал сыйпаттама беріп жатпаймын, бірақ айқын нәрсе — бұл мәлімдеме оппозициялық одақтың жеңістерін емес, оның жеңілісін көрсетеді. Жолдастар, жүргізген келіссөздеріміздің тарихын мен айтып жатпаймын. Жүргізілген келіссөздер стенографиялық жазуға түсіріліп отырды, сондықтан бұл іспен стенограмма бойынша танысуға мүмкіндіктеріңіз бар. Мен тек қана бір оқыйғаға тоқталып өтпекшімін. Оппозициялық одақ «мәлімдеменің» бірінші абзацында олардың өз пікірлерінде қалатынын, өздерінің ескі позицияларында жәй ғана қалып қоймай, «толығынан» қалатынын айтуды ұсынды. Біз оппозициялық одаққа мұны талап етпеңдер дедік. Себебі не? Мұның екі себебі бар.

Біріншіден, мұның себебі — егер олар, фракциячылдықтан бастарта отырып, сонымен бірге фракциялар бостандығының теориясы мен практикасынан бастартқан болса, Оссовскийден, «жұмысшы оппозициясынан», Масловтың — Урбанстың тобынан іргені айырған болса, онда мұның мәнісі — оппозиция осы арқылы күрестің фракциялық әдістерінен ғана емес, сонымен қатар кейбір саяси позициялардан да бастартты деген сөз. Осыдан кейін, оппозициялық одақ өзінің қате пікірлерінде, өздерінің идеялық позицияларында «толығынан» қалады деуге бола ма? Әрине, болмайды.

Екіншіден, біз оппозицияға былай дедік: олардың, оппозиционерлердің ескі позицияларда қалатыны

туралы, онда да «толығынан» қалатыны туралы айқайлай беруі оппозицияның өзіне тиімсіз, өйткені жұмысшылар әбден дәлелді түрде былай дейтін болады: «ендеше оппозиционерлер келешекте де төбелеспек екен, ендеше оларды аз жәукемдеген екенбіз, ендеше оларды келешекте де соғу керек екен» дейтін болады. (Күлкі, дауыстар: «Дұрыс!».) Солай бола тұрса да, олар бізге қосылмады, «толығынан» деген сөз шығарылып тасталсын деген ұсынысты ғана қабылдады, ал олардың ескі позицияларда қалатындығы туралы сөйлем сол күйінде қалдырылды. Енді олар осы арқылы өз басына тілеп алған малтасын өздері езе берсін. (Дауыстар: «Дұрыс!».)

5. ЛЕНИН ЖӘНЕ ПАРТИЯДАҒЫ ОДАҚ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Таяуда Зиновьев: Орталық Комитеттің біздің одағымызды сөгетін жөні жоқ деді, өйткені Ильич партиядағы одақ атаулыны мақұлдапты-мыс. Жолдастар, мен Зиновьевтің айтқаны Лениннің позициясына ешбір үйлеспейтінін айтуға тиіспін. Ленин партиядағы одақ атаулының бәрін бірдей ешқашанда мақұлдаған емес. Ленин тек меньшевиктерге қарсы, жойымпаздарға қарсы, шақырымпаздарға қарсы принциптік және революциялық одақтарды ғана жақтады. Ленин партиядағы принципсіз және антипартиялық одақтарға қарсы үнемі күресіп отырды. Антипартиялық және принципсіз одақ ретіндегі Троцкийдің Август одағына қарсы, оны толық жеңгенге дейін Лениннің үш жыл бойы күрескендігін кім білмейді. Ильич ешқашанда одақ атаулының бәрін бірдей жақтаған емес. Ильич партиядағы тек мынадай одақтарды ғана жақтады: біріншіден, принциптік одақтар болып табылатын одақ-

тарды ғана жақтады және, екіншіден, жойымпаздарға қарсы, меньшевиктерге қарсы, солқылдақ элементтерге қарсы партияны нығайту мақсатын көздейтін одақтарды ғана жақтады. Жойымпаздардың одағына қарсы лениншілдердің плехановшылдармен осындай одақ жасаған тәжрибесі (бұл 1910—1912 жылдарда болды) партиямыздың тарихынан белгілі; ол кезде партияға қарсы Август одағы құралған болатын, бұл одаққа Потресов және басқа жойымпаздар, Алексинский және басқа шақырымпаздар кірді, ал бұл одақты басқарған Троцкий еді. Принципсіз, авантюристік бір одақ, антипартиялық одақ, Август одағы болды және екінші одақ, лениншілдердің плехановшылдармен, яғни революцияшыл меньшевиктермен (Плеханов ол кезде революцияшыл меньшевик еді) жасасқан одағы болды. Ленин міне осындай одақтарды ұнатты, біз бәріміз де осындай одақтарды ұнатамыз.

Егер партия ішіндегі одақ партияның жауынгерлік қабілетін арттырып, партияны ілгері бастыратын болса, онда біз осыны, осындай одақты жақтаймыз. Ал, сіздің одақ ше, қадірлі оппозиционерлер, нақ бұл, осы одақтың өзі партиямыздың жауынгерлік қабілетін арттыра ма, нақ бұл, осы одақтың өзі принциптік одақ па? Сіздерді, айталық, Медведевтің тобымен біріктіріп отырған принциптер қандай? Сіздерді, айталық, Франциядағы Сувариннің тобымен немесе Германиядағы Масловтың тобымен біріктіріп отырған принциптер қандай? Таяуда ғана троцкизмді меньшевизмнің бір түрі деп есептеген сіздердің өздеріңізді, «жаңа оппозицияны» сол троцкистермен, таяуда ғана

«жаңа оппозицияның» басшыларын оппортунистер деп есептеген троцкистермен біріктіріп отырған принциптер қандай?

Ал онан соң, сіздің одақ партияға қарсы бағытталған одақ емей, партияға бейімделген және партияның пайдасын көздейтін одақ па? Бұл одақ партиямыздың жауынгерлік қабілеті мен революцияшылдығын зәредей де болса арттырды ма? Одақтарыңыздың 8 немесе 6 айдан бергі өмірінің ішінде сіздер партияны кері сүйреуге, «революциялық» желсөзге қарай, принципсіздікке қарай сүйреуге тырысқандықтарыңызды, партияны тозғындатуға, оны бой күйездік халіне, жікке бөліну халіне түсіруге тырысқандықтарыңызды кәзір бүкіл дүние жүзі біледі ғой.

Жоқ, жолдастар, 1910 жылы оппортунистердің Август одағына қарсы Лениннің плехановшылдармен жасасқан одағына оппозициялық одақ ешбір ұқсамайды. Керісінше, кәзіргі оппозициялық одақ өзінің принципсіздігі жағынан да, өзінің оппортунистік негізі жағынан да негізінде Троцкийдің Август одағына ұқсайды.

Осындай одақ ұйымдастыра отырып, осы арқылы оппозиционерлер Ленин жүзеге асыруға тырысқан негізгі жолдан тайып кетті. Ленин бізге әрдайым ең дұрыс саясат принциптік саясат болып табылады дейтін. Оппозиция, бір одақ болып құрала отырып, керісінше, ең дұрыс саясат принципсіз саясат болып табылады деп шешті.

Сондықтан оппозициялық одақ ұзақ өмір сүре алмайды, оның өзі сөзсіз ыдырап, іріп-шіруге тиісті.

Оппозициялық одақтың даму кезеңдері осындай.

6. ОППОЗИЦИЯЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ІРІП-ШІРУ ПРОЦЕСІ

Қәзір оппозициялық одақтың халін қалай сыйпаттауға болады? Мұны оппозициялық одақтың бірте-бірте ыдырау халі, одақтың негізгі элементтерінің одақтан бірте-бірте бөлініп кету халі, одақтың іріп-шіру халі деп сыйпаттауға болады. Оппозициялық одақтың қәзіргі халін тек осылайша ғана сыйпаттауға болады. Мұның өзі осылай болуға тиісті де, өйткені принципсіз одақ, оппортунистік одақ біздің партияның қатарында ұзақ өмір сүре алмайды. Маслов пен Урбанстың тобы оппозициялық одақтан бөлініп кете бастағанын қәзірде біз білеміз. Медведев пен Шляпников өздерінің істеген күнәларынан жеріп, одақтан кете бастағанын біз кеше естіттік. Оның үстіне, тағы бір белгілі нәрсе — одақтың ішінде, «жаңа» оппозиция мен «ескі» оппозицияның арасында келіспеушілік бар, ал мұның өзі осы конференцияда білінуге тиісті.

Сөйтіп, былай болып шығады: олар одақты құрастырды, құрастырғанда зор салтанатпен құрастырды, ал оның нәтижесі олардың одақтан күткенінен басқаша болып шықты. Әрине, арифметиканың тұрғысынан қарағанда олар плюске жетуге тиісті еді, өйткені күштерді қосқанда плюс шығады, бірақ оппозиционерлер арифметикадан баска тағыда алгебра бар екенін, алгебрада күштерді қосқанда ылғый плюс шыға бермейтінін ескермеді (*күлкі*), өйткені істің мәні күштерді қосуда ғана емес, қосындылардың алдында кандай белгілер болатындығына да байланысты. (*Ұзақ қол шапалақтау.*) Сөйтіп, олар арифметика жөнінде күшті болса да, алгебра жөнінде әлсіз болып шықты, оның бержағында, күштерді

қоса келгенде, олардың өз армиясын көбейтпегені былай тұрсын, қайта, оны минимумға жеткізді, оны ыдырау халіне жеткізді.

Зиновьевтік топтың күштілігі неде еді?

Оның күштілігі — ол топ троцкизмнің негіздеріне қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізді. Бірақ зиновьевтік топ троцкизмге қарсы жүргізген өз күресінен бастартқаннан кейінгі жерде, ол топ, былайша айтқанда, өзін өзі белден айырды, өзін күштен айырды.

Троцкий тобының күштілігі неде еді?

Оның күштілігі — ол топ Зиновьев пен Каменевтің 1917 жылғы октябрьдегі қателеріне қарсы және сол қателердің кәзіргі кездегі қайталауына қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізді. Бірақ бұл топ Зиновьев пен Каменевтің уклонына қарсы күресуден бастартқаннан кейінгі жерде, ол өзін өзі белден айырды, өзін күштен айырды.

Сөйтіп, белсіздердің күштері қосылған болып шықты. (Күлкі, ұзақ қол шапалақтау.)

Әлбетте, бұдан масқаралықтан басқа ешнәрсе шықпайтын еді. Әлбетте, Зиновьев тобының ішіндегі ең адал адамдар осыдан кейін Зиновьевтен кетуге тиісті болды, сондай-ақ троцкистердің ішіндегі таңдаулы адамдар да Троцкийден кетуге тиісті болды.

7. ОППОЗИЦИЯЛЫҚ ОДАҚТЫҢ КӨЗДЕЙТІНІ НЕ?

Оппозицияның болашағы қандай? Олар нені көздейді? Менің ойымша, олар ел ішіндегі және партиядағы жағдайдың нашарлауын көздейді. Кәзір олар өзінің фракциялық жұмысын ықшамдап отыр, өйткені кәзір олар үшін «қыйын» заман туды. Ал егер олар өздерінің принциптік көзқарастарынан бастартпай

отырған болса, егер олар өздерінің ескі позицияларында қалуға ұйғарып отырған болса, онда бұдан шығатын қортынды: олар аялдай тұрмақ, «жақсы заманды» күтпек, сонда олар, күш жыйнап алып, тағыда партияға қарсы аттанбақ. Мұнда ешқандай күмән болмаска тиіс.

Партия жағына өткен оппозиционерлердің бірі, жұмысшы Андреев таяуда оппозицияның жоспарлары туралы қызғылықты нәрсе хабарлады, мұны меніңше, конференцияда атап көрсету қажет. Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының октябрь пленумында Ярославский жолдас өзінің баяндамасында бұл туралы бізге мынаны айтты:

«Едәуір ұзақ уақыттың ішінде оппозицияда жұмыс жүргізген Андреев ақыр-аяғында ендігі жерде олармен бірге жұмыс істей алмаймын деген сенімге келді. Оны бұл сенімге келтірген, көбінесе, мына жағдай болды: ол оппозициядан екі нәрсе естіпті: бірінші нәрсе — оппозиция жұмысшы табының «реакциялық» ниетіне соқтыққан көрінеді, ал екінші нәрсе — экономикалық жағдай олар ойлағандай онша жаман болмай шықты».

Менің ойымша, бұрынғы оппозиционер, кәзіргі партияшыл Андреев оппозицияның көкейіндегісін айтты, ал оппозицияның өзі мұны ашық айтуға батылы бармайды. Олар кәзіргі экономикалық жағдай өздері ойлағаннан гөрі тәуір екенін, ал жұмысшылардың ниеті олардың тілегеніндей онша жаман емес екенін, сірә, сезетін болса керек. «Жұмысты» уақытша ықшамдау саясаты осыдан келіп шығады. Әлбетте, егер кейін экономикалық жағдай біраз нашарлайтын болса, — бұған оппозиционерлердің сенімі кәміл, — және осыған байланысты жұмысшылардың ой-ниеті нашарлайтын болса, — оппозиционерлер бұған да кәміл се-

неді, — онда олар кідірместен «жұмысын» үдетеді, өздері бастартпай отырған идеялық позицияларын үдетеді, сөйтіп, партияға қарсы ашық күреске шығады.

Жолдастар, ыдырауға айналған, бірақ әлі де ыдырап бітпеген және партияның тарапынан үзілді-кесілді, аяусыз күрес жүргізілмейінше, бәлкім, тез арада ыдырап біте коймайтын оппозициялық одақтың болашағы міне осындай.

Ал егер олар партияға қарсы ашық күресті қайта жүргізу үшін күреске әзірленіп, «жақсы заманды» күтіп отырған болса, онда партияның да қарап отыратын жөні жоқ. Сондықтан партияның міндеттері: оппозицияның қолданып келе жатқан қате пікірлеріне қарсы үзілді-кесілді идеялық күрес жүргізу керек, қандай «революциялық» желсөздермен бүркенген болса да бұл идеялардың оппортунистік мәнін әшкерелеу керек, сөйтіп біржолата талқандалу қаупіне ұшыраған оппозиция өз қателерінен безуге мәжбүр болатындай етіп жұмыс жүргізу керек.

II

ОППОЗИЦИЯЛЫҚ ОДАҚТЫҢ НЕГІЗГІ ҚАТЕСІ

Жолдастар, екінші мәселеге, революциямыздың сыйпаты мен болашағы туралы негізгі мәселедегі оппозициялық одақтың негізгі қатесі жөніндегі мәселеге көшейін.

Партияны оппозициялық одақтан айыратын негізгі мәселе — біздің елде социализмнің жеңуі мүмкін бе кемесе, нақ сол сыяқты, біздің революцияның сыйпаты мен болашағы қандай деген мәселе.

Бұл мәселе жаңа мәселе емес, бұл мәселе, айтпақшы, 1925 жылғы апрель конференциясында, XIV кон-

ференцияда азды-көпті толық талқыланған. Кәзір, жаңа жағдайда, бұл мәселе қайта көтеріліп отыр, сондықтан біздің бұл мәселемен қолма-қол шұғылдануымызға тура келеді, онан соң, Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясы пленумдарының таяудағы біріккен мәжілісінде Троцкий мен Каменев оппозициялық одақ туралы тезистерде біздің пікірлеріміз теріс көрсетілген деп айып тақты, сондықтан мен өз баяндамамда оппозициялық одақ туралы тезистердің негізгі қағыйдаларын растайтын бірқатар документтер мен цитаталар келтіруге мәжбүр болып отырмын. Жолдастар, күнілгері ғапу өтінемін, бірақ мен осылай етуге мәжбүр болып отырмын.

Біздің алдымызда үш мәселе тұр:

1) Біздің еліміз пролетариат диктатурасының әзірше бірден-бір елі екенін, пролетарлық революция басқа елдерде әлі де жеңбегенін, дүниежүзілік революцияның қарқыны баяулап қалғанын еске алғанда, біздің елде социализмнің жеңуі мүмкін бе.

2) Егер ол, осы жеңіс, мүмкін болатын болса, онда бұл жеңісті толық, түпкілікті жеңіс деп атауға бола ма.

3) Егер мұндай жеңісті түпкілікті жеңіс деп атауға болмайтын болса, онда осы жеңістің өзі түпкілікті жеңіс болуы үшін қандай шарттар қажет.

Бір елде, яғни біздің елде социализмнің жеңу мүмкіндігі туралы жалпы мәселе болып бірігіп отырған үш мәселе міне осындай.

1. АЛҒЫ ПІКІРЛЕР

Марксистер бұрын, айталық, өткен ғасырдың 40-ншы жылдарында, 50 — 60-ншы жылдарда, жалпы

айтканда монополистік капитализм әлі де жоқ кезде, капитализм дамуының әркелкілігі жөніндегі зан әлі де ашылмаған және ашылуы мүмкін болмаған кезде, осыған байланысты жеке елдерде социализмнің жеңуі туралы мәселе кейіннен қойылған дәрежедегідей әлі де алға қойылмаған кезде бұл мәселені қалай шешті? Маркс пен Энгельстен бастап біз — марксистер бәріміз де ол кезде мынадай пікірде болдық: жеке алынған, бір елде социализмнің жеңуі мүмкін емес, социализмнің жеңуі үшін бірқатар елдерде, ең болмағанда неғұрлым өсіп жетілген, цивилизациялы бірқатар елдерде революцияның бірмезгілде болуы қажет. Ол кезде бұлай деу дұрыс та еді. Осы пікірлерді сыйпаттау үшін мен Энгельстің «Коммунизм принциптері» деген, мәселені өте қатал түрде қоятын желісінен бір өзгеше цитатаны келтірмекшімін. Бұл желі кейін «Коммунистік Манифестің» негізі болды. Бұл желі 1847 жылы жазылған. Бұдан небәрі бірнеше жыл бұрын ғана жарияланған осы желісінде Энгельс былай дейді:

«Бұл революция (яғни пролетариат революциясы. И. Ст.) қандайда болсын бір елде бола ала ма?

Жауап: Жоқ. Ірі өнеркәсіп дүниежүзілік рынок жасауының өзімен-ақ жер жүзіндегі барлық халықтарды, әсіресе цивилизациялы халықтарды өзара байланыстырғаны соншалық, олардың әрқайсысы екінші біреуінде болып жатқан іске тәуелді болып отыр. Онан соң ірі өнеркәсіп барлық цивилизациялы елдердегі қоғамдық дамуды теңдестіргені соншалық, барлық жерде де буржуазия мен пролетариат қоғамның шешуші екі табы болды, ал олардың арасындағы күрес — заманымыздағы басты күрес болды. Сондықтан коммунистік революция тек ұлттық революция болып қана қоймайды, сонымен қатар барлық цивилизациялы елдерде, яғни, ең болмағанда, Англияда, Америкада, Францияда және Германияда бір мезгілде болады. Өнеркәсіп осы елдердің қайсысында көбірек дамығандығына қарай, байлық молырақ

жыйналғандығына қарай және өндіргіш күштердің саны едәуір көп болуына қарай, революция осы елдердің әрқайсысында шапшаңырақ немесе баяуырақ дамыйтын болады. Сондықтан революцияның жүзеге асырылуы бәрінен де Германияда баяулау және қыйындау болады, бәрінен де Англияда шапшаңдау және оңайлау болады. Мұның өзі дүние жүзіндегі басқа елдерге де едәуір әсер етеді, сөйтіп, олардың бұрынғы даму қарқынын мүлде өзгертіп, мейлінше тездетеді. Мұның өзі бүкіл дүниежүзілік революция болып табылады, сондықтан мұның дүниежүзілік майданы болады»* (Ф. Энгельс, «Коммунизм принциптері». Қараңыз: «Коммунистік Манифест», Мемлекеттік баспа, 1923 ж., 317-бет).

Бұл өткен ғасырдың 40-ншы жылдарында, монополистік капитализм әлі де жоқ кезде жазылған. Бір айта кетерлік нәрсе, бұл арада Россия тіпті ауызға алынбайды, Россия мүлде жоқ. Мұның мәнісі әбден түсінікті, өйткені революцияшыл пролетариаты бар Россия, революциялық күш ретіндегі Россия ол кезде әлі де жоқ еді және болуы мүмкін емес те еді.

Монополистік капитализмнен бұрынғы жағдайларда мұнда, осы цитатада айтылған қағыйда дұрыс па еді, Энгельс осы туралы жазған дәуірде былай деу дұрыс па еді? Я, дұрыс еді.

Кәзір монополистік капитализмнің және пролетарлық революцяның жаңа жағдайларында бұл қағыйда дұрыс бола ма? Жоқ, енді дұрыс болмайды.

Ескі дәуірде, монополистік капитализмнен бұрынғы дәуірде, империализмнен бұрынғы дәуірде, жер жүзі финанс топтарының арасында әлі де бөлінбеген кезде, бөлініп қойылған дүниені күшпен қайта бөлу ісі капитализмнің не өмір сүруінің, не құрып бітуінің мәселесіне әлі де айналмаған кезде, экономикалық

* Курсив менікі. И. Ст.

дамудың әркелкілігі кейінгі кездегідей онша өткір болмаған кезде және өткір болуы мүмкін емес кезде, капитализмнің қайшылықтары гүлденуші капитализмді өлуші капитализмге айналдырарлықтай, сөйтіп жеке елдерде социализмнің жеңуіне мүмкіндік жасарлықтай дәрежеде дамудың белгілі шегіне әлі де жетпеген кезде, — осы ескі дәуірде Энгельстің формуласы, дау жоқ, дұрыс еді. Жаңа дәуірде, империализм дамып отырған дәуірде, капиталистік елдердің дамуындағы әркелкілік империалистік дамудың шешуші күшіне айналған кезде, империалистер арасында сөзсіз туатын жанжалдар мен соғыстар империализмнің майданын әлсіретіп, жеке елдерде бұл майданның бұзылуын ықтыймал етіп отырған кезде, дамудың әркелкілігі туралы Ленин ашқан заң жеке елдерде социализмнің жеңуі туралы теорияның негізгі тірегіне айналып отырған кезде, — бұл жағдайларда Энгельстің ескі формуласы енді дұрыс болмайды, бұл жағдайларда мұның орнына екінші формуланы, бір елде социализмнің жеңіп шығуы мүмкін екенін көрсететін формуланы сөзсіз қолдану керек.

Маркс пен Энгельстің ісін алға бастырушы — Лениннің ұлы қасиеті дәл мынада: ол ешқашанда марксизмдегі әріптің құлы болған емес. Ленин өзінің зерттеу жұмыстарында марксизм — догма емес, іске жөн сілтейтін басшылық деп әлденеше рет айтқан Маркстің нұсқауын қолданып келді. Ленин осыны білетін еді, сондықтан марксизмнің әрпі мен мазмұны арасындағы айырманы қатал ажырата отырып, ешқашан да марксизмді догма деп есептеген емес, қайта марксизмді негізгі метод ретінде, капиталистік дамудың жаңа жағдайында қолдануға тырысты. Лениннің

ұлылығы дәл мынада: ол, барлық елдердің оппортунистері өздерінің оппортунистік ісін Маркс пен Энгельстің есімімен бүркеуге тырысып, ескі формуладан айрылмауға әрекет істеп бағатындығынан қорықпастан, жеке елдерде пролетарлық революцияның жеңіп шығуы мүмкін екендігі туралы жаңа формула қажет деп ашық және адал түрде, ешбір іркілместен мәселе қойды.

Екінші жағынан, Маркс пен Энгельс қаншалық данышпан ойшылдар болғанымен, дамыған монополистік капитализмнен 50 — 60 жыл бұрын пролетариат тап күресінің монополистік, империалистік капитализм дәуірінде туған барлық мүмкіндіктерін дәлме-дәл болжап көрсетуі керек деп олардан талап ету ғажап нәрсе болар еді.

Лениннің Маркс методына сүйене отырып, марксизмнің әрпіне жармаспай, Маркс пен Энгельстің ісін алға бастырып отырған кезі бір бұл ғана емес. Менің айтайын дегенім осыған ұқсас жағдай, атап айтқанда — пролетариат диктатурасы туралы мәселе жайы. Өздеріңізге мәлім, бұл мәселе жөнінде Маркс мынадай пікір айтқан болатын: ескі мемлекеттік аппаратты күйретіп, жаңа аппарат, пролетарлық жаңа мемлекет жасау ретіндегі пролетариат диктатурасы континент елдерінің социализмге қарай дамуындағы қажетті кезең болып табылады деді, ал Англия мен Америка бұл есептен шығарылып тасталды, Маркстің айтуынша, бұл елдерде милитаризм мен бюрократизм нашар дамыған немесе тіпті дамымаған, сондықтан бұларда социализмге өтудің екінші жолының, «бейбіт» жолының болуы ықтымал. Бұл пікір 70-нші жылдарда өте дұрыс еді. (Р я з а н о в: «Ол кезде де

дұрыс емес еді».) Менің ойымша, 70-нші жылдарда, Англия мен Америкада милитаризм кейінгі кездегідей онша дамымаған кезде, — бұл қағыйда өте дұрыс еді. Бұл қағыйданың дұрыс болғандығын біз Ленин жолдастың «Азық-түлік салығы туралы»[83] деген кітапшасының белгілі тарауынан айқын көре аламыз, мұнда Ленин 70-нші жылдардағы Англияда социализмнің дамуы ел ішіндегі пролетариат пен буржуазия арасында келісім жасалуы ретінде мүмкін болатын нәрсе еді деп есептейді, өйткені мұнда пролетариат халықтың көпшілігі, мұнда буржуазия мәмлеге келуге дағдыланған, мұнда милитаризм әлсіз еді, мұнда бюрократия әлсіз еді. Бірақ бұл қағыйда, өткен ғасырдың 70-нші жылдарында дұрыс болғанымен, XIX ғасырдан кейін, империализм дәуірінде, Англия континенттегі басқа қай елден болса да кем соқпайтын бюрократиялық ел, басқа қай елден болса да артық болмаса, кем соқпайтын милитаристік ел болып отырған кезде, бұл қағыйда енді теріс болып шықты. Осыған байланысты, Ленин жолдас «Мемлекет және революция» деген өз кітапшасында Маркстің континент жөнінде шек қоюы енді былай қалады[84], неге десеңіз Англияны ерекше жағдайда деп карауды керексіз ететін жаңа жағдайлар туып отыр дейді.

Лениннің ұлы қасиеті дәл мынада: ол өзін марксизм әрпінің тұтқыны еткен жоқ, ол марксизмнің мазмұнын ұғына білді және, осыған сүйене отырып, Маркс пен Энгельстің ғылымын онан әрі дамыта білді.

Империализмнен бұрынғы дәуірде, монополистік капитализмнен бұрынғы дәуірде жеке елдерде социалистік революцияның жеңіп шығуы туралы мәселенің жайы, жолдастар, міне осылай еді.

2. ЛЕНИНИЗМ БЕ ӘЛДЕ ТРОЦКИЗМ БЕ?

Марксистердің ішінде Ленин империализмді капитализмнің жаңа, ақырғы фазасы деп ол жөнінде нағыз марксистік анализ жасаған, жеке капиталистік елдерде социализмнің жеңіп шығуы мүмкін екендігі туралы мәселені жаңаша қойып, мұны дұрыс мағнада шешкен бірінші адам болды. Менің айтқалы тұрғаным Лениннің «Империализм — капитализмнің жоғарғы сатысы» деген кітапшасы. Менің айтқалы тұрғаным Лениннің — 1915 жылы жарыққа шыққан, «Европа Құрама Штаттарының ұраны туралы» деген мақаласы. Менің айтқалы тұрғаным Ленин бір елде социализмнің жеңіп шығуы мүмкін деген тезисті алғаш рет ұсынған кезде, Европаның немесе бүкіл дүние жүзінің Құрама Штаттарының ұраны туралы Троцкий мен Лениннің арасында болған айтыс.

Ленин ол кезде осы мақаласында былай деп жазды:

«Дербес ұран ретінде, дүние жүзі Құрама Штаттарының ұраны алайда дұрыс бола қоймас, біріншіден, оның себебі, бұл ұран социализммен ұштасады; екіншіден, мұның өзі бір елде социализмнің жеңуі мүмкін еместігі туралы және мұндай елдің баска елдерге катнасы туралы теріс ұғым тудыра алады. Экономикалық және саяси дамудың әркелкілігі капитализмнің даусыз заңы. Олай болса, социализмнің әуелі бірнеше капиталистік елде, тіпті бір, жеке алынған, капиталистік елде жеңуі мүмкін. Бұл елдің жеңіп шыққан пролетариаты капиталистерді экспроприациялап, өз елінде социалистік өндіріс ұйымдастырып, қалған капиталистік дүниеге карсы тұрар еді, баска елдердің езілген таптарын өзіне тарта отырып, олардың арасында капиталистерге карсы көтеріліс туғыза отырып, кажет болған жағдайда қанаушы таптарға, олардың мемлекеттеріне тіпті әскери күшпен карсы шығар еді»... Өйткені «социалистік республикалар артта қалып қойған мемлекеттермен азды-көпті уақыт табан тіреп

күреспейінше, ұлттардың социализмде еркімен бас қосуы мүмкін емес» (қараңыз: XVIII том, 232 — 233-беттер).

1915 жылы Ленин осылай деп жазды.

Капитализмнің әркелкі дамуы жөніндегі осы заң, империализм жағдайларында социализмнің бір елде жеңуіне мүмкіндік туғызарлық күші бар осы заң қандай заң?

Осы заң туралы айта келіп, Ленин мынадай қағыйдаға сүйенді: монополиядан бұрынғы, ескі капитализм кәзірдің өзінде империализм болып өсіп жетілді; дүниежүзілік шаруашылық ең басты капиталистік топтардың территориялар үшін, рыноктер үшін, шикізат үшін, т. т. үшін жанталасқан күресі жағдайларында дамып келеді; дүние жүзін империалистік топтардың ықпал салаларына бөлу ісі кәзірдің өзінде аяқталды; капиталистік елдердің дамуы біркелкі емес, біркелкі еместігі — бірі екіншісіне ілесе немесе екіншісімен қатарласа дамып отырмайды, секірмелі түрде дамыйды, бұрын ілгері кеткен бір елдерді ығыстырып, жаңа елдерді алға шығару жолымен дамыйды; капиталистік елдердің осылайша даму тәртібі бұрын бөлініп қойылған дүниені қайтадан бөліске салу үшін капиталистік мемлекеттердің арасында сөзсіз жанжалдар мен соғыстар туғызады; бұл жанжалдар мен соғыстар империализмді әлсіретеді; осыған байланысты империализмнің дүниежүзілік майданын белгілібір елдерде бұзу оңай болады; сондықтан социализмнің жеке елдерде жеңуі мүмкін болады.

Өздеріңізге мәлім, тіпті таяуда ғана Англия басқа империалистік мемлекеттердің бәрінен де алда еді. Тағы бір мәлім нәрсе, кейіннен Германия Англияны басып оза бастады, басқа мемлекеттердің есебінен,

ең алдымен, Англияның есебінен өзіне «күн астынан» орын талап етті. Өздеріңізге мәлім, империалистік соғыс (1914—1918 жылдар) нақ осы жағдайға байланысты туды. Қазір, империалистік соғыстан кейін, Америка тым алға ұзап кетіп, Англияны да, басқа европалық мемлекеттерді де артта қалдырды. Бұл жағдай жаңадан үлкен жанжалдар мен соғыстар туғызатындығы жөнінде күмәндануға бола қоймас.

Империалистік соғысқа байланысты империалистік майданның Россияда бұзылғандығы, бұл жағдай мынаны көрсетеді: капитализм дамуының қазіргі жағдайларында империалистік майдан шебі бұзылғанда өнеркәсібі бәрінен артық дамыған елде бұзылуы міндетті нәрсе емес, осы шептің өзі әлсіздеу жерде, империалистік өкіметке қарсы пролетариаттың, мәселен, шаруалар сияқты мықты одақтасы бар жерде бұзылады; Россияда міне осылай болды.

Келешекте империалистік майдан шебі осындай елдердің бірінде, айталық, Индияда, пролетариаттың қуатты революциялық азаттық қозғалысы сияқты мықты одақтасы бар елде бұзылуы әбден ықтымал.

Социализмнің бір елде жеңуі мүмкін екені туралы әңгіме ете келіп, Ленин, өздеріңізге мәлім, ең алдымен, социал-демократиямен айтысқаны сияқты, Троцкиймен айтысты.

Лениннің мақаласына және социализмнің бір елде жеңіп шығуы мүмкін екені туралы Лениннің тезистеріне Троцкий қалай қарады?

Ол кезде (1915 ж.) Лениннің мақаласына жауап ретінде Троцкий былай деп жазады:

«Құрама Штаттар ұранына қарсы азды-көпті нақты, бірден-бір тарихи пікір, — дейді Троцкий, — Швейцариядағы «Социал-

Демократта» (большевиктердің сол кездегі орталық органы; Лениннің жоғарыда аталған мақаласы осында басылған болатын. И. Ст.) мына сөздермен айтылды: «Экономикалық және саяси дамудың әркелкілігі капитализмнің даусыз заңы». Осыдан келіп «Социал-Демократ» социализмнің бір елде жеңуі мүмкін, сондықтан әрбір жеке мемлекеттегі пролетариат диктатурасы үшін Европаның Құрама Штаттарын құруды шарт етудің керегі жоқ деген қортындыны шығарды. Түрлі елдердің капиталистік дамуы әркелкі деу тіпті даусыз пікір. Бірақ бұл әркелкі дегеніміздің өзі тіпті әркелкі. Англияның, Австрияның, Германияның немесе Францияның капиталистік дәрежесі бірдей емес. Бірақ Африка мен Азияға қарағанда, бұл елдердің бәрі әлеуметтік революция үшін пісіп жеткен капиталистік «Европа» болып табылады. Ешбір ел өзінің күресінде өзге елдерді «күтпеуі» керек деген сөз— элементарлық пікір, күтушілікке салынатын интернационалдық әрекетсіздік идеясы интернационалдық қатар іс жүргізу идеясының орнын баспауы үшін осы элементарлық пікірді қайта-қайта айтудың пайдасы да, қажеті де бар нәрсе. Біздің бастаған ісіміз өзге елдердегі күреске қозғаушы болады деп толық сене отырып, өзге елдерді күтпей-ақ, біз күресті ұлттық негізде бастап, алға бастыра береміз; ал егер бұл сенгеніміз болмай шықса, онда, мәселен, революцияшыл Россия кертартпа Европаға төтеп беріп тұра алар еді деу, немесе социалистік германия капиталистік дүниеде оқшау қамауда отыра алар еді деп үміттенуге болмайды, тарихтың тәжрибесі де, теориялық пікірлер де мұны сыйпаттап отыр»* (Троцкий шығармаларының III томы, 1-бөлім, 89 — 90-беттер).

Троцкий 1915 жылы «Наше Слово»[85] деген париждік газетте осылай деп жазды, оның бержағында бұл мақала кейін Россияда Троцкийдің «Бітім программасы» деген атпен бірінші рет 1917 жылғы августа шыққан мақалалар жыйнағында қайта басылды.

Көріп отырсыздар, Ленин мен Троцкийдің осы екі цитатасында мүлде екі түрлі тезис бір-біріне қарама-

* Курсив менікі. И. Ст.

карсы койылып отыр. Ленин социализмнің бір елде жеңуі мүмкін, пролетариат өкіметті басып алғаннан кейінгі жерде, оны ұстап тұра алатындығы былай тұрсын, тіпті онан да әрі бара алады, ол капиталистік елдердің пролетарларына нақтылы көмек көрсету үшін капиталистерді экспроприациялап, социалистік шаруашылықты ұйымдастырады деп есептейтін болса, — ал Троцкий, керісінше, былай деп есептейді: егер бір елде жеңген революция ең таяу мерзімнің ішінде баска елдерде революцияның жеңуіне себепкер болмайтын болса, онда жеңген елдің пролетариаты тіпті өкіметті ұстап та тұра алмайды (ал оның социалистік шаруашылықты ұйымдастыра алмайтынын айтпасақ та болады), өйткені, дейді Троцкий, Россиядағы революцияшыл өкімет кертартпа Европаға төтеп бере алады деп үміттенуге болмайды.

Бұлар — мүлде әртүрлі екі көзқарас, мүлде әртүрлі екі бағыт. Лениннің пікірінше, өкіметті алған пролетариат социалистік шаруашылықты ұйымдастырағын және баска елдердің пролетарларына көмек көрсету үшін ілгері басатын аса белсенді, аса жігерлі күш болып табылады. Троцкийдің пікірінше, керісінше, өкіметті алған пролетариат баска елдерде социализмнің дереу жеңуі түрінде дереу жәрдем берілуін керек ететін және өзін ұрымтал жерде, өкіметтен дереу айырылып калу коркынышы билеген халде сезетін жартылай енжар күшке айналады. Ал егер баска елдерде революция дереу женбейтін болса ше, — онда кайтпек? Онда жұмысыңды жылы жауып кой. (О р ы н н а н д а у ы с: «Және бұтаны панала».) Я, және бұтаны панала. Бұл өте дұрыс айтылған. (К ү л к і.)

Ленин мен Троцкийдің арасындағы бұл келіспеу-

шілік өткен кездегі нәрсе ғой, кейін бұл келіспеушілік жұмыс үстінде мейлінше кемуі немесе тіпті мүлде жоғалуы мүмкін ғой деушілер болар. Я, мейлінше кемуі, тіпті жоғалуы мүмкін еді. Бірақ, амал не, мұның бірі де болған жоқ. Керісінше, бұл келіспеушілік Ленин жолдас қайтыс болғанға дейін толық өз күшінде қалып келді. Өздеріңіз көріп отырсыздар, бұл келіспеушілік кәзірде де болып отыр. Керісінше, мен былай деп кесіп айтамын: Ленин мен Троцкийдің арасындағы осы келіспеушілік және осы негізде туған айтыс үнемі болып отырды, оның бержағында Ленин мен Троцкийдің тиісті мақалалары бірінен соң бірі жарыққа шығып отырды, сөйтіп, жасырын-жабық айтыс жүргізіліп келді, рас, мұнда кісілердің аттары аталып отырған жоқ-ты.

Бұл жөніндегі кейбір фактылар мынау.

1921 жылы, біз нэпті енгізген кезде, Ленин енді неғұрлым нақтылы формада социализмнің жеңуі мүмкін екендігі туралы, нэптің негізінде экономикамыздың социалистік іргетасын қалауға болатындығы туралы тағы да мәселе қойды. Өздеріңіз білесіздер, 1921 жылы, нэп енгізілген кезде, партиямыздың бір бөлегі, әсіресе «жұмысшы оппозициясы» Ленинді ол, нэпті енгізу арқылы, социализмнің жолынан бұрылып кетіп отыр деп айыптады. Сірә, осыған жауап ретінде болуы керек, Ленин ол кезде өзінің сөйлеген сөздері мен мақалаларында нэпті енгізгенде біз өз жолымыздан тайып кетуді көздемейміз, біз «шаруалармен бірге», «жұмысшы табының басшылығы арқасында», «экономикамыздың социалистік іргетасын» қалау үшін жаңа жағдайларда осы жолмен ілгері баса беруді көздейміз деп әлденеше рет айтты (Лениннің «Азық-тү-

лік салығы туралы» деген мақаласын және нэп туралы тақырыпқа жазылған басқа да мақалаларын қараңыз).

Бейне осыған жауап ретінде Троцкий 1922 жылы январьда өзінің «1905 жыл» деген кітабына арнап «Алғысөз» жазады, мұнда ол былай деп мәлімдейді: біздің елде шаруалармен бірге социализм орнату ісі жүзеге аспайтын нәрсе, өйткені Батыста пролетариат жеңбейінше еліміздің өмірі жұмысшы табы мен шаруалардың арасындағы жауласқан қақтығыстармен өтетін болады дейді.

Осы «Алғысөзінде» Троцкий былай дейді:

«Өкіметті қолға алған пролетариат, революциялық күресінің алғашқы кездерінде өзін қолдаған барлық буржуазиялық топтармен ғана емес, пролетариаттың өкіметті алуына көмектескен қалың шаруа бұқарасымен де **жауласып қақтығысады»***, халқының басым көпшілігі шаруалар болып отырған артта қалған елдегі жұмысшы үкіметінің хал-жайындағы қайшылықтар тек халықаралық көлемде, пролетариаттың дүниежүзілік революциясының майданында шешіле алады». (Троцкий, «1905 жыл» деген кітапқа арналған, «Алғысөз», 1922 жылы жазылған).

Көріп отырсыздар, мұнда да әртүрлі екі тезис біріне бірі қарама-қарсы қойылып отыр. Ленин шаруалармен бірлесе отырып және жұмысшы табының басшылығы арқасында экономикамыздың социалистік іргетасын қалауға болады деп біледі, ал Троцкийдің пікірінше, керісінше, былай болып шығады: пролетариаттың шаруаларға басшылық етуі және социалистік іргетасты бірлесіп қалау ісі — жүзеге аспайтын нәрсе, өйткені еліміздің саяси өмірі жұмысшы өкіметі мен шаруалар көпшілігінің арасындағы жаулық қақты-

* Курсив менікі. **И. Ст.**

ғыстармен өтпек, ал бұл қақтығыстар тек дүниежүзілік революция майданында ғана шешілуі мүмкін.

Сонсын. Біз Лениннің осыдан кейін бір жыл өткен соң, 1922 жылы Моссовет пленумында сөйлеген сөзін білеміз, бұл сөзінде ол елімізде социализм орнату туралы мәселеге тағыда қайта оралады. Ол былай дейді:

«Социализм кәзірдің өзінде-ақ алыстағы болашақтың, немесе бір бұлдыр суреттің, немесе бір иконаның мәселесі емес. Икона жөнінде біз баяғы пікірде, өте жаман пікірімізде қалдық. Социализмді біз күнделікті өмір жүзіне шығардық, міне осыны түсініп алуымыз керек. Біздің кәзіргі уақыттағы міндетіміз міне осы, біздің заманымыздың міндеті міне осы. Бұл міндет біздің бұрынғы міндетімізге қарағанда қанша қыйын, қанша жаңа болғанмен, бізге бұл қаншама көп қыйыншылықтар туғызатын болғанмен, — бәріміз бірігіп отырып, ертең емес бірнеше жылдардың ішінде, бәріміз бірігіп отырып бұл міндетті қалай да орындаймыз, сонда нэптің Россиясы социалистік Россияға айналады деп сенім білдіріп, сөзімді аяқтауға рұхсат етіңіздер» (қараңыз: XXVII том, 366-бет).

Бейне осыған жауап ретінде немесе, бәлкім, жоғарыда аталған цитатасында Троцкий айтқан пікірге түсінік ретінде болуы керек, Троцкий 1922 жылы өзінің «Бітім программасы» деген кітапшасына «Соңғы сөз» жазады, мұнда ол былай дейді:

«Пролетарлық революция ұлт көлемінде жеңіп шыға алмайды деп «Бітім программасында» неше рет айтылған пікір кейбір оқушыларымызға, мүмкін біздің Совет республикасының бесжылдық тәжрибесі арқылы теріске шығарылған пікір болып көрінер. Бірақ бұлай деп қортынды жасау дәлелсіз болған болар еді. Бір елде, әрі артта қалған елде, жұмысшы мемлекетінің бүкіл дүние жүзіне төтеп беріп тұра алғандығы, пролетариат күшінің орасан зор екендігін, бұл күштің басқа, ілгері кеткен мәдениеті күштірек елдерде шынында таңқаларлықтай ғажап істер істеу қолынан келетіндігін көрсетеді. Бірақ біз мемлекет

есебінде саяси және соғыс жөнінде өзімізді сақтап қала алсақ та, социалистік қоғам жасауды қолға алғанымыз жоқ, тіпті оған жуықтағанымыз да жоқ... Басқа Европа мемлекеттерінде өкімет басында буржуазия тұрғанда, біз экономикалық оқшаулықпен күресте шарасыздан, капиталистік дүниемен келісім жасау жолын іздейміз; сонымен бірге, бұл келісім ең мықтағанда біздің кейбір экономикалық жарамызды жазуымызға ғана, азмаздап ілгері аттауымызға ғана жәрдем бере алады деп сеніммен айтуға болады, ал Россияда социалистік шаруашылықтың шын мәнісінде өркендеуі Европаның басты-басты елдерінде пролетариат жеңгеннен кейін ғана* мүмкін бола алады» (қараңыз: Троцкий шығармаларының III томы, 1-бөлім, 92 — 93-беттер).

Көріп отырсыздар, мұнда да Ленин мен Троцкийдің қарама-қарсы екі тезисі біріне бірі қарсы қойылып отыр. Ленин біз социализмді қазірдің өзінде күнделікті өмірге енгіздік және, кездесетін қыйыншылықтарға қарамастан, нэптік Россияны социалистік Россияға айналдыруға барлық мүмкіндіктеріміз бар деп есептейді, ал Троцкий, керісінше, былай деп ойлайды: біз қазіргі Россияны социалистік Россияға айналдыра алмайтынымыз былай тұрсын, тіпті біз пролетариат басқа елдерде жеңгенге дейін социалистік шаруашылықты шын мәнісінде өркендете алмаймыз дейді.

Ақырында, бізде Лениннің «Кооперация туралы» және «Біздің революция туралы» (Сухановқа қарсы) деген мақалалар түрінде жазғандары бар; Ленин бұларды қайтыс боларының алдында жазып, бізге өзінің саяси өсиеті ретінде қалдырды. Бұл жазулардың тамаша жері — Ленин бұларда елімізде социализмнің жеңуі мүмкін екендігі туралы мәселені тағы да алға қойып, ешқандай күмәнға орын қалдырмайтын тұжы-

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

рымдар береді. «Біздің революция туралы» деген жазбасында ол былай дейді:

«...Батысевропалық социал-демократияның дамып келе жатқан кезінде олардың (II Интернационал батырларының **И. Ст.**) жаттап алған дәлелі, — дейді Ленин, — ұшы-қиыры жоқ шаблонды дәлел болып табылады; бұл дәлел бойынша: біз социализм орнататындай дәрежеге жеткеніміз жоқ, бұлардың ішіндегі түрлі «ғалым» мырзалардың айтуынша, бізде социализм үшін объективтік экономикалық алғышарттар жоқ сияқты. Ал өзіне былай деп сұрақ қою ешкімнің ойына келмей отыр: революциялық ситуацияға, бірінші империалистік соғыс кезіндегі сияқты революциялық ситуацияға кездескен халық, міне осы халық, өз хал-жайының мүшкілдігі себепті, осындай күреске, өзінің цивилизацияны бұдан былайда өсіре түсетін, едәуір өзгеше шарттар туғызуына әйтеуір қандай да болса жол ашатын күреске ұмтыла алмас па еді»...

«Егер социализм жасау үшін белгілі мәдениет дәрежесі керек болса (бірақ осы белгілі «мәдениет дәрежесі» қандай екенін ешкім де айта алмайды), онда біздің ең әуелі осы белгілі дәреже үшін керекті алғышарттарды революциялық жолмен жеңіп алудан бастауымызға, сонан кейін барып, жұмысшы-шаруа өкіметі мен совет құрылысының негізінде, басқа халықтарды қуып жету үшін ілгері басуымызға неге болмайды»...

«Социализм жасау үшін мәдениеттілік керек, — дейсіз сіз. — Өте жақсы. Ал біздің өзімізде ең әуелі помещиктерді қуып жіберу және россиялық капиталистерді қуып жіберу сияқты, мәдениеттіліктің алғышарттарын жасауымызға, сонан кейін барып социализмге қарай қадам басуымызға неге болмайды? Дағдылы тарихи тәртіпті бұлайша өзгерту қиысынсыз нәрсе немесе мүмкін емес дегенді сіз қандай кітаптардан оқыдыңыз?» (қараңыз: Ленин, XXVII том, 399 — 401-беттер).

Ал «Кооперация туралы» мақалаларында Ленин былай дейді:

«Шынында да, барлық ірі өндіріс құрал-жабдықтары мемлекеттің билігінде болуы, мемлекеттік өкімет билігі пролетариаттың қолында болуы, бұл пролетариаттың сан миллион ұсақ,

майда шаруалармен одақ жасауы, шаруаларға осы пролетариат басшылығының қамтамасыз етілуі, т. т., — міне осының бәрі кооперация арқылы, бұрын саудагершіл деп өзіміз жақтырмай келген кооперация арқылы, кәзіргі нэп тұсында да белгілібір жағынан нақ солай жақтырмауға правомыз бар кооперация арқылы, тек осы кооперация арқылы ғана **толық социалистік қоғамды орнатуға қажетті нәрсенің барлығы емес пе?** Бұл әлі социалистік қоғамның орнатылғандығы емес, бірақ бұл соны орнатуға **қажетті және жеткілікті нәрсенің барлығы**»* (қараңыз: **Ленин**, XXVII том, 392-бет).

Сонымен, елімізде социализм құрылысының жеңу мүмкіндігі туралы, шаруашылығымыздың социалистік элементтерінің капиталистік элементтерді жеңу мүмкіндігі туралы, өйткені, жолдастар елімізде социализмнің жеңу мүмкіндігі анығында шаруашылығымыздың социалистік элементтерінің капиталистік элементтерді жеңу мүмкіндігі болып табылады, міне сөйтіп осы туралы негізгі мәселеде екі жол бар екенін көріп отырмыз, — біріншіден, Ленин мен ленинизм жолы, екіншіден, Троцкий мен троцкизм жолы. Ленинизм бұл мәселені тиімді түрде шешеді. Троцкизм, керісінше, революциямыздың ішкі күштерінің негізінде елімізде социализмнің жеңу мүмкіндігін мойындамайды. Егер бірінші жол партиямыздың жолы болып отырған болса, ал екінші жол социал-демократияның көзқарастарына жақындағандық болып табылады.

Сондықтан да оппозициялық одақ туралы тезистер жобасында троцкизм дегеніміз біздің партиядағы социал-демократиялық уклон болып табылады делінген.

Нақ осының өзінен мынадай күмәнсіз факт туады

---

* Барлық жерде де курсив менікі. **И. Ст.**

біздің революция **социалистік** революция болып табылады, мұның өзі тек дүниежүзілік революцияның дабылы, итермешісі және басталу пункті ғана емес, сонымен қатар біздің елімізде толық социалистік қоғам орнатудың базасы, қажетті және жеткілікті базасы.

Сонымен, біз шаруашылығымыздың капиталистік элементтерін жеңе аламыз, жеңуге тиіспіз де, біз елімізде социалистік қоғам орната аламыз, орнатуға тиіспіз де. Бірақ бұл жеңісті толық, түпкілікті жеңіс деп атауға бола ма? Жоқ, олай деп атауға болмайды. Өз капталистерімізді біз жеңе аламыз, социализмді құру және оны орнату біздің қолымыздан келеді, бірақ бұдан пролетариат диктатурасы елін сыртқы қауіптерден, интервенция қауіптерінен және осыған байланысты ескі тәртіптердің жаңғыру, қайта орнау қауіптерінен алаңсыз ете аламыз деген ұғым әлі де туа қоймайды. Біздің тұрағымыз арал емес. Біз капиталистік қоршауда тұрамыз. Біздің социализм орнатып жатқандығымыз және осы арқылы капиталистік елдердің жұмысшыларын революцияшылдандырып отырғандығымыз бүкіл капиталистік дүниенің өшпенділігін, дұшпандығын өршітпей қоймайды. Капиталистік дүние біздің шаруашылық майданындағы табыстарымызға, бүкіл дүние жүзі жұмысшы табын революцияшылдандыратын табыстарымызға жайбарақат қарап отырады деп ойлау — жалған үмітке салынғандық болады. Сондықтан, біз капиталистік қоршауда қалып отырған кезімізде, пролетариат, ең болмағанда, бірқатар елдерде жеңбеген кезде біз өз жеңісімізді түпкілікті жеңіс деп есептей алмаймыз, демек, біз өз құрылысымызда қандай табыстарға жеткен болсақ та, біз пролетариат диктатурасы елін сыртқы қауіптерден

алаңсыз деп есептей алмаймыз. Сондықтан, түпкілікті жеңу үшін, кәзіргі каптиалистік қоршаудың орнына социалистік қоршаудың орнауын қамтамасыз ету керек, пролетариаттың, ең болмағанда, тағыда бірнеше елдерде жеңуін қамтамасыз ету керек. Тек сонда ғана біздің жеңісімізді түпкілікті жеңіс деп есептеуге болады.

Міне сондықтан да біз елімізде социализмнің жеңуін өзіндік мақсат, өзімен өзі болатын нәрсе деп қарамаймыз, басқа елдерде пролетарлық революцияның жеңуі үшін керекті таяныш, құрал, жол деп қараймыз.

Бұл жөнінде Ленин жолдас былай деп жазған болатын:

«Біз, — дейді Ленин, — тек мемлекет ретінде ғана өмір сүріп келе жатқанымыз жоқ, сонымен қатар мемлекеттер системасында да өмір сүріп келеміз, сондықтан Совет республикасының империалистік мемлекеттермен қатар ұзақ уақыт өмір сүруі мүмкін емес. Ақыр аяғында бұлардың екеуінің бірі жеңіп шығады. Ал бұған жеткенге дейін Совет республикасы мен буржуазиялық мемлекеттер арасында әлденеше сұрапыл соқтығыстар болмай қалмайды. Мұның мәнісі — үстем тап, пролетариат, тек егер ол үстемдік жүргізуді қаласа, үстемдік жүргізсе, мұны өзінің әскери ұйымымен де дәлелдеуге тиіс» (қараңыз: XXIV том, 122-бет).

Бұдан шығатын қортынды — соғыс интервенциясының қаупі бар және әлі де ұзақ уақыт бола бермек.

Екінші мәселе — кәзір капиталистер Советтер республикасына қарсы елеулі интервенция жасай ала ма деген мәселе. Бұл әлі неғайбыл нәрсе. Бұл арада көп нәрсе капиталистік елдердің жұмысшыларының ниғылына байланысты, олардың пролетариат дикта-

турасы еліне тілектестік білдіруіне байланысты, олардың социализм ісіне қаншалық бейім екендігіне байланысты. Капиталистік елдердің жұмысшылары кәзір біздің революцияны өз капиталистеріне қарсы революция жасау арқылы қолдай алмайды, — мұның өзі әзірінше факт. Бірақ капиталистер «өз» жұмысшыларын біздің республикаға қарсы соғысқа аттандыра алмайды, — бұл да факт. Ал кәзіргі уақытта капитализмді қатерлі қауіпке ұшыратпайынша, пролетариат диктатурасы елімен жұмысшыларсыз соғысуға болмайды. Социализм орнату жөніндегі жұмысымызды тексеру үшін біздің елге келіп жүрген сансыз жұмысшы делегациялары осыны ыспаттайды. Бүкіл дүние жүзі жұмысшы табының Советтер Республикасына білдіріп отырған орасан зор тілектестігі осыны көрсетеді. Республикамыздың халықаралық жағдайы кәзір нақ осы тілектестікке сүйеніп отыр. Бұл тілектестік болмайынша біз кәзір жаңадан бірқатар интервенция әрекеттеріне кездескен болар едік, құрылыс жұмысымыз бөгелер еді, сөйтіп «тыныс» дәуірі болмас еді.

Ал егер кәзір капиталистік дүние біздің елге қарсы соғыс интервенциясын жасауға дәрменсіз болып отырған болса, бұдан капитализм мұны ешқашанда жасай алмайды деген ұғым туа қоймайды. Қалай дегенмен капиталистер қарап жатпайды, олар біздің республиканың халықаралық позицияларын әлсіретіп, интервенцияға жағдайлар туғызу үшін барлық шараларды қолданады. Сондықтан интервенция әрекеттерін де, осы әрекеттерге байланысты біздің елде ескі тәртіптерді қайта орнату мүмкіндігін де болмас нәрсе деп есептеуге болмайды.

Сондықтан да Лениннің мына сөзі өте дұрыс:

«Біздің Совет республикамыз бүкіл капиталистік дүниенің жалғызілік шетаймағы болып тұрған уақытта, бұл уақытқа дейін... түрлі-түрлі қауіптер құрыйды екен деп ойлау мүлде адам күлерлік қиялшылдық, утопизм болар еді. Әрине, мұндай негізгі қарама-қарсылықтар қалып отырған жағдайда, — қауіптер де қалады, сондықтан бұлардан ешқайда да қашып құтыла алмайсың» (қараңыз: XXVI том, 29-бет).

Міне сондықтан Ленин былай дейді:

«Түпкілікті жеңіп шығу тек дүниежүзілік көлемде ғана және барлық елдердің жұмысшылары бірлесіп күш салғанда ғана болады» (қараңыз: XXIII том, 9-бет).

Сонымен, біздің елде социализмнің жеңуі дегеннің мәнісі не?

Мұның мәнісі пролетариат диктатурасын жеңіп алып, социализм орнату деген сөз, сөйтіп, революциямыздың ішкі күштерінің негізінде шаруашылығымыздың капиталистік элементтерін арылту деген сөз.

Біздің елде социализмнің түпкілікті жеңуі дегеннің мәнісі не?

Мұның мәнісі, ең болмағанда, бірнеше елдерде социалистік революцияның жеңуі негізінде интервенциядан және реставрация әрекеттерінен толық қауіпсіз болу деген сөз.

Егер социализмнің бір елде жеңу мүмкіндігі дегеніміз бір елде (біздің айтып тұрғанымыз, әрине, біздің ел) әбден жоюға боларлық ішкі қайшылықтарды шешу мүмкіндігі болып табылатын болса, онда социализмнің толық жеңу мүмкіндігі дегеніміз социализм елі мен капитализм елдерінің арасындағы сыртқы қайшылықтарды, тек бірнеше елдерде болатын пролетарлық революцияның күштері арқылы ғана жойыла

алатын қайшылықтарды шешу мүмкіндігі болып табылады.

Кімде-кім осы екі қатар қайшылықтарды шатастыратын болса, ондай адам не айықпас әңгүдік, не түзелмес оппортунист болып шығады.

Партиямыздың негізгі жолы міне осындай.

3. РК(б)П XIV КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ҚАРАРЫ

Партиямыздың бұл жолы XIV конференцияның халықаралық жағдай туралы, капитализмнің тұрақтауы туралы және бір елде социализм орнату туралы мәселе жөніндегі белгілі қарарында ресми түрде көрсетілген. Менің ойымша, бұл қарар партиямыздың тарихындағы аса маңызды партиялық документтердің бірі болып табылады, оның себебі бұл қарар еліміздегі социализм құрылысы туралы мәселеде лениндік жолды жақтайтын аса зор ыспаттама болатындығынан ғана емес, сонымен бірге оның себебі — бұл қарар троцкизмге тікелей соққы беретін қарар болып табылады. Менің ойымша, қаншама таңданарлық нәрсе болғанымен, Зиновьевтің баяндамасы бойынша қабылданған бұл қарардың аса маңызды пункттерін атап көрсетсем артық болмас. (Залдағы жұрт бір қозғалып қояды.)

Бұл қарарда бір елде социализмнің жеңуі туралы былай делінген:

«Жалпы бір елде социализмнің жеңуі (түпкілікті жеңу мағнасында емес) **сөзсіз мүмкін**»*[86].

Социализмнің түпкілікті жеңуі туралы мәселе жөнінде қарарда былай делінген:

---

* Курсив менікі. И. Ст.

«...Бір-біріне тікелей қарама-қарсы қоғамдық екі системаның болуы капиталистік блокаданың, экономикалық қысымның баска формаларының, қарулы интервенцияның, реставрацияның үздіксіз қаупін туғызып отырады. Олай болса, социализмнің түпкілікті жеңіп шығуының бірден-бір кепілдігі, яғни реставрация болмауының кепілдігі бірқатар елдерде жеңімпаз социалистік революцияның жасалуы болып табылады»[67].

Ал толық социалистік қоғам орнату туралы және троцкизм туралы мәселе жөнінде қарарда былай делінген:

«Бұдан техникалық-экономикалық жағынан неғұрлым ілгері дамыған елдердің «мемлекеттік жәрдемінсіз» (Троцкий) Россия сияқты артта қалған елде толық социалистік қоғам орнату мүмкін емес деген қортынды эсте тумайды. «Россияда социалистік шаруашылықтың шын мәнісінде өркендеуі Европаның баста-басты елдерінде пролетариат жеңгеннен кейін ғана мүмкін бола алады» (Троцкий, 1922 жыл) деген пікір, — қазіргі дәуірде ССРО пролетариатын фаталистік енжарлыққа душар ететін пікір, — перманенттік революция жөніндегі троцкистік теорияның айырғысыз бір бөлегі болып табылады. Мұндай «теорияларға» карсы Ленин жолдас былай деп жазды: «Батысевропалық социал-демократияның дамып келе жатқан кезінде олардың жаттап алған дәлелі ұшы-қыйыры жоқ шаблонды дәлел болып табылады; бұл дәлел бойынша: біз социализм орнататындай дәрежеге жеткеніміз жоқ, бұлардың ішіндегі түрлі «ғалым» мырзалардың айтуынша, бізде социализм үшін объективтік экономикалық алғышарттар жоқ сияқты» (Суханов туралы мақала). (РК(б)П XIV конференциясының «Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген пленумына байланысты Коминтерн мен РК(б)П міндеттері туралы» қарары[68].)

Менің ойымша, XIV конференция қарарының осы негізгі пункттері түсіндіріп жатуды керек етпейді. Бұдан айқын, бұдан анық айту мүмкін емес. Қарардың айрықша назар аударарлық жері — онда троцкизм

мен сухановшылдықтың арасына теңдік белгісі қойылған. Ал сухановшылдық дегеніміз не? Лениннің Сухановқа қарсы жазған белгілі мақалаларынан біздің білетініміз, сухановшылдық социал-демократизмнің, меньшевизмнің бір түрі болып табылады. XIV конференцияда осы қарарды қорғаған Зиновьевтің кейін бұл қарардан не себепті айнып кеткендігін, Троцкийдің пікіріне қосылып, кәзір онымен не себепті одақтасып отырғанын түсіну үшін мұны өте-мөте атап көрсету қажет.

Халықаралық жағдайға байланысты қарарда, онан соң, партияның негізгі жолынан ауытқыған екі уклон бар екені, бұлар партия үшін қауіп туғыза алатындығы айтылады.

Қарарда осы қауіптер туралы былай делінген:

«Партиямыздың халықаралық көлемде туған жағдайына байланысты кәзіргі дәуірде партияға екі қауіп төнуі мүмкін: 1) енжарлыққа бой ұрған уклон, кейбір жерлерде білінген капитализм тұрақтауын тым ұлғайта дәріптеуден және халықаралық революция қарқынының баяулығынан туатын уклон, халықаралық революцияның баяулылығына қарамастан, ССРО да социалистік қоғам орнату жөнінде қажырлы, үздіксіз жұмыс істеуге жеткілікті жігердің жоқтығы, 2) ұлттық тұйықтыққа бой ұрған уклон, халықаралық пролетарлық революционерлердің міндеттерін ұмытушылық, ССРО тағдырларының баяу түрде болса да дамып келе жатқан халықаралық революцияға тығыз байланысты екенін санасыз менсінбеушілік, дүние жүзіндегі бірінші пролетарлық мемлекеттің өмір сүруіне, нығайып, күшеюіне тек халықаралық қозғалыс қана мұқтаж емес, сонымен қатар ССРО-дағы пролетариат диктатурасы да халықаралық пролетариаттың көмегіне мұқтаж екенін ұғынбаушылық». (РК(б)П XIV конференциясының «Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген пленумына байланысты Коминтерн мен РК(б)П міндеттері туралы» қарары.)

Бұл цитатадан көрініп отырған нәрсе, XIV конференция, бірінші уклон туралы айтқанда, біздің елде социализм құрылысының жеңуіне сенбейтін, троцкистер арасында таралған уклонды айтты. Ал екінші уклон туралы айтқанда, конференция революциямыздың интернационалдық перспективаларын ұмытатын уклонды, халықаралық саясат жөніндегі, кейде тәуелді елдерде «ықпал саласын» орнату позициясына бой ұратын кейбір қызметкерлердің арасында бірсыпыра етек алған уклонды айтты.

Осы екі уклонның екеуін де масқаралап, осы арқылы бүкіл партия және оның Орталық Комитеті осы уклондардың тарапынан төнетін қауіптерге соғыс жариялады.

Фактылар осындай.

Арнаулы баяндамада XIV конференцияның қарарын жақтаған Зиновьевтің кейін осы қарардың жолынан, сонымен бірге ленинизмнің де жолы болып табылатын осы жолдан тайып кетуі қалай? Ленинизмнен тайып кеткеннен кейін, оның сонымен қатар партияға ұлттық тұйықтық жөнінде кісі күлерлік айып таққандығы, ленинизмнен өзінің тайып кеткендігін осы айыптаумен бүркегендігі қалай, — мен бұл фокус туралы, жолдастар, кәзір сіздерге айтып бермекшімін.

4. «ЖАҢА ОППОЗИЦИЯНЫҢ» ТРОЦКИЗМГЕ ӨТУІ

«Жаңа оппозицияның» кәзіргі басшылары Каменев пен Зиновьевтің еліміздегі социализм құрылысы туралы мәселе жөнінде партиямыздың Орталық Комитетімен келіспеушілігі XIV конференция қарсаңында бірінші рет ашық түрге енді. Менің айтып тұрғаным Орталық Комитет Саяси Бюросының конференция қар-

саңында болған бір мәжілісі; мұнда Каменев пен Зиновьев бұл мәселе жөнінде партия жолына ешбір жуыспайтын және негізінде Сухановтың позициясымен үйлесетін өзгеше көзқарасты жақтауға тырысты.

Бұл жөнінде РК(б)П Москва комитеті, Ленинградтың бұрынғы бастықтарының белгілі мәлімдемесіне жауап ретінде, 1925 жылғы декабрьде, яғни 7 ай өткеннен кейін былай деп жазды:

«Таяуда Каменев пен Зиновьев Саяси Бюрода — егер бізді халықаралық революция құтқармаса, техника және экономика жағынан артта қалғандығымыз себепті, біз ішкі қиыншылықтарды жеңе алмаймыз деген көзқарасты қорғады. Ал біз, Орталық Комитеттің көпшілігімен бірге, техника жағынан артта қалғандығымызға қарамастан және оған бой бермей социализмді орната аламыз, орнатып жатырмыз, орнатамыз да деп ойлаймыз. Біз бұл құрылыс дүниежүзілік жеңіс жағдайындағыдан, әрине, анағұрлым баяу жүргізіледі, бірақ солай бола тұрса да біз ілгері басып келеміз және ілгері баса береміз деп ойлаймыз. Дәл сол сияқты, біздің ойымызша, Каменев пен Зиновьевтің көзқарасы біздің жұмысшы табының және оған ерген шаруалар бұқарасының ішкі күшіне сенбеушілікті көрсетеді. Біз бұл көзқарас — лениндік позициядан тайып кеткендік деп білеміз» («Жауапты» қараңыз).

Жолдастар, мен айтып өтуге тиіспін, XIV съездің бірінші мәжілістері кезінде «Правдада» басылған, Москва комитеттерінің осы мәлімдемесін Каменев пен Зиновьев тіпті бекерге шығаруға да әрекеттенген жоқ, сөйтіп олар Москва комитеті таққан айыптардың дұрыс екендігін үнсіз мойындады.

XIV конференцияның өзінде Каменев пен Зиновьев еліміздегі социализм құрылысы туралы мәселе жөнінде партия жолының дұрыс екендігін формалдық түрде мойындады. Олардың бұлай етуге мәжбүр болған себебі, сірә, мынау болса керек: Орталық Комитет

мүшелерінің арасында Каменев пен Зиновьевтің көзқарасын қолдаушылар болған жоқ. Ол-олма, мен жоғарыда айттым, Зиновьев тіпті XIV конференцияда жасаған арнаулы баяндамасында XIV конференцияның белгілі карарын жақтады, жәнеде, өздеріңіз көріпбілдіңіздер, бұл қарар партиямыздың жолын көрсететін қарар болып табылады. Бірақ онан кейінгі оқыйғалар Зиновьев пен Каменевтің XIV конференцияда партия жолын тек формалдық түрде ғана, сырт жағынан ғана қорғағандығын, ал іс жүзінде өз позицияларында қалғандығын көрсетті. 1925 жылғы сентябрьде Зиновьевтің «Ленинизм» деген кітабының жарыққа шығуы бұл жөнінде XIV конференцияда партия жолын қорған Зиновьев пен партия жолынан, ленинизмнен тайып кеткен — троцкизмнің идеялық позициясына көшкен Зиновьевтің арасына шек қоятын «оқыйға» болып табылады.

Өзінің кітабында Зиновьев былай деп жазады:

«Социализмнің түпкілікті жеңуі деп кем болғанда мыналарды ұғу керек: 1) таптарды жою, олай болса, 2) бір таптың диктатурасын, бұл айтылып отырған ретте пролетариат диктатурасын, жою»... «Біздің ССРО-да мәселенің 1925 жылы қандай күйде тұрғандығын бұдан да анығырақ білу үшін, — дейді онан кейін Зиновьев, — екі нәрсені айыру керек: 1) социализмді құрудың қамтамасыз етілген мүмкіндігі, — социализмді құрудың мұндай мүмкіндігі, әлбетте, бір елдің көлемінде де әбден мүмкін деп ойлауға болады және 2) социализмді түпкілікті орнату және баянды ету, яғни социалистік құрылысты, социалистік қоғамды жүзеге асыру» (қараңыз: Зиновьевтің «Ленинизм» деген кітабы, 291 және 293-беттер).

Өздеріңіз көріп отырсыздар, бұл арада бәрі де шатастырылып, асты-үстіне келтірілген. Зиновьевше былай болып шығады: социализмнің бір елде жеңуі

мағнасында алғанда, жеңу дегеніміз социализмді құруға мүмкіндік алу, бірақ оны орнатуға мүмкіндіктің болмауы деген сөз. Орната алмайтыныңды біле тұрып, оны құру деген сөз. Зиновьевтің бір елде социализмнің жеңуі деп атап отырғаны, бақсақ, осы екен. (Күлкі.) Ал социалистік қоғам орнату жайына келетін болсақ, Зиновьев мұны түпкілікті жеңіс туралы мәселемен шатастырып отыр, сөйтіп біздің елде социализмнің жеңуі туралы бүкіл мәселені өзінің мүлде түсінбейтіндігін көрсетіп отыр. Социалистік шаруашылықты орната алмайтыныңды біле тұрып, оны жасауға әрекеттенуің керек екен, — Зиновьев міне осындай сорақылыққа дейін барып отыр.

Мұндай позиция социализм құрылысы туралы мәселеде ленинизмнің негізгі жолына ешбір сәйкес келмейді, мұны айтып жатудың қажеті де жоқ. Мұндай позиция пролетариаттың еліміздегі социализм құрылысына жұмсалатын жігерін әлсіретеді және осы арқылы басқа елдерде революцияны өршітуге бөгет жасайды, сөйтіп интернационализм негіздерінің өзін астан-кестен етеді, мұны айтып жатудың қажеті де жоқ. Мұның өзі троцкизмнің идеялық позициясына тікелей жақындайтын және соған қол беретін позиция болып табылады.

Зиновьевтің 1925 жылғы декабрьде XIV съезде сөйлеген сөздері туралы да осыны айту керек. Яковлевті сынай келіп, XIV съезде ол былай деді:

«Курскіде болған соңғы губерниялық партконференцияда Яковлев жолдастың, мәселен, қаншалық лағып сөйлегенін қараңыздар. Ол: «біз бір елде, капиталистік дұшпандар жан-жағымыздан қоршап отырған кезде, осындай жағдайларда біз бір елде социализм орната аламыз ба?» — деп сұрақ қойды да, бы-

лай деп жауап қайырады: «Барлық айтылғандарға сүйене отырып біз былай деуге праволымыз: біз социализмді құрып қана жатқанымыз жоқ, біз сонымен қатар, әзірінше жалғыз болып отырғанымызға қарамастан, әзірінше дүние жүзіндегі бірден-бір совет елі, бірден-бір совет мемлекеті болып отырғанымызға қарамастан, — біз бұл социализмді орнатамыз» («Курская Правда» № 279, 8 декабрь, 1925 ж.). Осы да мәселені ленинше қою болып па, деп сұрайды Зиновьев, **бұл арада ұлттық тұйықтықтың иісі аңқып тұрған жоқ па?»*** (Зиновьев, XIV партсъезде сөйленген қортынды сөз).

Негізінде партия мен ленинизмнің жолын қорғаған Яковлев ұлттық тұйықтық жөнінде айыпталуға тиісті болып шығады екен. XIV конференцияның белгілі қарарында бекітілген партия жолын қорғаудың өзі — ұлттық тұйықтыққа салынғандық болып шығады екен. Бізде мұны: шерменделік! — деп атайды. Зиновьев көрсетіп жүрген бар фокус, анығында, осында және мұның мәнісі — Зиновьев ленинизмнен өзінің тайып кеткендігін ұлттық тұйықтық жөнінде лениншілдерге кісі күлерлік айып тағумен бүркеуге тырысады.

Сондықтан оппозициялық одақ туралы тезистерде нағыз шындық айтылған, бұл тезистерде «жаңа оппозиция» біздің елде социализмнің жеңу мүмкіндігі туралы негізгі мәселеде, немесе — бұда нақ сол сияқты — революциямыздың сыйпаты мен болашағы туралы мәселеде троцкизмнің жағына өтіп кетті делінген.

Бұл мәселеде Каменев **формалды** жағынан біраз өзгеше жағдайда, мұны осы арада атап көрсету керек. Зиновьевке қарамастан, Каменевтің XIV партконференцияда да, XIV партсъезде де еліміздегі социализм құрылысы туралы мәселеде партия жолына

* Курсив менікі. **И. Ст.**

қосыламын деп ашық мәлімдегені факт. Солай бола тұрса да партияның XIV съезі Каменевтің мәлімдемесін шын демегендіктен қабылдамады, оның сөзіне нанбады, сөйтіп съезд Орталық Комитетінің есебі бойынша алған қарарында оны ленинизмнен айнып кеткен адамдардың тобына жатқызды. Неге? Неге десеңіз, Каменев партия жолына қосылатындығы туралы өз мәлімдемесін іспен дәлелдеуді қаламады, керек деп таппады. Ал өз мәлімдемеңді іспен дәлелдеу дегеннің мәнісі не? Мұның мәнісі — партия жолына қарсы күрес жүргізушілерден қол үзу деген сөз. Партия мынадай бірталай мысалдарды біледі: өзінің партияға қосылатындығы туралы сөз жүзінде мәлімдеген адамдардың, сонымен бірге, партияға қарсы күрес жүргізуші элементтермен саяси достықта болып келген кездері болды. Ленин әдетте мұндай реттерде партияның мұндай «жақтастары» оның дұшпандарынан да жаман дейтін. Мәселен, бір белгілі нәрсе, троцкий империалистік соғыс заманында интернационализм принциптеріне өзінің қосылатындығы және соларға берілгендігі туралы әлденеше рет мәлімдеді. Алайда Ленин сол кезде оны «социал-шовинистердің көмекшісі» деп атады. Неге? Неге десеңіз, Троцкий өзінің интернационализмі туралы мәлімдей отырып, сонымен бірге Каутскийден және Мартовтан, Потресовтан, Чхеидзеден қол үзгісі келмеді. Сондықтан Лениннің пікірі, әрине, дұрыс еді. Сен өз мәлімдемең шын қабылдансын десең, — онда өз мәлімдемеңді іспен дәлелде және партия жолына қарсы күрес жүргізуші адамдармен саяси достығыңды тоқтат.

Міне сондықтан да менің ойымша, социализм құрылысы жөніндегі мәселеде партия жолына қосыла-

тындығы туралы Каменевтің мәлімдемесін шын деп қабылдауға болмайды, өйткені ол өз сөзін іспен дәлелдегісі келмей отыр және троцкистермен одақтас болуын тоқтатпай келеді.

5. ТРОЦКИЙДІҢ СЫЛТАУЫ. СМИЛГА. РАДЕК

Мұның бәрі жақсы да, дұрыс та деушілер болуы мүмкін. Бірақ оппозициялық одақ басшыларының социал-демократиялық уклоннан ленинизмге қарай бетбұруға дайын екенін көрсететін бірді екілі дәлелдер мен документтер жоқ па? Мәселен, Троцкийдің «Социализмге ме әлде капитализмге ме?» деген кітапшасын алайық. Бұл кітап Троцкийдің өзінің принциптік кателерінен бастартуға дайын екендігін көрсететін белгі емес пе? Тіпті кейбіреулер Троцкий бұл кітапшада өзінің принциптік қателерінен шынында да бастартқан немесе бастартуға тырысып отыр деп ойлайды. Мен, күнәкер басым, бұл ретте осы жөнінде біраз сенбестік білдіремін (к ү л к і) және, амал не, мұндай ұйғарындылар шындыққа мүлде үйлеспейтінін айтуға тиіспін.

Мәселен, Троцкийдің «Социализмге ме әлде капитализмге ме?» деген кітабының өте-мөте көрнекті жері мынау:

«Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы (Госплан) ССРО халық шаруашылығының 1925/1926 жылғы «бақылау» цифрлары жөнінде жыйнақ кесте жарыялады. Мұның бәрі өте құрғақ, былайша айтқанда, бюрократиялық үнмен естіліп отыр. Бірақ осы құрғақ санақ бағаналарынан және осыларға арналған нақ сондай құрғақ және сараң дерлік түсініктерден өсіп келе жатқан социализмнің тамаша тарихи музыкасы естіледі» (Л. Троцкий, «Социализмге ме әлде капитализмге ме?». «Жоспарлы Шарушылық» баспасы, 1925 ж., 1-бет)

«Өсіп келе жатқан социализмнің тамаша тарихи музыкасы» деген не сөз? Тегі осы сөйлемде әлденендей бір мағна болатын болса, осы «тамаша» сөйлемнің мағнасы қандай? Мұнда біздің елде социализмнің жеңу мүмкіндігі туралы мәселеге арналған жауаптың өзі, тым болмаса жауаптың емеуріні бар ма? Өсіп келе жатқан социализмнің тарихи музыкасы туралы біз буржуазияны құлатқан 1917 жылы да, біз интервенционистерді елімізден аулақ қуып тастаған 1920 жылы да әңгіме етуге болатын еді, өйткені мұның өзі, шынында да, өсіп келе жатқан социализмнің тамаша тарихи музыкасы еді, ол кезде біз, 1917 жылы буржуазияны құлатып және интервенционистерді аулақ қуып тастап, еліміздегі өсіп келе жатқан социализмнің күші мен қуатын сыйпаттайтын тамаша фактыларды бүкіл дүние жүзіне көрсетіп бердік. Бірақ еліміздегі жеңімпаз социализм құрылысының мүмкіндігі туралы мәселеге мұның әйтеуір бір қатнасы бар ма және қатнасы бола алмақ па? Біз, дейді Троцкий, — социализмге қарай қадам баса аламыз. Бірақ социализмге жете аламыз ба, — мәселе міне осында. Социализмге жете алмайтыныңды біле тұрып қадам басу, — мұның өзі ақмақтық емес пе? Жоқ, жолдастар, Троцкийдің музыка туралы және басқалар туралы «тамаша» сөйлемі мәселеге жауап емес, тек мәселеден адвокатша жалтарып, «музыкалық» сылтау табу болып табылады. (Орындардан дауыс: «Дұрыс!».)

Менің ойымша, Троцкийдің осы тамаша және музыкалы сылтауын ленинизмге анықтама беру туралы мәселедегі оның сылтауымен қатар қоюға болады, бұл анықтаманы Троцкий кезінде өзінің «Жаңа бағыт»

деген кітапшасында берген болатын. Тыңдап қарасаңыздар болмас па екен:

«Ленинизм, революциялық қыймылдың системасы ретінде, ақыл-оймен және тәжрибемен жетілген революциялық зеректікті көрсетеді, ал мұның өзі қоғамдық салада — қара күш еңбегіндегі бұлшық ет түйсігімен бірдей» (Л. Троцкий, «Жаңа бағыт». «Красная Новь» баспасы, 1924 ж., 47-бет).

Ленинизм — «қара күш еңбегіндегі бұлшық ет түйсігі» екен. Рас емес пе — әрі жаңа, әрі тың, әрі терең мағналы. Сіздер еш нәрсе түсіндіңіздер ме? (Күлкі.) Мұның бәрі өте әсем, музыкалы және, керек десеңіздер, тіпті тамаша. Тек бір «ұсақ» кемістігі бар: ленинизмге ұғымды тілмен, адамша анықтама бермеген.

Ленин Троцкий туралы, мәселен, мынадай, жанға батымды, шын сөздерді жазғанда, Троцкийдің музыкалы сөйлемге осылайша ерекше елігіп кететін кездерін ескеріп жазған болатын:

«Жылтырағанның бәрі алтын емес. Троцкийдің сөйлемдерінде жылтыр, даурықпалы сөздер көп-ақ, бірақ бұларда мазмұн жоқ» (қараңыз: XVII том, 383-бет).

Троцкийдің 1925 жылы жарыққа шыққан, «Социализмге ме әлде капитализмге ме?» деген кітапшасының жайы осылай.

Кейініректегі уақытты, мәселен, 1926 жылды алсақ, біз Троцкий қол қойған, 1926 жылғы сентябрьдегі документті көреміз, бұл документ партия теріске шығарған өз көзқарасында Троцкийдің бұрынғыша қалып отырғандығы жөнінде ешқандай күмән қалдырмайды. Менің айтып тұрғаным Троцкийдің оппозиционерлерге жазған хаты.

Бұл документтерде былай делінген:

«Ленинградтық оппозиция деревняның жіктелуін бүркеушілік жөнінде, кулактың өсуі және оның тек шаруашылықтың стихиялық процестеріне ғана емес, сонымен қатар Совет өкіметінің саясатына да жасайтын ықпалының өсуі жөнінде уақтылы дабыл қақты; біздің өз партиямыздың қатарында, Бухариннің қамқорлығы арқасында, шаруашылығымыздағы ұсақбуржуазиялық стихияның қысымын айқын көрсететін теориялық мектеп құрылғандығы жөнінде дабыл қақты; ленинградтық оппозиция *ұлттық тұйықтықты теория жүзінде ақтау болып табылатын, бір елдегі социализм теориясына үзілді-кесілді қарсы шықты*»...* (Партия ішіндегі жағдай туралы мәселе жөнінде БК(б)П Орталық Комитеті Саяси Бюросының 1926 жылы 8 және 11 октябрьде болған мәжілістерінің стенограммасына тіркелген қосымшалардан).

Троцкий қол қойған осы документте бәрі де айтылған: «Жаңа оппозиция» басшыларының ленинизмнен троцкизмге ауып кеткендігі де, Троцкийдің біздің партиядағы социал-демократиялық уклон болатын өзінің ескі позицияларында бұрынғыша бүтіндей және толығынан қалып отырғандығы да айтылған.

Ал енді оппозициялық одақтың басқа басшылары, мәселен Смилга немесе Радек қалай? Менің ойымша, бұлар да оппозициялық одақтың басшылары болып табылады. Смилга мен Радек, — бұлар қалай басшы болмасын? Бұлар еліміздегі социализм құрылысы туралы мәселеде партияның позициясын, ленинизмнің позициясын қалай бағалайды?

Мәселен, Смилга 1926 жылы сентябрьде Комакадемияда былай деді:

«Мен кесіп айтамын, — дейді Смилга, — ол (Бухарин. И. Ст.) қалпына келтіру идеологиясының шырмауында бүтіндей қалып отыр, ол еліміздің экономика жағынан артта қалғандығы Россия-

---

* Курсив менікі. И. Ст.

да социалистік құрылыс орнату үшін бөгет бола алмайтындығы дәлелденген нәрсе деп есептейді... Менің ойымша, біз, сөз жоқ, социалистік құрылыспен шұғылдана отырып, социализмді құрып жатырмыз. Бірақ мынадай сұрақ туады: қалпына келтіру дәуірі **техника жағынан артта қалған бір елде социализм орнату мүмкін емес дейтін марксизм мен ленинизмнің орталық пунктін тексеру үшін, ревизиялау үшін дәлел бола ала ма»*** (Смилга, бақылау цифрлары туралы мәселе жөнінде 1926 ж. 26 сентябрьде Комакадемияда сөйленген сөз).

Көріп отырсыздар, бұл да революциямыздың сыйпаты мен болашағы туралы негізгі мәселеде бүтіндей Суханов мырзаның позициясымен үйлесетін «позиция». Смилганың позициясы Троцкийдің позициясына, мен социал-демократиялық уклонның позициясы деп атаған, осылай деп өзім дұрыс атаған позицияға, әбден сәйкес келетіндігі рас емес пе? (Д а у ы с т а р: «Дұрыс!».)

Оппозициялық одақты Смилганың осындай сөздеріне жауапты деп есептеуге бола ма? Болады да, керек те. Оппозициялық одақ қай кезде болсын Смилгадан іргені аулақ салуға әрекеттенді ме? Жоқ, әрекеттенген емес. Керісінше, оның өзі Смилганы Комакадемияда сөйлеген сөздерінде барынша көтермелеп отырды.

Ал енді Комакадемияда Смилгамен бірге сөз сөйлеген және онда біздің «пәре-пәремізді» шығарған екінші бір басшыны, Радекті алайық. (К у л к і.) Біздің қолымызда елімізде социализм орнату жөніндегі теорияны Радектің мазақтап, қорлағанын ыспаттайтын документ бар; Радек бұл теорияны «бір уезде», немесе тіпті «бір көшеде» социализм орнатудың теориясы деп атапты, оның бержағында сонда отырған

* Курсив менікі. *И. Ст.*

жолдастардың бұл теория «лениндік идея ғой» деген репликасына Радек былай деп жауап қайырыпты:

«Сіздер Ленинді нашар оқығансыздар; егер Владимир Ильич тірі болған болса, ол мұның өзі — щедриндік идея деген болар еді. Щедриннің «Помпадурларында» бір уезде либирализм орнатқысы келетін бірден-бір помпадур бар» (Радектің Комакадемияда сөйлеген сөзі).

Бір елде социализм орнату идеялары жөніндегі Радектің осы сұрқиялық және либералдық мазақтауын ленинизмнен толық қол үзгендік демей, басқаша атауға бола ма? Оппозициялық одақ Радектің осы сұрқиялығына жауапты ма? Сөзсіз, жауапты. Онда оппозициялық одақ одан іргесін неге айырмайды? Неге десеңіз, оппозициялық одақ ленинизмге жат өз позициясынан кеткісі келмейді.

6. ҚҰРЫЛЫСЫМЫЗДЫҢ БОЛАШАҒЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІҢ ШЕШУШІ МАҢЫЗЫ

Революциямыздың сыйпаты мен болашағы туралы барлық осы таластардың не керегі бар, келешекте не болатындығы немесе келешекте не болуы мүмкін екендігі туралы таластардың не керегі бар, онан да осы таластардың бәрін былай қойып, практикалық жұмыспен шұғылданған жақсы емес пе? — деп сұраушылар болар.

Жолдастар, мен мәселені бұлайша қою тіпті дұрыс емес деп есептеймін.

Біз қайда қозғалу керек екенін білмейінше, қозғалыстың мақсатын білмейінше, алға баса алмаймыз. Біз социалистік шаруашылықты құра бастағаннан кейін оны орната аламыз деп болжамайынша, осыған сенбейінше, құрылыс жұмысын жүргізе алмаймыз.

Айқын нысаналары, айқын мақсаттары болмайынша, партия құрылысқа басшылық ете алмайды. Біз Бернштейннің: «Бар керегі — қозғалыс, мақсат деген — түк емес» деген рецепті бойынша өмір сүре алмаймыз. Қайта, біз революционерлер болғандықтан, өзіміздің ілгерілеген қозғалысымызды, өзіміздің практикалық жұмысымызды — пролетарлық құрылыстың негізгі таптық мақсатына бағындыруға тиіспіз. Бұлай етпейінше — біз, қалайда және сөзсіз, оппортунизмнің батпағына батып қаламыз.

Сонсын. Құрылысымыздың болашағын айқын болжамайынша, социализмді орнататындығына сенбейінше жұмысшылар бұқарасы бұл құрылысқа саналы түрде қатыса алмайды, олар шаруаларға саналы түрде басшылық ете алмайды. Социализмді орнататындығына сенбейінше, социализм құрылысына деген ынта-жігердің болуы мүмкін емес. Орната алмайтынын біле тұрып, құрылыс жүргізуді кім қалайды дейсіз? Сондықтан құрылысымыздың социалистік нысаналарының болмауы пролетариаттың осы құрылыс жөніндегі ынта-жігерін қалай да, сөзсіз әлсіретеді.

Онан кейін. Пролетариаттың социализм құрылысы жөніндегі ынта-жігерінің әлсіреуі шаруашылығымыздағы капиталистік элементтердің күшеюіне себепкер болмай қоймайды. Өйткені социализм орнату дегеннің мәнісі шаруашылығымыздағы капиталистік элементтерді жеңу деген сөз болмағанда не болмақ. Жұмысшы табының ішіндегі саруайым, үмітсіздік ниеттер капиталистік элементтердің ескі тәртіптерді қайта орнату жөніндегі үміттерін өршітпей қоймайды. Кімде-кім құрылысымыздың социалистік нысаналарының шешуші маңызын бағаламайтын болса, ондай адам

шаруашылығымыздағы капиталистік элементтерге көмектеседі, ондай адам капитулянттікті өршітеді.

Ақырында, пролетариаттың шаруашылығымыздағы капиталистік элементтерді жеңу жөніндегі ынта-жігерінің әлсіреуі, социалистік құрылысымызды бөгеумен бірге, барлық елдерде халықаралық революцияның өршуіне бөгет болмай қоймайды. Мынаны ұмытуға болмайды: дүниежүзілік пролетариат біздің шаруашылық құрылысымызға және осы майдандағы табыстарымызға үмітпен қарайды, бізді осы күресте жеңіп шығады, социализм орнату қолдарынан келеді деп үміттенеді. Батыстан бізге сансыз жұмысшы делегацияларының келуі және құрылысымыздың әрбір түкпірін байқап көруі құрылыс майданындағы күресіміздің революцияландырғыш маңызы жағынан барлық елдердің пролетарлары үшін зор халықаралық маңызы бар екендігін көрсетеді. Кімде-кім құрылысымыздың социалистік перспективаларын тежеуге әрекеттенсе, ондай адам халықаралық пролетариаттың біздің жеңуімізге артқан үміттерін сөндіруге әрекеттенеді, ал кімде-кім бұл үміттерді сөндірсе, ондай адам пролетарлық интернационализмнің элементарлық талаптарын бұзады. Лениннің былай дегені мың мәртебе дұрыс еді:

«Халықаралық революцияға біз қазір әсеріміздің денін шаруашылық саясатымыз арқылы тигізіп отырмыз. Жұрттың бәрі де, дүниежүзіндегі барлық елдердің еңбекшілері, ешбір аласыз және ешбір асырмай айтқанда, тегісінен Советтік Россия республикасына қарап отыр... Осы майдандағы күрес бүкіл дүниежүзілік көлемге көшіріліп отыр. Біз бұл міндетті шешсек — халықаралық көлемде сөзсіз және түпкілікті ұтқанымыз. Сондықтан шаруашылық құрылысындағы мәселелердің маңызы біз үшін ерекше зор болып отыр. Бұл майданда біз жайлап, бірте-бірте,—

тездетуге болмайды, — бірақ үздіксіз жоғарылаумен және ілгері басумен жеңуіміз керек»* (қараңыз: XXVI том, 410 — 411-беттер).

Міне сондықтан да менің ойымша, елімізде социализмнің жеңу мүмкіндігі туралы мәселе жөніндегі таластарымыздың аса зор маңызы бар, өйткені жұмысымыздың болашағы туралы, бұл жұмыстың таптық мақсаттары туралы, бұл жұмыстың таяу уақыттағы негізгі бағыты туралы мәселенің шешілуі осы таластар арқылы шыңдалып, анықталады.

Міне сондықтан да менің ойымша, құрылысымыздың социалистік болашағы туралы мәселенің біз үшін өте үлкен маңызы бар.

7. ОППОЗИЦИЯЛЫҚ ОДАҚТЫҢ САЯСИ БОЛЖАЛЫ

Оппозициялық одақтың саяси болжалы олардың революциямыздың сыйпаты мен болашағы туралы негізгі қатесінен туып отыр.

Халықаралық революция кешеуілдеп отыр, ал біздің революцияның ішкі күштеріне сенушілік оппозицияда жоқ, сондықтан оның алдында тұрған екі болжал бар:

не партия мен мемлекеттік аппарат азғындамақ, коммунизмнің «таңдаулы элементтері» (яғни оппозиция) өкімет басынан кетпек, сөйтіп осы элементтерден жаңа, «таза пролетарлық» партия құрылмақ, бұл партия ресми, «таза» пролетарлық емес партияға қарсы оппозицияда болмақ (Оссовскийдің болжалы);

не өзінің шыдамсыздығын шындыққа балау әрекеттері, капитализмнің шінара тұрақтауын мойында-

* Курсив менікі. **И. Ст.**

мау және ішкі саясат саласына да (қалыптан тыс индустриализация), сыртқы саясат саласына да («әсіре солшылдық» сөздер мен ишараттар) «адам айтқысыз», «ерлікпен» шапшып, баса-көктеп ену әрекеттері болмақ.

Менің ойымша, Оссовский барлық оппозиционерлердің ішіндегі ең батыл, ең жүректі оппозиционер болып табылады. Егер оппозициялық одақтың жүректілігі мен табандылығы жеткілікті болған болса, онда оның өзі Оссовскийдің жолына түсуге тиісті болған болар еді. Бірақ оппозициялық одақта табандылық та, жүректілік те жеткілікті емес, сондықтан оның өзі екінші болжалдың жолына, өмірдің объективтік беталыс саласына «адам айтқысыз» шапшып, «ерлікпен» баса-көктеп ену жолына түсіп кетіп отыр.

Капитализмнің шінара тұрақтауын мойындамаушылық, Батыстағы кәсіпшілер одақтарынан қашықтау немесе тіпті шығып кету ұранын көтеру, Ағылшын-Орыс комитеттерін талқандауды талап ету, елімізді айналасы жарты жылдың ішінде индустрияландыруды талап ету, т. т. осыдан келіп шығады.

Оппозициялық одақтың саясаттағы авантюризмі осыдан келіп шығады.

Осыған байланысты оппозициялық одақтың бізде, біздің елде, елімізді индустрияландыру ісінде шаруалардан аттап өту туралы, әсіресе Англиядағы ереуілге байланысты, сонау Батыстағы кәсіпшілер одақтарының реакцияшылдығынан аттап өту туралы теориясы (Троцкизмнің теориясы да — осы) ерекше маңыз алады.

Оппозициялық одақтың ойынша, егер партия дұрыс жол белгілеген болса, партияның сол сағатта, де-

реу бұқаралық партия болуы үшін, партияның бұқараны сол сағатта, дереу шешуші ұрыстарға бастауы үшін осының өзі-ақ әбден жеткілікті сыякты. Бұқараға басшылық ету мәселесіне бұлайша караудың өзі ленинизм позициясына ешбір сәйкес келмейтінін оппозициялық одақ түсінбей отыр.

Лениннің советтік революция туралы 1917 жылдың көктемінде ұсынған Апрель тезистері дұрыс па еді?[89] Я, дұрыс еді. Ленин ол кезде Керенскийдің үкіметін дереу құлатуға неге шақырмады? Сол кезде Уақытша үкіметті дереу құлату керек деп ұран тастаған, партияның ішіндегі «әсіресолшыл» топтарға карсы ол неге күресті? Неге десеңіз, революция жасау үшін партия жолының дұрыс болуы жеткіліксіз екенін Ленин білді. Неге десеңіз, революция жасау үшін тағы бір жағдайдың болуы қажет екенін, атап айтканда, бұқара, қалың жұмысшылар бұқарасы партия жолының дұрыстығына өз басының тәжрибесі аркылы көз жеткізуі қажет екенін Ленин білді. Ал бұл үшін, өз ретінше, уакыт қажет, партияның бұқара арасында дамылсыз жұмыс жүргізуі, партия жолының дұрыстығына бұқараның көзін жеткізу жөнінде дамылсыз жұмыс жүргізу қажет. Дәл сондықтан да Ленин, өзінің революциялық Апрель тезистерін ұсына отырып, сонымен қатар осы тезистердің дұрыстығын жақтап бұқара арасында «сабырлы» насихат жүргізу туралы ұранды да ұсынды. Осындай сабырлы жұмысқа ол кезде 8 ай кетті. Бірақ бұл айлар революциялық айлар болды, бұлар, ең болмағанда, кәдімгі «конституциялық» заманның жылдарына тең. Октябрь революциясында біздің ұтып шыққан себебіміз — партияның дұрыс жолы мен бұл жолдың дұрыстығын бұқараның

танып білуі арасындағы айырманы ажырата білдік. «Адам айтқысыз» шапшулардың оппозициялық батырлары осыны түсінбейді, түсінгілері келмейді.

Англиядағы ереуіл дәуірінде ағылшын компартиясының позициясы дұрыс па еді? Я, негізінде ол дұрыс еді. Ал ағылшынның миллиондаған жұмысшылар бұқарасын оның бірден өз соңына ертіп әкете алмаған себебі не? Оның себебі — ол қысқа мерзімнің ішінде өз жолының дұрыстығына бұқараның көзін жеткізіп үлгірмеді, үлгіре алмады да. Оның себебі — партияның дұрыс жолын белгілеу мен партияның миллиондаған бұқараны өз соңына ертіп әкетуінің арасында белгілі аралық бар, азды-көпті ұзақ аралық бар; партия бұл аралықтың ішінде өз саясатының дұрыстығына бұқараның көзін жеткізу жөнінде дамылсыз жұмыс жүргізуге тиісті. Бұл аралықтан аттап өтуге болмайды. Бұдан аттап өтуге болады деп ойлау ақмақтық. Бұқараға саяси білім беру жөніндегі сабырлы жұмыс арқылы ғана бұл аралықты жойып, арылтуға болады.

Оппозициялық одақ бұқараға ленинше басшылық етудің осы ең онай ақиқаттарын түсінбей отыр, оның саяси қателерінің тамырларының бірін міне осыдан іздеу керек.

Троцкийдің «адам айтқысыз» шапшу және жанталасқан ишараттар саясатының көптеген үлгісымақтарының бірі мынау:

«Россия пролетариаты, — деген еді Троцкий бір кезде, — біздің буржуазиялық революцияның уақытша жағдайларының нәтижесінде ғана болса да, өкімет басына келгеннен кейін дүниежүзілік реакцияның тарапынан ұйымдасқан дұшпандыққа, ал дүниежүзілік пролетариаттың тарапынан ұйымдасқан қолғабыс

иетіне кездеседі. Өз күшіне ғана сыйынуға тиісті болған Россия жұмысшы табын шаруалар одан сырт айналып кеткен кезде, контрреволюция сөзсіз жаныштайтын болады. Өзінің саяси үстемдігінің тағдырын, демек, бүкіл россиялық революцияның тағдырын Европадағы социалистік революцияның тағдырымен байланыстырудан басқа онда ешбір ылаж қалмайды. Россиялық буржуазия революциясының уақытша жағдайлары арқылы берілетін орасан мемлекеттік-саяси күшін ол бүкіл капиталистік дүниенің тап күресінің таразысына салады. Қолында мемлекеттік билігі бар, сыртында контрреволюция, қарсы алдында европалық реакция тұрған жұмысшы табы бүкіл дүние жүзіндегі өз туыстарына: «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген ескі үндеу ұранды таратады, бұл ұран енді ақырғы шабуыл ұраны болады»* (Троцкий, «Қортындылар мен перспективалар», 80-бет).

Көрдіңіздер ме: пролетариат, бақсақ, Россияда өкіметті алуға тиісті екен, бірақ өкіметті алғаннан кейін, ол шаруалармен сөзсіз төбелесуге тиісті екен, міне сөйтіп, шаруалармен төбелескеннен кейінгі жерде, «сыртында контрреволюция», қарсы алдында «европалық реакция» тұрған пролетариат дүниежүзілік буржуазиямен жанталаса шайқасу үшін ұмтылуға тиісті екен.

Мұнда, Троцкийдін осы «схемасында» бірталай «музыкалы», «адам айтқысыз» және «сұмдық тамаша» нәрселер бар, — бұған, бәлкім, қосылуға болар. Бірақ мұнда марксизм де, революцияшылдық та жоқ, біз мұнда тек революция жөніндегі мағнасыз ойыншықты және саясаттағы авантюризмді көріп отырмыз, — бұл жөнінде де күмән болмасқа тиіс.

Ал оның бержағында, ешбір күмәнсіз нәрсе, Троцкийдің бұл «схемасы» оппозициялық одақтың кәзіргі

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

саяси перспективаларының тікелей көрінісі, қозғалыстың кәдеге асудан қалмаған формаларынан «аттап өту» жөніндегі троцкистік теорияның нәтижесі мен жемісі болып табылады.

III

ОППОЗИЦИЯЛЫҚ ОДАҚТЫҢ САЯСИ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚАТЕЛЕРІ

Оппозициялық одақтың саяси және ұйымдастыру қателері революциямыздың сыйпаты мен болашағы туралы негізгі мәселедегі оның басты қатесінің жалғасы болып табылады.

Оппозицияның саяси және ұйымдастыру қателері туралы әңгіме еткенде, мен пролетариаттың шаруашылық құрылысындағы гегемониясы туралы мәселе, индустриализация мәселесі, партиялық аппарат пен партия «тәртібі» туралы мәселе, т. с. сияқты мәселелер жөнінде айтпақшымын.

Партия жалпы өз саясатында, әсіресе экономикалық саясатында мынаған сүйенеді: индустрияны ауыл шаруашылығынан бөліп тастауға болмайды, шаруашылықтың осы негізгі екі тарауын оларды ұштастыру бағытында, оларды социалистік шаруашылық етіп біріктіру бағытында дамыту керек.

Еңбекшілер бұқарасының, оның ішінде индустрияны өркендетудің негізгі базасы ретіндегі негізгі шаруалар бұқарасының да материалдық хал-жайын үздіксіз жақсарту арқылы елімізді индустрияландырудың біздегі, социалистік әдісі осыдан келіп шығады. Мен еңбекшілер топтарының миллиондаған бұқарасын қайыршыландыру арқылы жүрігізілетін индустриялан-

дырудың капиталистік әдісінен өзгеше, индустрияландырудың социалистік әдісі туралы айтып тұрмын.

Индустрияландырудың капиталистік әдісінің негізгі кемістігі неде? Негізгі кемістігі — бұл әдіс индустрияландыру мүдделерін еңбекшілер бұқарасының мүдделерінен айырып әкетеді, елдегі ішкі қыйыншылықтарды шиеленістіреді, жұмысшылар мен шаруалардың миллиондаған бұқарасын қайыршылыққа ұшыратады, түскен пайданы ел ішіндегі қалың бұқараның материалдық және мәдени хал-жайын жақсарту үшін емес, капиталды шетке шығарып, ел ішінде және ел сыртында капиталистік қанаудың базасын ұлғайту үшін жұмсатқызады.

Индустрияландырудың социалистік әдісінің негізгі артықшылығы неде? Негізгі артықшылығы — бұл әдіс индустрияландыру мүдделері мен халықтың еңбекшілер топтарының негізгі бұқарасының мүдделерін біріктіреді, негізгі артықшылығы — бұл әдіс миллиондаған бұқараны қайыршылыққа ұшыратпайды, қайта осы бұқараның материалдық хал-жайын жақсартады, ішкі қайшылықтарды шиеленістірмейді, қайта бұл қайшылықтарды жеңіп, жояды, негізгі артықшылығы — бұл әдіс ішкі рынокті үздіксіз ұлғайтып, бұл рыноктің аумағын арттырады, сөйтіп, индустрияны өркендету үшін мықты ішкі база жасайды.

Шаруалардың негізгі бұқарасы индустрияландырудың социалистік жолдарын тікелей көздейтін себебі осыдан.

Жалпы социалистік құрылыс ісінде, жеке алғанда елімізді индустрияландыру ісінде шаруалар жөнінде пролетариат гегемониясы жүзеге асырылуының мүмкіндігі және оның қажет болатын себебі осыдан.

Социалистік индустрияны шаруа шаруашылығымен ұштастыру, ең алдымен шаруаларды жаппай кооперацияландыру арқылы ұштастыру идеясының туған себебі, индустрияның ауыл шаруашылығына жетекшілік ролі жөніндегі идеяның туған себебі осыдан.

Біздің салық саясатымыздың, өнеркәсіп товарларының, т. т. бағасын арзандату саясатының, пролетариат пен шаруалардың экономикалық ынтымағын сақтау мүдделерін, жұмысшылар мен шаруалардың одағын нығайту мүдделерін көздейтін осы саясаттардың жүргізіліп отырған себебі осыдан.

Оппозициялық одақ, керісінше, индустрияны ауыл шаруашылығына қарсы қоюға сүйенеді және индустрияны ауыл шаруашылығынан айырып әкету жолына бой ұрады. Ауыл шаруашылығының мүдделерін елеусіз қалдыра отырып, бұл мүдделерді бұза отырып индустрияны ілгері бастыруға болмайтынын ол түсінбей, мойындамай отыр. Егер индустрия халық шаруашылығының жетекші негізі болатын болса, онда ауыл шаруашылығы, өз ретінше, белгілі база екендігін, ал біздің индустрия осының негізінде өркендей алатынын ол түсінбей отыр.

Шаруа шаруашылығына «отар» ретінде қараудың, мұны пролетарлық мемлекет «қанауға» тиіс (Преображенский) деп білушіліктің себебі осыдан.

Өнімді егіннен қорқушылықтың (Троцкий) себебі осыдан; ал өнімді егін біздің экономикамызды кері кетірерлік күш болып табылады-мыс.

Оппозициялық одақтың өзгеше саясат ұстап отырған себебі, индустрия мен ауыл шаруашылығы арасындағы ішкі қайшылықтарды шиеленістіру жолына, елімізді индустриялнадыруда капиталистік әдістерді

қолдану жолына бой ұратын саясат ұстап отырған себебі осыдан.

Мәселен, оппозициялық одақ басшыларының бірі болып табылатын Преображенскийді тыңдап көрсеңіздер болмас па екен? Өз мақалаларының бірінде ол былай дейді:

«Өндірісті социалистік жолмен ұйымдастыруға көшуші белгілібір ел экономика жағынан неғұрлым артта қалған, ұсақбуржуазиялық шаруалық ел болса... — социалистік қор жыйнау ісі шаруашылықтың социализмнен бұрынғы формаларын қанауға сүйенуге соғұрлым көбірек мәжбүр болады... Керісінше, өзінде әлеуметтік революция жеңетін белгілібір ел экономика және индустрия жағынан неғұрлым өркендеген ел болса... бұл елдің пролетариаты үшін өз өнімдерін отарлардың өнімдеріне айырбастаудың эквивалентсіздігін кеміту, яғни соңғыларды қанауды кеміту неғұрлым қажет болатын болса, — социалистік қор жыйнаудың салмағы социалистік формалардың өндірістік негізіне соғұрлым көбірек ауысатын болады, яғни өз өнеркәсібінің және өз егіншілігінің қосымша өніміне сүйенетін болады» (Е. Преображенский, «Социалистік қор жыйнаудың негізгі заңы» деген мақала, «Вестник Комакадемии», 1924 ж., № 8).

Преображенскийдің еліміздегі индустриямыздың мүдделері мен шаруа шаруашылығының арасындағы бітіспес қайшылықтар жолына бой ұрып отырғандығын, — демек, индустрияландырудың капиталистік әдістерінің жолына бой ұрып отырғандығын дәлелдеп жатудың қажеті бола қоймас.

Менің ойымша, Преображенский, шаруа шаруашылығын «отарға» теңеп, пролетариат пен шаруалар арасындағы қатнастарды қанау қатнастары ретінде жүргізуге әрекеттеніп, — осы арқылы, өзі де аңдамастан, ықтымал социалистік индустриализация атаулының негіздерін бұзады, бұзуға әрекеттенеді.

Бұл саясат индустриализация ісін пролетариат пен шаруалар арасындағы экономикалық ынтымақ негізінде жүргізуді көздейтін партияның саясатына ешбір үйлеспейді деп мен кесіп айтамын.

Троцкий туралы да дәл осыны, немесе осыған жуықтата, айту керек; ол «өнімді егіннен» қорқады және, тәрізі, өнімді егін еліміздің шаруашылығын дамыту жағынан алып қарағанда қауіпті нәрсе деп ойлайтын болса керек. Мәселен, апрель пленумында ол былай деді:

«Бұл жағдайларда (Троцкий қазіргі кездегі диспропорция жағдайлары туралы айтып отыр. И. Ст.) **өнімді егін,** яғни ауыл шаруашылығының товарлы астығының потенциялық мөлшерінің өсуі **шаруашылықты социализмге қарай дамыту қарқынын тездетпейтін, қайта, керісінше, экономиканы кері кетіретін фактор** бола алады, мұның өзі қала мен деревня арасындағы, ал қаланың өз ішінде — тұтынушылар мен мемлекет арасындағы қатнастарды шиеленістіріп жібереді. **Практика жүзінде** айтқанда, **өнімді егін** — өнеркәсіп товарларының жоқ кезінде, — дәнді көп **мөлшерде самогон шығару үшін пайдалануға және қаланың мұқтаждығын күшейтуге** себепкер болады. Саясат жүзінде мұның өзі шаруалардың сыртқы сауда **монополиясына қарсы, яғни социалистік өнеркәсіпке қарсы күресін өршітеді».*** (Орталық Комитеттің апрель пленумы мәжілістерінің стенограммасы, Рыковтың қарар жобасына Троцкийдің түзетулері, 164-бет).

Троцкийдің пікірінің мейлінше теріс екендігін түсіну үшін Троцкийдің осы тым өрескел пікірін Ленин жолдастың товар тапшылығы қатты шиеленіскен кезде айтқан, өнімді егін «мемлекеттің құтқарғышы»[90] болып табылады деген пікірімен салыстырып өтсе болғаны.

---

* Курсив менікі. — **И. Ст.**

Троцкий, тәрізді, біздегі индустрияландыру ісі деревняның еңбекшілер бұқарасының материалдық халжайын бірте-бірте жақсарту арқылы ғана дамый алады деген қағыйданы мойындамайтын көрінеді.

Троцкий, тәрізі, бізде индустрияландыру ісі, былайша айтқанда, біраз «нашар егін» арқылы жүзеге асырылуы керек деген пікірге сүйенетін көрінеді.

Оппозициялық одақтың товардың босатылар бағасын көтеру, шаруаларға салық арқылы қысым жасау т. т. жөнінде практикалық ұсыныстар енгізген себебі осыдан, ал бұл ұсыныстар пролетариат пен шаруалар арасындағы экономикалық ынтымақты нығайтпайды, қайта оны бұзады, шаруашылық құрылыс саласында пролетариат гегемониясы үшін жағдайлар әзірлемейді, қайта бұл жағайларды бұзады, индустрияны шаруа шаруашылығымен байланыстырмайды, қайта бұлардың арасын айырады.

Шаруалардың жіктелуі туралы бірнеше сөз. Жіктелудің өсуі жөнінде оппозицияның айқай-шу көтеріп, үрейленгені жұрттың бәріне белгілі. Деревняда жеке меншікті ұсақ капиталдың өсуі жөнінде үрейшілдікті оппозициядай ешкім де өршіткен емес. Алайда, іс жүзінде не болып отыр? Іс жүзінде былай болып отыр.

Біріншіден, шаруалардың жіктелуі, фактылардың көрсетуіне қарағанда, бізде мүлде өзгеше формаларда жүріп отыр, атап айтқанда — орташаның «екшелуі» арқылы емес, қайта, керісінше, оның күшеюі арқылы жүріп отыр, ал ұшқары полюстер едәуір тарылып отыр, оның бержағында жерді национализациялау, шаруаларды жаппай кооперациландыру, біздің салық саясатымыз т. т. сыяқты факторлар жіктелудің өзі үшін белгілі шек, белгілі тежеу жасамай қоймайды.

Екіншіден, — және ең бастысы, — индустриямыздың дамуы сыякты шешуші факт деревняда жеке меншікті ұсақ капиталдың өсуінің есесін кайтарып, одан асып түсіп отыр, ал индустрия пролетариаттың позициясы мен шаруашылықтың социалистік формаларының позициясын нығайтады және жеке меншікті капиталдың барлық, әралуан формаларына карсы құрал болып табылады.

Осы жағдайлардың бәрі, тәрізі, «жаңа оппозицияның» көзіне ілінбеген көрінеді, өйткені мұның өзі, бұрынғы калпынан жазбастан, деревнядағы жеке меншікті капитал жөнінде даурығып, үрейшілдік туғызуын коймай келеді.

Лениннің бұл жөнінде айткан сөздерін оппозицияның есіне салса, бәлкім, артык болмас. Бұл жөнінде Ленин жолдас былай дейді:

«Ірі өндіріс жағдайының әрбір жаксаруы, кейбір ірі фабрикаларды жүргізу мүмкіндігі — пролетариаттың жағдайын нығайтатыны соншалык, ұсақ буржуазияның стихиясынан, тіпті өсіп келе жаткан болса да, коркудың кажеті жоқ. Ұсақ буржуазия мен ұсақ капиталдың өсуінен корыкпау керек. Сұрапыл аштык, жоқшылық, өнім тапшылығы халінің тым ұзакка созылуынан корку керек; осындай халдің салдарынан пролетариат толык әлсіздікке ұшырайды, оның ұсақ буржуазиялық толкудың, торығудың стихиясына төтеп беруі мүмкін болмайды. Мұның өзі анағұрлым коркынышты. Өнім мөлшері артканда ұсақ буржуазияның ешкандай дамуы үлкен кемістік болмайды, өйткені мұның өзі ірі өнеркәсіпті дамыта түседі»... (караңыз: XXVI том, 256-бет).

Деревнядағы жіктелу және жеке меншікті капитал жөніндегі үрейшілдік еліміздегі жеңімпаз социализм құрылысының мүмкіндігіне сенбеушіліктің екінші жағы екенін оппозиционерлердің түсінетін кезі болар ма екен.

Партия аппараты мен партиядағы «режимге» қарсы оппозицияның күресі туралы бірнеше сөз.

Партиямыздың жетекші ұйтқысы болып табылатын партия аппаратына қарсы оппозицияның күресі іс жүзінде не болып шығады? Оппозицияның бұл саладағы күресі, сайып келгенде, партия басшылығын кері кетіруге, мемлекеттік аппаратты жақсарту жолында, бұл аппараттан бюрократизмді қуып шығу жолында, мемлекеттік аппаратты басқару жолында күресуші партияны қарусыздандыруға әрекеттенгендік болып шығады.

Оппозицияның партиядағы «режиммен» күресуі неге әкеліп соғады? Мұның өзі партиядағы темір тәртіпті бұзады, ал мұндай тәртіп болмайынша пролетариат диктатурасы мүмкін емес, мұның өзі, сайып келгенде, пролетариат диктатурасының негіздерін әлсіретеді.

Сондықтан оппозицияның саяси және ұйымдастыру қателері пролетарлық емес элементтердің біздің партияға, пролетариат диктатурасына жасаған тегеурінінің көрінісі болып табылады деген партияның пікірі әбден дұрыс.

Оппозициялық одақтың саяси және ұйымдастыру қателері, жолдастар, міне осындай.

IV

КЕЙБІР ҚОРТЫНДЫЛАР

Таяуда Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының пленумында[91] Троцкий конференцияның оппозициялық одақ туралы тезистер қабылдауы оппозиция басшыларының партиядан шығарылуына әкеліп соқпай қоймайды дегенді айтты. Жолдастар,

мен Троцкийдің бұл мәлімдемесі ешбір қыйсынсыз екенін, мұның өзі жалған екенін айтуға тиіспін. Мен оппозициялық одақ туралы тезистердің қабылдануы бір ғана мақсатты: оппозицияның принциптік қателеріне қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізіп, бұл қателерді толық жою мақсатын көздеуі мүмкін деуге тиіспін.

Жұрттың бәріне белгілі, партиямыздың X съезі анархистік-синдикалистік уклон туралы қарар қабылдады[92]. Ал анархистік-синдикалистік уклон дегеніміз не? Анархистік-синдикалистік уклонды социал-демократиялық уклоннан «жақсы» деуге болмайды. Алайда анархистік-синдикалистік уклон туралы қарардың қабылдануына қарап, «жұмысшы оппозициясының» мүшелері партиядан сөзсіз шығарылуға тиісті екен деп әлі күнге дейін ешкім де қортынды жасаған емес.

Партиямыздың XIII съезі троцкизмді «айқын бейнелі ұсақбуржуазиялық уклон» деп жарыялағандығын Троцкий білмеуге тиіс емес. Алайда ешкім әлі күнге дейін мұндай қарардың қабылдануы троцкистік оппозиция басшыларының партиядан сөзсіз шығарылуына әкеліп соғуға тиіс деп есептеген емес.

XIII съезд қарарының тиісті жері мынау:

«Қәзіргі «оппозиция» түрінде біздің көріп отырғанымыз тек большевизмді ревизиялау әрекеті ғана емес, тек ленинизмнен тікелей тайып кетушілік қана емес, сонымен бірге біздің көріп отырғанымыз **айқын бейнелі ұсақбуржуазиялық уклон***. Бұл «позиция» объективтік түрде ұсақ буржуазияның пролетарлық партияның позициясына және оның саясатына жасаған тегеурінінің көрінісі екендігі жөнінде ешқандай күмән болмасқа тиіс». (XIII съездің қарарынан).

* Курсив менікі. И. Ст.

Ұсақ буржуазиялық уклонның социал-демократиялық уклоннан қай жері артық екенін Троцкий бізге түсіндіріп берсінші. Социал-демократиялық уклон дегеніміз ұсақбуржуазиялық уклонның бір түрі екенін түсіну қыйын ба? Социал-демократиялық уклон туралы әңгіме еткенде, біз тек XIII съездің қарарында айтылғанды анықтап отырмыз. Біз оппозициялық одақтың басшыларын социал-демократтар деп әсте жариялап отырғанымыз жоқ. Тек біздің айтатынымыз — оппозициялық одақта социал-демократиялық уклон біліяіп отыр, сондықтан, бұл уклоннан безуге әлі кеш емес деп ескертеміз, оппозициялық одақты осылай етуге шақырамыз.

Ал Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының 1925 жылғы январьдағы белгілі қарарында[93] былай делінген:

«Анығында қазіргі кездегі троцкизм — жалған марксизмнің «европалық» үлгілеріне жақындату рухында, яғни, сайып келгенде, «европалық» социал-демократияның рухында коммунизмнің өңін айналдырушылық болып табылады». (Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясы пленумының 1925 жылғы 17 январьдағы қарарынан).

Осы екі қарардың екеуі де негізінде Зиновьевтің қолымен жазылғанын айтуға тиіспін. Алайда тек бүкіл партия ғана емес, жеке алғанда — тіпті Зиновьевтің өзі де бұдан троцкистік оппозицияның басшылары партиядан шығарылуға тиіс деп қортынды жасаған жоқ.

Троцкизмді меньшевизмге теңейтін Каменевтің троцкизмге берген бағасын көрсетіп өтсе, бәлкім, артық болмас? Тыңдаңыздар:

«Троцкизм кашанда меньшевизмнің ең әсем, ең бүркемелі формасы, жұмысшылардың дәл революцияшыл ниеттегі бөлегін алдауға ең ыңғайлы формасы болып келді». («Ленинизм үшін» деген мақалалар жыйнағы. Л. Каменев, «Партия және троцкизм», 51-бет).

Осы фактылардың бәрін Троцкий біздің қай-қайсымыздан болса да кем білмейді. Алайда, қарарларға, айталық, XIII съездің қарарларына сүйеніп Троцкийді және оның пікірлестерін шығару туралы әлі де ешкім мәселе қойған емес.

Міне сондықтан да менің ойымша, Троцкийдің Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының пленумында айтқаны шыншылдық емес, жалған нәрсе.

Оппозициялық одақ туралы тезистерді негізінде мақұлдағанда, Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының октябрь пленумы жазалау шараларын қолдануды көздеген жоқ, оппозицияның принциптік қателеріне қарсы идеялық күрес жүргізу қажет деп білді, өйткені оппозиция бұл қателерден әлі де бастартпай отыр және, оның 16 октябрьдегі «мәлімдемесіне» қарағанда, оппозиция өз қателерін жақтап бұдан былайда уставтың шеңберінде күрес жүргізе бермекші. Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының пленумы бұл ретте мынаған сүйенді: оппозицияның принциптік қателеріне қарсы күрес бұл қателерді жоюдың бірден-бір амалы болып табылады, ал бұл қателерді жоюдың өзі партиямыздағы нағыз бірліктің бірден-бір жолы болып табылады. Оппозициялық одақты талқандап және оны фракцияшылдықтан бастартуға мәжбүр етіп, партия осы арқылы кажетті минимумға жетті, ал мұндай ми-

нимум болмайынша партияда бірліктің болуы мүмкін емес. Бұл, әрине, аз емес. Бірақ бұл жеткіліксіз. Толық бірлікке жету үшін тағыда бір адым ілгері басу қажет, оппозициялық одақты өзінің принциптік қателерінен бастартатын ету керек, сөйтіп партия мен ленинизмді шабуылдар мен ревизия әрекеттерінен қорғау керек.

Бұл — бірінші қортынды.

Оппозициялық одақтың принциптік позициясын қабылдамай және оппозицияның жаңа айтыс ашуға талпынған әрекеттерін тойтарып тастап, партия бұқарасы былай деді: кәзір мылжың сөзге уақыт жоқ, социалистік құрылысқа мықтап кірісетін уақыт жетті. Бұдан шығатын қортынды: мылжың сөз аз болсын, өнерпаздық тиімді жұмыс көп болсын, социалистік құрылыс үшін алға басайық!

Бұл — екінші қортынды.

Ал үшінші қортынды мынау: партия ішіндегі күрестің нәтижесінде және оппозицияның шабуылдарын тойтарудың нәтижесінде партия құрылысымыздың социалистік перспективаларының негізінде бұрынғыдан өзгеше біртұтас болып нық бірікті.

Бұл — үшінші қортынды.

Құрылысымыздың социалистік перспективаларының негізінде нық біріккен партия — кәзір елімізде социалистік құрылысты ілгері бастыру үшін өте керекті тұтқа болып табылады.

Бұл тұтқаны біз оппозициялық одаққа қарсы күресте шыңдадық.

Бұл күрес құрылысымыздың социалистік перспективалары негізінде біздің партияны оның Орталық Комитетінің төңірегіне нық біріктірді. Конференция

Орталық Комитет ұсынып отырған тезистерді бірауыздан қабылдайды деп сенемін, сөйтіп ол осы бірлікті баянды етуге тиіс.

Конференция өзінің осы ісін аброймен орындайтындығына мен күмәнданбаймын. (Ұ з а қ, қ а т т ы қ о л ш а п а л а қ т а у; б а р л ы қ д е л е г а т т а р о р ы н д а р ы н а н т ұ р а д ы; о в а ц и я.)

„Правда" № 256 және 257;
5 және 6 ноябрь, 1926 ж.

„БІЗДІҢ ПАРТИЯДАҒЫ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ УКЛОН ТУРАЛЫ" БАЯНДАМА БОЙЫНША ҚОРТЫНДЫ СӨЗ

3 ноябрь, 1926 ж.

I

ҚЕЙБІР ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТУРАЛЫ

1. Марксизм догма емес, іске басшылық

Жолдастар! Мен өз баяндамамда марксизм догма емес, іске басшылық, Энгельстің өткен ғасырдың 40-ншы жылдарында жасаған белгілі тұжырымы өз заманында дұрыс еді, ал енді ол жеткіліксіз болып қалды дегенді айттым. Сондықтан мұның орнына Лениннің жаңа тұжырымын, — капитализмнің дамуы мен пролетариат тап күресінің жаңа жағдайларында жеке елдерде социализмнің жеңуі әбден мүмкін және ықтыймал деген тұжырымын қолдану керек дедім.

Жарыссөздер кезінде маған қарсы пікір айтушылар болды. Бұл жөнінде әсіресе Зиновьев тырысып бақты. Сондықтан мен бұл мәселені қайтадан қойып, толығырақ талдап өтуге мәжбүр болып отырмын.

Менің ойымша, Зиновьев Энгельстің «Коммунизм принциптері» деген еңбегін оқымаған, ал егер оқыған болса, — мұны түсінбеген, әйтпесе ол қарсы пікір айтпаған болар еді, әйтпесе ол кәзір социал-демократия ленинизмге қарсы өз күресінде Энгельстің ескі тұжырымына жармасып отырғандығын еске алған бо-

лар еді, әйтпесе Зиновьев, социал-демократияның ізімен жүргенде, кейбір «азғындау» қауіптеріне ұрыну мүмкін екенін түсінген болар еді.

Жеке қағыйдаларды сұраулар мен жауаптар түрінде баяндайтын «Коммунизм принциптерінде»[94] Энгельс былай дейді.

«Сұрау: Жеке меншіктілікті бірден жоюға бола ма?

Жауап: Жоқ, мүмкін емес, қоғамдық өндірісті жасауға қажетті мөлшерде колда бар өндіріс құрал-жабдықтарын бірден көбейтуге болмайтын болса, дәл сол сыяқты, мұны да бірден жоюға болмайды. Сондықтан, қайткөн күнде де, іске асырылатын **пролетариат революциясы*** тек кәзіргі қоғамды бірте-бірте өзгерте алады және осыдан кейін ғана, бұған қажетті толып жатқан өндіріс құрал-жабдықтары жасалған кезде барып, жеке меншіктілікті жояды.

Сұрау: Бұл революцияның беталысы қандай болмақ?

Жауап: Ең алдымен, бұл революция демократиялық құрылыс орнатады және осы арқылы, тіке немесе жанамалы түрде, пролетариаттың саяси үстемдігін орнатады».

Бұл арада, анығында, буржуазияны құлатып, пролетариат диктатурасын орнату туралы әңгіме болып отыр. Өздеріңіз білесіздер, жолдастар, бұл пункт бізде кәзірде жүзеге асырылды, артығымен жүзеге асырылды. (Дауыстар: «Рас!». «Дұрыс!».)

Сонсын:

«Егер жеке меншіктілікке тікелей қол сұғатын және пролетариаттың өмір сүруін қамтамасыз ететін күрделі шараларды іске асырудың құралы ретінде демократияны дереу пайдаланбаса, мұның өзі пролетариат үшін мүлде пайдасыз болған болар еді. Кәзіргі жағдайлардан сөзсіз туып отырған осы басты-басты шаралар асылында мынадай:

1) Жеке меншікті тежеу: үдемелі салық, мұраларға астам

* Курсив менікі. И. Ст.

салық салу, бөгде тумалардың (аға-інілердің, жиендердің, т. т.) мұралануын жою, еріксіз заемдар, т. т.».

Өздеріңіз білесіздер, бұл шаралар бізде жүзеге асырылған және артығымен жүзеге асырылып та келеді.

Сонсын:

«2) Жер иелерін, фабриканттарды, темір жолдар мен теңіз кемелерінің иелерін бірте-бірте экспроприациялау, шінара мемлекеттік өнеркәсіп тарапынан қолданылатын бәсеке арқылы, шінара тікелей ассигнаттарға сатып алу арқылы экспроприяциялау».

Өздеріңіз білесіздер, бұл шаралар да революциямыздың алғашқы жылдарында-ақ бізде жүзеге асырылды.

Сонсын:

«3) Халықтың көпшілігіне қарсы бас көтерген барлық эмигранттар мен бүлікшілердің мүлкін конфискациялау».

Өздеріңіз білесіздер, біз солай конфискацияладық та, қайыра конфискацияладық та, бұдан әрі барар жер жоқ. (Күлкі.)

Сонсын:

«4) Еңбек ұйымдастыру немесе ұлттық имениелерде, фабрикалар мен мастерскойларда пролетарлардың кәсіп істеуіне мүмкіндік беру, осының арқасында жұмысшылардың өзара бәсекелесуі жойылады, ал фабриканттар, әлі де қалатын болғандықтан, мемлекет сияқты астам ақы төлеуге мәжбүр болады».

Өздеріңізге белгілі, біз осы жолда тұрмыз, біз осы жолда бірқатар жеңістерге жетуліміз, және негізінде бұл пункт кәзірдің өзінде-ақ ойдағыдай жүзеге асырылып келеді.

Сонсын:

«5) Жеке меншіктілік толық жойылғанға дейін қоғамның барлық мүшелеріне бірден еріксіз еңбек істеткізу. Өнеркәсіп армияларын құру, әсіресе ауыл шаруашылығына арнап құру».

Өздеріңіз білесіздер, біз соғыс коммунизмі дәуірінде, еңбек армияларын ұйымдастыру түрінде, бұл жолды сынап көрдік. Бірақ бұл жолда көп нәтижеге жеткеніміз жоқ. Кейін біз бұл мақсатқа орағытпалы жолмен қадам бастық, сөйтіп бұл салада шешуші табыстарға жететіндігіміз жөнінде күмәндануға болмайды.

Сонсын:

«6) Мемлекеттік капиталы бар ұлттық банк арқылы кредит системасын және ақша саудасын мемлекеттің қолына жыйнақтау. Түрлі жеке меншікті банктер мен банкирлік конторaларды жабу».

Жолдастар, өздеріңіз әбден жақсы білесіздер, бұл да бізде негізінде жүзеге асырылды.

Сонсын:

«7) Ұлттық фабрикалардың, мастерскойлардың, темір жолдар мен теңіз кемелерінің санын арттыру, пайдаланылмай қалған барлық жерлерді өңдеу, ал пайдаланылған жерлерді ұлт қарамағындағы капиталдардың көбеюіне сәйкес және жұмысшылар санының өсуіне сәйкес неғұрлым жақсылап өңдеу».

Өздеріңіз білесіздер, бізде бұл іс те жүзеге асырылып, ілгерілеп келеді, бұған жерді национализациялау ісі де, өнеркәсіптің негізгі тарауларын национализациялау ісі де барынша көмектесіп отыр.

Сонсын:

«8) Ана күтімінсіз асырауға болатын кезінен бастап барлық балаларды мемлекеттік мекемелерде және мемлекеттің есебінен тәрбиелеу».

Бұл іс бізде жүзеге асырылуда, бірақ әлі де толық жүзеге асырылған жоқ, өйткені, соғыс пен интер-

венция кезінде күйзеліске ұшырағандықтан, біз елдегі барлық балаларды мемлекеттің қамқорлығына алып тәрбиелеуге әлі де шамасыз болып отырмыз.

Сонсын:

«9) Ұлттық мекендерде, өнеркәсіппен, ауыл шаруашылығымен шұғылданатын азаматтардың коммуналары үшін ортақ пәтер-үйлер ретінде, үлкен-үлкен ордалар салу және, қала тіршілігі мен село тіршілігінің біржақтылығынан, кемшіліктерінен зардап шекпей, олардың артықшылықтарын біріктіру».

Бұл арада, анығында, зор көлемдегі пәтер-үй мәселесі туралы әңгіме болып отыр. Өздеріңіз білесіздер, біз бұл істі алға бастырып келеміз, ал егер бұл іс әлі де жүзеге асырылмаған болса және, бәлкім, тез арада жүзеге асырыла коймайтын болса, оның себебі мынау: біз мұраға күйзеліске ұшыраған өнеркәсіпті алдық, сондықтан кең көлемдегі пәтер-үй құрылысы үшін әлі де жеткілікті қор жыйнап үлгірген жоқпыз және үлгірерліктей шамамыз болмады.

Сонсын:

«10) Қалалардағы ұсқынсыз және нашар салынған барлық үйлер мен кварталдарды қыйрату».

Бұл пункт алдыңғы пункттің негізгі бөлегі болып табылады, — сондықтан алдыңғы пункт жөнінде айтылғанды бұл пунктке де қолдану керек.

Сонсын:

«11) Некеден туған балалар да, некесіз туған балалар да мұра иемденуге тең праволы болу».

Менінше, бұл іс бізде, былайша айтқанда, қанағаттанарлық түрде жүріп келеді.

Ақырында, ең соңғы пункт:

«12) Бүкіл транспорт жұмысын ұлттың қолына жыйнау».

Өздеріңіз білесіздер, бұл іс бізде толығынан жүзеге асырылған.

Жолдастар, Энгельстің «Коммунизм принциптерінде» белгіленген пролетарлық революция программасы осындай.

Көріп отырсыздар, жолдастар, біздің революциямыз бұл программаның оннан тоғызын **кәзірдің өзінде** жүзеге асырды.

Сонсын:

«Сұрау: Бұл революция (жоғарыда айтылған революция. **И. Ст.**) қандайда болсын бір елде бола ала ма?

Жауап: Жоқ. Ірі өнеркәсіп дүниежүзілік рынок жасауының өзімен-ақ жер жүзіндегі барлық халықтарды, әсіресе цивилизациялы халықтарды өзара байланыстырғаны соншалық, олардың әрқайсысы екінші біреуінде болып жатқан іске тәуелді болып отыр. Онан соң ірі өнеркәсіп барлық цивилизациялы елдердегі қоғамдық дамуды теңдестіргені соншалық, барлық жерде де буржуазия мен пролетариат қоғамның шешуші екі табы болды, ал олардың арасындағы күрес — заманымыздағы басты күрес болды. **Сондықтан коммунистік революция тек ұлттық революция болып қана қоймайды, сонымен қатар барлық цивилизациялы елдерде, яғни, ең болмағанда, Англияда, Америкада, Францияда және Германияда бір мезгілде болады»**...* (қараңыз: Ф. Энгельс, «Коммунизм принциптері»).

Істің жайы міне осылай, жолдастар.

Энгельс жоғарыда баяндалған программасы бар пролетарлық революция жеке елде **бола алмайды** деген еді. Ал фактылардың көрсетуіне қарағанда, пролетариаттың тап күресінің жаңа жағдайларында, империализм жағдайларында біз жеке елде, біздің елде, негізінде мұндай революцияны **кәзірдің өзінде жаса-**

* Барлық жерде де курсив менікі. **И. Ст.**

дық, оның программасының оннан тоғызын жүзеге асырдық.

Зиновьев бізді осы программаны жүзеге асырамын деп, осы пункттерді жүзеге асырамын деп қателесіп кетті дер. (Күлкі.) Осы пункттерді жүзеге асырамыз деп біздің біраз «ұлттық тұйықтыққа» жол берген болуымыз өте ықтыймал. (Күлкі.) Өте ықтыймал. Бірақ сонда да бір айқын нәрсе, Энгельстің өткен ғасырдың 40-ншы жылдарында, монополистік капитализмнен бұрынғы жағдайларда бір елде жүзеге аспайтын және мүмкіндігі жоқ дегені біздің елде, империализм жағдайларында жүзеге асарлық және мүмкін нәрсе болып отыр.

Әрине, егер Энгельс тірі болған болса, ол ескі формулаға жармаспас еді, қайта, біздің революцияны барынша құттықтап: «Ескі формулалардың бәрі құрысын, ССРО-дағы жеңімпаз революция жасасын!» — дер еді. (Қол шапалақтау.)

Бірақ социал-демократтардың лагеріндегі мырзалар бұлай ойламайды. Олар Энгельстің ескі формуласын бүркеніп, біздің революцияға қарсы, большевиктерге қарсы өз күресін жеңілдету үшін осы формулаға жармасып отыр. Әрине, бұл олардың өз жұмысы. Тек бір нашар жері, Зиновьев бұл ретте социал-демократияның жолына түсіп, сол мырзаларға еліктеуге тырысып отыр.

Энгельстің формуласын келтіріп, оны толық дамытқанда, менде үш ой болды:

біріншіден, социализмнің бір елде жеңу мүмкіндігі туралы Лениннің формуласын ескі дәуірдегі марксистер көзқарасының өте ұшқары, өте қатал көрінісі бо-

лып табылатын, Энгельстің формуласына қарсы қою арқылы мәселені барынша айқындасақ дедім;

екіншіден, өзінің оппортунизмін Энгельстің ескі формуласын сылтау ету арқылы бүркеуге тырысатын социал-демократияның реформизмі мен антиреволюцияшылдығын әшкерелесек дедім;

үшіншіден, Ленин социализмнің бір елде жеңуі туралы мәселені шешкен **бірінші** адам екенін көрсетсек дедім.

Шынын айту керек, жолдастар, социализмнің бір елде жеңу мүмкіндігі туралы ақыйқатты ашқан басқа ешкім де емес, дәл Ленин. Расында Ленинге тиісті қасиетті одан алып қоюға болмайды. Шындықтан қорықпау керек, шындықты батыл айта білу керек, марксистердің ішінде Ленин социализмнің бір елде жеңуі туралы мәселені жаңаша қойған және оны тиімді мағнада шешкен **бірінші** марксист екенін ашықтан батыл айта білу керек.

Бұл жерде мен әсте Ленин, ойшыл ретінде, Энгельстен немесе Маркстен жоғары еді дегелі тұрған жоқпын. Менің бұл жерде айтайын дегенім тек мына екі нәрсе ғана:

біріншіден: қандай данышпан ойшылдар болғанымен, Энгельстен немесе Маркстен олар монополистік капитализмнен бұрынғы дәуірде пролетариаттың тап күресі мен пролетарлық революцияның барлық мүмкіндіктерін, жарты ғасырдан аса уақыт өткеннен кейін барып, дамулы монополистік капитализм дәуірінде туған мүмкіндіктерді алдын-ала ескерулері керек еді деп талап етуге болмайды;

екіншіден: Ленин, Энгельс пен Маркстің даныш-

пан шәкірті ретінде, капитализм дамуының жаңа жағдайларындағы пролетарлық революцияның жаңа мүмкіндіктерін байқай білді, сөйтіп, социализмнің бір елде жеңу мүмкіндігі туралы ақыйқатты ашты.

Марксизмнің әрпі мен мазмұны арасындағы айырманы, марксизмнің жеке қағыйдалары мен методының арасындағы айырманы ажырата білу керек. Социализмнің бір елде жеңуі туралы ақыйқатты Лениннің аша білген себебі — ол марксизмді догма деп есептеген жоқ, іске басшылық деп есептеді, ол әріптің құлы болмастан, марксизмдегі басты, негізгі нәрсені аңғара білді.

«Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітапшасында бұл жөнінде Ленин былай дейді:

«Маркс пен Энгельс біздің теориямыз догма емес, іске басшылық — деген болатын, сондықтан Карл Каутский, Отто Бауэр және т. с. сыяқты «патентті» марксистердің зор қатесі, зор қылмысы — олар мұны түсінбеді, пролетариат революциясының ең маңызды кезеңдерінде мұны қолдана білмеді» (қараңыз: XXV том, 211-бет).

Маркстің, Энгельстің, Лениннің жолы міне осы, біз осы жолдамыз және, егер біз ақырына дейін революционерлер болып қаламыз десек, келешекте де осы жолда болуға тиіспіз.

Империализм мен пролетарлық революция заманындағы марксизм ретінде ленинизмнің өзін өзі қорғап қалған себебі — ол осы жолмен жүріп келді және әлі де осы жолмен жүрмек. Бұл жолдан айнып кетушіліктің өзі — оппортунизмнің батпағына батқандық болады. Бұл жолдан тайып кетушіліктің өзі — социал-демократияның соңына салпақтап ергендік бо-

лады; бұл ретте Зиновьев нақ осындай күйге ұшырап отыр.

Зиновьев осында Маркс пен Энгельс кейін Энгельстің ескі формуласын жұмсартып, пролетарлық революция жеке елдерде де **басталуы** мүмкін деген болатын деді. Ол Энгельстің «француз бастайды, неміс аяқтайды»[95] деген сөзін келтірді. Мұның бәрі рас. Бұл жағдай қазір әрбір совет-партия мектебі оқушысына белгілі. Бірақ мұндағы мәселе — қазір әңгіме бұл туралы болып отырған жоқ. Былай деу бір басқа: революцияны баста, сені ең таяу уақыттың ішінде басқа елдердегі жеңімпаз революция қолдайды, оның бер жағында, басқа елдерде осындай жеңіс болған күнде, сен жеңіске жете аласың. Міне бұлай деу бір басқа. Ал былай деу екінші басқа: революцияны бастап, оны ілгері бастыр, тіпті басқа елдерде революция таяу уақыттың ішінде жеңбейтінін біле тұрсаң да осылай ет, қазір, дамыған империализм дәуіріндегі күрес жағдайлары сондай, сен қалай да жеңе аласың, сөйтіп кейін басқа елдерде революцияны өршіте аласың. Міне бұлай деу екінші басқа.

Ал егер мен Энгельстің ескі формуласын келтірген болсам, Энгельс пен Маркстің осы қатал және ұшқары формуланы кейіннен жұмсартқандығы туралы фактыны елемей кету үшін емес, мына мақсатпен келтірдім:

а) қарама-қарсы екі формуланы біріне бірін қарсы қою арқылы мәселені айқындау үшін;

б) Энгельстің ескі формуласын бүркеніш етуге тырысатын социал-демократияның оппортунизмін әйгілеу үшін;

в) Ленин социализмнің бір елде жеңуі туралы мә-

селені жаңаша қойып, оны тиімді мағнада шешкен бірінші адам екенін көрсету үшін келтірдім.

Көріп отырсыздар, жолдастар, Зиновьев «Коммунизм принциптерін» оқымаған, оқыса да бұларды түсінбеген, өйткені ол Энгельстің ескі формуласын социал-демократша сыйпаттап отыр, сөйтіп, оппортунизмнің жолына түсіп кетіп отыр деген менің пікірім әбден дұрыс.

2. ЛЕНИННІҢ ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫ ТУРАЛЫ КЕЙБІР ПІКІРЛЕРІ

Сонсын, мен өз баяндамамда дамыған империализм тұсындағы пролетариат диктатурасы туралы мәселеде біз осыған азды-көпті ұқсас жағдайды көріп отырмыз дегенді айттым. Мен ескі буржуазиялық мемлекеттік аппаратты қыйратып, жаңа пролетарлық аппарат орнату мағнасында ұғынылып жүрген, пролетариат диктатурасы туралы мәселеде Маркс өз заманында (XIX ғасырдың 70-нші жылдарында) Англияны, бәлкім, Американы да, бөліп тастады, өйткені ол кезде мұнда милитаризм мен бюрократизм аз дамыған еді және ол кезде мұнда пролетариаттың саяси үстемдігіне басқа жолдармен, «бейбіт» жолдармен жетуге мүмкіндік бар еді дегенді айттым. Мен Маркстің Англия мен Американы бұлайша бөлектеуі немесе шек қоюы ол кезде дұрыс болса да, Лениннің пікірінше, дамыған империализмнің кәзіргі жағдайларында, милитаризм мен бюрократия басқа елдерде қалай өркендеген болса, Англия мен Америкада да солай өркендеп отырған кезде мұның өзі теріс және керексіз болып қалды дегенді айттым.

Маркстен мысал келтіруіме рұхсат етіңіздер, жол-

дастар. 1871 жылы апрельде Кугельманға арналған хатында Маркс былай деп жазды:

«...Егер сен менің «18-ші Брюмерімнің» соңғы тарауына көз салсаң, мынаны көресің, мен онда — француз революциясының ендігі бір ұмтылып көретін ісі: бюрократтық-әскери машинаны бұл күнге дейінгі сықылды бір қолдан екінші қолға өткізіп бере салу емес, соның өзін **сындыру** деп жариялағанмын..., **континентте*** болатын шын халық революциясының қай-қайсысының болса да алдын-ала қоятын шарты да дәл осындай болмақшы. Біздің Париждегі ержүрек жолдастарымыздың талпынып көрген ісінің өзі де дәл осы». (**Лениннің** «Мемлекет және революция» деген кітабы бойынша цитата келтіріп отырмын, XXI том, 394-бет.)

1871 жылы Маркс осылай деп жазған еді.

Өздеріңізге мәлім, барлық, әралуан социал-демократтар, ең алдымен Каутский, осы цитатаға жармаса түсіп, былай десті: пролетариаттың зорлықты революциясы социализмге беталған қозғалыстың сөзсіз керек әдісі емес, пролетариат диктатурасын қалайда ескі буржуазиялық мемлекеттік аппаратты қыйрату және жаңа пролетарлық аппаратты орнату деп түсінбеу керек, капитализмнен социализмге өтудің бейбіт жолы сонымен пролетариат жақтап күресуге тиісті жол болып табылады десті.

Ленин жолдас бұл жағдайды қалай бағалады? Өзінің «Мемлекет және революция» деген кітабында бұл жөнінде ол былай деп жазды:

«Маркстің әлгі келтірілген байымдамасының екі жерін ерекше ескертіп өтудің көп мәні бар. Біріншіден, ол өзінің қортындысын континенттің көлемінде ғана жасап отыр. 1871 жылы солай етуі түсінікті нәрсе, ол кезде Англия таза капиталистік елдің үлгісі болған ел еді, бірақ соғысқұмарлары бол-

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

маған және едәуір дәрежеде бюрократиясы болмаған ел еді. Сондықтан Маркс Англияны қортындысынан сырт қалдырған, онда революция, керек десе, халық революциясының өзі де «даяр тұрған мемлекеттік машинаны» қыйрату сықылды алдын-ала қойылатын **шартсыз-ақ** болғандай еді және болуы ол кезде мүмкін де еді».

Енді*, 1917 жылы, империалистік бірінші ұлы соғыс заманында, **Маркстің ол шек қоюы былай қалады***. Соғысқұмарлығы мен бюрократизмі жоқтығы жағынан англо-саксон «бостандығының» бүкіл дүние жүзіндегі ең ірі және соңғы өкілдері болып саналатын Англия да, Америка да барлығын өзіне бағындыратын, барлығын өзі басып-жаншыйтын бюрократтық-соғыстық мекемелердің жалпыевропалық лас, қанды батпағына толық түсіп кетті. Енді Англияда да, Америкада да әрбір, шын мәнісінде халықтық революцияға алдын-ала қойылатын шарт — «дайын тұрған» (оларда 1914 — 1917 жылдары «европалық», жалпы империалистік дәрежеге жеткізіліп әзірленген) **«мемлекеттік машинаны» сындыру, қыйрату»** (қараңыз: XXI том, 395-бет).

Көріп отырсыздар, бұл жағдай Энгельстің ескі формуласына байланысты социализмнің жеңуі туралы мен баяндаған жағдайға азды-көпті ұқсайды.

Англия мен Америка жөнінде Маркстің шек қоюы немесе бұларды бөліп тастауы бұл елдерде дамыған милитаризм мен дамыған бюрократия жоқ кезде жүйелі нәрсе еді. Ал монополистік капитализмнің жаңа жағдайларында, милитаризм мен бюрократия Англия мен Америкада европалық континент елдеріндегіден артық болмаса, кем дамымай отырған кезде, Лениннің пікірінше, бұлай шек қоюшылық керексіз болып қалды.

Сондықтан пролетариаттың зорлықты революциясы, пролетариат диктатурасы, барлық империалистік мемлекеттердің барлығында да социализмге беталған

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

қозғалыстың сөзсіз қажетті және міндетті шарты болып табылады.

Сондықтан барлық елдердің оппортунистері, Маркстің шартты түрдегі шек қоюшылығына жармасып, пролетариат диктатурасына қарсы шыққанда, марксизмді қорғап отырған жоқ, өздерінің оппортунистік ісін қорғап отыр.

Лениннің осындай қортындыға келген себебі — ол марксизмнің әрпі мен марксизмнің мазмұны арасындағы айырманы ажырата білді, ол марксизмге догма деп карамастан, іске басшылық деп карады.

Маркс бірнеше ондаған жылдар бұрын келешекте капитализмнің дамуы мен тап күресінің барлық әралуан мүмкіндіктерін алдын-ала белгілеуі керек деп талап ету ерсі болар еді. Капитализм дамуының жаңа жағдайларында, осындай мүмкіндіктер туып, анағұрлым артық дәрежеде дамыған кезде, Лениннің бұл мүмкіндіктерді байқап, қорытқанына таңдану одан бетер ерсі болар еді.

Осында отырғандардың бірі, байқауымша, Рязанов болуы керек, мынадай реплика жасады: Англия мен Америка жөнінде Маркстің шек қоюы тап күресінің кәзіргі жағдайларында ғана теріс болып отырған жоқ, мұның өзі Маркс осындай шек қойған кездегі жағдайлар тұсында да теріс еді деді. Мен Рязановтың пікіріне қосылмаймын. Менің ойымша, Рязанов қателесіп отыр. Қалай деген күнде де, Ленин бұл туралы басқаша ойлайды, 70-нші жылдардағы Англия мен Америка жөнінде Маркстің осылай шек қоюы дұрыс еді деп мүлде ашық айтады.

Ленин жолдас «Азық-түлік салығы туралы» деген кітапшасында бұл туралы былай деп жазады:

«Орталық Атқару Комитетінде біз Бухаринмен айтысқанымызда, ол сөз арасында мынаны ескертті: мамандарға көп жалақы төлеу туралы мәселеде «біз» «Лениннен оңшылырақпыз», өйткені, Маркстің белгілі жағдайларда жұмысшы табына «бұл бандадан ақы төлеп құтылу» (атап айтқанда капиталистер бандасынан құтылу, яғни буржуазиядан жерді, фабрикаларды, заводтарды және басқа өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алу) бәрінен тиімді болар еді деген сөздерін еске алып, біз мұнда принциптерден ешқандай да кейін шегінгендік бар дей алмаймыз, деді. Бұл аса қызғылықты ескерту». «...Маркстің пікіріне ой жіберіңіздер. Мұнда әңгіме өткен ғасырдың 70-жылдарындағы Англия туралы, монополияға дейінгі капитализмнің мейлінше шарықтаған дәуірі туралы, ол кезде соғысқұмарлары мен бюрократиясы басқалардың бәрінен аз болған ел туралы, жұмысшылардың буржуазияны «сатып алуы» мағнасында, социализмнің «бейбітшілікпен» жеңу мүмкіндігі ол кезде басқалардың бәрінен басым болған ел туралы болды. Сондықтан Маркс: белгілі жағдайларда жұмысшылар буржуазияны сатып алудан әсте бастартпайды деді. Төңкерістің формалары, әдістері мен тәсілдері жөнінде Маркс өзінің де, социалистік революцияның болашақ қайраткерлерінің де қолын байлаған жоқ, өйткені ол кезде қаншалық көптеген жаңа мәселелердің туатынын, төңкерістің барысында бүкіл жағдайдың қалай өзгеретінін, ол жағдай төңкерістің барысында қаншалық жиі және күшті ауысып отыратынын Маркс өте жақсы түсінді. Ал мұнан елу жылдай бұрын Англия бейбітшілікпен социализмге көше бастаған болса, сол кезде Англияда тууы мүмкін болған жағдайлар сияқты кейбір жағдайлардың, пролетариат өкіметті алғаннан кейін, қанаушылардың соғыс және саботаж жөніндегі қарсылығын басқаннан кейін, Советтік Россияда туғаны әлі де анық емес пе? Ол кезде Англияда капиталистердің жұмысшыларға бағынуын мына жағдайлар қамтамасыз етер еді: (1) шаруалардың жоқтығынан ел ішінде жұмысшылардың, пролетариаттың толық басым көпшілік болуы (70-жылдарда Англияда село жұмысшыларының арасында социализмнің өте тез табыстарға жетуіне сенерлік белгілер болды); (2) кәсіпшілер одақтарында пролетариаттың өте жақсы ұйымдасқан болуы (бұл жөнінде Англия ол кезде дүние жүзіндегі бірінші ел еді); (3) саяси бостандықтың ғасырлық дамуында тәр-

биеленген пролетариаттың мәдениеттілігінің айта қалғандай жоғары болуы; (4) тамаша жақсы ұйымдасқан Англия капиталистерінің саясат және экономика мәселелерін келісім арқылы шешуге көптен әдеттенгендігі, ол кезде олар дүниедегі барлық елдердегі капиталистердің ішінде ең жақсы ұйымдасқандар еді (енді бұл бірінші орын Германияға көшті). Англия капиталистерін Англия жұмысшыларына **бейбітшілікпен бағындыру мүмкіндігі туралы*** пікір ол кезде осы сияқты жағдайлар себепті туған болатын... Маркстің нақ социализмге өтуді жеңілдету мүдделері үшін өте ірі өндіріс ұйымын сақтау өте маңызды деп жұмысшыларды үйретуі, егер капиталистерді төлеу алу шартымен бейбіт бағынуға және социализмге мәдениетті, ұйымдасқан түрде өтуге **мәжбүр ететін*** жағдайлар туса (ерекше **жағдайда**: ол кезде Англия ерекше жағдайда болған), **капиталистерге жақсылап төлеуге болады**, оларды сатып алуға болады деген ой әбден орынды деп үйретуі өте дұрыс» (қараңыз: XXVI том, 327 — 329-беттер).

Бұл арада Рязановтың емес, Лениннің пікірі дұрыс екендігі айқын.

3. КАПИТАЛИСТІК ЕЛДЕРДІҢ ДАМУЫНЫҢ ӘРКЕЛКІЛІГІ ТУРАЛЫ

Мен өз баяндамамда Ленин капиталистік елдердің экономикалық және саяси дамуының әркелкілігі жөніндегі заңды ашып, дәлелдеді, осы заңға сүйене отырып, әркелкіліктің дамып, шиеленісу фактысына сүйене отырып, Ленин социализмнің бір елде жеңу мүмкіндігі туралы идеяға келді дегенді айттым. Троцкий мен Зиновьев бұл қағыйдаға қарсы болды. Троцкий Лениннің бұл қағыйдасы теория жүзінде дұрыс емес деді. Ал Зиновьев Троцкий екеуі былай деді: бұрын, монополистік капитализмнен бұрынғы дәуірде,

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

дамудың әркелкілігі кәзіргіден артық еді, сондықтан социализмнің бір елде жеңу мүмкіндігі туралы идеяны капиталистік дамудың әркелкілігі жөніндегі заңмен байланыстыруға болмайды деді.

Лениннің дамудың әркелкілігі жөніндегі заң туралы белгілі теориялық қағыйдасына Троцкийдің қарсы болуында таңданарлық ешнәрсе жоқ, өйткені бұл заң Троцкийдің перманенттік революция туралы теориясын жоққа шығаратындығы мәлім.

Оның үстіне, Троцкий бұл арада тоғышарлық көзқарасқа көрінеу бой ұрып отыр. Бұл арада ол жеке елдердің өткен кездегі **экономикалық теңсіздігін** — мұндай теңсіздік бұл елдердің секірмелі дамуына ылғый себепкер бола берген жоқ және себепкер болуы мүмкін емес те еді — империализм дәуіріндегі **экономикалық және саяси дамудың әркелкілігімен** шатастырып отыр; бұл кезде елдер арасындағы экономикалық теңсіздік өткен кездегіден кемірек, ал экономикалық және саяси дамудың әркелкілігі бұрынғыдан, өлшеусіз артық, сондықтан мұның өзі бұрынғыдан гөрі қаттырақ білінеді, оның бержағында бұл әркелкілік секірмелі дамуға қалайда, сөзсіз апарады, өнеркәсіп жағынан артта қалған елдердің ілгері кеткен елдерді азды-көпті қысқа мерзімнің ішінде басып озуына себепкер болады, сөйтіп бұл жағдай сұрапыл империалистік соғыстар үшін қолайлы шарттар жасамай қоймайды және социализмнің бір елде жеңуіне мүмкіндік туғызбай қоймайды.

Әртүрлі екі ұғымды бұлайша шатастырудың өзі Троцкийдің «теориялық» дәрежесі жоғары екенін

ыспаттамайтындығын, ыспаттай алмайтындығын дәлелдеп жатудың қажеті бола қоймас.

Бірақ мен Зиновьевті түсіне алмай жүрмін: оның өзі большевик болған еді ғой және большевизмнің шет-пұшпағын искеген еді ғой. Дамудың әркелкілігі бұрын кәзіргіден, монополистік капитализм жағдайлары тұсындағыдан артық еді деудің не жөні бар, мұның өзі әсіреимпериализм мен каутскийшілдіктің батпағына белшесінен батқандық болмай ма? Социализмнің бір елде жеңуі жөніндегі идея дамудың әркелкілігі жөніндегі заңмен байланысты емес деудің не жөні бар? Лениннің осы идеяны нақ дамудың әркелкілігі жөніндегі заңнан тудырғандығы белгілі емес пе? Мәселен, Лениннің мына сөздері нені көрсетеді:

«Экономикалық және саяси дамудың әркелкілігі капитализмнің даусыз заңы. **Олай болса***, социализмнің әуелі бірнеше капиталистік елде, тіпті бір, жеке алынған, капиталистік елде жеңуі мүмкін» (қараңыз: XVIII том, 232-бет).

Дамудың әркелкілігі жөніндегі заң неге сүйенеді?

Бұл заң мынаған сүйенеді:

1) монополистік капитализмнен бұрынғы, ескі капитализм өсіп жетіліп, монополистік капитализм, империализм болып дамыды;

2) дүние жүзін империалистік топтар мен мемлекеттердің ықпал саласына бөлу ісі кәзірде аяқталды;

3) дүниежүзілік шаруашылықтың дамуы империалистік топтардың рыноктер үшін, шикізат үшін, бұрынғы ықпал салаларын ұлғайту үшін жанталасқан қиян-кескі күресі жағдайында жүріп отыр;

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

4) бұл дамудың өзі біркелкі емес, секірмелі түрде, ілгерілеп кеткен мемлекеттерді рыноктерден ығыстырып шығарып, жаңа мемлекеттердің алға шығуы ретінде жүріп отыр;

5) дамудың мұндай тәртібі бір империалистік топтардың екінші бір империалистік топтарға нұқсан келтіре жедел түрде техниканы дамыту, товарларды арзандату және рыноктерді басып алу мүмкіндігі арқылы белгіленеді;

6) сөйтіп, бөлініп қойылған дүниені ауық-ауық қайта бөлу ісі мүлде қажетті нәрсе болады;

7) сөйтіп, осы қайта бөлу ісі тек қана зорлықты жолмен, белгілібір империалистік топтардың қуаттылығын күшпен сынау ретінде жүргізілуі мүмкін;

8) бұл жағдай империалистік топтардың арасында күшті жанжалдар мен сұрапыл соғыстар туғызбай қоймайды;

9) мұндай хал империалистердің өзара әлсіреуіне сөзсіз себепкер болады және жеке елдерде империалистік майданды бұзуға мүмкіндік туғызады;

10) жеке елдерде империалистік майданды бұзу мүмкіндігі социализмнің бір елде жеңуі үшін қолайлы жағдайлар туғызбай қоймайды.

Әркелкілікті шиеленістіретін және империализм тұсында, әркелкі дамудың шешуші маңызы бар екенін көрсететін жағдайлар қайсы?

Басты екі жағдай бар:

біріншіден, империалистік топтар арасында дүние бөліске салынып бітті, енді жаратылыста «бос» жерлер жоқ, ал бөлініп қойылған дүниені империалистік соғыстар арқылы қайта бөлу ісі экономикалық «тепе

теңдікке» жету үшін мүлде қажетті нәрсе болып табылады;

екіншіден, техниканың бұрынғыдан өзгеше орасан дамуы, осы сөздің кең мағнасында алсақ, рыноктерді жаулап алу жолындағы күресте, шикізат қорларын, т. т. басып алу жолындағы күресте бір империалистік топтардың екінші бір империалистік топтарды қуып жетіп, басып озуын оңайлатады.

Бірақ бұл жағдайлар өсіп жетілген империализм дәуірінде ғана ұлғайып, жоғары дәрежеге жетті. Бұдан басқаша болуы мүмкін емес те еді, өйткені дүниені қайта бөлу ісі тек империализм дәуірінде ғана аяқталуы мүмкін еді, ал орасан зор техникалық мүмкіндіктер өсіп жетілген империализм дәуірінде ғана пайда болды.

Сөйтіп, мына фактыны нақ осы себептен деп білу керек: егер бұрын Англия өнеркәсіп жағынан барлық мемлекеттердің алдында болып, жүз жылдан аса уақыттың ішінде оларды артта қалдырып келген болса, онан кейін, монополистік капитализм дәуірінде, Германияның Англияны басып оза бастауы үшін небәрі жыйырма шақты жыл ғана керек болды, ал Американың европалық мемлекеттерді басып озуы үшін бұдан да аз уақыт керек болды.

Осыдан кейін дамудың әркелкілігі бұрын кәзіргіден артық еді, сондықтан социализмнің бір елде жеңу мүмкіндігі жөніндегі идея империализм дәуіріндегі капитализмнің әркелкі дамуы жөніндегі заңмен байланысты емес деудің не жөні бар?

Тек теориядағы тоғышарлар ғана өнеркәсіпті елдердің өткен кездегі экономикалық теңсіздігін экономикалық және саяси дамудың әркелкілігі жөніндегі

заңмен, — өсіп жетілген монополистік капитализм дәуірінде ғана ерекше күш алып, өткірленген заңмен, — шатастыруы мүмкін екендігі айқын емес пе?

Лениннің капиталистік елдердің экономикалық және саяси дамуындағы әркелкілік туралы заңға байланысты белгілі қағыйдаларына Зиновьев пен оның достарының өте өрескел түрде қарсы шығып отырғаны ленинизм жөнінде олардың барып тұрған надандығының салдары екендігі айқын емес пе?

II

ҚАМЕНЕВ ТРОЦКИЙГЕ ЖОЛ АРШЫП ОТЫР

Қаменевтің осы конференцияда сөйлеген сөзінің негізгі мазмұны қандай? Егер ұсақ-түйек нәрселерді және Қаменевтің кәдімгі дипломатиясын былай қойсақ, оның сөзінің мазмұны былай болып шығады: Троцкийдің өз позициясын қорғауын оңайлатпақ, социализмнің бір елде жеңу мүмкіндігі туралы негізгі мәселеде оның ленинизмге қарсы күресін оңайлатпақ.

Осы мақсатпен Қаменев социализмнің бір елде жеңу мүмкіндігі туралы баяндайтын Лениннің негізгі мақаласының (1915 ж.) Россияға қатысы жоқ, Ленин осындай мүмкіндік туралы айтқанда, Россияны емес, басқа капиталистік елдерді ескерген болатын деп дәлелдеу үшін өз мойнына «еңбек» жүктеді. Қаменев өз мойнына осындай күмәнді «еңбек» жүктегенде осы арқылы Троцкийге жол аршуды көздеді; ал Лениннің 1915 жылы жазылған мақаласы Троцкийдің «схемасын» құртады, құртпай қоймайды.

Тұрпайылау айтқанда, Қаменев өз мойнына, былайша, Троцкийдің жолын аршыйтын қора сыпырушысы міндетін алып отыр (к ү л к і). Әрине, Ленин Институ-

тының директорын Троцкийдің қора сыпырушысының ролінде көру күйініштi-ақ, күйініштi болатын себебі қора сыпырушының еңбегі әлдененндей жаман нәрсе болғандықтан емес, оның себебі — Каменев, күмән жоқ, маман адам, сондықтан ол, менің ойымша, анағұрлым мамандық еңбекпен шұғылдана алар еді. (Күлкі.) Бірақ бұл рольді ол өз еркімен алды, бұлай етуге оның, әрине, толық правосы бар, сондықтан бұған істер амал жоқ.

Ал енді Каменев осы өте сорақы рольді орындады ма екен, соны көрейік.

Каменев өз сөзінде мынаны айтты: Лениннің 1915 жылғы мақаласында айтқан қағыйдасының, революциямыз бен құрылысымыздың бүкіл жолын белгілеп берген қағыйдасының, социализмнің бір елде жеңу мүмкіндігі туралы әңгіме ететін осы қағыйдасының Россияға қатысы жоқ, қатысы болуы мүмкін де емес, Ленин социализмнің бір елде жеңуі туралы айтқанда, Россияны емес, тек басқа капиталистік елдерді ғана еске алған болатын деді. Мұның өзі ақылға сыймайтын, сұмдық нәрсе, мұның өзі Ленин жолдасқа тікелей жала жапқандыққа өте ұқсайды, бірақ Лениннің пікірін бұлайша бұрмалауға партияның қалай қарайтындығында, сірә, Каменевтің жұмысы жоқ сияқты. Ол тек бір ғана нәрсені көздеп отыр: қандай құнмен болса да Троцкийге жол аршымақ.

Ал оның өзі осы сорақы пікірді қалай дәлелдемекші болып отыр?

Оның айтуынша, Ленин жолдастың осы аталған мақаласынан кейін екі апта өткен соң, Ленин Россиядағы болашақ революцияның сыйпаты туралы белгілі тезистерін[96] жасапты, мұнда ол: марксистердің міндеті

Россияда буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңуін қамтамасыз етумен тынады депті, бұлай дегенде Ленин Россиядағы революция, социалистік революцияға ұласпастан, өзінің буржуазиялық фазасында тұрып қалуға тиіс деген пікірге сүйеніпті-мыс. Ал Лениннің социализмнің бір елде жеңу мүмкіндігі жайындағы мақаласы буржуазиялық революция туралы емес, социалистік революция туралы баяндайды, сондықтан Лениннің бұл мақалада Россияны еске алуы мүмкін емес екені айқын.

Сөйтіп, Каменевтің пікірінше былай болып шығады: Ленин орыс революциясының қарқынын солшыл буржуазияшыл революционерше немесе социал-демократтар кейіптес реформисше түсініпті-мыс; ал социал-демократтардың ойынша буржуазиялық революция социалистік революцияға ұласуға тиісті емес, олардың ойынша буржуазиялық революция мен социалистік революцияның арасында, ең кемінде, бірнеше ондаған жылдарға созылатын ұзақ тарихи кезең, ұзақ үзіліс, аралық болуға тиіс, бұл мерзімнің ішінде капитализм гүлдене бермек, ал пролетариат бекер қарап отырмақ.

Бақсақ, Ленин 1915 жылы, өз мақаласын жазған кезде, буржуазиялық революцияның жеңісінен дереу социалистік революцияға өтуді ойламаған, тілемеген, көздемеген көрінеді.

Мұның өзі ақылға сыймайтын, сұмдық нәрсе ғой дерсіздер. Я, Каменевтің бұл пікірі, шынында да, ақылға сыймайтын, сұмдық нәрсе. Бірақ Каменев бұған шіміріқпейді де.

Бұл мәселеде Каменевтің Ленин жолдастың пікірін өрескел бұрмалап отырғанын көрсететін кейбір документтер келтіруіме рұхсат етіңіздер.

Ленин жолдас 1905 жылдың өзінде-ақ, орыс революциясының қарқыны кейін, империалистік соғыстың нәтижесінде, 1917 жылғы февральдың қарсаңында көрінген қарқындай болмай тұрған кезде және ондай болуы мүмкін емес кезде, орыс революциясының сыйпаты туралы былай деп жазған болатын:

«Біз демократиялық революциядан, күшіміздің, саналы және ұйымдасқан пролетариаттың күшінің нақ шамасына қарай, дереу* социалистік революцияға көше бастаймыз» (қараңыз: VIII том, 186-бет).

Бұл цитата Лениннің 1905 жылы сентябрьде жарыққа шыққан мақаласынан алынды.

Бұл мақаланың бар екенін Каменев біле ме? Менің ойымша, Ленин Институтының директоры бұл мақаланың бар екенін білуге тиіс.

Демек, сонымен, Ленин буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңісін пролетариат күресінің және жалпы революцияның аяқталуы деп қараған жоқ, социалистік революцияға өтудің бірінші кезеңі, өткел сатысы деп қарады.

Бірақ, бәлкім, Ленин кейін орыс революциясының сыйпаты мен қарқыны жөніндегі өз пікірін өзгерткен болар? Екінші документті алайық. Менің айтып тұрғаным Лениннің 1915 жылы, ноябрь айында, Ленин жолдастың социализмнің бір елде жеңу мүмкіндігі туралы негізгі мақаласы жарияланғаннан кейін үш ай өткен соң жарыққа шыққан мақаласы. Мұнда ол былай дейді:

«Пролетариат өкіметті тартып алу үшін, республика құру үшін, жерді конфискациялау үшін, яғни шаруаларды тарту үшін,

* Курсив менікі. **И. Ст.**

олардың революциялық күштерін сарқа пайдалану үшін, буржуазиялық Россияны соғыстық-феодалдық «империализмнен» (=патша өкіметінен) құтқаруға «халықтың пролетариат емес бұқарасын» қатнастыру үшін күресіп отыр және аянбай күреспек те. Міне осы буржуазиялық Россияны патша өкіметінен, помещиктердің жер жөніндегі үстемдігінен құтқаруды пролетариат дереу* пайдаланады; пайдаланғанда ауқатты шаруалардың село жұмысшыларымен күресіне жәрдемдесу үшін емес, Европа пролетарларымен одақтасып социалистік революция жасау үшін пайдаланады» (қараңыз: XVIII том, 318-бет).

Көріп отырсыздар, Ленин бұл арада да, бұдан бұрынғы цитатада да, 1905 жылы да, 1915 жылы да дәл мынаған сүйенді: буржуазиялық революция Россияда социалистік революцияға ұласуға тиіс, Россияда буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңуі орыс революциясының бірінші кезеңі, оның екінші кезеңіне, социалистік революцияға **дереу** өту үшін қажетті кезеңі болып табылады деді.

Каменев өз сөзінде мысал етіп отырған және Россиядағы буржуазиялық-демократиялық революция туралы әңгіме ететін, Лениннің 1915 жылғы тезистерін қалай деу керек? Бұл тезистер буржуазиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы жөніндегі идеяға қайшы келмей ме? Әрине, қайшы келмейді. Керісінше, буржуазиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы жөніндегі идея, орыс революциясының бірінші кезеңінің екінші кезеңге ұласуы жөніндегі идеяның нақ өзі осы тезистердің негізі болып табылады. Біріншіден, Ленин бұл тезистерде орыс революциясының қарқыны мен Россиядағы марксистердің міндеттері патша мен помещиктерді құлату міндетте-

* Курсив менікі. **И. Ст.**

рімен, буржуазиялық-демократиялық революцияның міндеттерімен **бітеді** деп тіпті де айтып отырған жоқ. Екіншіден, Ленин бұл тезистерде буржуазиялық-демократиялық революцияның міндеттерін сыйпаттаумен ғана тынып отыр, оның себебі — Ленин бұл революцияны **бірінші** кезең және орыс марксистерінің **таяудағы** міндеті деп есептейді. Үшіншіден, Ленин: орыс марксистері өз міндеттерін жүзеге асыру ісін екінші кезеңнен бастамауы керек (ал Троцкий: «патшасыз жұмысшылар үкіметі болсын» деген схема бойынша осыны ұсынған болатын), бірінші кезеңнен, буржуазиялық-демократиялық революцияның кезеңінен **бастауы** керек дейді.

Бұл арада буржуазиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы жөніндегі идеяға қандай да болсын қайшылық бар ма, тіпті қайшылықтың елесі бар ма? Жоқ екені айқын.

Сонымен, Каменев Лениннің позициясын көрінеу бұрмалап отыр.

Ал бізде Каменевке қарсы айғақ болатын нәрселер тек Ленин жазған документтер ғана емес. Бізде тағыда, мәселен, Троцкий сияқты көзі тірі куәлар, партиямыздың XIV конференциясы сияқты және, ақырында, бір ғажап нәрсе, Каменев пен Зиновьевтің өздері сияқты куәлар бар.

Өздеріңізге мәлім, Лениннің социализмнің бір елде жеңу мүмкіндігі туралы мақаласы 1915 жылы жарыққа шықты. Өздеріңізге мәлім, социализмнің бір елде жеңуі туралы мәселе жөнінде сол кезде Ленин жолдаспен айтысып жүрген Троцкий сол заматта, яғни нақ сол 1915 жылы бұл мақалаға арнаулы сын мақаламен жауап қайырды. Сонда, 1915 жылы, Троц-

кий өзінің сын мақаласында не айтты? Ленин жолдастың мақаласын ол қалай бағалады? Троцкий мұны Ленин социализмнің бір елде жеңуі туралы айтқанда Россияны еске алған жоқ деп түсінді ме, немесе, айталық, біздің бәріміздің кәзір түсініп отырғанымыздан қалайда басқаша түсінді ме? Троцкийдің бұл мақаласынан алынған цитата мынау:

«Құрама Штаттар ұранына қарсы азды-көпті нақты, бірден-бір тарихи пікір Швейцариядағы «Социал-Демократта» (большевиктердің сол кездегі орталық органы; Лениннің жоғарыда аталған мақаласы осында басылған болатын. **И. Ст.**) мына сөздермен айтылды: «Экономикалық және саяси дамудың әркелкілігі капитализмнің даусыз заңы». Осыдан келіп «Социал-Демократ» социализмнің бір елде жеңуі мүмкін, сондықтан әрбір жеке мемлекеттегі пролетариат диктатурасы үшін Европаның Құрама Штаттарын құруды шарт етудің керегі жоқ деген қортындыны шығарды... Ешбір ел өзінің күресінде өзге елдерді «күтпеуі» керек деген сөз — элементарлық пікір, күтушілікке салынатын интернационалдық әрекетсіздік идеясы интернационалдық қатар іс жүргізу идеясының орнын баспауы үшін осы элементарлық пікірді қайта-қайта айтудың пайдасы да, қажеті де бар нәрсе. Біздің бастаған ісіміз өзге елдердегі күреске қозғаушы болады деп толық сене отырып, өзге елдерді күтпей-ақ, біз күресті ұлттық негізде бастап, алға бастыра береміз; ал егер бұл сенгеніміз болмай шықса, онда мәселен, **революцияшыл Россия кертартпа Европаға төтеп беріп тұра алар еді*** деу, немесе социалистік Германия капиталистік дүниеде оқшау отыра алар еді деп үміттенуге болмайды, тарихтың тәжрибесі де, теориялық пікірлер де мұны сыйпаттап отыр» (қарңыз: Троцкий шығармалары, III том, 1-бөлім, 89 — 90-беттер).

Сонымен, Троцкий ол кезде Лениннің мақаласын кәзіргі Каменевтің «түсінгісі» келіп отырғаны сыяқты түсінген жоқ, мұны Ленин қалай түсінсе, солай тү-

* Курсив менікі. **И. Ст.**

сінді, мұны біздің партиямыз қалай түсініп отырған болса, біздің бәріміз қалай түсініп отырған болсақ, солай түсінді, әйтпесе Троцкий Ленинмен айтысқанда өзіне **Россиядан** дәлел келтіріп тірек етпес еді.

Сонымен, Троцкий бұл арада, осы цитатада, өзінің кәзіргі одақтасына қарсы, Каменевке қарсы айғақ болып отыр.

Олай болса, оның осы конференцияда Каменевке қарсы шығып сөйлемегені қалай? Троцкийдің осында Каменев Лениннің пікірін мүлде бұрмалап отыр деп, ашық және адал мәлімдемегені қалай? Троцкий бұл ретте үндемей қалушылықты адал айтыстың үлгісі деп санауға болады деп ойлай ма екен? Бұл жерде Троцкийдің Каменевке қарсы шығып сөйлемеген себебі — ол, сірә, Ленинге тікелей жала жабу жөніндегі күмәнді «іске» шатысқысы келмеген болар, — ол осы қараниеттік жұмысты Каменевке тапсырып отыр.

Ал бұл мәселеге партия қалай қарайды, мәселен, партияның тілегін білдіретін XIV конференция қалай қарайды? Бұл жөнінде XIV конференцияның социализмнің бір елде жеңу мүмкіндігі туралы баяндайтын қарарында былай делінген:

««Экономикалық және саяси дамудың әркелкілігі капитализмнің даусыз заңы» деген ережеден Ленин жолдас жүйелі түрде екі қортынды шығарды: а) «социализмнің әуелі бірнеше капиталистік елде, тіпті бір, жеке алынған, капиталистік елде жеңуі» мүмкін деді және б) осы бірнеше елдің, немесе тіпті бір елдің мейлінше дамыған капитализм елдері болып шықпауы да мүмкін деді (әсіресе Суханов туралы мақаланы қараңыз). **Орыс революциясының тәжрибесі мынаны дәлелдеді***: бір елде мұндай бірінші жеңістің мүмкін екені былай тұрсын, бірқатар қолайлы жағдайлар барда женімпаз пролетарлық революцияның осы бі-

* Курсив менікі. **И. Ст.**

рінші елі (халықаралық пролетариат белгілі дәрежеде қолдайтын болса) ұзақ уақыт тұрақтап, орнығa алады, тіпті бұл қолғабыс басқа елдердегі тіке пролетарлық революциялар түрінде болмаған күнде де тұрақтай алады». (XIV партконференцияның «Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген пленумына байланысты Коминтерн мен РК(б)П міндеттері туралы» қарарынан[97].)

Демек, партия өзінің XIV конференциясы түрінде, түгелімен Каменевке қарсы, Ленин социализмнің бір елде жеңуі туралы мақаласында Россияны айтқан жоқ деген оның пікіріне қарсы айғақ болып отыр. Әйтпесе конференция Лениннің социализмнің бір елде жеңуі туралы белгілі мақаласының дұрыс екенін «орыс революциясының тәжрибесі дәлелдеді» демес еді.

Демек, XIV конференция Ленин жолдастың мақаласын мұны Ленин қалай түсінген болса, мұны Троцкий қалай түсінген болса, мұны біз бәріміз қалай түсініп отырған болсақ, нақ солай түсінді.

Ал Каменев пен Зиновьев XIV конференцияның бұл қарарына қалай қарады? Қарардың жобасы Зиновьев пен Каменев қатысқан комиссияда жасалып, **бірауыздан** қабылданғаны факт емес пе? Жоғарыда аталған қарарды **бірауыздан** қабылдаған XIV конференцияның председателі Каменев болғаны, ал Зиновьев — осы қарар жөнінде баяндамашы болғаны факт емес пе? Каменев пен Зиновьев осы қарарды жақтап, оның барлық пункттерін жақтап қалайша дауыс берді екен? Лениннің — XIV конференцияның қарарына тікелей цитата алынып енгізілген мақаласын ол кезде Каменевтің қазіргі «түсінгісі» келіп отырғанынан гөрі басқаша түсінгені айқын емес пе? Қай Каменевке сену керек: XIV конференцияның предсе-

дателі болып, XIV конференцияның қарарын жақтап дауыс берген Каменевке сену керек пе, әлде кәзір, XV конференцияда, Троцкийдің қорашысы ретінде бой көрсетіп отырған Каменевке сену керек пе?

Демек, XIV конференция дәуіріндегі Каменев XV конференция дәуіріндегі Каменевке қарсы айғақ болып отыр.

Ал Зиновьев неге үндемейді, Лениннің 1915 жылғы мақаласын да, XIV конференцияның қарарын да көрнеу бұрмалап отырған Каменевті түзетуге неге әрекеттенбейді? XIV конференцияда социализмнің бір елде жеңуі туралы қарарды жақтаған басқа ешкім де емес, нақ Зиновьевтің өзі екені факт емес пе?

Демек, бұл арада Зиновьевтің пиғылы онша таза емес. (Дауыстар: «Мүлде таза емес».) Мұнда адал айтыс қайсы?

Демек, Каменев пен Зиновьев кәзір адал айтысты қаламайды.

Ал қортынды қандай? Қортынды мынадай: Каменев Троцкийдің қора сыпырушысы болу ролін атқара алмады. Ол Троцкийдің үмітін ақтамады.

III

АДАМ АЙТҚЫСЫЗ САНДЫРАҚ, НЕМЕСЕ ЗИНОВЬЕВ РЕВОЛЮЦИЯШЫЛДЫҚ ПЕН ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗМ ТУРАЛЫ

Зиновьевке көшейін. Егер Каменев өз сөзінің өн бойында Троцкийге жол аршуға тырысқан болса, ал Зиновьев оппозиция басшылары бүкіл дүние жүзіндегі бірден-бір революционерлер және бірден-бір интернационалистер деп дәлелдеуге тырысып бақты.

Оның «дәлелдерін» тексеріп көрейік.

Ол Бухариннің ішкі мәселелерді (социализм құрылысы мәселелерін) қарағанда методология жүзінде сыртқы мәселелерден қол үзе тұру керек деген сөздерін алады, онан соң Бухариннің осы қағыйдасын елімізде социализмнің жеңу мүмкіндігі туралы әңгіме ететін, оппозициялық одақ туралы тезистермен салыстырады да, мынадай қортындыға келеді: Бухарин және негізінде тезистерді бекіткен Орталық Комитет осы арқылы революциямыздың халықаралық міндеттерін, халықаралық революцияның мүдделерін ұмытып отыр дейді.

Мұның бәрі дұрыс па? Мұның бәрі бос сөз, жолдастар. Бұл арада гәп мынада: Зиновьев методология мәселелерін нашар біледі, үш қарағайдың арасында жүріп алжасады, сөйтіп өзінің алжас әрекетін шынға балап көрсетеді. Бухариннің социализм құрылысы мәселелерін біздің елімізге жасалатын интервенциялардан қауіпсіз болу мәселелерімен, ішкі мәселелерді сыртқы мәселелермен шатастыруға болмайды дейді. Бухарин ішкі мәселелер сыртқы мәселелермен, халықаралық мәселелермен байланысты емес деп тіпті де айтып отырған жоқ. Ол тек бірінші реттегі мәселелерді екінші реттегі мәселелермен шатастыруға болмайды дегенді ғана айтып отыр. Методологияның негізгі және элементарлық талабы осы. Зиновьев методологияның элементарлық мәселелерін түсінбей отырған болса, оған кім кінәлі?

Біз елімізде екі тарау қайшылықтар бар: ішкі қайшылықтар мен сыртқы қайшылықтар бар деген пікірге сүйенеміз. Ішкі қайшылықтар, ең алдымен, социалистік элементтер мен капиталистік элементтер-

дің күресінде. Біз бұл қайшылықтарды өз күшімізбен жоя аламыз, біз шаруашылығымыздың капиталистік элементтерін жеңе аламыз, шаруалардың негізгі бұқарасын социалистік құрылысқа қатыстырып, социалистік қоғам орната аламыз дейміз.

Сыртқы қайшылықтар социализм елі мен капиталистік қоршау арасындағы күресте. Біз бұл қайшылықтарды өз күшімізбен шеше алмаймыз, бұл қайшылықтарды шешу үшін социализмнің, ең болмағанда, бірнеше елде жеңуі қажет дейміз. Дәл сондықтан да біз социализмнің бір елде жеңуі өзіндік мақсат емес, барлық елдерде пролетарлық революцияның жеңуі үшін таяныш, құрал, қару болып табылады дейміз.

Мұның бәрі дұрыс па? Мұны дұрыс емес деп Зиновьев дәлелдеп көрсінші.

Зиновьевтің қырсығы — ол осы екі тарау қайшылықтардың арасындағы айырмашылықты көрмей отыр, бұл қайшылықтарды рабайсыз шатастырып, өзінің алжасқандығын «шын» интернационализм деп көрсетіп отыр, сөйтіп, кімде-кім ішкі мәселелерді қарағанда сыртқы мәселелерден методология жүзінде қол үзетін болса, ондай адам халықаралық революцияның мүдделерін ұмытады деп ойлайды.

Мұның өзі өте кісі күлерлік нәрсе, бірақ мұның қыйсынсыз екенін түсіну керек қой.

Революциямыздың халықаралық моментін естен шығарып отыр делінген тезистерді алатын болсақ, онда, Зиновьевтің тағыда алжасқанын түсіну үшін осы тезистерді оқып шықса болғаны. Тезистерде былай делінген:

«Партия мынаған сүйенеді: біздің революциямыз социалистік революция болып табылады, Октябрь революциясы Батыстағы

социалистік революцияның дабылы, түрткі салушысы және бастама пункті ғана болып қоймайды, сонымен бірге ол, біріншіден, дүниежүзілік революциялық қозғалыстың бұдан былай да дамый беру базасы болып табылады және ол екіншіден, ССР Одағында капитализмнен социализмге өту дәуірін ашады (пролетариат диктатурасы), бұл дәуір ішінде пролетариат, шаруалар жөнінде дұрыс саясат қолданылатын болса, толық социалистік қоғамды әбден орната алады және орнатады да; **бұл үшін, әрине, бір жағынан, ССР Одағын империализмнің соғыс интервенциясынан қорғап қаларлық халықаралық революциялық қозғалыстың күші және, екінші жағынан, ССР Одағы пролетариатының күші мейлінше жеткілікті болуы керек»***.

Көріп отырсыздар, тезистерде халықаралық момент бүтіндей, толығынан ескерілген.

Сонсын. Зиновьев, онымен бірге Троцкий де, Лениннің шығармаларынан «социалистік революцияның бір елде **толық** жеңуі мүмкін емес, мұның өзі кемінде бірнеше алдыңғы қатарлы елдердің мейлінше қызу ынтымақтасуын керек етеді» деген цитата келтіреді де, бір елде социализм орнату ісі — біздің елдегі пролетариаттың әлі келмейтін жұмыс деп өрескел қортынды жасайды. Бірақ мұның өзі алжасқандық қой, жолдастар-ау! Біздің елде социализмнің **толық** жеңуі, **түпкілікті** жеңуі мүмкін және бір елдің пролетариатының әлі келетін жұмыс деп партияның айтқан кезі болды ма? Қай жерде, қашан айтылды, — бізге көрсетіп берсінші. Партия Ленинмен бірге, социализмнің толық, түпкілікті жеңуі бірнеше елде социализм жеңгенде ғана мүмкін болады деп әрқашан айтып отырған жоқ па, айтып та келмеді ме? Партия социализмнің бір елде жеңуін оның толық, түпкілікті

* Осы томның 242-бетін қараңыз. *Ред.*

кәсіпшілер одактарының біртұтас майдан жасау саясаты дегеніміз тек алдыңғы қатарлы елдердің ғана емес, сонымен қатар жалпы барлық елдердің жұмысшыларының күш-жігерінің бірігуі емей немене? Бүкіл дүние жүзінде кәсіпшілер одақтарының біртұтас майданын жасау саясатын жүргізуде біздің партияның ролі аса зор екенін кім бекер дей алады? Біздің революция барлық елдерде революцияның дамуын әрқашан қолдап келгендігі және әлі де қолдап отырғандығы факт емес пе? Барлық елдердегі жұмысшылардың біздің революцияға тілектестік білдіру арқылы және интервенция әрекеттеріне қарсы күрес жүргізу арқылы біздің революцияны қолдап келгендігі және әлі де қолдап отырғандығы факт емес пе? Мұның өзі біздің революцияның жеңуі үшін барлық елдердегі жұмысшылардың күш-жігерінің бірігуі емей немене? Ал Англия жұмысшыларының белгілі нотаға байланысты Керзонға қарсы күресуі ше[98]? Ал ССРО жұмысшыларының ағылшын көміршілерін қолдауы ше? Жолдастар, егер қажет болатын болса, мен әлі де осылар сияқты бірқатар белгілі фактыларды келтіре аламын.

Мұнда революциямыздың интернационалдық міндеттерін ұмытқандық қайсы?

Мұнда гәп неде? Гәп мынада: Зиновьев европалық пролетариаттың мемлекеттік жәрдемінсіз біздің елде социализм орнатуға болатындығы жөніндегі күрделі мәселені, кәзіргі халықаралық жағдайларда Россиядағы пролетарлық өкімет кертартпа Европаға төтеп бере ала ма деген күрделі мәселені біздің елде социализмнің жеңуі үшін барлық елдердегі пролетарлардың

бірлесіп күш жұмсауы жөніндегі мәселемен бүркеуге тырысып отыр.

Зиновьевтің кәзіргі ұстазы Троцкий былай дейді:

«Мәселен, революцияшыл Россия кертартпа Европаға төтеп беріп тұра алар еді... деп үміттенуге болмайды» (Троцкий, III том, 1-бөлім, 90-бет).

Зиновьевтің кәзіргі ұстазы Троцкий былай дейді:

«Европа пролетариатының турадан-тура мемлекеттік жәрдемі болмаса, Россияның жұмысшы табы өкіметті қолында ұстап тұра алмайды және өзінің уақытша үстемдігін ұзаққа созылатын социалистік диктатураға айналдыра алмайды. Бұған бір минут те күмәндануға болмайды» (қараңыз: «Біздің революция», 278-бет).

Демек, Зиновьев Европада пролетариат жеңген күнде («европалық пролетариаттың мемлекеттік жәрдемі») біздің елде социализмнің жеңетіні туралы мәселені Европа мен Россия жұмысшыларының бірлесіп күш жұмсауы туралы мәселемен бүркеп отыр.

Мәселе міне осында және біздегі талас міне осы туралы болып отыр.

Зиновьев Лениннің шығармаларынан және «Коммунистік Манифестен» цитаталар келтіргенде, бір мәселені екінші мәселемен бүркеуге тырысып отыр.

Біздің революцияның интернационалдық міндеттерін партиямыздың «ұмытқандығы» жөнінде Зиновьевтің жаттығуларының сыры міне осында.

Зиновьевтің фокустарының, алжасқандығының және шым-шытырығының сыры міне осында.

Зиновьев өз басындағы адам айтқысыз осы сандырақты, осы қойыртпақ пен шым-шытырықты «кішіпейілділікпен» оппозициялық одақтың «нағыз» революцияшылдығы, «нағыз» интернационалистігі деп көрсетіп отыр.

Мұның бәрі кісі күлерлік нәрсе емес пе, жолдастар-ау?

Біздің заманымызда интернационалдық революционер болу үшін, партиямыздың қатарында жүріп, біздің партияны, сонымен бірге Коминтерннің алдыңғы қатарлы отряды болып табылатын партияны мейлінше нығайтып, бар күшпен қолдап отыру керек. Ал оппозиционерлер оны қыйратып, әлсіреткелі жүр.

Біздің заманымызда интернационалист болу үшін Коммунистік Интернационалды мейлінше нығайтып, бар күшпен қолдап отыру керек. Ал оппозиционерлер, қайдағы бір Масловтар мен Савариндерді қолдай отырып және оларға нұсқау бере отырып, Коминтернді ыдыратып, қыйратқалы жүр.

Коммунистік Интернационалдың алдыңғы қатарлы отряды болып табылатын біздің партияға қарсы соғыс халінде жүріп, революционер және интернационалист болу мүмкін емес екенін түсінетін уақыт жетті. (Қол шапалақтау.)

Коминтернге қарсы соғыс ашқаннан кейінгі жерде олардың революционерлер және интернационалистер болудан қалғанын түсінетін уақыт жетті. (Қол шапалақтау.)

Оппозиционерлер революционерлер де, интернационалистер де емес, революция мен интернационализм жөніндегі мылжыңдар екенін түсінетін уақыт жетті. (Қол шапалақтау.)

Олар істің революционерлері емес, дауырықпалы сөздердің және кинематографиялық лентаның революционерлері екенін түсінетін уақыт жетті. (Күлкі, қол шапалақтау.)

Олар істің революционерлері емес, кинореволюцио-

нерлер екенін түсінетін уақыт жетті. (*Күлкі, қол шапалақтау.*)

IV

ТРОЦКИЙ ЛЕНИНИЗМДІ БҰРМАЛАП ОТЫР.

1. ТРОЦКИЙДІҢ ФОКУСТЕРІ, НЕМЕСЕ «ПЕРМАНЕНТТІК РЕВОЛЮЦИЯ» ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Троцкийдің сөзіне көшейін.

Троцкий біздің революцияның сыйпаты мен болашағы туралы талқыланып отырған мәселеге перманенттік революция теориясының ешқандай қатысы жоқ деді.

Пәлендей асып түсетін нәрсе демегеннің өзінде, бұл — өте ғажап нәрсе. Бұл қалай? Перманенттік революция теориясы революцияның қозғаушы күштері жөніндегі теория емес пе? Перманенттік революция теориясының, ең алдымен, революциямыздың қозғаушы күштері туралы баяндайтыны бекер ме? Ал революциямыздың сыйпаты мен болашағы туралы мәселе осы революцияның қозғаушы күштері туралы мәселе емей немене? Перманенттік революция теориясының талқыланып отырған мәселеге ешқандай қатысы жоқ деуге бола ма? Бұлай деу дұрыс емес, жолдастар. Бұл айлакерлік, фокус. Бұл — ізін жасыруға әрекеттенгендік. Бұл — жасырынуға әрекеттенгендік. Текке кететін еңбек! Жасырынамын деп әрекеттенбеңіз, — бәрібір жасырына алмайсыз!

Троцкий өз сөзінің басқа бір жерінде: мен перманенттік революция теориясына елеулі маңыз беруді алдақашан-ақ қойғанмын деп «аңғартуға» тырысты. Ал Каменев өзінің сөзінде: Троцкий перманенттік революция теориясынан кәзірдің өзінде-ақ безбеген бол-

са, ол одан безуге, сірә, дайын болар деп «түсіндірді».

Керемет-ақ, басқа не дерсің!

Ал мәселені талдап көрейік: перманенттік революция теориясының талқыланып отырған мәселеге қатысы жоқ екендігі рас па, егер рас болмаса, онда перманенттік революция теориясына Троцкий маңыз бермейді және одан бастартты деуге болады деген Каменевке сенуге бола ма?

Документтерге келейік. Мен, ең алдымен, Троцкийдің 1921 жылдың декабрінде Ольминский жолдасқа жазған, 1925 жылы баспасөзде жарияланған хатын — Троцкийдің ешуақытта бастартуға әрекет етпеген және осы кезге дейін тікелей болсын, жанамалай болсын бастартпаған хатын, сондықтан толық күшінде қалып отырған хатын айтып тұрмын. Бұл хатта перманенттік революция туралы не айтылған?

Тыңдаңыздар:

«**Өзімнің большевиктермен келіспеушіліктерімде барлық нәрсе жөнінде менікі теріс еді деп мен тіпті де ойламаймын.** Менің теріс кеткен жерім — мүлде теріс кеткен жерім — меньшевиктік фракцияны бағалау жөнінде болды, мен фракцияның революциялық мүмкіндіктерін асыра бағаладым және оның ішіндегі оң қанатты оқшау қалдырып, оны жоқ етуге болады деп үміттендім. Алайда бұл негізгі қате мынадан туған еді: **мен екі фракцияға да — большевиктік фракцияға да, меньшевиктік фракцияға да** перманенттік революция мен пролетариат диктатурасы идеясы тұрғысынан **қарадым**, ал ол кезде большевиктер де, меньшевиктер де буржуазиялық революция мен демократиялық республика тұрғысында болатын. Мен екі фракция арасындағы алауыздықты принцип жағынан онша терең емес деп есептедім, жәнеде революцияның барысының өзі екі фракцияны да перманенттік революция позициясына келтіреді, жұмысшы табының өкіметті жеңіп алуына себепкер болады деп үміттендім (мен бұл

үмітті хаттарда, баяндамаларда әлденеше рет білдіргенмін), ал 1905 жылы ішінара осылай болды да. (Орыс революциясының қозғаушы күштері туралы Каутскийдің мақаласына Лениннің алғысөзі және «Начало» газетінің бүкіл бағыты).

Революцияның қозғаушы күштеріне берген менің бағам сөзсіз дұрыс еді, ал екі фракция жөнінде бұдан шығарған қортындыларым сөзсіз теріс еді деп есептеймін. Тек большевизм ғана, өзінің келісімге келмейтін бағыты арқасында, ескі интеллигенцияның да, жұмысшы табының алдыңғы қатарлы тобының да нағыз, революцияшыл элементтерін өз қатарына топтады. Тек большевизмнің осы революцияшыл-мығым ұйымды құра білгендігінің арқасында ғана революциялық-демократиялық позициядан революциялық-социалистік позицияға соншалық тез бет бұруға мүмкіндік туды.

Ал кәзір мен меньшевиктер мен большевиктерге қарсы жазылған өзімнің айтыс мақалаларымды қыйналмастан екі категорияға бөлер едім: біріншісі — революцияның ішкі күштерін талдау, оның болашағы жайындағы мақалалар (Роза Люксембургтің поляк теориялық органы, «Neue Zeit»), ал екіншісі — орыс социал-демократтарының фракцияларын бағалау, олардың күресі, т. б. жайындағы мақалалар. Бірінші категориядағы мақалаларды мен кәзірде де ешбір түзетусіз бере алар едім, өйткені бұл мақалалар 1917 жылдан бастап біздің партияның позициясына толық және түгел сәйкес келеді. Екінші категориядағы мақалалар көрнеу қате мақалалар, сондықтан оларды қайта басып шығарудың керегі жоқ» (қараңыз: «Ленин Троцкий туралы», 1925 ж., Ольминский жолдастың алғысөзімен басылған).

Бұдан шығатын қортынды қандай?

Демек, Троцкий ұйымдастыру мәселелері жөнінде ғана қателескен екен, ал біздің революцияны бағалау мәселелері жөнінде, перманенттік революция туралы мәселе жөнінде оның пікірі бұрын да, кәзір де дұрыс болыпты-мыс.

Рас, Лениннің перманенттік революция теориясына қарсы өзінің ақырғы күндеріне дейін күресіп келгенін

Троцкийдің білмеуі мүмкін емес. Бірақ ол бұған шімірікпейді де.

Демек, сонсын, екі фракция да, меньшевиктер де, большевиктер де перманенттік революция теориясына келуге тиіс екен, бірақ іс жүзінде бұл теорияға тек большевиктер ғана келіпті, өйткені оларда жұмысшылар мен ескі интеллигенцияның революцияшыл мығым ұйымы болыпты, бірақ олар бірден келмепті-мыс, «1917 жылдан бастап» келіпті-мыс.

Демек, ақырында, перманенттік революция теориясы «1917 жылдан бастап біздің партияның позициясына толық және түгелдей сәйкес келеді» екен.

Енді өздеріңіз ойлап қараңыздар: мұның өзі Троцкий перманенттік революция теориясына үлкен маңыз бермейді дегенге ұқсай ма? Жоқ, ұқсамайды. Қайта мұның керісінше, егер перманенттік революция теориясы «1917 жылдан бастап» партияның позициясына шын сәйкес келген болса, онда бұдан тек бір ғана қортынды жасауға болады: Троцкий біздің бүкіл партия үшін бұл теорияның шешуші маңызы бар деп есептеп келді және әлі де осылай деп есептеуде.

Ал «сәйкес келді» дегеннің мәнісі не? Егер біздің партия Ленин арқылы нақ осы теорияға қарсы үнемі күрес жүргізгендігі дәлелденген болса, онда Троцкийдің перманенттік революция теориясы біздің партияның позициясына қалай сәйкес келе алады?

Екінің бірі: не біздің партияның өз теориясы болмады, сондықтан кейін, өмір жүзінде, Троцкийдің перманенттік революция теориясын қабылдауға мәжбүр болған болады, не оның өз теориясы болды, бірақ оны, бұл теорияны, Троцкийдің перманенттік ре-

волюция теориясы «1917 жылдан бастап» елеусіз түрде ығыстырып шығарған болады.

Осы «ұғынбаушылықты» кейін Троцкий «1905 жыл» деген кітабына 1922 жылы жазған өзінің «Алғысөзінде» бізге түсіндірді. Перманенттік революция теориясының мәнін баяндай келіп, перманенттік революция теориясы тұрғысынан біздің революцияның бағасы жөнінде анализ бере келіп, Троцкий мынадай қортынды жасайды:

«12 жыл үзілістен кейін болса да, бұл баға толық расталды» (Троцкий, «1905», «Алғысөз»).

Басқаша айтқанда: Троцкийдің 1905 жылы «құрастырған» перманенттік революция теориясы 12 жыл өткеннен кейін, 1917 жылы «толық расталды» деген сөз.

Бірақ ол қалай расталды екен? Ал большевиктерше, — олар қайда кетті? Шынымен олардың революцияға ешбір өз теориясынсыз барғаны ма, олардың тек революцияшыл интеллигенцияны, революцияшыл жұмысшыларды топтауға ғана жарағаны ма? Ал сонсоң, большевиктер жұмысшыларды қай негізде, қандай принциптердің негізінде топтастырды? Большевиктердің әйтеуір бір теориясы, революцияға берген бағасы, революцияның қозғаушы күштеріне берген бағасы болған шығар? Біздің партияда перманенттік революция теориясынан басқа ешқандай теория шынымен-ақ болмады ма?

Өздеріңіз ойлап қараңыздар: біздер, большевиктер, перспективасыз, революциялық теориясыз өмір сүріппіз; біз осылайша 1903 жылдан 1917 жылға дейін өмір сүріппіз; ал сонсоң, «1917 жылдан бастап», перманенттік революция теориясын елеусізде жұтып жі-

беріп, аяғымызды басыппыз. Дау жоқ, мұның өзі — өте қызық ертегі. Бірақ мұның партия ішінде елеусіз, күрессіз, шайқассыз өте салғаны қалай? Мұның қыйсынсыздан қыйсынсыз, оп-оңай бола қалғаны қалай? Перманенттік революция теориясының жарыққа шыққан күндерінен бастап бұл теорияға қарсы Лениннің және оның партиясының күрескені белгілі ғой.

Дегенмен, бұл «ұғынбаушылықты» Троцкий басқа бір документте бізге түсіндіреді. Мен Троцкийдің «Біздегі алауыздықтар» деген мақаласына 1922 жылы жазылған «Ескертуді» айтып тұрмын.

Троцкийдің бұл мақаласының тиісті жері мынау:

«Егер меньшевиктер: «**біздің революция буржуазиялық революция**» деген абстракцияға сүйеніп, пролетариаттың бүкіл тактикасын либерал буржуазияның мінез-құлқына, оның мемлекеттік өкіметті жеңіп алуына дейінгі мінез-құлқына ыңғайластыру идеясына келсе, — ал большевиктер «**социалистік диктатура емес, демократиялық диктатура**» деген дәл сондай жалаң абстракцияға сүйеніп, қолында мемлекеттік өкіметі бар пролетариаттың буржуазиялық-демократиялық қалыпта өзін өзі тежеу идеясына келеді. Рас, бұл мәселе жөнінде олардың арасындағы айырмашылық өте үлкен: меньшевизмнің антиреволюциялық жақтары кәзірдің өзінде-ақ барынша көрініп отыр, ал большевизмнің антиреволюциялық сыйпаттары тек революция жеңген күнде ғана орасан қауіп туғызады» (Троцкий, «1905», 285-бет).

Демек, антиреволюциялық жақтар тек меньшевизмде ғана болып қоймаған, сонымен қатар большевизм де «антиреволюциялық сыйпаттардан» сау емес екен; бұл сыйпаттар «тек революция жеңген күнде ғана орасан қауіп» туғызады екен.

Кейін большевиктер большевизмнің «антиреволюциялық сыйпаттарынан» арылды ма, ал егер арылған болса, қалайша арылды?

Бұл «ұғынбаушылықты» Троцкий «Біздегі алауыздықтар» деген мақаласына жазған «Ескертуінде» бізге түсіндіреді.

Тыңдаңыздар:

«Өздеріңізге мәлім, бұлай болған жоқ, өйткені большевизм Ленин жолдастың басшылығы арқасында осы маңызды мәселеде 1917 жылдың көктемінде, яғни өкіметті жеңіп алғанға дейін, идеялық жағынан өзін қайта қаруландырды (бұл ішкі күрессіз болған жоқ)» (Троцкий, «1905», 285-бет).

Сонымен, перманенттік революция теориясының негізінде большевиктер «1917 жылдан бастап» «қайта қаруланыпты», осыған байланысты большевиктер «большевизмнің антиреволюциялық сыйпаттарынан» аман қалыпты, ақырында, тағы бір факт — перманенттік революция теориясы, сөйтіп, «толық расталыпты», — Троцкийдің қортындысы міне осындай.

Ал ленинизм, большевизм теориясы, біздің революцияға, оның қозғаушы күштеріне, т. т. берілген большевиктік баға қайда кеткен? Олар не «толық расталмады», не тіпті «расталмады», не ауаға жайылып кетті, сөйтіп партияның «қайта қаруланауы» үшін перманенттік революция теориясына орын берді.

Сонымен, дүниеде большевиктер өмір сүріпті, 1903 жылдан «бастап» олар өйтіп-бүйтіп партияны «құрастырыпты», бірақ революциялық теориясы болмапты, 1903 жылдан «бастап» адаса-адаса, әйтеуір өйтіп-бүйтіп 1917 жылға жетіпті, сонсоң, қолында перманенттік революция теориясы бар Троцкийді байқап қалып, «қайта қаруланауға» бел байлапты да, «қайта қаруланып алып», ленинизмнің, революцияның лениндік теориясының ақырғы қалдықтарынан айрылыпты,

сөйтіп перманенттік революция теориясын біздің партияның «позициясына» «толық сәйкес» етіпті.

Мұның өзі өте қызық ертегі, жолдастар. Мұның өзі, керек десеңіз, циркте кездестіретін тамаша фокустердің бірі. Бірақ бізде цирк емес, партиямыздың конференциясы ғой. Ал біз Троцкийді цирктің артистігіне жалдаған жоқпыз ғой. Бұл фокустердің не қажеті бар?

Ленин жолдас Троцкийдің перманенттік революция теориясын қалай бағалады? Ол өзінің макалаларының бірінде, бұл теорияны «өзгеше», «тамаша» теория деп келмеждей келіп, бұл теория туралы былай деп жазады:

«Болашақ революциядағы таптардың арасалмағын анықтау— революцияшыл партияның басты міндеті... 1905 жылғы өзінің «өзгеше» теориясын қайталап отырған және өмірдің тұтас он жыл бойы осы әдемі теориядан тыс жүрген себебі не екенін ойлағысы келмейтін Троцкий «Наше Слово» газетінде бұл міндетті теріс шешіп отыр.

Троцкийдің өзгеше теориясы большевиктерден пролетариатты батыл революциялық күреске шығуға, оны саяси өкіметті колға алуға шақыратын ұранды алды, ал меньшевиктерден — шаруалардың ролін «жоққа шығарушылықты» алды... Осы арқылы «Троцкий шаруалардың ролін «жоққа шығарушылықты» шаруаларды революцияға аттандыруды тілемеу деп түсінетін, Россияның либералдық жұмысшы саясатшыларына іс жүзінде көмектесіп отыр!» (қараңыз: XVIII том, 317 — 318-беттер).

Демек, Лениннің айтуынша, перманенттік революция теориясы — жартылай меньшевиктік теория, шаруалардың орыс революциясындағы революциялық ролін есепке алмайтын теория болып табылады.

Тек бір түсініксіз нәрсе — бұл жартылай меньшевиктік теория «1917 жылдан бастап» болса да біздің

партияның позициясымен қалайша «толық және түгел сәйкес» келген.

Ал біздің партия перманенттік революция теориясын қалай бағалайды? XIV партконференцияның белгілі қарарында ол теория туралы былай делінген:

««Россияда социалистік шаруашылықтың шын мәнісінде өркендеуі Европаның басты-басты елдерінде пролетариат женгеннен кейін ғана мүмкін бола алады» (Троцкий, 1922 ж.) деген пікір, — қазіргі дәуірде СССР пролетариатын фаталистік енжарлыққа душар ететін пікір — перманенттік революция жөніндегі троцкистік теорияның айырғысыз бір бөлегі болып табылады. Мұндай «теорияларға» қарсы Ленин жолдас былай деп жазды: «Батысевропалық социал-демократияның дамып келе жатқан кезінде олардың жаттап алған дәлелі ұшы-қиыры жоқ шаблонды дәлел болып табылады; бұл дәлел бойынша: біз социализм орнататындай дәрежеге жеткеніміз жоқ, бұлардың ішіндегі түрлі «ғалым» мырзалардың айтуынша, бізде социализм үшін объективтік экономикалық алғышарттар жоқ сияқты» (Суханов туралы мақала). (Партияның XIV конференциясының қарары[99].)

Демек, перманенттік революция теориясы Сухановшылдық болып табылады, ал Ленин жолдас өзінің «Біздің революция туралы» деген мақаласында сухановшылдықты социал-демократизм деп масқаралаған болатын.

Тек бір түсініксіз нәрсе — мұндай теория біздің большевиктік партияны қалай «қайта қаруландыра» алды екен.

Каменев өзінің сөзінде мынадай «түсінік берді»: Троцкий өзінің перманенттік революция теориясынан кете бастап отыр деді, өзінің осы айтқанын дәлелдеу үшін Троцкийдің 1926 жылы сентябрьде оппозицио-

нерлерге жазған соңғы хатынан өте-мөте екіұшты мына цитатаны келтірді:

«Біз мынаған сүйенеміз: азды-көпті принципті мәселелерде біздің ішімізден кімде-кім Ленинмен келіспесе, шындық — сөзсіз Владимир Ильич жағында болғандығын тәжрибе толық дәлелдеп көрсетті».

Бірақ Каменев Троцкийдің осыдан кейін іле-шала, дәл сол хаттың ішінде, өзінің алдыңғы мәлімдемесін жоққа шығаратын мынадай мәлімдеме жасағаны жөнінде жұмған аузын ашпады:

«Ленинградтық оппозиция ұлттық тұйықтықты теория жүзінде ақтау болып табылатын, бір елдегі социализм теориясына үзілді-кесілді қарсы шықты» (қараңыз: Троцкийдің хаты, сентябрь, 1926 ж. — БК(б)П Орталық Комитеті Саяси Бюросының 1926 жылы 8 және 11 октябрьде болған мәжілістерінің стенограммасына қосымша).

Өзінің бірінші мәлімдемесін жоққа шығаратын екінші мәлімдемесінің алдында Троцкийдің екіұшты және ешбір міндет жүктемейтін бірінші мәлімдемесінің қандай маңызы болмақ?

Перманенттік революция теориясы дегеніміз не? Лениннің «бір елде социализмнің жеңуі жөніндегі теориясын» теріске шығару деген сөз.

Лениннің «бір елде социализмнің жеңуі жөніндегі теориясы» дегеніміз не? Троцкийдің перманенттік революция теориясын теріске шығару деген сөз.

Каменев Троцкийдің хатынан бірінші цитатаны келтіре отырып, екінші цитата туралы жұмған аузын ашпағаны, сөйтіп біздің партияны шатастыруға, алдауға тырысқаны айқын емес пе.

Бірақ біздің партияны алдау онша оңай емес.

2. ЦИТАТАЛАРМЕН АЙЛА ЖАСАУ, НЕМЕСЕ ТРОЦКИЙ ЛЕНИНИЗМДІ БҰРМАЛАП ОТЫР

Жолдастар, Троцкийдің бүкіл сөзінде Ленин шығармаларынан алынған алуан түрлі цитаталар мол екенін байқадыңыздар ма? Лениннің түрлі мақалаларынан үзіп алынған осы цитаталарды оқыйсың да Троцкийдің көбірек көздейтіні не екенін: осы цитаталар арқылы өз позициясын нығайтқысы келе ме, әлде Ленин жолдастың «қайшылықтарын» «тапқысы» келе ме, әйтеуір түсінбейсің. Ол бір топ цитатаны Лениннің революция бірнеше елдерде жеңген күнде ғана интервенция қаупін жоюға болады дейтін еңбектерінен келтірді, ол, сірә, осы арқылы партияны «әшкерелемек» болса керек. Бірақ бұл цитаталар партияның позициясына қарсы цитаталар емес, партияны жақтайтын және Троцкийдің позициясына қарсы шығатын цитаталар екенін ол түсінбейді, немесе түсінгісі келмейді, өйткені партия сырттан болатын қауіптің салмағын Ленин бағытына толық сәйкес бағалайды. Ол революция бірнеше елдерде жеңіп шықпайынша социализмнің **толық жеңуі** мүмкін емес дейтін тағы бір цитаталарды келтірді, сөйтіп осы цитаталармен айла жасауға барынша тырысып бақты. Бірақ социализмнің толық жеңуі (интервенциядан қауіпсіз болу) мәселесін социализмнің жалпы жеңуі (социалистік қоғам орнату) мәселесіне қосып шатастыруға болмайтындығын түсінбейді, немесе түсінгісі келмейді, Лениннің шығармаларынан алынған бұл цитаталар партияға қарсы цитаталар емес, партияны жақтайтын және Троцкийдің позициясына қарсы шығатын цитаталар екенін түсінбейді, немесе түсінгісі келмейді.

Бірақ, мәселеге қатысы жоқ толып жатқан әр-

алуан цитаталар келтіре отырып, Троцкий, алайда, Лениннің бір елде социализмнің жеңіп шығуы туралы негізгі мақаласына (1915 ж.) тоқтағысы келмеді, ол, сірә, Каменев сөзімен оны бұл мақаладан амансау құтқарды деп ойласа керек. Алайда Каменевтің өз ролін атқара алмағандығы біржолата дәлелденді деп есептеуге болады, ал Ленин жолдастың мақаласы түгелдей өз күшінде қалып отыр.

Сонсын, Троцкий күнделікті саясат саласында шаруа мәселесі жайында Ленин мен оның арасында алауыздықтың жоқ екені туралы Ленин жолдастың белгілі мақаласынан цитата келтірді. Бірақ ол мынаны айтуды ұмытты: Лениннің бұл мақаласының **елімізде толық социалистік қоғам орнату мүмкіндігіне байланысты** шаруа мәселесі жөнінде Троцкий мен Лениннің арасындағы алауыздықтар туралы мәселені шешпейтіні былай тұрсын, тіпті ол мәселені қозғамайды да.

Троцкийдің цитаталар жөніндегі әрекетінің мағнасыз айлакерлікке айналып кеткен себебі, тегінде, осыдан.

Троцкий революциямыздың ішкі күштері негізінде елімізде социалистік қоғам орнату мүмкіндігі туралы мәселе жөніндегі Лениннің позициясына өз позициясының «сәйкес» келетіндігін дәлелдеуге әрекеттенді. Бірақ дәлелдеуге болмайтын нәрсені қалайша дәлелдеуге болады?

Лениннің «социализмнің әуелі бірнеше капиталистік елде, тіпті бір, жеке алынған, капиталистік елде жеңуі мүмкін»[100] деген тезисін Троцкийдің «мәселен, революцияшыл Россия кертартпа Европаға төтеп бе-

ріп тұра алар еді... деп үміттенуге болмайды» деген тезисімен қалай үйлестіруге болады?

Сонсын, Лениннің «бұл елдің (бір елдің. **И. Ст.**) жеңіп шыққан пролетариаты капиталистерді экспроприациялап, өз елінде социалистік өндіріс ұйымдастырып, қалған капиталистік дүниеге қарсы тұрар еді»[101] деген тезисін Троцкийдің «Европа пролетариатының турадан-тура **мемлекеттік*** жәрдемі болмаса, Россияның жұмысшы табы өкіметті қолында ұстап тұра алмайды және өзінің уақытша үстемдігін ұзаққа созылатын социалистік диктатураға айналдыра алмайды» деген тезисімен қалай үйлестіруге болады?

Ақырында, Лениннің «өзге елдерде революция тумай тұрғанда, Россиядағы социалистік революцияны шаруамен жасаған келісім ғана сақтап қала алады»[102] деген тезисін Троцкийдің «халқының басым көпшілігі шаруалар болып отырған, артта қалған елдегі жұмысшы үкіметінің хал-жайындағы қайшылықтар тек халықаралық көлемде, пролетариаттың дүниежүзілік революциясының майданында шешіле алады» деген тезисімен қалай үйлестіруге болады?

Ал сонсоң: Троцкийдің біздің елде социализмнің жеңуі туралы мәселе жөніндегі позициясының меньшевик О. Бауэрдің позициясынан, тегінде, нендей айырмашылығы бар; сол О. Бауэр былай дейді:

«Пролетариат ұлттың тек болмашы ғана азшылығы болып отырған Россияда пролетариат өзінің үстемдігін тек уақытша ғана орната алады», «ұлттың шаруа бұқарасы өкіметті өз қолына алу үшін мәдениет жағынан өсіп жетілісімен-ақ пролетариат өз үстемді-

---

* **Курсив менікі. И. Ст.**

гін қайтадан сөзсіз жоғалтуға тиіс», «индустриялы Батыс пролетариаты саяси өкіметті жеңіп алса ғана» Россияда «индустриялы социализмнің ұзақ үстемдігін қамтамасыз етуге болады».

Троцкийдің Лениннен гөрі Бауэрге жақын екендігі айқын емес пе? Жәнеде Троцкийдің позициясы — социал-демократиялық уклонның позициясы екендігі, Троцкийдің біздің революцияның социалистік сыйпатын шындығында теріске шығарып отырғандығы рас емес пе?

Троцкий кертартпа Европа тұрғанда пролетарлық өкіметті ұстап тұрудың мүмкін еместігі туралы өз тезисін кәзіргі Европа кертартпа Европа болып табылмайды, Европа азды-көпті либералдық Европа, егер Европа шын кертартпа Европа болған болса, онда біздің елдің пролетариаты өкіметті ұстап тұра алмаған болар еді деген пікірмен дәлелдеуге тырысты. Бірақ бұл арада Троцкийдің әбден және біржолата шатасқанын түсіну қыйын ба? Мәселен, кәзіргі Италияны, немесе Англияны, не Францияны — кертартпа деп атау керек пе, әлде либералдық деп атау керек пе? Кәзіргі Солтүстік Америка — кертартпа ел ме әлде либералдық ел ме? Ал кертартпа Европа мен «либералдық» Европаның арасындағы айырмашылықты осылай «нәзік» және күлкілі түрде баса көрсетудің біздің республиканың аман-сау өмір сүруі үшін қандай маңызы болмақ? Колчак пен Деникин тұсында біздің елді монархиялық және кертартпа Англия сыяқты республикалық Франция мен демократиялық Америка да интервенциялаған жоқ па еді?

Троцкий орташа туралы мәселеге айрықша көп орын берді. Ол Лениннің 1906 жылғы дәуірде жазыл-

ған шығармаларынан, Лениннің буржуазиялық революция жеңгеннен кейін орташалардың бір бөлегі контрреволюцияның жағына шығып кетуі мүмкін деп алдын ала айтқан сөздерінен цитата келтірді, сірә, ол осы арқылы бұл цитата Троцкийдің социалистік революция жеңгеннен кейінгі шаруа туралы мәселе жөніндегі позициясымен «сәйкес келеді» деп дәлелдемек көрінеді. Бұл арада Троцкийдің салыстыруға болмайтын нәрсені салыстырып отырғандығын түсіну қыйын емес. Троцкий орта шаруаны «өзіндік нәрсе» деп, түпкілікті және өмірбақый өзгермес нәрсе деп қарауға бейім. Бірақ большевиктер орта шаруаға ешқашан бұлай қараған емес.

Негізгі шаруалар бұқарасы жөнінде большевиктердің үш жоспары бар екенін Троцкий, сірә, ұмытқан болу керек: бірінші жоспар — буржуазиялық революция дәуіріне арналған жоспар, екінші жоспар — пролетариат революциясының дәуіріне арналған жоспар, ал үшінші жоспар — Совет өкіметі баянды етілгеннен кейінгі дәуірге арналған жоспар.

Бірінші дәуірде большевиктер былай деді: барлық шаруалармен бірігіп, либералдық буржуазияны битарап етіп, патша мен помещиктерге қарсы, буржуазиялық-демократиялық революция үшін күресейік.

Екінші дәуірде большевиктер былай деді: ең кедей шаруалармен бірігіп, орта шаруаларды битарап етіп, буржуазия мен кулактарға қарсы, социалистік революция үшін күресейік. Ал орта шаруаларды битарап ету дегеніміз не? Мұның мәнісі — оны пролетариаттың саяси бақылауында ұстау, оған сенім жасамау және оның қолдан шығып кетпеуі үшін бар шараны қолдану деген сөз.

Үшінші дәуірде, кәзір біз бастан кешіріп отырған дәуірде, большевиктер былай дейді: кедейлермен бірігіп, орташамен берік одақ жасай отырып, қала мен деревнядағы шаруашылығымыздың капиталистік элементтеріне қарсы, социалистік құрылыстың жеңуі үшін күресейік.

Кімде-кім революциямыздың түрлі үш дәуірін көрсететін осы үш жоспарды, әртүрлі үш бағытты шатастыратын болса, ондай адам большевизмнен ешнәрсе түсінбейді.

Буржуазиялық революция жеңгеннен кейін орташалардың бір бөлегі контрреволюцияға өтіп кетеді деген Лениннің пікірі өте дұрыс еді. Мәселен, «Уфа үкіметі»[103] дәуірінде нақ осылай болды; ол кезде Поволжьедегі орташалардың бір бөлегі контрреволюцияға, кулактарға өтіп кетті, ал орташалардың дені революция мен контрреволюция арасында ауытқып жүрді. Бұдан басқаша болуы мүкін де емес еді. «Қайсысы жеңетінін кім білсін, онан да күте тұрған жақсы» деп аңысын аңдамаса, ауытқымаса, орташа-орташа бола ма. Ішкі контрреволюцияны қыйратқан бірінші елеулі жеңістерден кейін ғана, әсіресе Совет өкіметін баянды еткеннен кейін ғана орташа Совет өкіметі жағына анық бет бұра бастады, ол, анығында өкімет болмайынша болмайды, большевиктер өкіметі күшті өкімет, бірден-бір жол осы өкіметпен жұмыс істеуде деп ұйғарып отыр. Нақ осы дәуірде Ленин жолдас өзінің мына данышпандық сөздерін айтқан болатын: «біз социалистік құрылыстың мынандай сатысына: нақтылы, тыңғылықты, деревнядағы жұмыс тәжрибесі бойынша тексерілген негізгі ережелер мен нұсқауларды белгілеу керек болатын сатысына ендік;

орта шаруалармен **бекем одақ болуымыз** үшін біз осы ережелер мен нұсқауларды қолдануға тиіспіз» (партияның VIII съезінде сөйленген сөз, XXIV том, 114-бет).

Орташалар туралы мәселенің жайы міне осылай.

Троцкийдің қатесі — ол орта шаруа туралы мәселеге метафизикалық көзбен қарайды, орта шаруаны «өзіндік нәрсе» деп есептейді; сөйтіп мәселені шатастырып отыр, ленинизмді бұрмалап, өңін айналдырып отыр.

Ақырында, орташалардың белгілі бөлегімен пролетариаттың әлі де қайшылықтары мен жанжалдары болуы мүмкін және болады да, әңгіме әсте мұнда емес. Партия мен оппозиция арасындағы алауыздық әсте мұнда болып отырған жоқ. Бұл арада алауыздық мынада болып отыр: партия бұл қайшылықтарды және ықтимал жанжалдарды революциямыздың өз күштері арқылы **толық жоюға** болады деп есептейді, ал Троцкий мен оппозиция бұл қайшылықтар мен жанжалдарды «**тек** халықаралық көлемде, пролетариаттың дүниежүзілік революциясының майданында» ғана жоюға болады деп есептейді.

Троцкий цитаталармен айла жасай отырып, бұл алауыздықтарды бір бұрышқа жасыруға тырысады. Ал мен бұдан бұрын да айттым ғой, біздің партияны алдаудың сәті түспейді.

Ал қортынды қандай? Қортынды мынадай: фокусник емес, диалектик болу керек. Қадірлі оппозиционерлер-ау, диалектиканы Ленин жолдастан үйренсеңіздерші, оның шығармаларын оқысаңыздаршы, — керегі болар еді ғой. (Қол шапалақтау, күлкі.)

3. «ҮСАҚ-ТҮЙЕКТЕР» МЕН ӨРЕСКЕЛ ЖАҒДАЙЛАР

Тезистерде социалистік революция «өз алдына бөлек» революция ретінде көрсетілген деп Троцкий сол тезистердің авторы мені кінәлады. Троцкий революцияға бұлайша қарау метафизикалық көзқарас болып табылады деп біледі. Мен бұған ешбір қосыла алмаймын.

Тезистерде социалистік революция «өз алдына бөлек» революция делінген себебі не? Себебі — біздің революцияны бағалауда партиямыздың көзқарастары мен оппозиция көзқарастарының арасындағы бүкіл айырмашылық осы арқылы баса көрсетіледі.

Бұл айырмашылық неде? Бұл айырмашылық мынада: партия біздің революцияны социалистік революция, белгілібір дербес күш болып табылатын, капиталистік дүниеге қарсы күреске шығуға қаблетті революция деп біледі, ал оппозиция біздің революцияны Батыстағы әлі жеңбеген, болашақ пролетарлық революцияның тегін қосымшасы, Батыстағы болашақ революцияның «қосалқы қосымшасы» ешқандай дербес күші жоқ нәрсе, деп біледі. Бұл екеуінің арасындағы тұңғыйықты түсіну үшін еліміздегі пролетариат диктатурасына Лениннің берген бағасын оппозициялық одақтың бағасымен тек салыстырып өтсе болғаны. Ленин пролетариат диктатурасын өте ынталы күш деп бағалайды, бұл күш, социалистік шаруашылықты ұйымдастырғаннан кейін, дүниежүзілік пролетариатты тікелей қолдау үшін, капиталистік дүниемен күресу үшін жұмсалуға тиісті деп есептейді, ал оппозиция, мұның керісінше, еліміздегі пролетариат диктатурасын енжар күш, «кертартпа Европа алдында» өкімет билі-

гінен дереу айрылып қалу қаупіне ұшырап отырған күш деп біледі.

«Метафизика» деген сөз оппозицияның біздің революцияға берген социал-демократиялық бағасының мағнасыздығын бүркеу үшін қолданылып отырған сөз екені айқын емес пе.

Сонсын, Троцкий мен жөнінде бір елде социализмнің жеңуі туралы мәселеге 1924 жылы менің «Ленинизм негіздері туралы» деген кітапшамда берілген көмескі және теріс тұжырымның орнына неғұрлым дәл және дұрыс тұжырым берді дегенді айтты. Троцкий, сірә, бұған наразы болса керек. Неге, қандай себеппен наразы, — ол жағын айтпай-ақ қойды. Менің көмескі тұжырымды түзетіп, оның орнына дәл тұжырымды алғанымның несі жаман? Мен өзімді күнәсізбін деп тіпті де есептемеймін. Менің ойымша, белгілі бір жолдас өзінің жіберген қатесін мойындап, сонсоң оны түзейтін болса, мұнан партия тек пайда көреді. Троцкий бұл фактыны баса көрсеткенде, шынында не айтпақшы? Мүмкін, ол жақсы үлгіге сүйеніп, ақырында, өзінің толып жатқан қателерін түзеуге кіріскісі келетін шығар? (Қол шапалақтау, күлкі.) Несі бар, егер бұл арада менің көмегім керек болса, бұл жөнінде оған көмектесуге мен дайынмын, оны итермелеуге, көмектесуге дайынмын. (Қол шапалақтау, күлкі.) Бірақ Троцкий, сірә, басқа бір мақсат көздейтін болса керек. Егер бұл рас болса, онда мен оның әрекеті жарамсыз тәсілмен жүргізіліп отырған әрекет деуге тиіспін.

Троцкий өз сөзінде партия көпшілігінің өкілдері суреттегеніндей мен онша жаман коммунист емеспін деп сендіргісі келді. Өз мақалаларынан оның, Троц-

кийдің біздің жұмыстың «социалистік сыйпатын» мойындап келгенін жэне әлі де мойындап отырғанын көрсететін, біздің мемлекеттік өнеркәсібімздің «социалистік сыйпатын» оның жоққа шығармайтынын, т. т., т. с. көрсететін бірсыгыра цитаталар келтірді. Көрдіңіз бе, қандай жаңалық десеңізші? Енді Троцкийдің біздің жұмыстың, мемлекеттік өнеркәсібіміздің, т. т. социалистік сыйпатын жоққа шығаруы ғана қалған екен ғой. Бұл фактыларды, О. Бауэр туралы айтпағанның өзінде, кәзір жұрттың бәрі, Нью-Йорк биржасына дейін, біздің нэпмандарға дейін мойындап отыр. Біздің өнеркәсіпті капиталистерше емес, басқаша ұйымдастырып жатқанымызды, шаруашылық жэне саяси тіршілігіміздің дамуына капитализмге ешбір қатысы жоқ кейбір жаңа элементтерді енгізіп жатқанымызды кәзір жұрттың бәрі: дұшпандар да, достар да көріп отыр.

Жоқ, құрметті оппозиционерлер, кәзір әңгіме мұнда емес.

Кәзір әңгіме оппозициялық одақ ойлағаннан гөрі анағұрлым елеулі болып отыр.

Кәзір әңгіме өнеркәсібіміздің социалистік сыйпаты туралы болып отырған жоқ, кәзір әңгіме капиталистік қоршауға қарамастан, пролетариат диктатурасының құруын тілейтін ішкі, сыртқы дұшпандардың барлығына қарамастан, бүкіл социалистік шаруашылықты орнату туралы болып отыр. Әңгіме біздің партияда ленинизмнің толық салтанат құруын қамтамасыз ету туралы болып отыр.

Кәзір әңгіме ұсақ-түйектер мен өрескелдіктер жайында болып отырған жоқ. Кәзір ұсақ-түйектер мен өрескелдіктерді сылтау етіп партияны қанағаттанды-

ра алмайсың. Қәзір партия оппозициядан зор жұмысты талап етеді.

Не сіздер ерлік жасап, өздеріңіздің принциптік қателеріңізден ашық, адал ниетпен бастарта білесіздер, не сіздер мұны істемейсіздер, онда партия сіздердің позицияңызды социал-демократиялық уклон позициясы деп лайықты түрде бағалайтын болады.

Екінің бірі.

Таңдауын алу оппозиционерлерге байланысты. (Дауыстар: «Дұрыс!». Қол шапалақтау.)

V

ОППОЗИЦИЯНЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ ПЛАТФОРМАСЫ. ПАРТИЯНЫҢ ТАЛАПТАРЫ

Оппозиция басшылары цитаталармен айла жасаудан практикалық сыйпаты бар алауыздықтарға көшуге әрекет етіп көрді. Зиновьев сыяқты, Троцкий мен Каменев те бұл алауыздықтарды тұжырымдауға әрекеттенді, сонымен қатар теориялық алауыздықтар маңызды емес, практикалық алауыздықтар маңызды десті. Алайда мен мынаны айтуға тиіспін: оппозицияның осы конференцияда біздегі алауыздықтарға берген тұжырымдарының бірде-бірі шыншыл да, тыңғылықты да емес.

Біздегі практикалық алауыздықтардың неде екенін білгілеріңіз келе ме, партияның сіздерден не талап ететінін білгілеріңіз келе ме?

Тыңдаңыздар:

1) Сіздер азшылық болып қалған сайын көшеге шығып, партияда дағдарыс бар деп жарыялауларыңызға, партияны жүндеуге партия бұдан әрі төзе

алмайды және төзбейді де. Партия бұған бұдан әрі төзбейді. (Дауыстар: «Дұрыс!». Қол шапалақтау.)

2) Біздің партияда көпшілік болудан үміт үзгеннен кейінгі жерде сіздердің жаңа партияға керекті материал ретінде қайдағы бір наразы элементтерді жыйнап топтауларыңызға партия төзе алмайды және төзбейді де. Партия бұған төзе алмайды және төзбейді де. (Қол шапалақтау.)

3) Партияның басшы аппаратын қаралап, партияның режимін бұзып, партиядағы темір тәртіпті бұзып, сіздердің, партия соққы берген барлық, әралуан ағымдарды фракциялар бостандығы деген сылтаумен, жаңа партия етіп біріктіріп, құрастыруларыңызға партия төзе алмайды және төзбейді де. Партия бұған төзбейді. (Қол шапалақтау.)

4) Социализм құрылысы жолдарында алдымызда тұрған үлкен қыйыншылықтар бар екенін біз білеміз. Біз бұл қыйыншылықтарды көріп отырмыз және бұларды жеңуге мүмкіндігіміз де бар. Бұл қыйыншылықтарды жеңу ісінде оппозиция тарапынан берілген көмектің қандайын болса да біз құттықтаған болар едік. Бірақ сіздердің бұл қыйыншылықтарды біздің халжайымызды нашарлату үшін, партияға тиісу үшін, партияға шабуыл жасау үшін пайдалану әрекеттеріңізге партия төзе алмайды және төзбейді де. (Қол шапалақтау.)

5) Индустрияландыруды ілгері бастыру және социализм орнату ісі жұмысшы табының материалдық және мәдени хал-жайын үздіксіз жақсартып отырғанда ғана мүмкін болатынын партия оппозиция атаулының бәрінен де артық түсінеді. Жұмысшы табының

материалдық және мәдени хал-жайын үздіксіз жақсартып отыруы үшін партия барлық шараны қолданып отыр және қолдана бермек. Бірақ оппозицияның көшеге шығып, жалақыны дереу 30—40 процент өсіру туралы демагогиялық мәлімдеме жасауына партия төзе алмайды және төзбейді де; өйткені дәл кәзіргі кезеңде жалақыны бұлай өсіруді өнеркәсіптің көтере алмайтындығын оппозиция сөзсіз біледі, өйткені мұндай демагогиялық сөздердің көздейтін мақсаты — жұмысшы табының хал-жайын жақсарту емес, қайта еңбекшілердің артта қалған топтарының арасында наразылықты өршіту және партияға қарсы, жұмысшы табының авангардына қарсы наразылықтар ұйымдастыру екенін оппозиция біледі. Партия бұған төзе алмайды және төзбейді де. (Д а у ы с т а р: «Дұрыс!». Қ о л ш а п а л а қ т а у.)

6) Товардың босатылар бағасын арттыру және шаруаларға деген салық қысымын күшейту идеясын уағыздаушы, пролетариат пен шаруалар арасындағы қатнасты экономикалық ынтымақ қатнасы ретінде емес, пролетариат мемлекетінің шаруаларды қанау қатнасы ретінде «орнатуға» әрекеттенуші оппозицияның жұмысшылар мен шаруалар байланысының негіздерін, жұмысшылар мен шаруалар одағының негіздерін бұдан былай да әлсірете беруіне партия төзе алмайды және төзбейді де. Партия бұған төзе алмайды және төзбейді де. (Қ о л ш а п а л а қ т а у.)

7) Оппозиционерлердің бұдан былай да партия ішінде идеялық әбігерлік туғыза беруіне, біздегі қыйыншылықтарды асырып көрсетуіне, үмітсіздік ниеттерді өршітуіне, біздің елде социализм орнату мүмкін емес деген идеяны уағыздауына, сөйтіп ленинизмнің

негіздерін әлсіретуіне партия төзе алмайды және төзбейді де. Партия бұған төзе алмайды және төзбейді де. (Дауыстар: «Дұрыс!». Қол шапалақтау.)

8) Сіздердің бұдан былай да Коминтернді түрткілеп, оның секцияларын ыдыратуларыңызға, Коминтерн басшылығының беделін түсірулеріңізге, — бұл тек біздің партияның ғана жұмысы емес, Коминтерннің барлық секцияларының жұмысы бола тұрса да, — партия төзе алмайды және төзбейді де. Партия бұған төзе алмайды және төзбейді де. (Қол шапалақтау.)

Біздегі практикалық алауыздықтар міне осында.

Оппозициялық одақтың саяси және практикалық платформасының мәні міне осында, ал біздің партия қазір міне осыған қарсы күресіп отыр.

Троцкий өз сөзінде осы платформаның кейбір пункттерін баяндай келіп, ал басқа пункттерін мұқият жасыра отырып: мұның қай жері социал-демократиялық? — деп сұрады. Ғажап сұрау! Ал мен былай деп сұраймын: оппозициялық одақтың осы платформасының қай жері коммунистік? Мұның социал-демократиялық емес жері қайсы? Оппозициялық одақтың практикалық платформасының ленинизмнен безу жолымен, социал-демократияға жақындау жолымен жүріп отырғандығы айқын емес пе?

Құрметті оппозиционерлер, сіздерден партияның не талап ететінін білгілеріңіз келіп еді, — сіздерден партияның не талап ететінін енді білген боларсыздар.

Не сіздер бұл шарттарды, сонымен қатар біздің партияда толық бірлік орнатудың шарттары болып табылатын шарттарды орындайсыздар, не сіздер мұны істемейсіздер, — онда партия, кеше сіздерге соққы

берген болса, ертең сіздерді біржолата талқандай бастайды. (Қол шапалақтау.)

VI

ҚОРТЫНДЫ

Партия ішіндегі күресіміздің қортындылары, нәтижелері қандай?

Менде 1926 жылғы сентябрьде жазылып, Троцкий қол қойған документ бар. Бұл документтің өзгешелігі — мұнда партия ішіндегі күрестің қортындыларын басқадан бұрын аңғаруға біраз әрекет етушілік бар, партия ішіндегі күресіміздің болашағын біраз болжауға, біраз суреттеп көрсетуге әрекеттенушілік бар. Бұл документте былай делінген:

«Бірлескен оппозиция көзқарастарының бірлігі тұрпайы, жөнсіз қуғындаудың әсерімен тек нығайып келе жатқанын бірлескен оппозиция апрель мен июльде көрсетті, октябрьде де көрсетеді, сондықтан қазіргі ауыр дағдарыстан бірлескен оппозиция көзқарастарының негізінде ғана құтылуға болатындығын партия түсінер» (қараңыз: Троцкийдің оппозиционерлерге хаты, сентябрь, 1926 ж. — Саяси Бюроның 1926 жылы 8 және 11 октябрьде болған мәжілістерінің стенограммасына қосымша).

Көріп отырсыздар, мұның өзі болжауға жуық нәрсе. (Дауыс: «Дәл солай — тек жуық қана».) Мұның өзі таза марксистік сәуегейлік дерлік, табандатқан екі ай бұрын болжау дерлік. (Күлкі.)

Әрине, бұл арада біраз асыра айтушылық бар. (Күлкі.) Мәселен, мұнда біздің партияның қазіргі ауыр дағдарысы туралы айтылады. Бірақ біз, құдайға шүкір, аман-саумыз, ал дағдарыс дегеніңді тіпті байқаған да жоқпыз. Әрине, кейсыбір дағдарыс бар, бірақ бұл партияның дағдарысы емес, оппозиция-

лық одақ фракциясы деп аталатын қайсыбір фракцияның дағдарысы. Бірақ кішкентай бір фракцияның дағдарысын миллиондаған мүшесі бар партияның дағдарысы деп көрсетуге болмайды ғой.

Сонсын Троцкийдің документінде оппозициялық одақ нығайып келеді және келешекте әлі де нығая бермек делінген. Менің ойымша, бұл арада да біраз асыра айтушылық бар. (Күлкі.) Оппозициялық одақтың ыдырап келе жатқанын оппозицияның таңдаулы элементтерінің одан бөлініп кетіп отырғанын, ішкі қайшылықтар оның дымын құртып отырғанын, міне осы фактыны бекер деуге болмайды. Мәселен, Крупская жолдастың оппозициялық одақтан безіп отырғандығы факт емес пе? (Ду қол шапалақтау.) Бұл кездейсоқ нәрсе ме?

Троцкийдің документінде, ақырында: тек бірлескен оппозиция көзқарастарының негізінде ғана кәзіргі дағдарыстан құтылуға болады делінген. Менің ойымша, бұл арада да Троцкийде біраз асыра айтушылық бар. (Күлкі.) Партия оппозициялық одақтың көзқарастары негізінде емес, қайта осы көзқарастармен, осы көзқарастарға қарсы күресу арқылы, құрылысымыздың социалистік перспективалары негізінде бірігіп, берік топтанды; мұны оппозиционерлердің білмеуі мүмкін емес. Троцкийдің документінде асырып айтушылық бар екені — айқын.

Ал егер Троцкийдің документіндегі осы асыра айтушылықтардың бәрін былай қойсақ, — онда әлгі болжаудан, шынында, ештеме де қалмайтын сияқты, жолдастар. (Жалпы күлкі.)

Көріп отырсыздар, қортынды Троцкийдің өз бол-

жауында бізге суреттеген қортындысынан мүлде басқаша болып шығып отыр.

Мен аяқтаймын, жолдастар.

Зиновьев бір кезде: мен жерге құлағымды тігіп, тың тыңдай білемін деп мақтанатын (күлкі), ал жерге құлағын тіккен кезде, ол тарихтың дүбірін еситетін көрінеді. Шынында да осылай болуы өте ықтимал. Бірақ дегенмен бір нәрсені мойындау керек: жерге құлағын тігіп, тарихтың дүбірін есіте білетін Зиновьев кейде кейбір «ұсақ-түйектерді» есітпейді. Бәлкім, оппозиция шынында да жерге құлағын тігіп, тарихтың дүбірі сыяқты тамаша нәрселерді есіте білетін де шығар. Бірақ тамаша нәрселерді есіте білгенімен, оппозиция мынадай «ұсақ-түйекті» есіте білмеді: партияның оппозицияға әлдеқашан-ақ теріс қарап кеткенін, ал оппозицияның қайранда қалып қойғанын байқамады. Мұны олар есітпеді. (Дауыстар: «Дұрыс!».)

Бұдан нендей қортынды шығады? Бұдан шығатын қортынды — оппозицияның құлағында, сірә, бір мүкіс болса керек. (Күлкі.)

Сондықтан менің беретін ақылым: құрметті оппозиционерлер, құлақтарыңызды емдетіңіздер! (Ду, ұзақ қол шапалақтау. Конференциядағылар, түрегеп тұрып, Сталин жолдасты шығарып салады.)

„Правда" № 262,
12 ноябрь, 1926 ж.

ҚЫТАЙДАҒЫ РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ БОЛАШАҚТАРЫ ТУРАЛЫ

Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің қытайлық комиссиясында сөйленген сөз
30 ноябрь, 1926 ж.

Жолдастар! Мәселеге көшпестен бұрын, мынаны мәлімдеуді керек деп есептеймін: Қытай мәселесі жөнінде менің қолымда Қытайдағы революцияның бар көрінісін ашып беру үшін қажетті толық материал жоқ. Сондықтан мен принциптік сыйпаты бар, Қытай революциясының негізгі бағыты жайындағы мәселеге тікелей қатысы бар кейбір жалпы ескертулермен қанағаттануға мәжбүр болып тұрмын.

Қытай мәселесі жөнінде менің қолымда Петровтың тезистері, Мифтің тезистері, Тан Пин-сяннің екі баяндамасы және Рафестің ескертулері бар. Менінше, өздерінің жақсы жақтары бола тұрса да, бұл документтердің бәрінің де ірі кемшіліктері бар: бұл документтер Қытайдағы революцияның бірсыпыра негізгі мәселелерін қамтымайды. Менінше, ең алдымен осы кемшіліктерге көңіл аудару қажет. Сондықтан менің ескертулерімнің сонымен бірге сынау сыйпаты да болады.

I

ҚЫТАЙДАҒЫ РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ СЫЙПАТЫ

Ленин қытайлардың жуық арада өз 1905 жылы болады, деген болатын. Кейбір жолдастар мұны: біздің Россияда 1905 жылы не болса, қытайларда да тура дәл соның өзі қайталануға тиіс, деп түсініпті. Бұл дұрыс емес, жолдастар. Қытай революциясы Россиядағы 1905 жылғы революцияның көшірмесі болады деп Ленин әсте айтқан емес. Ленин бар болғаны қытайлардың өз 1905 жылы болады деген болатын. Мұның мәні — 1905 жылғы революцияның жалпы хасиеттерінен басқа, Қытай революциясының тағыда өзіне ерекше өзгешеліктері, Қытайдағы революцияға өзінің ерекше әсерін тигізуге тиіс өзгешеліктері болады деген сөз.

Бұл нендей өзгешеліктер?

Бірінші өзгешелік мынада: Қытай революциясы буржуазиялық-демократиялық революция бола отырып, сонымен қатар өзінің бар пәрменін Қытайдағы бөтен ел империализмінің үстемдігіне қарсы бағыттаған ұлт-азаттық революциясы болып табылады. Оның 1905 жылы Россияда болған революциядан айырмашылығының өзі, ең алдымен, осында. Мәселе мынада: Қытайда империализмнің үстемдік етуі империализмнің ондағы соғыс қуатынан ғана көрініп отырған жоқ, ол ең алдымен мынадан көрініп отыр: Қытайдағы өнеркәсіптің негізгі желілері, — темір жолдар, фабрикалар мен заводтар, кендер, банктер, т. б. бөтен ел империалистерінің қол астында немесе бақылауында болып отыр. Ал мұнан шығатын қортынды: бөтен ел империализміне қарсы және олардың Қы-

тайдағы агенттеріне қарсы күрес жүргізу мәселелері Қытай революциясында елеулі роль атқармай қоймайды. Осы арқылы Қытай революциясы барлық елдердің пролетарларының империализмге қарсы революциясымен тікелей ұштасады.

Қытай революциясының екінші өзгешелігі мынада: Қытайда ұлттық ірі буржуазия әбден әлсіз, ол 1905 жыл дәуіріндегі орыс буржуазиясына қарағанда анағұрлым әлсіз. Бұл түсінікті де. Өнеркәсіптің негізгі желілері бөтен ел империалистерінің қолында болғандықтан да Қытайдағы ұлттық ірі буржуазияның әлсіз, мешеу болмауына лажы жоқ. Бұл жағынан қарағанда Қытайдағы ұлт буржуазиясының әлсіздігі жөніндегі Мифтің ескертуі, Қытай революциясының ерекше фактыларының бірі ретінде, өте-мөте дұрыс болып табылады. Ал мұнан шығатын қортынды: Қытай революциясының инициаторы мен басшысының ролі, Қытай шаруалары көсемінің ролі қалайда Қытай пролетариаты мен оның партиясының қолына тиюге тиіс.

Сонымен қатар Қытай революциясының үшінші өзгешелігін де ұмытпау керек, ол мынада: Қытаймен көршілес Совет Одағы өмір сүріп, өркендеп келеді, Совет Одағының революциялық тәжрибесі мен оның көмегі Қытай пролетариатының империализмге қарсы және Қытайдағы феодалдық-ортағасырлық қалдықтарға қарсы жүргізіп отырған күресін жеңілдетпей қоймайды.

Қытай революциясының негізгі өзгешеліктері, революцияның сыйпаты мен оның бағытын анықтайтын өзгешеліктері осындай.

II

ҚЫТАЙДАҒЫ ИМПЕРИАЛИЗМ ЖӘНЕ ИМПЕРИАЛИСТІК ИНТЕРВЕНЦИЯ

Ұсынылған тезистердің бірінші кемшілігі мынада: бұл тезистер Қытайдағы империалистік интервенция жайындағы мәселені қамтымайды немесе жете бағаламайды. Тезистерді құнттап оқып қарайтын болсаңыз, кәзіргі кезде Қытайда, шынын айтқанда, империалистік интервенция жоқ, солтүстіктегілер мен оңтүстіктегілердің өзара күресі ғана немесе генералдардың бір тобының генералдардың екінші бір тобына қарсы күресі ғана бар деп ойлап қалуға болады. Мұның үстіне интервенция деп жұрт мынандай жағдайды түсінуге бейім: Қытай жеріне бөтен ел әскерлерін енгізу фактысы болса интервенция болғаны, ал егер мұндай факты болмаса, онда интервенция да болмағаны деп түсінуге бейім.

Бұл өте үлкен қате, жолдастар. Интервенция әскер енгізумен әсте аяқталмайды, ал әскер енгізу интервенцияның әсте негізгі өзгешелігі емес. Капиталистік елдердегі революциялық қозғалыстың кәзіргі жағдайларында, бөтен ел әскерлерін тура енгізу бірқатар қарсылықтар мен дау-жанжалдар туғызатын болып отырғанда, интервенцияның неғұрлым орамды сыйпаты, неғұрлым бүркемеленген формасы болады. Кәзіргі жағдайларда империализм тәуелді елдің өз ішінде азамат соғысын ұйымдастыру жолымен, революцияға қарсы контрреволюциялық күштерді финансылау жолымен, революцияға қарсы өздерінің қытайлық агенттеріне моральдық, финанстық көмек беру жолымен интервенция жасауды дұрыс көреді. Деникин мен

Колчактың, Юденич пен Врангельдің Россиядағы революцияға қарсы жүргізген күресін империалистер тек ішкі күрес деп көрсетуге бейім болды. Бірақ бұл контрреволюциялық орыс генералдарының Англия мен Америка, Франция мен Жапония империалистеріне арқа сүйегенін, бұлардың көмегінсіз Россияда елеулі азамат соғысының болуы мүлде мүмкін емес екенін бәріміз де жақсы білдік, тек біз ғана емес, сонымен қатар бүкіл дүние жүзі де жақсы білді. Қытай туралы да дәл осыны айту керек. У Пей-фу мен Сун-Чуан-фанды, Чжан Цзо-лин мен Чжан Цзу-чанды, егер осы контрреволюциялық генералдарды барлық елдердің империалистері рухтандырмаса, егер империалистер оларды финансымен, қару-жарақпен, нұсқаушылармен, «кеңесшілермен», тағы басқаларымен қамтамасыз етпесе, онда олардың Қытайдағы революцияға қарсы күресі тіптен мүмкін болмаған болар еді.

Кантон әскерлерінің күші неде? Олардың күші мынада: оларда империализмнен азат болу жолындағы күресте өздерін рухтандыратын идея, тасқан жігер бар, олар Қытайды азат етеді. Қытайдағы контрреволюциялық генералдардың күші неде? Олардың күші мынада: олар барлық елдердің империалистеріне, Қытайдағы қандай да болсын барлық темір жолдардың, концессиялардың, фабрикалар мен заводтардың, банктер мен сауда конторларының иелеріне арқа сүйейді.

Сондықтан мәселенің түйіні тек қана, немесе тіптен де бөтен ел әскерлерін енгізуде болып отырған жоқ, оның түйіні Қытайдағы контрреволюцияға бар-

лық елдердің империалистерінің көрсетіп отырған көмегінде болып отыр. Басқа біреулердің колымен интервенция жасау — кәзір империалистік интервенцияның негізі міне осында.

Сондықтан Қытайдағы империалистік интервенция — күмәнсіз факт, Қытай революциясының бар пәрмені осы фактыға қарсы бағытталып та отыр.

Сондықтан, кімде кім Қытайдағы империалистік интервенция фактысын елемесе яки жете бағаламаса, ол адам Қытайдағы ең басты және ең негізгі нәрсені елемегені немесе жете бағаламағаны.

Жапон империалистерінің кантондықтарды, жалпы Қытай революциясын «тәуір көретін» түрі бар деседі. Бұл жөнінде американ империалистері де жапон империалистерінен қалыспайды деседі. Бұл өзін өзі алдағандық, жолдастар! Империалистердің саясатының, соның ішінде жапон-американ империалистері саясатының, мәнін сол саясаттың бүркеніішінен айыра білу керек. Революционерлерді таяқтың, жұдырықтың күшімен көндіру қыйын, бірақ кейде оларды жылы сөзбен оп-оңай көндіріп алады дегенді Ленин әрдайым айтатын. Ленин айтып кеткен осы шындықты ешқашан да ұмытуға болмайды, жолдастар. Қалай болғанмен де осы шындықтың маңызын жапон-американ империалистерінің әбден жақсы түсінгені анық. Сондықтан кантондықтар жөніндегі жылы сөз бен мақтауды жылы сөзге соншама жомарт империалистердің Қытайдағы «өз» концессиялары мен темір жолдарынан соншама тістесіп айрылмай отырған фактысынан, империалистердің бұлардан қайтсе де бас тартқысы келмейтіндігінен қатаң айыра білу керек.

III
ҚЫТАЙДАҒЫ РЕВОЛЮЦИЯШЫЛ АРМИЯ

Ұсынылған тезистерге байланысты екінші ескерту Қытайдағы революцияшыл армия туралы мәселеге қатысты. Әңгіме мынада: армия жайындағы мәселе тезистерде қамтылмаған немесе жете бағаланбаған. (Орыннан дауыс: «Дұрыс!».) Тезистердің екінші кемшілігі осында. Кантондықтардың солтүстікке қарай жылжуын дағдыда жұрт Қытай революциясының етекалуы деп қарамайды. Кантон генералдарының У Пей-фу мен Сун Чуан-фанға қарсы күресі деп, қайсыбір генералдардың екіншібір генералдарға қарағанда артықшылық алу үшін күресі деп қарайды. Бұл барып тұрған қате, жолдастар. Қытайдағы революцияшыл армия Қытай жұмысшылары мен шаруаларының өздерін азат ету жолындағы күресінің маңызды факторы болып табылады. Осы жылдың май яки июнь айына дейін Қытайдағы жағдайдың Фын Юй-сян армиялары жеңілгеннен кейін туған реакцияның үстемдігі деп бағаланылуы, ал сонан соң осы жылдың жазында, жағдайдың революция пайдасына негізінен өзгеруі үшін кантондықтардың жеңімпаз әскерлерінің солтүстікке қарай жылжып, Хубэйді алуының өзі-ақ жеткілікті болғаны — кездейсоқтық па? Жоқ, бұл кездейсоқтық емес. Өйткені кантондықтардың ілгері жылжуы империализмге берілген соққы, оның Қытайдағы агенттеріне берілген соққы болып табылады және жалпы алғанда Қытайдағы барлық революцияшыл элементтер үшін, әсіресе жұмысшылар үшін жиылыс бостандығы, стачка жасау бостандығы, баспасөз бостандығы, ұйым бостандығы болып

табылады. Қытайдағы революцияшыл армияның өзгешелігі мен ең басты маңызы міне осында.

Бұрын, XVIII және XIX ғасырда, революция былай басталатын: дағдыда көбінше қару-жарақсыз немесе нашар қаруланған халық көтерілетін, сөйтіп ол ескі тәртіптің армиясымен қақтығысатын, халық бұл армияға іріткі салуға немесе, тым болмағанда, оны тамтұмдап өз жағына тартуға тырысатын. Мұның өзі өткен дәуірлердегі революциялық дүмпулердің өзіне тән формасы. 1905 жылы біздің Россияда да дәл осындай болды. Қытайда мәселе олай болмай басқаша болды. Қытайда ескі үкіметтің әскеріне қарусыз халық емес, қарулы халық, оның революцияшыл армиясы қарсы тұрып отыр. Қытайда қарулы революция қарулы контрреволюцияға қарсы күресіп жатыр. Қытай революциясының өзгешеліктерінің бірі, артықшылықтарының бірі осында. Қытайдағы революцияшыл армияның айрықша маңызы осының нақ өзінде болып отыр.

Міне сондықтан революцияшыл армияны жете бағаламаушылық ұсынылған тезистердің тіптен өрескел кемшілігі болып табылады.

Ал бұдан шығатын қортынды, Қытай коммунистері армия ішіндегі жұмысқа айрықша көңіл аударуға тиіс.

Біріншіден, Қытай коммунистері армия ішіндегі саяси жұмысты барынша күшейтуге тиіс және армияның Қытай революциясының идеясын нағыз үлгілі таратушы болуына жетісуге тиіс. Мұның айрықша қажет болып отырған себебі: кәзір кантондықтарға Гоминданмен ешбір қатысы жоқ генерал атаулының бәрі де жабысады, оларға Қытай халқының жауларын

қыйратып жатқан күш ретінде жабысады, сөйтіп кантондықтарға жабыса отырып, армияға іртікі салады. Мұндай «одақтастарды» бейтарап ету немесе оларды нағыз гоминданшы ету саяси жұмысты күшейту арқылы ғана және оларға революциялық бақылау ұйымдастыру арқылы ғана мүмкін болады. Мұнсыз армия өте ауыр халге ұшырауы мүмкін.

Екіншіден, Қытай революционерлері, соның ішінде коммунистер де, соғыс ісін үйренуді шындап қолға алуға тиіс. Олар соғыс ісіне екінші дәрежелі іс деп қарауға тиіс емес, өйткені Қытайда соғыс ісі кәзір Қытай революциясының ең маңызды факторы болып отыр. Қытай революционерлері, ал олай болса коммунистер де, бірте-бірте алға жылжу үшін және революцияшыл армия ішінде белгілібір басшы қызметтерді алу үшін соғыс ісін үйренуге тиіс. Қытайдағы революцияшыл армияның дұрыс жолмен баруына, көздеген мақсатына дәл жетуіне кепіл болатын нәрсе осы. Мұнсыз армияда толқулар мен қобалжулар болмай қоймайды.

IV

ҚЫТАЙДАҒЫ БОЛАШАҚ ӨКІМЕТТІҢ СЫЙПАТЫ

Үшінші ескерту, Қытайдағы болашақ революциялық өкіметтің сыйпаты туралы мәселенің тезистерде ескерілмегеніне, немесе жеткіліксіз ескерілгеніне қатысты ескерту. Миф өзінің тезистерінде бұл мәселеге бір табан жақын келген, оның сіңірген еңбегінің өзі осында. Бірақ, мәселеге бір табан жақын келе отырып, ол бірдемеден қорыққан да, істі ақырына дейін жеткізуге батылы бармаған. Мифтің ойынша, Қытайдағы болашақ революциялық өкімет пролетариаттың

басшылығындағы революцияшыл ұсақ буржуазия өкіметі болмақ. Бұл не деген сөз? 1917 жылғы февраль революциясының тұсында меньшевиктер мен эсерлер де ұсақбуржуазиялық партия және белгілі дәрежеде революцияшыл партия болған еді. Бұдан Қытайдағы болашақ революциялық өкімет эсер-меньшевиктік өкімет болады деген сөз шыға ма? Жоқ, олай деген сөз шықпайды. Неге? Неге десеңіз, эсер-меньшевиктік өкімет шын мәнісінде империалистік өкімет болды, ал Қытайдағы болашақ революциялық өкімет антиимпериалистік өкімет болмай қоймайды. Мұндағы айырмашылық түбінен өзгеше.

Макдональд үкіметі айта берсең «жұмысшы» өкіметі болатын, бірақ ол сонымен қатар империалистік үкімет болатын, өйткені ол Англияның империалистік өкіметін, айталық, Индия мен Египетте сақтап қалуға негізделген үкімет болатын. Қытайдағы болашақ революциялық өкіметтің Макдональд үкіметінен артықшылығы сол — ол антиимпериалистік өкімет болады.

Мәселе бүкілқытайлық болашақ революциялық өкіметтің бастамасы болып табылатын Кантон өкіметінің тек буржуазиялық-демократиялық сыйпаты болатындығында ғана емес, дұрысында мәселе, ең алдымен, бұл өкіметтің антиимпериалистік өкімет болып табылатындығында және солай болмай қоймайтындығында, бұл өкіметтің әрбір ілгері басқан қадамының дүниежүзілік империализмге соққы болып табылатындығында, — олай болса, дүниежүзілік революциялық қозғалыстың пайдасы үшін керекті соққы болып табылатындығында.

Ленин былай деп дұрыс айтқан болатын: бұрын ұлт-азаттық қозғалысы, дүниежүзілік революция за-

маны туғанға дейін, жалпыдемократиялық қозғалыстың бір бөлегі болып келсе, ал кәзір, Россияда совет революциясы жеңіп шығып, дүниежүзілік революция заманы туғаннан кейін, ұлт-азаттық қозғалысы дүниежүзілік пролетарлық революцияның бір бөлегі болып отыр.

Бұл өзгешелікті Миф есепке алмаған.

Меніңше, Қытайдағы болашақ революциялық өкімет жалпы алғанда өзінің сыйпаты жағынан бізде 1905 жылы әңгіме болған өкіметке ұсаған, яғни пролетариат пен шаруалардың демократиялық диктатурасы тәрізді өкімет болады, алайда, оның айырмасы сол — ол көбіне антиимпериалистік өкімет болады.

Бұл өкімет Қытайдың капиталистік емес дамуға немесе, дәлірек айтқанда, социалистік дамуға көшетін өкіметі болады.

Қытайдағы революция міне осы бағытта жүруге тиіс.

Революцияның бұлай даму жолын үш жағдай жеңілдетеді:

біріншіден, мына жағдай жеңілдетеді, Қытайдағы революция, ұлт-азаттық революциясы болғандықтан, өзінің бар пәрменін империализмге және оның Қытайдағы агенттеріне қарсы бағыттайтын болады;

екіншіден, мына жағдай жеңілдетеді, Қытайдағы ұлттық ірі буржуазия әлсіз, 1905 жыл дәуіріндегі Россиядағы ұлт буржуазиясынан әлсізірек, мұның өзі пролетариаттың гегемония ісін, пролетарлық партияның Қытай шаруаларына басшылық ету ісін жеңілдетеді;

үшіншіден, мына жағдай жеңілдетеді, Қытайдағы революция Совет Одағында жеңіп шыққан революция-

ның тәжрибесі мен көмегін пайдалануға мүмкіндік беретін жағдайларда дамыйтын болады.

Бұл жол кәміл және сөзсіз жеңіп шыға ма, — мұның өзі көптеген жағдайларға байланысты. Бірақ қалай болғанда да бір нәрсе айқын: Қытай революциясы дамуының дәл осы жолы үшін күресу Қытай коммунистерінің негізгі міндеті болып табылады.

Бұдан Қытай коммунистерінің Гоминданға және Қытайдағы болашақ революциялық өкіметке көзқарасы туралы мәселедегі міндеті туады. Қытай коммунистері Гоминданнан шығуға тиіс, деседі. Бұл дұрыс емес, жолдастар. Қәзіргі уақытта Қытай коммунистерінің Гоминданнан шығуы барып тұрған қате болған болар еді. Қытай революциясының бүкіл барысы, оның сыйпаты, оның болашақтары Қытай коммунистерінің Гоминданда қалып, онда өзінің жұмысын күшейтуге тиісті екенін күмәнсіз көрсетіп отыр.

Ал Қытай коммунист партиясы болашақ революциялық өкіметке қатыса ала ма? Қатыса алуы былай тұрсын, тіпті қатысуға тиісті де. Қытайдағы революцияның барысы, оның сыйпаты, оның болашақтары Қытайдағы болашақ революциялық өкіметке Қытай коммунист партиясының қатысуға тиісті екенін барынша көрсетіп отыр.

Қытай пролетариаты гегемониясының іс жүзінде жүзеге асырылуы үшін қажетті кепілдіктердің бірі міне осында.

V

ҚЫТАЙДАҒЫ ШАРУА МӘСЕЛЕСІ

Төртінші ескерту Қытайдағы шаруалар туралы мәселеге қатысты. Мифтің ойынша Советтерді құру же-

нінде, атап айтқанда — Қытай деревнясында шаруалар Советтерін құру жөнінде дереу ұран беру керек сықты. Менің ойымша, бұл қате. Миф алды орағытып отыр. Қытайдың өнеркәсіп орталықтарын былай қойып, деревняда Советтерді орнатуға болмайды. Алайда, Қытайдың өнеркәсіп орталықтарында Советтерді ұйымдастыру мәселесі кәзір кезекке қойылып отырған жоқ. Оның үстіне, Советтерді айналадағы жағдайдан байланыссыз алып қарауға болмайды. Советтерді, бұл арада шаруалар Советтерін, ұйымдастырғанда мынандай ретте ғана: ескіні талқандап, жаңа өкіметті туғызатын шаруа қозғалысының мейлінше өрлеу дәуірін Қытай басынан кешірген болса ғана, Қытайдың өнеркәсіп орталықтары кәзірдің өзінде-ақ бөгетті бұзып, Советтер өкіметін орнату кезеңіне кірді деп есептегенде ғана ұйымдастыруға болған болар еді. Қытай шаруалары, жалпы Қытай революциясы кәзірдің өзінде бұл кезеңге кірді деп айтуға бола ма? Жоқ, болмайды. Сондықтан кәзір Советтер туралы сөз қылу алды орағытқандық болады. Сондықтан кәзір мәселені Советтер туралы емес, шаруалар комитеттерін құру туралы қою керек. Менің айтып отырғаным шаруалардан сайланған шаруа комитеттері, бұл комитеттер шаруалардың негізгі талаптарын тұжырымдап көрсете алады және бұл талаптарды революциялық жолмен жүзеге асыруға бұл комитеттер барлық шараны қолданады. Бұл шаруа комитеттері негізгі ұйтқы болуға тиіс, деревнядағы революция осы ұйтқының айналасында өршитін болады.

Гоминданшылардың арасында, тіпті Қытай коммунистерінің арасында да шаруаларды революцияға тарту ісі бірыңғай антиимпериалистік майданды әлсіре-

теді деп қорқып, деревняда революцияны өршіту мүмкін емес деп есептейтін адамдардың бар екенін мен жақсы білемін. Бұл барып тұрған адасқандық, жолдастар. Қытай шаруалары революцияға неғұрлым тез, дұрыстап тартылатын болса, Қытайдағы антиимпериалистік майдан соғұрлым күшті, құдіретті бола түседі. Тезистердің авторларының, әсіресе Тан Пин-сян мен Рафестің, былай деуі: шаруалардың неғұрлым толғағы жеткен талаптарының бірсыпырасын дереу қанағаттандыру Қытай революциясының жеңуіне өте қажетті шарт болып табылады деуі мүлде дұрыс. Менің ойымша, шаруалар жөнінде Гоминданның белгілі элементтерінің әрекеттерінде байқалып отырған енжарлық пен «бейтараптықты» талқандайтын уақыт жетті. Менің ойымша, Қытайдың коммунистік партиясы да, Гоминдан да, демек Кантон өкіметі де сөзден дереу іске көшуге тиіс, сөйтіп шаруалардың аса қажет талаптарын кәзірден-ақ қанағаттандыру мәселесін алға қоюға тиіс.

Бұл жөніндегі перспективалардың қандай болуға тиіс екені және қай мөлшерлерге дейін баруға болатыны, бару керек екені — мұның өзі революцияның жүрісіне байланысты. Менің ше, сайып келгенде, жерді национализациялау керек, істі осыған алып келу керек. Қалай болғанда да біз жерді национализациялау ұраны сияқты ұраннан безе алмаймыз.

Қытайдың көп миллиондаған шаруаларын революцияға көтеру үшін Қытай революционерлерінің жүруге тиіс жолдары мен бағыттары қандай?

Менің ойымша, дәл кәзіргі жағдайда үш түрлі жол туралы ғана айтуға болады:

Бірінші жол — бұл жол, шаруа комитеттерін құру

жолы және шаруаларға ықпал ету үшін осы комитеттерге Қытай революционерлерінің кіру жолы. (Орыннан дауыс: «Шаруа одақтары ше?».) Меніңше, шаруа одақтары шаруа комитеттері төңірегіне топталатын болады, немесе шаруа одақтары шаруалардың талаптарын жүзеге асыру үшін қажет болатын белгілі бір өктемдігі бар шаруа комитеттеріне айналатын болады. Мен бұл жол жайында жоғарыда айтып өттім. Бірақ бұл жол жеткіліксіз жол. Бұл істі басқаруға Қытайдың революционерлері жетеді деп ойлау күлкілі нәрсе болар еді. Қытайда 400 миллионға жуық халық бар. Бұлардың 350 миллиондайы қытайлар. Бұлардың $^9/_{10}$ бөлегінен артығырағы шаруалар. Қытайдың бірнеше он мыңдаған революционерлері шаруалардың осы мұхитын түгел қамтый алады деп ойлау, — адасқандық болады. Демек, тағы басқа жолдар болу керек.

Екінші жол — бұл жол, халықтық-революциялық жаңа өкімет аппараты арқылы шаруаларға ықпал ету жолы. Азат етілген жаңа провинцияларда Кантон өкіметі кейіптес жаңа өкімет құрылатындығы күмәнсіз. Бұл өкіметтің және осы өкіметтің аппаратының, егер ол шынымен революцияны ілгері жылжытқысы келсе, шаруалардың ең қажет тілектерін қанағаттандыруды қолға алуы тиіс екендігі күмәнсіз. Міне сондықтан Қытай коммунистері мен жалпы Қытай революционерлерінің міндеті — жаңа өкімет аппаратынан орын алу, бұл аппаратты шаруалар бұқарасымен жақындастыру және, жағдайға қарай, помещик жерлерін тартып алу арқылы болсын яки салықтар мен аренда төлемін азайту арқылы болсын өздерінің шұғыл тілек-

терін осы аппарат арқылы қанағаттандыруға шаруалар бұқарасына көмектесіп отыру.

Үшінші жол — революцияшыл армия арқылы шаруаларға ықпал ету жолы. Мен Қытай революциясында революцияшыл армияның өте зор маңызы болатынын жоғарыда айтып өттім. Қытайдың революцияшыл армиясы жаңа провинцияларға бірінші болып кіретін, шаруалардың нағыз қалың ортасына бірінші болып араласатын күш болып табылады, ал шаруа, жаңа өкімет туралы оның жақсы яки жаман қасиеттері туралы, ең алдымен, осы күш арқылы қортынды жасайды. Шаруалардың жаңа өкіметке, Гоминданға, жалпы алғанда Қытайдағы революцияға көзқарасы, ең алдымен, революцияшыл армияның тәртібіне, оның шаруалар мен помещиктерге деген көзқарасына, оның шаруаларға көмектесуге дайын екендігіне байланысты. Егер Қытайдың революцияшыл армиясына бірсыпыра шұбәлі элементтердің кіріп алғандығын, бұл элементтердің армияның бет-бейнесін бұзатындығын еске алатын болсақ, сонда армияның саяси бейнесі мен оның, былайша айтқанда, шаруа жөніндегі саясатының шаруалардың көз алдында қандай зор маңызы бар екендігін түсінуге болады. Сондықтан Қытай коммунистері мен жалпы Қытай революционерлері армияның шаруаларға қарсы элементтерін бітарап етуге, армияның революцияшыл рухын сақтауға және армияны шаруаларға көмек беретіндей етуге, шаруаларды революцияға көтеретіндей етуге барлық шараны қолдануға тиіс.

Қытайда революцияшыл армияны жұрт құшағын жайып қарсы алады, бірақ соның артынан, армия қалай тұрақтап орын тебісімен-ақ, біраз түңілушілік

пайда болады, деседі. Азамат соғысы кезінде біздің Совет Одағында да дәл осылай болған еді. Мұның себебі: армия жаңа провинцияларды азат етіп, онда орын тебе отырып, қалай да төңірегіндегі халықтың есебінен тамақтануға мәжбүр болады. Біздер, Совет революционерлері, бұл кемістіктердің төлеуін дағдыда былай қайтара алдық: біз помещиктік элементтерге қарсы шаруаларға армия арқылы көмектесуге тырыстық. Қытай революционерлері де армия арқылы шаруалар жөнінде дұрыс саясат жүргізіп, бұл кемістіктердің төлеуін қайтара білуді үйренуі қажет.

VI

ҚЫТАЙДАҒЫ ПРОЛЕТАРИАТ ЖӘНЕ ПРОЛЕТАРИАТ ГЕГЕМОНИЯСЫ

Бесінші ескерту Қытай пролетариаты туралы мәселеге қатысты. Менінше, Қытайдың жұмысшы табының ролі мен маңызы тезистерде жеткілікті түрде баса айтылмай отыр. Рафес мынадай сұрау қояды: Қытай коммунистері кімге бағыт түзеуге тиіс — солшылдарға ма әлде Гоминданның орталығына ма? Ғажап сұрау. Менің ойымша, Қытай коммунистері ең алдымен пролетариатқа бағыт түзеуге тиіс және Қытайдағы азаттық қозғалысының қайраткерлерін революцияға бағыттауға тиіс. Тек сонда ғана мәселе дұрыс қойылатын болады. Қытай коммунистерінің арасында жұмысшылардың өздерінің материалдық және праволық жағдайын жақсарту жолындағы ереуілдерін қажетсіз деп тауып, жұмысшыларды ереуіл жасаудан айнытатын жолдастардың бар екенін мен жақсы білемін (Дауыс: «Кантон мен Шанхайда осылай бол-

ды».) Бұл үлкен қате, жолдастар. Мұның өзі Қытай пролетариатының ролі мен салмағын мейлінше бағаламағандық. Мұның өзі сөзсіз теріс нәрсе ретінде тезистерде атап көрсетілуге тиіс. Егер Қытай коммунистері ереуілдер арқылы болса да жұмысшылардың өз материалдық және праволық жағдайын жақсарту жөнінде оларға көмектесу үшін кәзіргі қолайлы жағдайды пайдаланбаса, бұл үлкен қате болған болар еді. Онда Қытайдағы революцияның не керегі бар? Ереуілдер кезінде өз ұлдарын империализм агенттерінің ұрып-соғып, азаптауына көнетін болса, пролетариат басшы күш бола алмайды. Қытай пролетарларының арасында өз күшін білу сезімін, өз қасиетін білу сезімін ояту үшін және оларды революциялық қозғалысқа басшылық етуге қаблетті ету үшін әлгі ортағасырлық қыяпатты қайткен күнде де жою керек. Мұнсыз Қытайда революция жеңеді деп ойламаса да болады. Сондықтан Қытай жұмысшы табының өз халахуалын айтарлықтай жақсартуды көздейтін экономикалық және праволық талаптары тезистерден лайықты орын алуға тиіс. (Миф: «Бұл жайында тезистерде айтылған».) Я, бұл жайында тезистерде айтылған, бірақ, амал не, бұл талаптар жеткілікті түрде айқын көрсетілмеген.

VII

ҚЫТАЙДАҒЫ ЖАСТАР ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Алтыншы ескерту Қытайдағы жастар туралы мәселеге қатысты. Бір ғажап нәрсе, тезистерде бұл мәселе ескерілмеген. Ал жастар туралы мәселенің кәзір Қытайда өте-мөте зор маңызы бар. Тан Пин-сяннің

баяндамаларында бұл мәселе жайында айтылады, бірақ, амал не, жеткілікті түрде айқын айтылмайды. Жастар туралы мәселенің қәзір Қытайда бірінші дәрежелі маңызы бар. Оқушы жастар (революцияшыл студенттер), жұмысшы жастар, шаруа жастар, — бұлардың бәрі сондай күш, егер оны Гоминданның идеялық және саяси ықпалына бағындыратын болса*, ол күш революцияны қарыштаған адыммен ілгері апарар еді. Мынаны есте ұстау керек: империалистік езгіні Қытай жастарындай соншама ауыр, жанға батарлықтай ешкім де басынан кешіріп отырған жоқ, осы езгіге қарсы күресудің қажеттігін Қытай жастарындай ешкім де соншама қатты сезіп, зіл көріп отырған жоқ. Бұл жағдайды Қытай компартиясы мен Қытай революционерлері жастар арасындағы жұмысты мейлінше күшейту мағнасында барынша есепке алуға тиіс. Қытай мәселесі жөніндегі тезистерде жастар өзіне лайық орын алуға тиіс.

VIII

КЕЙБІР ҚОРТЫНДЫЛАР

Қытайда империализммен күресу жағына қатысты және шаруа мәселесіне қатысты кейбір қортындыларды атап өткім келеді.

* Ескерту. Сол кездегі жағдайларда мұндай саясат дұрыс еді, өйткені ол кезде Гоминдан коммунистер мен азды-көпті солшыл гоминданшылардың одағы болған еді, бұл одақ ол кезде антиимпериалистік революциялық саясатты жүргізетін. Кейіннен бұл саясат бұдан әрі Қытай революциясының мүддесіне сай келмейтін саясат ретінде қалдырылған болатын, өйткені Гоминдан революциядан іргесін аулақ салды, сөйтіп бұдан былайғы жерде революцияға қарсы күрес жүргізуші орталыққа айналды, ал коммунистер Гоминданнан шығып, онымен қатнасын үзді.

Қәзір Қытай компартиясының теңсіз жасалған шарттарды жою талаптарымен .қанағаттана алмайтындығы күмәнсіз. Қәзір бұл талаптарды тіпті Чжан Суе-лян сияқты контрреволюционер де жақтап отыр. Қытай компартиясының бұдан әрі баруға тиіс екені анық.

Бұдан әрі, темір жолдарды национализациялау туралы мәселені перспектива ретінде алға қою керек. Бұл қажет нәрсе, сондықтан істі осыған апару керек.

Бұдан әрі, неғұрлым маңызды деген фабрикалар мен заводтарды национализациялау перспективасын ескеру керек. Бұл арада ең алдымен Қытай халқы жөнінде ерекше өшпенділік, ерекше агрессиялық көзқараста болып отырған адамдардың кәсіпорындарын национализациялау мәселесі туады. Онан кейін шаруа мәселесін қолға алу керек, оны Қытайдағы революцияның болашағымен байланыстыру керек. Менiңше, сайып келгенде істі помещик жерлерін шаруалардың пайдасына конфискациялауға және жерді национализациялауға қарай апару керек.

Қалғандары өзінен өзі түсінікті.

Жасағым келген ескертулердің бәрі міне осы, жолдастар.

„Коммунистический Интернационал" журналы, № 13 (71), 10 декабрь, 1926 ж.

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] Бұл арада 1923 жылдың күзінде Германияда болған терең экономикалық дағдарыс пен саяси кризис айтылып отыр. Ел ішінде күшті революциялық қозғалыс өрістеді, жұмысшылардың социал-демократиядан коммунистік партияға жаппай өтуі басталды. Саксония мен Тюрингияда жұмысшы үкіметтері құрылды, дереу пролетарлық Советтерді ұйымдастыру мәселесі мен өкіметті коммунистердің қолға алу мәселесі күн тәртібіне қойылды. Гамбургте жұмысшылардың қарулы көтерілісі болды. Германиядағы революциялық қозғалыс жеңіліске ұшырады, мұнан кейін ел ішінде буржуазиялық реакция күшейе түсті. — *2*.

[2] Әңгіме Марокко мен Сирияда (1925 — 1926 жылдары) француз империализміне қарсы жүргізілген ұлт-азаттық соғыстары туралы болып отыр. Бұл соғыстар Францияға миллиардтан аса франкқа түсті. — *3*

[3] Бұл арада большевиктер партиясына қас-дұшпан «солшыл коммунистер» тобы айтылып отыр. («Солшыл коммунистер» туралы мыналардан қараңыз: «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 206—209-беттер және В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXII том, 297—303, 306—310, 313—346, 505 — 528-беттер.). — *4*.

4 1908 жылғы жалпыорыстық партия конференциясы — РСДЖП-ның V конференциясы — 1909 жылы 3 — 9 январьда (1908 жылы 21 — 27 декабрьде) Парижде болды. Конференцияда Ленин, большевиктер екі майданда: жойымпаз-меньшевиктерге қарсы және шақырымпаздарға — «солшыл жойымпаздарға» қарсы күрес жүргізді. Конференция Лениннің ұсынысы бойынша меньшевиктер мен шақырымпаздардың жойымпаздық ниеттерін батыл мінеп, большевиктердің реакция дәуірінде ұстайтын тактикалық жолын белгіледі (қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», I бөлім, 1941, 125—132, «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 129—131-беттер). — *9*.

5 Бұл «Алғысөз» «Ленинизм мәселелері» жыйнағына арналған алғысөздің орнына 1926 жылы январьда И. В. Сталин жазған «Ленинизм мәселелері жөнінде» деген еңбектің кіріспе бөлімі болды. Жыйнақ 1926 жылдың февралында басылып шықты. — *12*.

6 Қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 6-том, қазақша 80 — 209-беттер. — *12*.

7 Қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 6-том, 402—449-беттер. — *13*.

8 Қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 7-том, *95—141* беттер. — *13*.

9 Қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 7-том, *166—225*-беттер. — *13*.

10 Қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 6-том, 82-бет. — *14*

11 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XIX том, 67—175-беттер. — *16*.

12 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXI том, 365—455-беттер. — *16*.

13 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXIII том, 331—412-беттер. — *16.*

14 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXV том, 165—250-беттер. — *16.*

15 Қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 6-том, 138-бет. — *17.*

16 Қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 6-том, 117-бет. — *20.*

17 Қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 6-том, 424-бет — *21.*

18 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Коммунистер Одағына Орталық Комитеттің бірінші үндеуі» (Шығармалар, VIII том, 1931, 479—489-беттер). — *21.*

19 Қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 6-том, 407—408-беттер. — *30.*

20 Қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 6-том, 197—198-беттер. — *38.*

21 Коммунистік Интернационалдың II конгресі 1920 жылғы 19 июльден августқа дейін болды. И. В. Сталин В. И. Лениннің «Коммунистік партияның ролі туралы» сөйлеген сөзінен цитата келтіріп отыр. — *41.*

22 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXVI том, 137—138-беттер. — *45.*

23 Цектран — темір жол және су жолы транспорты қызметкерлерінің біріккен кәсіпшілер одағының Орталық комитеті. 1920 жылғы сентябрьде құрылған. 1920 жылы және 1921 жылдың бас кезінде Цектранға басшылық ету ісі кәсіпшілер одағының жұмысында құр зорлау әдісі мен бұйыру әдісін жүргізіп келген троцкистердің қолында болды. Темір жол және су жолы транспорты қызметкерлерінің 1921 жылы мартта болып өткен Бүкілроссиялық біріккен бірінші съезі троцкистерді Цектранның басшылығынан қуып шықты, одақтың жаңа Орталық комитетін сайлап, кәсіпшілер одағы жұмысының жаңа әдістерін белгіледі. — *58.*

24 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXVI том, 61—81-беттер. — *59.*

25 «Коммунистік партияның пролетарлық революциядағы ролі туралы» Коминтерн II конгресінің тезистері конгрестің қарары ретінде қабылданған болатын (қарарды қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXV том, 560—566-беттер). — *64.*

26 Қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 6-том, 120-бет. —*67.*

27 Мына кітапшаны қараңыз: И. В. Сталин. «Ленин мен ленинизм туралы», 1924, 60-бет. —*67.*

28 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXVII том, 391—397-беттер —*69.*

29 «Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген пленумына байланысты Коминтерн мен РК(б)П-ның міндеттері туралы» XIV партия конференциясының қарарын мынадан қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 25—31-беттер. — *69.*

30 Қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 7-том, 117 — 127 беттер. — *70.*

31 Қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 7-том, 117 — 123-беттер. — *70.*

32 Қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 7-том, 126-бет. — *70.*

33 Қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 7-том, 279 — 422-беттер. — *71.*

34 Әңгіме РК(б)П Орталық Комитетінің 1925 жылғы 23—30 апрельде болған пленумы туралы болып отыр. Пленум РК(б)П XIV конференциясының қабылдаған қарарларын бекітті, соның ішінде «Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген пленумына байланысты Коминтерн мен РК(б)П-ның міндеттері туралы» қабылданған қарарды

да бекітті, бұл қарарда ССРО-да социализмнің жеңуі туралы мәселе жөнінде партияға нұсқау берілді (қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 25—31-беттер). — *71*.

35 Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 29, 28-беттер. — *78*.

36 Бұл арада 1925 жылғы 27—29 апрельде болған РК(б)П XIV конференциясы айтылып отыр. — *79*.

37 Зиновьев — Каменевті жақтаушылардың фракцияшыл әрекеті болып табылған Ленинград Губерниялық XXII партия конференциясының хатына РК(б)П Москва комитетінің қайтарған жауабы «Правданың» 1925 жылғы 20 декабрьдегі 291-номерінде жарияланды. — *79*.

38 Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 50-бет. — *82*.

39 Қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 6-том, 148—149, 151—153-беттер. — *84*.

40 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXVII том, 391-бет. — *88*.

41 Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 50—51-беттер. — *89*.

42 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXVI том, 317—352-беттер. — *93*.

43 «Заман философиясы» — Зиновьевтің 1925 жылы жазған антипартиялық мақаласының аты. Бұл мақалаға жазылған сынды қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 7-том, 403 — 406-беттер. — *98*.

44 Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 50-бет. — *99.*

45 Бұл арада И. В. Сталиннің 1925 жылғы 27 январьда РК(б)П Москва ұйымының XIII губерниялық конференциясында деревнядағы жұмыс туралы мәселені талқыларда «Пролетариат пен шаруалар туралы мәселе жөнінде» сөйлеген сөзі айтылып отыр (қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 7-том, 27 — 35-беттер.) — *100.*

46 Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 47—53-беттер. — *105.*

47 И. В. Сталиннің «Ленинизм мәселелері жөнінде» деген еңбегі «Большевик» журналының 1926 жылғы 15 февральдағы 3-номерінде басылды (осы томның 14-99-беттерін қараңыз).

«Большевик» — БК(б)П Орталық Комитетінің екі аптада бір шығатын теориялық және саяси журналы — 1924 жылдың апрелінен шыға бастады. — *107.*

48 Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген VI пленумы 1926 жылғы 17 февральдан 15 мартқа дейін Москвада болып өтті. Пленум Коминтерн Атқару Комитеті мен Великобритания коммунистік партиясының есепті баяндамаларын талқылады және: коммунистердің кәсіпшілер одағы қозғалысындағы таяу арадағы міндеттері туралы, II ұйымдастыру кеңесінің қортындылары туралы баяндамалар мен пленумде жұмыс істеген онекі комиссияның баяндамаларын талқылады. Пленум біртұтас майдан құру тактикасы негізінде халықаралық кәсіпшілер одағы қозғалысының революциялық бірлігі жолындағы күресте коммунистердің атқаратын міндеттері туралы мәселеге ерекше көңіл бөлді. И. В. Сталин президиум мүшесі, пленумның саяси, шығыс, француз комиссияларының мүшесі және герман комиссиясының председателі болып сайланды. — *109.*

49 «23-інші жыл» дегенде — 1923 жылдың күзінде Германияда болған революциялық терең дағдарыс айтылып отыр. — *109*

50 «Бюллетень Коммунист» («Bulletin Communiste») — екі аптада бір шығатын газет, Франция коммунист партиясының оңшыл қанатының органы; Парижде шығып тұрды. Газеттің бірінші номері 1925 жылғы октябрьде шықты. Газет өзінің онбесінші номері шыққаннан кейін жабылды (1926 жылғы январьда), бұл номерінде Франция компартиясының оңшыл қанатының антипартиялық декларациясы басылып шықты. — *112.*

51 БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы 1926 жылғы 6—9 апрельде болып өтті. Пленумның 9 апрель күнгі таңертеңгі мәжілісінде И. В. Сталин «Шаруашылық жағдай мен шаруашылық саясат туралы» жасалған баяндама бойынша сөз сөйледі, ал кешкі мәжілісте — Саяси Бюро мен БК(б)П Орталық Комитеті пленумының 1926 жылғы жұмыстарының жоспары туралы баяндама жасады. (Пленумның қаулы-қарарларын мынадан қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 91—102-беттер.). — *129.*

52 Бұл арада «1926/27 жылғы науқан кезінде астық дайындау аппаратын ұйымдастыру туралы» 1926 жылы 9 апрельде БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы қабылдаған қарар айтылып отыр (қарарды мынадан қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II-бөлім, 1941, 97—100-беттер). — *148.*

53 Бұл хаттың толық емес тексті мына жыйнақта басылған: И. Сталин. «Марксизм және ұлт-отар мәселесі». М., 1934, 172—173-беттер. — *165.*

54 Англиядағы жаппай ереуіл 1926 жылғы 3 майдан 12 майға дейін болып өтті. Ереуілге өнеркәсіп пен транспорттың барлық негізгі салаларының бес миллионнан артық ұйымдасқан жұмысшылары қатысты. — *172.*

55 Бұл арада 1926 жылғы 12—13 майда Пильсудский жасаған қарулы төңкеріс айтылып отыр. Төңкерістің нәтижесінде елді біртіндеп фашистендіруді жүзеге асырған Пильсудский мен оның сыбайластарының диктатура режимі орнатылды.— *172.*

56 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Таңдамалы хаттар», 1947, 105-бет. — *179.*

57 Англиядағы жаппай ереуіл туралы хабар алынғаннан кейін Кәсіпшілер Одағының Бүкілодақтық Орталық Советінің Президиумы кәсіпшілер одағы Орталық комитеттері өкілдерінің қатнасуымен 1926 жылы 5 майда болған мәжілісінде ССРО-дағы кәсіпшілер одағының барлық мүшелерін Англияның ереуіл жасап жатқан жұмысшыларына жәрдем ретінде күнделікті еңбек ақыларының төрттен бір бөлегін беруге шақырып қаулы алды және сол күні ағылшын тредюнионының Бас советіне 250 мың сом жіберді. Кәсіпшілер Одағының Бүкілодақтық Орталық Советі 7 майда Бас советке ССРО жұмысшылары жыйнаған 2 миллион сомды тағыда жіберді. 9 май күні Бас совет өзінің бұл ақшаны алудан және ССРО жұмысшыларының басқадай да көмегінен бастартатындығын Кәсіпшілер Одағының Бүкілодақтық Орталық Советіне хабарлады. — *180.*

58 Әңгіме Коминтерн Атқару Комитетінің кеңейтілген VI пленумының 1926 жылы 15 мартта «Халықаралық коммунистік қозғалыстың кезектегі проблемалары» туралы қабылдаған тезистері туралы болып отыр (қараңыз: «Коминтерн Атқару Комитетінің кеңейтілген VI пленумы. Тезистер мен қарарлар». Мемлекет Баспасы, 1926, 4—39-беттер.). — *184.*

59 Сеймдік фракциялар — Польшаның заң шығаратын бас органы, Польшаның буржуазиялық парламентінің төменгі палатасы — Польша сеймiндегі жіктер. 1926 жылы сейм депутаттарының құрамы 30-дан астам фракцияға бөлінген еді; бұл фракциялар поляк қоғамының әртүрлі таптары мен аралық жіктерінің мүдделерін қорғаған еді. — *187.*

60 Бұл арада 1926 жылы 30 майда «Правданың» 123-номерін-

де басылған Эрнст Тельманның «Польша компартиясының тактикасы туралы» деген мақаласы айтылып отыр. — *191.*

61 Ағылшын-Орыс бірлестік комитеті Кәсіпшілер Одақтарының Бүкілодақтық Советінің бастамасы бойынша 1925 жылғы 6—8 апрельде Лондонда болған ағылшын-совет кәсіпшілер одағының конференциясында құрылды. Ағылшын-Орыс комитетінің құрамына КОБОС-тың және ағылшын тред-юниондары конгресі Бас советінің председательдері мен секретарьлары кірді және, оның үстіне, бұл ұйымдардың әрқайсысынан үш мүшеден кірді. Комитет ағылшын тред-юниондарының реакцияшыл басшыларының сатқындық саясатының салдарынан 1927 жылдың күзінде өзінің жұмыс істеуін тоқтатты. — *196.*

62 БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумы 1926 жылғы 14—23 июльде болды. Пленум Англиядағы жаппай ереуілге, Польша мен Қытайдағы оқиғаларға байланысты Саяси бюроның қабылдаған қарарлары туралы оның хабарын және: Советтерді қайта сайлаудың қортындылары туралы, Лашевичтің, тағы басқалардың ісі туралы, партия бірлігі туралы, пәтер-үй құрылысы туралы, астық дайындау науқаны туралы баяндамаларды талқылады. И. В. Сталин пленумда: Англиядағы, Польшадағы және Қытайдағы оқиғаларға байланысты Саяси бюроның қабылдаған қарарлары туралы оның хабары бойынша, Лушкевичтің, тағы басқалардың істері жөнінде БК(б)П Орталық Бақылау Комиссиясы Президиумының жасаған баяндамасы бойынша, партия бірлігі туралы және басқа мәселелер жөніндегі баяндамалар бойынша сөз сөйледі. Пленум Орталық Комитеттің Саяси бюросының қызметі мен Коммунистік Интернационал Атқару Комитетіндегі БК(б)П делегациясының халықаралық мәселелер жөніндегі қызметін ұнатты, жалпымемлекеттік және шаруашылық құрылыстың, партияның ішкі өмірі мен жұмысшылар жағдайының ең негізгі мәселелері жөнінде бірсыпыра қарарлар қабылдады. Пленум Зиновьевті Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшелігінен шығарды. (Пленум-

ның қарарларын мынадан қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының каулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 103 — 121-беттер.) — *196.*

63 Бұл арада Амстердамдағы халықаралық конгресте 1919 жылғы июльде құрылған кәсіпшілер одағының Амстердам Интернационалы айтылып отыр. Интернационалға Батыс Европа елдерінің көпшілігінің реформашыл кәсіпшілер одағы мен Американың еңбек федерациясы кірді. Амстердам Интернационалы реформистік саясат жүргізіп келді. Халықаралық еңбек бюросында және Ұлттар Лигасының түрліше комиссияларында буржуазиямен көрнеу қызметтес болды, жұмысшы қозғалысындағы бірыңғай майданға қарсы күресті және Совет Одағына дұшпандық көзбен қарады, осының нәтижесінде жұмысшы қозғалысында оның ықпалы кеміді. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Амстердам Интернационалы іс жүзінде өзінің қызметін тоқтатты. Кәсіпшілер одағының Бүкіл дүниежүзілік федерациясының құрылуына байланысты Амстердам Интернационал 1945 жылғы декабрьде ажыратылды. — *198.*

64 Зассенбах пен Удегест — Амстердам Интернационалының реформистік кәсіпшілер одағының секретарьлары, Интернационалдың оңшыл қанатының басшылары. — *198.*

65 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XX том, 182-бет. — *200.*

66 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XX том, 253-бет. — *200.*

67 «Жұмысшы оппозициясы» — РК(б)П ішінде болған антипартиялық анархо-синдикалистік топ, мұны Шляпников, Медведев және басқалар басқарды. Бұл топ 1920 жылдың екінші жартысында құрылып, лениндік партияның ұстаған жолына карсы күрес жүргізді. РК(б)П-ның X съезі «жұмысшы оппозициясын» қатты мінеп, анархо-синдикалистік уклонның идеясын насихаттау коммунистік партияның қатарында болумен сыйыспайды деп тапты. Талқандалған

«жұмысшы оппозицияның» қалдықтары кейіннен контрреволюцияшыл троцкизммен қосылып кетті. — *202.*

68 «Социалистический Вестник» — журнал, меньшевик-ақэмигранттардың органы; 1921 жылғы февральда Мартов негіздеген. 1933 жылдың мартына дейін Берлинде, 1933 жылғы майдан бастап 1940 жылғы июньге дейін Парижде шығарылып тұрды, кәзірде Америкада шығарылады. «Социалистический Вестник» барып тұрған реакцияшыл империалистік топтардың жаршысы болып табылады. — *206.*

69 Тау-кеншілердің Британиялық федерациясы мен ССРО тау-кен жұмысшылары Одағы өкілдерінің конференциясы 1926 жылы 7 июльде Берлинде болды. Конференция локаутқа қарсы күресіп жатқан ағылшын тау-кеншілеріне жәрдемдесу науқанын жүргізе беру туралы мәселе талқылады. Конференция ағылшын тау-кеншілеріне мейлінше жәрдем көрсетуге шақырып «Бүкіл жер жүзінің жұмысшыларына» декларация қабылдады және Ағылшын-Орыс бірлестік комитетінің дереу шақырылуын қажет деп тапты. Конференция өзара байланыс жасап отыру үшін және ССРО тау-кен жұмысшылары Одағы мен тау-кеншілердің халықаралық федерациясының революциялық бірыңғай қимылдарын жүзеге асырып отыру үшін конференция тау-кен жұмысшыларының ағылшын-совет комитетін ұйымдастыруды қолайлы деп тапты. — *210.*

70 Кәсіпшілер Одағының Бүкілодақтық Орталық Советінің декларациясы — Англияның жұмысшы партиясы мен ағылшын тред-юниондары Бас советінің реформистік басшыларының ағылшын жұмысшыларының жаппай ереуіліне жасаған опасыздығы жөнінде «Бүкіл халықаралық пролетариатқа» арнаған үндеуі. Декларацияны КОБОС-тың IV пленумы 1926 жылғы 7 июньде қабылдады. «Правда» газетінің 1926 жыл 8 июньдегі 130-номерінде жарияланды. — *217*

71 «Қара жұма» батырлары — ағылшын кәсіпшілері одағының реакцияшыл басшылары: теміржолшылар одағынан (Томас),

тау-кен жұмысшылары одағынан (Ходжес) және транспорт-шылар одағынан (Вильямс); бұлар ереуіл жасап жатқан көмір қазушыларды қолдау мақсатымен 1921 жылғы 15 апрельге белгіленген теміржолшылар мен транспортшылар ереуілін болдырмай тастады. Ереуілдің болмай қалған күнін — 1921 жылғы 15 апрельдегі жұманы — ағылшын жұмысшылары «қара жұма» деп атады. — *227.*

72 **«Дейли Уоркер»** («The Daily Worker») — газет, АҚШ-тың Жұмысшы (коммунистік) партиясының орталық органы. Бұл газет 1922 жылғы январьдан 1927 жылғы январьға дейін Чикагода, ал кейінде — Нью-Йоркте шығып тұрды; алғашында «Уоркер» деген, ал 1924 жылғы январьдан «Дейли Уоркер» деген атпен шығып тұрды. — *228.*

73 **«Нью Лидер»** («The New Leader») — апталық газет, Американың социалистік партиясы деп аталатын партияның органы; 1924 жылғы январьдан бастап шыға бастады. — *228.*

74 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXVII том, 392-бет. — *231*

75 «БК(б)П-дағы оппозициялық одақ туралы» тезистерді И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті Саяси бюросының тапсыруы бойынша 1926 жылғы 21 октябрь мен 25 октябрьдің арасында жазды. Саяси бюро ұнатқан тезистерді БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумы 26 октябрьде талқылап, қабылдады. Бүкілодақтық XV партия конференциясы 3 ноябрь күні тезистерді конференцияның қарары ретінде бірауыздан қабылдады және нақ сол күні бұл тезистерді БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумы бекітті (қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 148—155-беттер). — *239.*

76 В. И. Ленин. ««Азық-түлік салығы туралы» кітапшаның жоспары мен конспектілері» (қараңыз: Шығармалар, 3-басылуы, XXVI том, 310—316-беттер). — *244.*

77 «Демократияшыл централистер» — РК(б)П ішінде болған, Сапронов пен Осинский бастаған антипартиялық топ. Топ соғыс коммунизмі дәуірінде шықты. Демократияшыл централистер тобы партияның Советтердегі басшылық ролін мойындамады; директорлардың өнеркәсіпте дара басшылығы және жеке өз жауапкершілігі болуына қарсы шықты, ұйымдық мәселелеріндегі лениндік жолға қарсы шықты, партия ішінде фракциялар мен жіктер бостандығының болуын талап етті. Партияның IX және X съездері демократияшыл централистерді антипартиялық топ деп қатты мінеді. БК(б)П-ның XV съезі «демократияшыл централистер» тобын троцкийшіл оппозицияның белсенді қайраткерлерімен бірге 1927 жылы партиядан шығарды. — *247.*

78 «Суварин тектес жойымпаздар» — Франция коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бұрынғы мүшесі — троцкист Борис Сувариннің жақтаушылары. 1926 жылы Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген VII пленумы Суваринді Совет Одағы мен Коммунистік Интернационалға қарсы контрреволюциялық насихат жүргізгені үшін Коммунистік Интернационалдың қатарынан шығарды. — *247.*

79 БК(б)П XV конференциясы 1926 жылы 26 октябрьде — 3 ноябрьде болды. Конференция: халықаралық жағдай туралы, еліміздің шаруашылық жағдайы мен партияның міндеттері туралы мәселелерді, кәсіпшілер одағы жұмысының қортындылары мен оның кезектегі міндеттерін, оппозиция туралы және партияның ішкі жағдайы туралы мәселелерді талқылады. Конференция Орталық Комитеттің саясатын ұнатты және троцкистік-зиновьевтік оппозициялық одақты большевиктік партияның қатарындағы социал-демократиялық уклон деп, халықаралық жұмысшы қозғалысындағы II Интернационалдың жәрдемші отряды деп сыйпаттайтын И. В. Сталиннің «БК(б)П-дағы оппозициялық одақ туралы» баяндамасының тезистерін бірауыздан қабылдады. Конференция партияны елімізде социалистік құрылыстың жеңу идеясымен қаруландыру ісін тәртіптеп, тыянақты етіп аяқтады және партияның бірлігі үшін, троцкистік-зиновьевтік одақты әшкерелеу үшін батыл күрес жүргізуге шақырды. — *261.*

80 Бұл арада БК(б)П Орталық Комитетінің 1926 жылы 6—9 апрельде болып өткен пленумы айтылып отыр. — *262*.

81 Бұл арада БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының 1926 жылы 14—23 июльде болған біріккен пленумы айтылып отыр. — *263*.

82 Бұл арада РК(б)П XIII конференциясы қабылдаған, РК(б)П XIII съезі нығытқан және съездің қаулыларына қоса тіркелген «Айтыстың қортындылары мен партия ішіндегі ұсақбуржуазиялық уклон туралы» қарар айтылып отыр (қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», I бөлім, 1941, 540—545-беттер). — *264*.

83 В. И. Ленин. «Азық-түлік салығы туралы», «Россияның кәзіргі экономикасы туралы» деген тарауы (қараңыз: Шығармалар, 3-басылуы, XXVI том, 321—330-беттер). — *280*

84 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығарамлар, 3-басылуы, XXI том, 395-бет. — *280*.

85 «Наше Слово» — меньшевиктік-троцкистік газет; 1915 жылғы январьдан 1916 жылғы сентябрьге дейін Парижде шығып тұрды. — *284*.

86 Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 29-бет. — *296*.

87 Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 29-бет. — *297*.

88 Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 29—30-беттер. — *297*.

89 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XX том, 87—90-беттер. — *315*.

90 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXVI том, 247-бет. — *322.*

91 Бұл арада БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының 1926 жылы 23 және 26 октябрьде болып өткен біріккен пленумы айтылып отыр. Пленум Ф. Э. Дзержинскийдің қайтыс болуына байланысты Орталық Комитеттің құрамын толықтыру туралы мәселені, Бүкіл одақтық XV партия конференциясының қарауына ұсынылатын мәселелерді талқылады және БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен июль пленумынан кейінгі жердегі троцкистік-зиновьевтік оппозициялық одақтың фракциялық әрекеттері туралы Саяси бюроның 4 октябрьдегі қаулысына байланысты Орталық Комитеттің Саяси бюросы мен Орталық Бақылау Комиссиясының хабарын, И. В. Сталиннің «БК(б)П-дағы оппозициялық одақ туралы» тезистерін талқылады. 26 октябрь күні пленумда И. В. Сталин тезистерді қорғап сөз сөйледі. — *325.*

92 Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», I бөлім, 1941, 366—368-беттер. — *326.*

93 Бұл арада Троцкийдің сөз көтеруіне байланысты жергілікті партия ұйымдарының алған қарарлары туралы И. В. Сталиннің жасаған хабары бойынша РК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясы пленумдарының біріккен мәжілісінде 1925 жылы 17 январьда қабылдаған қарар айтылып отыр (қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», I бөлім, 1941, 636 — 641-беттер; И. В. Сталин. Шығармалар, 7-том, 7 — 11-беттер). — *327.*

94 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Коммунистік Партияның Манифесі». Қосымша, 1939, 75—97-беттер. — *332.*

95 Лениннің «Халық Комиссарлары Советінің қызметі туралы» Советтердің Бүкілроссиялық III съезінде жасаған баянда-

масындағы сөздері цитатқа алынып отыр (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXII том, 218-бет). Мұнымен бірге Энгельстің 1894 жылы 2 июньде Поль Лафаргке жазған хатын да қараңыз (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXIX том, 311-бет). — *340*.

96 Бұл арада В. И. Лениннің «Бірнеше тезистер» деген мақаласы айтылып отыр (қараңыз: Шығармалар, 3-басылуы, XVIII том, 311—313-беттер). — *352*.

97 Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 27—28-беттер. — *359*.

98 Әңгіме ағылшын сыртқы істер министрі Керзонның 1923 жылғы 8 майдағы нотасы туралы болып отыр, бұл нотада СССР-ға қарсы жаңадан интервенция жасаймыз деп қорқытқан болатын. — *366*.

99 Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 29—30-беттер. — *377*.

100 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XVIII том, 232-бет. — *380*.

101 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XVIII том, 232—233-беттер. — *381*.

102 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXVI том, 238-бет. — *381*.

103 «Уфа үкіметі» — өзін «Бүкілроссиялық уақытша үкімет» (Директория) деп атаған контрреволюцияшыл ұйым. Ақгвардияшыл «үкіметтердің», меньшевиктердің, эсерлердің және шетел интервенттері өкілдерінің кеңесінде 1918 жылы 23 сентябрьде Уфада құрылды; 1918 жылдың 18 ноябріне дейін өмір сүрді. — *384*.

ӨМІРБАЯН ХРОНИКАСЫ

(январь — ноябрь 1926)

1 январь. И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті пленумының жұмысын басқарады және ұйымдастыру мәселелері жөнінде сөз сөйлейді.

И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитетінің пленум мәжілісінде Саяси бюроға, ұйымдастыру бюросына, Орталық Комитеттің Секретариатына мүше болып сайланады және БК(б)П Орталық Комитетінің бас секретары болып бекітіледі.

БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы И. В. Сталиннің Коммунистік Интернационал Атқару Комитетіндегі (КИАК) БК(б)П делегаты өкілдігін ұзартуға қаулы етті.

5 январь. И. В. Сталин БК(б)П Ленинград губкомының фракцияшыл әрекеттерін әшкерелейтін БК(б)П Орталық Комитетінің 1926 жылғы 5 январьдағы қаулысын Ленинградқа В. М. Молотовқа, Н. М. Шверникке, С. М. Кировқа және басқаларға хабарлайды.

8 январь. И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетіндегі БК(б)П делегациясының мәжілісін басқарады.

16 январь.	И. В Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген VI пленумына келген АҚШ коммунист партиясы делегациясының өкілдерімен әңгімеleседі.
19 январь.	И. В. Сталин Қызыл профессура Институтының оқушыларымен әңгімелеседі.
22 январь.	И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитеті Президиумының мәжілісінде «Оңшыл және «әсіресолшыл» уклондарға қарсы күресу туралы» мәселе жөнінде сөз сөйлейді.
25 январь.	И. В. Сталин «Ленинизм мәселелері жөнінде» деген шығармасын жазып бітірді, бұл шығармасы 6 февраль күні жеке кітапша болып басылып шықты және «Большевик» журналының 1926 жылғы 15 февральдағы 3-номерінде басылды.
5 февраль.	И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген VI пленумына келген Қытай коммунист партиясы делегациясының өкілдерімен әңгімелеседі.
6 — 8 февраль.	И. В. Сталин Ленинградтың Володарск, Москва-Нарва және басқа аудандарының төтенше партия конференцияларынан БК(б)П Ленинград губерниялық XXIII төтенше конференциясына бірінші делегат болып сайланады.
9 февраль.	И. В. Сталин «Жұмысшы табының одақтасы болып табылатын шаруалар туралы» мәселе жөнінде П. Ф. Болтневтің, В. И. Ефремовтың және В. И. Ивлевтің жазған хатына жауап қайтарады.

10 февраль.	И. В. Сталиннің «Ленинизм мәселелері жөнінде» деген шығармасының — «Социализмнің бір елде жеңуі туралы мәселе» деген VI тарауы «Ленинград Правдасының» 33-номерінде басылды.
	И. В. Сталин «Біздің елімізде социализм орнату мүмкіндігі туралы» мәселе жөнінде УССР Бобринец ауданындағы кедей шаруалар комитетінің председателі Т. М. Покоевтің жазған хатына жауап қайтарады.
12 февраль.	БК(б)П Ленинград губерниялық XXIII төтенше конференциясы И. В. Сталинді Ленинград губерниялық партия комитетінің мүшесі етіп сайлайды.
17 февраль — 15 март.	И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген VI пленумының жұмысына қатнасады.
17 февраль.	И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген VI пленумының бірінші мәжілісінде КИАК пленумы Президиумының мүшесі және пленумның саяси, шығыс, француз комиссияларының мүшесі болып сайланады.
19 февраль.	И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетіндегі БК(б)П делегациясының мүшелеріне хат жазады, бұл хатында Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген VI пленумын ашарда сөйлеген кіріспе сөзінде БК(б)П XIV съезінің қарарларын бұрмалаған Зиновьевті әшкерелейді.
	И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген VI плену-

мына келген Германия мен Франция коммунист партиялары делегациясының өкілдерімен әңгімелеседі.

20 февраль. И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген VI пленумының мәжілісінде пленумның герман комиссиясының председателі болып сайланады.

21 февраль. И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген VI пленумындағы БК(б)П делегациясы бюросының мәжілісінде Зиновьевтің КИАК-тың кеңейтілген VI пленумында сөйлеген сөзіне неміс делегациясының наразы екендігі туралы хабарлап сөз сөйлейді.

23 февраль. Г. И. Котовскийді еске түсіріп И. В. Сталин жазған некролог УК(б)П Орталық Комитеті мен Харьков округтік комитетінің органы — «Коммунист» газетінің 43-номерінде жарияланады.

И. В. Сталин Қызыл Армияның сегіз жылдығына арналған Үлкен театрдағы салтанатты мәжіліске қатнасады.

27 февраль. И. В. Сталиннің «Ленинизм мәселелері» деген шығармалар жыйнағы басылып шықты.

3 март. И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген VI пленумындағы БК(б)П делегациясы Бюросының мәжілісінде Германия коммунист партиясындағы «әсіресолшылдарға» қарсы идеялық күрес жүргізу туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.

6 март. И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген VI плену-

мының француз комиссиясының мәжілісінде Франция коммунист партиясының жайы туралы сөз сөйлейді.

И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген VI пленумындағы БК(б)П делегациясы Бюросының мәжілісінде Зиновьевтің Коммунистік Интернационал Атқару Комитетіндегі жұмысқа «жаңа оппозицияның» жақтаушыларын тарту туралы жасаған ұсынысына қарсы сөз сөйлейді.

7 март. И. В. Сталиннің Халықаралық коммунистік әйелдер күнінің оналты жылдығына байланысты бүкіл дүние жүзінің жұмысшы әйелдері мен еңбекші әйелдеріне арнаған құттықтауы «Правда» газетінің 55-номерінде жарияланды.

8 март. И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген VI пленумындағы герман комиссиясының мәжілісінде Германия коммунист партиясындағы «әсіресолшылдықпен» күресу туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.

15 март. И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті Ұйымдастыру Бюросының мәжілісінде: Орталық Комитет Ұйымдастыру Бюросының 1926 жылғы март—август айларындағы жұмысының жаспары туралы және Советтердің сайлауы туралы сөз сөйлейді.

16 март. И. В. Сталин Германия мен Франция коммунист партияларының Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген VI пленумына келген делегацияларының өкілдерімен әңгімелеседі

17 март.	И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің мәжілісінде Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің Президиум мүшелігіне сайланады.
	И. В. Сталин Германия коммунист партиясының Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген VI пленумына келген делегациясының өкілдерімен әңгімеледі.
23 март.	И. В. Сталиннің БЛКЖО VII съезіне арнаған құттықтауы «Правда» мен «Комсомольская Правда» газеттерінің 66-номерлерінде жарияланды.
3 апрель.	БК(б)П Орталық Комитетінің Саяси бюросы БК(б)П Орталық Комитетінің апрель пленумының талқылауына салу үшін «Шаруашылық жағдай мен шаруашылық саясат туралы» тезистерді редакциялау жөніндегі Саяси бюро комиссияның мүшелігіне И. В. Сталинді тағайындайды.
5 апрель.	И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитетінің Саяси бюросы комиссиясының мәжілісінде «Шаруашылық жағдай мен шаруашылық саясат туралы» тезистерді жақтап сөз сөйлейді.
6 — 9 апрель.	И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті пленумының жұмысын басқарады.
9 апрель.	И В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті пленумының танертеңгі мәжілісінде «Шаруашылық жағдай мен шаруашылық саясат туралы» баяндама бойынша сөз сөйлейді.
	И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті пленумының кешкі мәжілісінде «Орталық

Комитеттің Саяси бюросы мен пленумының 1926 жылғы жұмысының жоспары туралы» баяндама жасайды.

12 апрель. И. В. Сталин БК(б)П Ленинград губкомының пленумында БК(б)П Орталық Комитеті апрель пленумының қортындылары туралы баяндама жасайды.

13 апрель. И. В. Сталин БК(б)П Ленинград ұйымының активінде «Совет Одағының шаруашылық жағдайы және партияның саясаты туралы» баяндама жасайды.

20 апрель. И. В. Сталин өзін 1 майды мерекелеуге шақыра келген Сталин атындағы фабриканың (Москва губерниясының Болшево станциясы) делегациясымен әңгімелеседі.

21 апрель. И. В. Сталин Революция күрескерлеріне жәрдем көрсететін Халықаралық ұйым (МОПР) туралы мәселе жөнінде Клара Цеткиннің жазған хатына жауап қайтарады.

И. В. Сталиннің «Совет Одағының шаруашылық жағдайы туралы» деген кітапшасы баспадан шықты.

25 апрель. Үнем тәртібі үшін күресу туралы барлық партия ұйымдарына, партия бақылауы комиссияларына, шаруашылық, кооператив, сауда, банк мекемелері мен басқа да мекемелерде жұмыс істейтін партия мүшелеріне арналған, БК(б)П Орталық Комитетінің секретары И. В. Сталин мен БК(б)П Орталық Бақылау Комиссиясының председателі В. В. Куйбышев қол қойған үндеу «Правда» газетінің 95-номерінде жарияланды.

26 апрель. И. В. Сталин Л. М. Кагановичке және УК(б)П Орталық Комитеті Саяси бюросының басқа да мүшелеріне хат жазады.

30 апрель. И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитетінің мүшелеріне хат жазады, бұл хатында Зиновьевтің фракциялық әрекеттерін әшкерелейді.

1 май. И. В. Сталин Қызыл алаңда болған Москва гарнизоны әскерлерінің параңы мен Москва еңбекшілерінің демонстрациясына қатнасады.

5 май. И. В. Сталин баспасөз қызметкерлерімен әңгімелеседі.

7 май. И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетіндегі БК(б)П делегациясы Бюросының мәжілісінде Д. З. Мануильскийдің «Өңі айналған меньшевизм мен социал-фашизм туралы» деген мақаласы жөнінде сөз сөйлейді; мақала «Коммунистік Интернационал» журналында басылған, № 4 (53), апрель, 1926 ж.

8 май. И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетіндегі БК(б)П делегациясының мүшелеріне хат жазады, бұл хатында Зиновьевтің Коминтерндегі фракциялық әрекетін әшкерелейді.

11 май. И. В. Сталин Англияның ереуіл жасап жатқан тау-кеншілеріне ССРО жұмысшыларының ақшадай көрсеткен жәрдемін алудан ағылшын тред-юниондары Бас советінің бастартқандығы туралы Париж бен Берлиндегі Кәсіпшілер одағы Бүкілодақтық Орталық Советінің өкілдеріне хабар етеді.

15 май. И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Аткару Комитетіндегі БК(б)П делегациясының мүшелеріне екінші рет хат жазады, бұл хатында Зиновьевтің Коминтерндегі фракциялық әрекетін әшкерелейді.

16 май. И. В. Сталин мен В. М. Молотов БК(б)П Орталық Комитетінде баспасөз қызметкерлерімен әңгімелеседі.

И. В. Сталин БЛКЖО мен Жастардың Коммунистік Интернационалының (ЖКИ) басшы қызметкерлерімен әңгімелеседі.

1 июнь. И. В. Сталин Тифлиске келеді.

2 июнь. И. В. Сталин Земо-Авчаль гидроэлектр станциясын (ЗАГЭС) қарап шығады. Станцияны қарап шыққаннан кейін станцияға келуші құрметті адамдардың кітабына грузин тілінде: «Біздің құрылысымыз және онда істейтін жұмысшыларымыз, техниктеріміз, инженерлеріміз жасасын» деген жазу жазады. Бұл жазу 3 июньде «Заря Востока» газетінің 1191-номерінде және 1926 жылы 12 июньде «Правда» газетінің 133-номерінде жарияланды.

3 июнь. И. В. Сталин В. М. Молотовқа хат жазады, бұл хатында Троцкий мен Зиновьевтің жікшілдік және капитулянттық саясаттарын әшкерелеп, БК(б)П Орталық Комитетінің халықаралық саясат жөнінде ұстайтын негізгі бағытын белгілейді.

И. В. Сталин Тифлистің мемлекеттік опера театрының спектаклін көреді. И. В. Сталин антракты кезінде композитор М. Баланчивадземен оның «Тамар Цбиери» операсы

және грузиннің опера музыкасы жайында әңгімелеседі, сонымен бірге грузин композиторларына орыс композиторларының, әсіресе Чайковскийдің, шығармаларының әсер еткендігін атап көрсетеді.

8 июнь. И. В. Сталин Тифлистегі негізгі темір жол мастерскойларындағы жұмысшылардың жиналысында «Ағылшын ереуілі туралы және Польшадағы оқиғалар туралы» баяндама жасайды жәнеде бұл мастерскойлардағы жұмысшылардың құттықтауына жауап қайтарып сөз сөйлейді. Баяндама мен жауап сөз «Заря Востока» газетінің 10 июньдегі 1197-номерінде және «Правда» газетінің 1926 жылғы 16 июньдегі 136-номерінде жарияланды.

13 июнь. И. В. Сталиннің өзін Бакуге шақырған Баку жұмысшыларына қайтарған жауабы «Бакинский Рабочий» газетінің 135-номерінде жарияланды.

Июнь. И. В. Сталин Коммунистік Академияның толық мүшесі болып сайланды.

4 июль. И. В. Сталин Кавказдан Москваға жүріп кетеді.

8 июль. Грузия К(б)П Орталық Комитеті мен Тифлис комитетінің, Грузия кәсіпшілер одағы Советінің және Жұмысшы, шаруа және қызыләскер депутаттары Тифлис Советінің органы — «Рабочая Правда» газетіне, оның мыңыншы номерінің шығуына байланысты, И. В. Сталиннің жазған құттықтауы газеттің осы номерінде жарияланды.

14 — 23 июль. И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумының жұмыстарын басқарады.

14 июль. И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумында еңбекақы туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.

15 июль. И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумында Англиядағы, Польшадағы және Қытайдағы оқыйғаларға байланысты Саяси Бюроның қабылдаған қарарлары туралы оның жасаған хабары бойынша сөз сөйлейді.

22 июльдегі түнгі сағат 1. И. В. Сталин Одақтар үйіндегі Ф. Э. Дзержинскийдің табытының басында құрметті күзетте тұрады.

Ф. Э. Дзержинский туралы И. В. Сталин жазған некролог «Правда» газетінің 166-номерінде жарияланды.

И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумының таңертеңгі мәжілісінде Лашкевичтің, тағы басқалардың ісі туралы, партия бірлігі туралы БК(б)П Орталық Бақылау Комиссиясы Президиумының жасаған баяндамасы бойынша сөз сөйлейді.

17 сағат 30 минут. И. В. Сталин Одақтар Үйінен Ф. Э. Дзержинскийдің денесі салынған табытты алып шығуға қатнасады.

24 июль. Ф. Э. Дзержинскийдің қайтыс болуына байланысты И. В. Сталин ВЧК — ОГПУ қызметкерлерімен әңгімелеседі.

27 июль. И. В. Сталин Польша коммунист партиясының өкілдерімен әңгімелеседі.

28 июль.	И. В. Сталин ағылшын Жұмысшы партиясының ССРО-ға келген өкілдерімен әңгімеледеседі.
	И. В. Сталин Финляндия коммунист партиясының өкілдерімен әңгімелеседі.
6 август.	И. В. Сталин Индия коммунист партиясы өкілінің хатына жауап жазады.
7 август.	И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитеті Президиумының мәжілісінде «Ағылшын-Орыс комитеті туралы» сөз сөйлейді.
13 август.	И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының мүшелеріне хат жазады, бұл хатында БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен июль пленумы кезіндегі Троцкий мен Зиновьевтің антипартиялық қылықтарын әшкерелейді.
21 сентябрь.	И. В. Сталин Америка Жұмысшы партиясының орталық органы «Дейли Уоркер» редакциясына телеграмма жазады.
8 октябрь.	И. В. Сталин Слепковқа оның 1926 жылы 8 октябрьде «Правда» газетінде басылған мақаласы жөнінде хат жазады.
11 октябрь.	И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті Саяси Бюросының мәжілісінде «Партия ішіндегі күресті жұмсарту шаралары туралы» сөз сөйлейді.
19 октябрь.	И. В. Сталин БК(б)П Ленинград губкомының кеңейтілген пленумында БК(б)П Бүкілодақтық XV конференциясына делегат болып сайланады.

Октябрьдің 21 мен 25 арасында. И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті Саяси бюросының тапсыруы бойынша «БК(б)П-дағы оппозициялық одақ туралы» тезистер жазады.

22 октябрь. Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің Президиумы И. В. Сталинді Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген VII пленумында орыс мәселесі жөнінде баяндама жасаушы етіп тағайындайды.

23 октябрь. БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумы И. В. Сталинді БК(б)П Бүкілодақтық XV конференциясында «Оппозиция туралы және партияның ішкі жағдайы туралы» баяндама жасаушы етіп тағайындайды.

25 октябрь. БК(б)П Орталық Комитетінің Саяси бюросы БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен октябрь пленумының карауына ұсыну үшін И. В. Сталиннің «БК(б)П-дағы оппозициялық одақ туралы» тезистерін ұнатты.

26 октябрь. И. В. Сталиннің «БК(б)П-дағы оппозициялық одақ туралы» тезистері «Правда» мен «Известия» газеттерінің 247-номерлерінде жарияланды.

И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумының мәжілісінде «БК(б)П-дағы оппозициялық одақ туралы» тезистерді жақтап сөз сөйлейді. Пленум БК(б)П Бүкілодақтық XV конференциясының қарауына ұсыну үшін тезистерді бекітеді.

26 октябрь — 3 ноябрь. И. В. Сталин БК(б)П Бүкілодақтық XV конференциясының жұмысын басқарады.

1 ноябрь. И. В. Сталин БК(б)П Бүкілодақтық XV конференциясының мәжілісінде «Оппозиция туралы және партияның ішкі жағдайы туралы» баяндама жасайды. Баяндама «Правда» мен «Известия» газеттерінің 256, 257-номерлерінде жарияланды; 5 және 6 ноябрь, 1926 ж.

3 ноябрь. И. В. Сталин БК(б)П Бүкілодақтық XV конференциясының мәжілісінде «Оппозиция туралы және партияның ішкі жағдайы туралы» баяндама бойынша қортынды сөз сөйлейді. Қортынды сөз «Правда» мен «Известия» газеттерінің 262-номерлерінде жарияланды, 12 ноябрь, 1926 ж.

6 ноябрь. И. В. Сталин «Ленинградская Правда» редакциясына жауап жазады, бұл жауабында «Нью-Йорк Америкен» газетінде бұрмаланып жарияланған, Иэльск университетінің (Америка) профессоры Джер Дэвиспен өткізген өзінің әңгімесін жариялауға келісім бермейтіндігін білдіреді.

7 ноябрь. И. В. Сталин Қызыл аланда болған Москва гарнизоны әскерлерінің параду мен Москва еңбекшілерінің демонстрациясына қатнасады.

15 ноябрь. И. В. Сталиннің «Біздің партиядағы социал-демократиялық уклон туралы» деген кітапшасы — БК(б)П Бүкілодақтық XV конференциясында И. В. Сталиннің жасаған баяндамасы мен баяндама бойынша сөйлеген қортынды сөзі баспадан шықты.

20 ноябрь. И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген VII пленумында «БК(б)П-дағы партияның ішкі жағдайы туралы» жасайтын баяндамасының жоспарын Коминтерн Атқару Комитетінің Пр[…]идиум мәжілісінде хабарлайды.

22 ноябрь. 16 декабрь. И. В Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген VII пленумының жұмыстарына қатнасады.

22 ноябрь. И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген VII пленумының бірінші мәжілісінде Президиум мүшесі және пленумның саяси комиссиясының мүшесі болып сайланады.

29 — 30 ноябрь. И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген VII пленумындағы БК(б)П делегациясы Бюросының мәжілісін басқарады.

30 ноябрь. И. В. Сталин Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген VII пленумының қытайлық комиссиясының мәжілісінде «Қытайдағы революцияның болашақтары туралы» сөз сөйлейді.

МАЗМҰНЫ

V. Қытайдағы шаруа мәселесі 407

Тираж 38 тысяч экз.
Сдано в набор 6/VII 1949 г.
Подписано к печати
11/VIII—16/IX 1949 г.
Объем 29 п. л.
Зак. № 841.
Цена 6 руб.

*

Гостипография № 2
Управления по делам полиграфической
промышленности, издательств и
книжной торговли при Совете
Министров КазССР.

АЛМА-АТА